



Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі

Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы

**«2022-2023 оқу жылында  
Қазақстан Республикасының  
орта білім беру үйымдарында  
оқу-тәрбие процесін үйымдаст-  
тырудың ерекшеліктері туралы»**

# ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ



Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«2022-2023 ОКУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА  
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАРУДЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ**

Астана  
2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама).

**«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 331 б.**

Әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру үйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін үйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру үйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

## ***Құрметті әріптестер!***

Оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат жыл сайын орта білім беру үйымдарына жолданады. Дәстүрлі түрде бұл хатты педагогтер оқу жылының басында алады.

Әдістемелік нұсқау хаттың мақсаты - еліміздің білім беру үйымдарына әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдау көрсету.

Пандемияның екі жылдық кезеңінен кейін білім беру үйымдары дәстүрлі оқыту форматына көшті. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру алдағы оқу жылында да өзекті міндет болып қала береді.

Мектеп басшылығы мен педагогтер білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау, олардың орнын толықтыру жұмысын ойластыру және тиімді жүргізу маңызды. Оқу үлгерімі төмен білім алушылармен арнайы жұмысты үйымдастыру қажет.

Білім беру процесі білім алушыларға бағытталғандықтан оған қолайлы да, қауіпсіз орта құруға негізделуі тиіс. Тәрбие жұмысын үйымдастыру кезіндегі басым бағыт баланың жеке басына тілектестік қарым-қатынас, құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Алдағы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі балалардың қауіпсіздігі мен көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарды күшету, ерекше білім беруге қажеттігі бар білім алушылар үшін жағдай жасау болып табылады.

Орта білім беруде білім алушылардың метапәндік дағдылары мен құндылықтарын қалыптастыруға және дамытуға, ерте кәсіптік бағдар беруге, инклузивті орта мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылатын болады.

***Құрметті педагогтер!*** Осы әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде сенімді бағдар болады деп үміттенеміз.

## **ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

- ✓ Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Ұлгілік оқу жоспарлары мен Ұлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту
- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды

Анықтама:

*Бір күнтізбелік жылда:*

*демалыс күндері-117*

*демалыс және мереке күндері - 75 күн*

*оқу күндері-173*

*Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жисиғы-192 күн*

- ✓ 1 сыныптар үшін Ұлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер:
  - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері,
  - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады
- ✓ «Өзін-өзі тану» пәні Ұлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды
- ✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
- ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
- ✓ Ұлгерімі тәмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуі ұйымдастыру
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету
- ✓ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 салындар)
- ✓ «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу
- ✓ Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйакы беріледі
- ✓ 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын оқытуды жалғастыру
- ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
- ✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу
- ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылышайлар» және т.б. жобаларын іске асыру

- ✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу
- ✓ Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
- ✓ «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу
- ✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру
- ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу
- ✓ Аймақтарға ұздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу
- ✓ «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені, «Виртуалды мектеп», «Цифрлық мұғалім» пилоттық жобаларын енгізу

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ  
ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТЫ**

Білім беру жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес дамуда.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастырудың келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклузивті білім беруді қамтамасыз ету.

## **1. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### ***1.1. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері***

2022-2023 оку жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Зандарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік күжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бүйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 және 30.09.2022 ж. № 412 бүйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курсары мен факультативтер бойынша үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бүйрығы( ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467 бүйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу дің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БФМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бүйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 №376 бүйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрығы);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БФМ 2016 жылғы 22 қантардағы №70 бүйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 265 бүйрығымен енгізілген

өзгерістерімен);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БФМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БФМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 383 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БФМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру үйымдарында педагогикалық кеңес қызметін үйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);

- «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №

381 бүйрығы);

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын өзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бүйрығы);

- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бүйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 № 355 бүйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызыметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бүйрығы);

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бүйрығы);

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бүйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 № 350 бүйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Орта білім беру ұйымдарында сыннып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бүйрығы);

- «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бүйрығы);

- «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бүйрығы).

*Колданыстағы НҚА-га өзгерістер мен толықтырулар Әділет ақпараттық жүйесінде көрсетіледі.*



**Назар аударының!**

✓ МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары І.Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының [Altynsarin Academy \(iba.edu.kz\)](http://Altynsarin Academy (iba.edu.kz)) сайтында орналастырылған.

✓ Орта білім беру ұйымдарының әкімшилігінде МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламаларының бір данада шығарылған қазақ нұсқасы болуы керек.

✓ Педагогтер МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізе алады.  
Жоба. 2022-2023 оқу жылына арналған ҮОЖ осында орналасқан



## **1.2. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері**

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрүгімен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - ҰОЖ) сәйкес жүргізіледі (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бүйрүгімен енгізілген өзгерістерімен).

Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі.

Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен:

- әр сыныпқа жеке-жеке;
- параллель сыныптарға;
- мектеп бойынша Үлгілік оқу жоспарының біреуін таңдай алады.

Күтпеген жағдайларға байланысты оқу апталарын қысқарту кезінде оқыту мақсаттарын оқу материалдарының күрделілігін және білімдегі олқылықтарды талдауды ескере отырып, оларды интеграциялау арқылы оңтайландыру қажет.

2022-2023 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі:



Оқу жылдары ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін **1-сыныптарына** мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:**

- «Қазақ тілі», «Букварь» және «Обучение грамоте» пәндері оқытылады;
- «Шет тілі» пәні алдынып тасталды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

**Ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын 1-сыныпқа арналған Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:**

- «Қазақ тілі», «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Орыс тілі» және «Шет тілі» пәндері алғыншылдарды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».



### **Назар аударыныз!**

- ✓ Ата-аналардың қаражаты есебінен оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін (бастауыш сыныптарға арналған жазуларды) сатып алуға жол берілмейді.
- ✓ ОӘК бюджет қаражаты есебінен гана сатып алынады.

**Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, КР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жалпы білім беретін білім беру үйымдарында **сыныпты екі топқа бөлу** қалалық жалпы білім беретін үйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:**

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) шетел тілі бойынша;
- 3) цифрлық сауаттылық бойынша (1 сыныптан басқа) бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру үйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны қалалық жалпы білім беретін үйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады.

***Ескерте:** «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді.*

*«Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады*

**Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, КР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) сәйкес білім беру үйымдарында **сыныпты екі топқа бөлуге қалалық білім беру үйимдарында сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:****

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру үйымдарында қалалық жалпы білім беретін үйымдарда сиынптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сиынптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша сиынпты екі топқа бөлуге болады.

Білім беру үйымдарында көркем еңбек бойынша сиынптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сиынпты екі топқа бөлуге болады.

Сиынпты екі топқа бөлуге қалалық білім беру үйымдарында сиынптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдықжерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сиынптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) технология;
- 4) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру үйымдарында қалалық жалпы білім беретін үйымдарда сиынптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сиынптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша сиынпты екі топқа бөлуге болады.

Білім беру үйымдарында технология бойынша сиынптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сиынпты екі топқа бөлуге болады.».

***Ескертпе:***

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сиынпты екі топқа бөлу қазақ тілінде оқытпайтын барлық сиынптарда жүргізіледі. Бұл ретте жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сиынптарда апталық сағаттық жүктеменің өзгеруімен топтарға бөлу сақталған.*

*Мектептер оқу тілінде қарамастан, мектептен тыс және жалпы мектепшілік іс-шараларды негізінен қазақ тілінде үйымдастырады.*

**Жалпы орта білім берудің** мемлекеттік жалпыға міндettі стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) сәйкес қалалық білім беру үйымдарында сиынптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сиынптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру үйымдарында қалалық жалпы білім беретін үйымдарда сиынптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сиынптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша сиынпты екі топқа бөлуге болады.

Сыныпты екі топқа бөлуге жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша білім беру үйымдарында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сынапта 24 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тіліндегі оқытпайтын сынаптарда екіге бөлу қарастырылады.



### Назар аударыныз!

- ✓ КР Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздагы № 385 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарының үлгілік қағидаларына сәйкес шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндер бойынша бөлу біріктірілген немесе дербес сынаптарда білім алушылардың әртүрлі жастағы оқуын ескере отырып, 16 және одан да көп білім алушы болған жағдайда жүзеге асырылады.

### **2024-2025 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі:**

Оқыту қазақ / орыс тілдерінде жүргізілетін бастауыш білім берудің Үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізіледі:

«Шетел тілі» пәні 3-сыныптан бастап оқытылады.

**Негізгі орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарында:**

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сынаптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндеріне, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сынаптарда «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні «Орыс тілі» және «Әлем әдебиеті» оқу пәндеріне бөлінеді.

«Дүниежүз тарихы» пәнінің атауы «Әлем тарихы» пәні болып өзгереді.

9-сыныпта «География» пәнінің атауы «География. Қазақстан географиясы» пәні болып өзгереді.

2024-2025 оқу жылынан бастап CEFR деңгейлерінің талаптарына сәйкес қазақ және қазақ емес тілдерде оқытатын мектептерде 3-сыныптан бастап «Шетел тілі» пәні аптасына 3 сағат көлемінде оқытылатын болады.



### Назар аударыныз!

**Бастауыш мектептегі ҮОЖ өзгерістері 2022-2023 оқу жылының 1-сыныбынан білім алатын білім алушыларга қатысты.**

**ҮОЖ өзгертулер кезең-кезеңімен енгізіледі:**

**1-сынып – 2022-2023 оқу жылы;**

**2-сынып – 2023-2024 оқу жылы;**

**3-сынып – 2024-2025 оқу жылы;**

**4-сынып – 2025-2026 оқу жылы**

**2022-2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің улгілік оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттарын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар**

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазак тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 1-сыныпта – 1 сағатты;
- 2-сыныпта – 1 сағатты;
- 3-сыныпта – 1 сағатты;
- 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат пен домбырада ойнау сабақтарына бөлу ұсынылады.

Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді. Домбырада ойнау дағдыларын қалыптастыру білім алушылардың эстетикалық және көркем мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Музыка сабағында домбырада ойнауды үйренуді жалғастыру қажет.

**Оқыту қазак тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:**

- 10 сыныпта-3 сағат;
- 11 сыныпта-3 сағатты құрайды.

Оның ішінде 1 сағат «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі басқа сағаттарды инварианттік компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылады.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 10 сыныпта-1 сағат;
- 11 сыныпта-1 сағатты құрайды.

Сағаттар «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 10 сыныпта-2 сағат;
- 11 сыныпта-2 сағатты құрайды.

Сағаттар «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі басқа 1 сағат инварианттік компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылады.



## Назар аударыңыз!

- ✓ *Вариативті компонентті анықтау кезінде білім алушылардың жасы және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және білім беру үйымы қызметінің бағыты ескеріледі.*
- ✓ *Қазақ және қазақ тіліндегі оқытпайтын сыныптарының типтік оқу жоспарларында вариативті компоненттің сағаттары әртүрлі. Бұл қазақ тіліндегі оқытпайтын үлгілік оқу жоспарларында инвариантты компонентке бөлінетін сағаттар көп болуына байланысты, өйткені қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде 1-ден 11-сыныпқа дейін аптасына 2-ден 5 сағатқа дейін оқытылады*

2-11 (12) сыныптарда сабактың ұзактығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабактарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабак, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі

Білім беру үйымдарына оқуға қабылдау «Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру үйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бүйрүғы негізінде жүзеге асырылады (КР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 №350 бүйрүгімен енгізілген өзгерістерімен).



## Назар аударыңыз!

Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде жалпы білім беретін мектептерде қабылдау емтихандарын, тестілеуді өткізуге жол берілмейді.

Сабак кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қызындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (КР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № КР ДСМ-76 бүйрүғы).



## Назар аударыңыз!

- ✓ Мереке күндеріне сәйкес келген сабактар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабактардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет.
- ✓ Бұл ретте қосымша сабактар бөлінбейді. Сабактардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.
- ✓ Білім беру үйымы басшысының бүйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.
- ✓ Электрондық журналдар мен күнделіктерді толықтыру бойынша техникалық қолдау Call-центр және қолдау қызметі арқылы жүзеге асырылады.

### **Мектепішілік бақылау**

Мектепішілік бақылау – білім беру үйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің жағдайын бағалау жүйесі.

Мектепішілік бақылау – білім беру үйымының қызметін жетілдіру, сонымен қатар жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге), білім алушылар мен педагогтердің сұраныстарына сәйкес оқу-тәрбие процесін зерделеу және талдау негізінде мектептегі білім беру сапасын жақсарту мақсатында жүргізіледі.

Оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БФМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бүйрығына сәйкес дайындалады.

Білім беру үйымдарында мектепішілік бақылауды педагогикалық кеңес бекітетін Мектепішілік бақылау туралы ережеге сәйкес жоспарлы немесе жедел тексерулер, мониторинг, әкімшілік жұмыстар жүргізу түрінде жүзеге асыру ұсынылады.

Оқу процесін үйымдастыру мен мектепішілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін білім беру үйымдарының әкімшілігіне келесі нормативтер ұсынылады (1-кесте).

1-кесте. Білім беру үйымдарының әкімшілігіне арналған мектепішілік бақылау нормативтері

№	Бақылау нысандары	Нормалар
1	Сабакта қатысу, бақылау және талдау	Айна кемінде 4 сабак ( білім беру үйымдарының басшылары үшін). Айна кемінде 8 сабак (білім беру үйымдары басшыларының орынбасарлары үшін). Сабакта қатысу бақылау мақсатына байланысты
2	Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру	Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
3	Электронды сынып журналдарын тексеру	Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

4	БЖБ және ТЖБ-ның жүргізілуін тексеру	Мектептің бекітілген кестесі бойынша
5	Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы	Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

Сабактарға қатысу білім беру үйымының басшысы бекіткен және педагогтерді аттестаттау, жас педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, оқыту мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, мектептің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мәселелері бойынша мектепшілік бақылауды жүзеге асыру үшін міндетті түрде ашық қолжетімділікте орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Жоспарлы тексерулер шеңберінде сабактарға қатысу кестесі оқу жылының басында (қыркүйек) мұғалімдердің назарына жеткізіледі.

**Білім беру процесін үйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау** (жабдықтарды пайдалану, оқу бағдарламаларын өту мерзімдері мен табыстылығы, оқу жоспарын, бағдарламалық талаптарды орындау), **сонымен қатар неғұрлым біржакты мәселелерді анықтау**: педагогтің кәсіби өсуі мен дамуы үшін нақты әдістемелік көмек көрсету, сабактастық мәселеін зерделеу, жаңа келген білім алушылардың бейімделуін, сынып климатын, білім алушылар мен ата-аналардың сұраныстары мен мұдделерін, ұжымдағы ашықтық пен толеранттылықты зерделеу мақсатында **сабактарға жоспарланбаған (жеке) түрде қатысуға жол беріледі**

Мұғалімнің рұқсатынсыз (келісімінсіз) оның сабактары мен сыныптан тыс іс-шараларына мектеп және білім басқармасының басшылары, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) қызметкерлері қатыса алады.

Дәлелді себептер бойынша (мұғалімнің сырқаттануы, эпидемияға байланысты сабакта білім алушылардың көп бөлігінің болмауы және т.б.) мұғалім лауазымды тұлғалардан сабакқа қатысады басқа уақытқа ауыстыруын сұрауға құқылы.

Білім беру үйымы әкімшілігінің сабакқа қатысу нәтижелері бақылау парактарында, сабакқа қатысу журналында тіркеледі.



**Назар аударыңыз!**

- ✓ Сабактарға қатысу мақсаттары білім беру үйымының мақсаттарына, міндеттеріне және ерекшеліктеріне байланысты анықталады.
- ✓ Мектепшілік бақылаудың мақсаттарына байланысты сабакты бақылау парагы әзірленеді.

Сабактарды бақылау, зерттеу және талдау нәтижелері оқыту процесін жақсартудың, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуының, мектеп ұжымында қолайлы психологиялық ахуал, сондай-ақ білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады.

*Сабактарды бақылау нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талқылануы тиіс.*

Сабакты талдау (ауызша жүргізуі мүмкін) мыналарды қарастырады:

- педагогтің сабакты өзіндік талдауы;
- сабактың ұтымды және проблемалық тұстарын бөліп көрсету;
- педагогке ұсыныстар беру.

*Педагогтердің бір-бірінің сабагына жүйелі турде қатысуы ұсынылады.*

Карантиндік және шектеу шаралары кезеңінде оқыту жағдайында мектепшілік бақылау онлайн форматта жүргізіледі.

Электрондық журналдарды тексеру нормаларын тоқсанына 1 рет анықтау ұсынылады.

Педагог дәптерлерді, жазбаша жұмыстарды тексеру нәтижелері бойынша білім алушыға кері байланыс (түсініктеме, орындалған жұмыстағы олқылықтарды түсіндіру және т.б.) ұсынады.

Мұғалімдердің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін әр мектепте «мұғалімдер бөлмесі» болуы керек.

Білім беру ұйымының әкімшілігі білімнің таңдамалы тақырыптық бақылау кесімдерін жүргізуді, білім алушылардың жазбаша жұмыстарын (эссе, диктант, мазмұнда мағарифтағы жағдайлардың мәндерін сипаттауды) тексеруді жоспарлайды.

Білім беру ұйымының әкімшілігі білімнің таңдаулы тақырыптық бақылау бөлімдерін өткізуінде, оқушылардың жазба жұмыстарын (эссе, диктант, презентация және шығарма) тексеруді жоспарлап отыр.

Мектептердің білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі өзара байланысты және өзара шартты элементтерді қамтиды:

1) білім беру сапасын басқарудың ішкі жүйесін жобалау және жоспарлау (орта білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін нормативтік, ұйымдастырушылық, әдістемелік және өзге де құжаттарды өзірлеу және бекіту);

2) оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық, әдістемелік (қажеттіліктерді зерделеу, ресурстармен қамтамасыз ету, сапаны бақылау және т. б.) процестерді басқару;

3) процестер мониторингі және түзету (сапа көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу бойынша бағалау және талдау, мүдделі тараптармен кері байланыс, басқару жүйесіне және Қызметке білім беру қызметтерін көрсету ретінде түзету іс-қимылдарын енгізу). (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы).



**Назар аударының!**

✓ *Мұғалім қысқа мерзімді жоспарды электронды немесе қазағ форматта ұсына алады.*

### **1.3. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау және олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын үйымдастырудың ерекшеліктері**

Педагог бағалауды нормативтік-құқықтық актілерге және мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушыларға көмектесу үшін әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізуі тиіс:

- «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БФМ -нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйріғы;
- Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критерналды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулық;
- Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін критерналды бағалау бойынша нұсқаулық;
- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критерналды бағалау бойынша нұсқаулық; оқу-әдістемелік құрал;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде қалыптастыруышы бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.



#### **Назар аударыныз!**

- ✓ Әдістемелік ұсынымдарды [iba.edu.kz](http://iba.edu.kz), [smk.edu.kz](http://smk.edu.kz) сайттарынан жүктеуге болады.

Әрбір сабак білім алушылардың өздерінің түсіну деңгейінде оқыту мақсаттары мен оларға қол жеткізу критерийлерін дыбыстаудан/көрсетуден басталуы тиіс. Білім алушы оқытуудың қойылған мақсатын түсініп, оған қалай қол жеткізуге болатынын түсінуі тиіс.

Әрбір сабакта оқушыларды уақтылы қолдау, окудағы прогресс, балаларды оқуга ынталандыру, білімдегі олқылықтарды анықтау және олардың оқу жетістіктерін көрсету мақсатында қалыптастыруышы бағалауды пайдалану ұсынылады.



#### **Назар аударыныз!**

- ✓ Мұғалімнің көрі байланысы орындалған тапсырмалардың қорытындылары бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау электрондық журналдарда балл түрінде жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда мұғалім түсініктемелер енгізеді. Электрондық журнал болмаған жағдайда қағаз журналға қойылады.

Педагог орындалған жұмыс көлемін, оқу тапсырмаларын ескере отырып, оқу жетістіктері үшін балл қою кезеңдерін және сабак үшін балл қойылатын білім

алушылардың санын дербес айқындайды.

Мұғалім ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 2-11-сынып білім алушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады. БЖБ орындау үшін сабактың формасын (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндағы, шығарма, тестілеу және т.б.) және өткізу уақытын педагог дербес айқындайды.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын мұғалімдер академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып дербес құрастырады.

Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу мен сабакта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және бір баллдан он баллға дейінгі шекте жүзеге асырылады.

Үйде оқытын, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мұғалім оқу жүктемесін және олар оқыған оқу материалдарын ескере отырып, жеке тапсырмалар әзірлейді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау өткізілмейді.

*Бағалау кезінде бірқатар талаптарды ұстану ескертіледі:*

1. Білім алушылар бағалау үдерісіне белсенді кіреді, соның ішінде сабакта үнемі өзін-өзі бағалау жүргізіледі.

2. Білім алушының жеке басы емес, оның жұмысы ғана бағаланады.

3. Білім алушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен емес, үздік орындалған жұмыс үлгісімен салыстырылады.

4. Әртүрлі формалар мен тапсырмалар түрлері пайдаланылады, тамаша орындалған тапсырмалардың нақты және айқын сипаттамалары әзірленеді.

5. Білім алушыларға бағалау критерийлері алдын ала белгілі.

6. Өзін-өзі бағалау білім алушылардың рефлексиясында жеке тұлғаның дамуының міндетті шартын білдіреді.

7. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін формативтік бағалау, БЖБ мен ТЖБ оқу тапсырмалары өткен (оқыған) тақырыптар, оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Бағалау критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

8. Білім алушылармен бірге оқу жетістіктерін бағалау және өзін-өзі бағалау үшін критерийлерді әзірлеуі мүмкін.

9. Оқу тапсырмаларын таңдау және оқушылардың сабак барысында өз оқу жетістіктерін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды ойластыру маңызды.

10. Сабакта білім алушыларға өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үшін мүмкіндік беру, өз қателіктерін табу үшін рефлексия үйімдастыру ұсынылады.

Мұғалім білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін таңдауда және әзірлеуде еркін.

11-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәні бойынша қорытынды аттестаттау ауызша түрде өткізіледі.

2022-2023 оқу жылында Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлер үшін «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша қорытынды аттестаттау (жазбаша емтихан) «НЗМ» ДББҰ филиалдарының базасында өткізіледі. (2008 жылғы 18 наурыздағы № 125

бұйрыққа 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды мұғалімдер жиынтық бағалау түрінде бөлімдерді (қын тақырыптарды), тоқсандық оқуды аяқтағаннан кейін оқу материалының мазмұнын игеру деңгейін анықтау және бекіту үшін жүзеге асырады.

1-сыныпта оқушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

### ***Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу***

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Бастауыш, негізгі орта білім беру үйымдарында ББЖМ Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

Жалпы білім білім беру үйымдарында ББЖМ өткізу 4 және 9-сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, алған білімі мен дағдыларды өмірлік жағдайларда қолдануына бағытталатын болады.

4-сынып бойынша:

- оқу сауаттылығы (бір дұрыс жауапты таңдаумен 10 тест тапсырмасы: бірінші мәтінге – 4 тапсырма, екінші мәтінге – 6 тапсырма),
- математикалық сауаттылық (бір дұрыс жауапты таңдаумен 12 тест тапсырмасы),
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (бір дұрыс жауапты таңдаумен 8 тест тапсырмасы) тексеріледі.

9-сыныпта:

- оқу сауаттылығы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Тест тапсырмаларының саны – 30, оның ішінде әр пән бойынша -10 тест тапсырмасы (ең жоғары балл-30).
- математикалық сауаттылық. Бір дұрыс жауапты таңдаумен 13 тест тапсырмасы (ең жоғары балл – 13).
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география).

Тест тапсырмаларының жалпы саны – 32 (8 контекст, әр контекстке бір дұрыс жауапты таңдаумен 4 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасынан тұрады (ең жоғары балл -32)).



**Назар аударыныз!**

*Тестілеу кешенде тестілеу нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқыту тілінде жүргізіледі*

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2022

жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығына сәйкес «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған мұғалімдер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен ынталандырылады».



## Назар аударының!

№	Халықаралық олимпиадалардың тізбесі:
1.	Математикадан Халықаралық олимпиада (International Mathematical Olympiad (Интернейшэнал Математикал Олимпиад)
2.	Физикадан Халықаралық олимпиада (International Physic Olympiad) (Интернейшэнал Физик Олимпиад)
3.	Химиядан Халықаралық Олимпиада (International Chemistry Olympiad (Интернейшэнал Кәмистри Олимпиад)
4.	Биологиядан Халықаралық олимпиада (International Biology Olympiad) (Интернейшэнал Байолоджи Олимпиад)
5.	Географиядан Халықаралық олимпиада (International Geography Olympiad (Интернейшэнал Джисографи Олимпиад)
6.	Информатикадан Халықаралық олимпиада (International Olympiad in Informatic (Интернейшэнал Олимпиад Ин Информатик)
7.	Лингвистикадан Халықаралық олимпиада (International Linguistic Olympiad (Интернейшэнал Лингуистик Олимпиад)

Дарынды білімалушыларды тәрбиелеген мұғалімдер мен жаттықтырушыларды моральдық және материалдық ынталандыру елдегі олимпиадалық қозғалысты дамытуға бағытталған маңызды шарапалардың бірі болып табылады. Халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлері мен жеңімпаздарын дайындайтын педагогтар өз шекіртерімен жұмыс уақытынан кейін айналысады және оған көп уақыт пен күш жұмсайды. Бұл мұғалімдерді ынталандыру жаттықтырушылардың ынтасын, олардың әл-ауқатын арттырады, сонымен қатар ақшалай сыйлықтарды көсіби өзін-өзі дамыту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың **біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысы** жалғасады.

Оқу жылышында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне әкімшілік бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.

Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.

Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша мектеп жұмысы алгоритмінің үлгісі ұсынылады ([uba.edu.kz](http://uba.edu.kz)).

*Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:*

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;
- 2) оқу-тәнымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар;
- 3) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 4) эмоционалды қолайсыздық.

*Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмі:*

1) бірнеше педагогтің сабактарды, оқыту процесін бірлесіп жоспарлауы (олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу материалын қайталау, бекіту, оқу тапсырмаларының минимумын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу әрекетін реттеу және т.б.);

2) оқу іс-әрекеті барысында қолдау көрсету және кеңес беру;

3) бірінші сыныптың білім алушылары мен осал топтың балаларын психологиялық бейімдеуді қамтамасыз ету;

4) оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеву, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.).

5) оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингі (білім алушыларға жүйелі сауалнама жүргізу, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауда белсенділікті арттыру және т.б.);

6) қосымша сабактарды және өзара көмек беруді үйімдастыру;

7) білім алушыга қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;

8) өздігінен орындастырын тапсырмалар үшін қашықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында: педагогке:

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;

- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;

- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;

- жүйелі кері байланысты үйімдастыру ұсынылады.

Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабактарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;

- пәндер бойынша өткен оқу жылдарындағы материалдарын жаңа оқу жылдарын барлық кезеңіне бөлу;

- жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын менгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау;

- білім алушыларға қындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабактар өткізу;

- білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу;

- өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар үйымдастыру;
- каникулдық сабактарды және жазғы мектепті үйымдастыру;
- формативті бағалауда өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасы бойынша тапсырмалар әзірлеу және енгізу;
- өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын үйымдастыру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабактары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын пайдалану;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қосымша білім беру үйымдарының мүмкіндігін барынша пайдалану;
- білім беру платформаларын қолдану.

9(10) және 11(12) сыныптар аяқталған қорытынды атtestаттау ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау жүргізудің үлгілік қағидалары» бүйрығына сәйкес өткізіледі.



**Назар аударыңыз!**

**Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2021 жылы «1-11 сынып білім алушыларының оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралын әзірлеdi.**

Әдістемелік ұсынымдарда білім алушылардың білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша халықаралық тәжірибе, Қазақстан мектептерінде қашықтан оқыту жағдайында білім алушылардың білім саласына талдау, 1-11 сынып оқушыларының оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдама жасалы білім беретін мектептердің басшылары мен педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары/бөлімдері мен білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған [Altynsarin Academy \(uba.edu.kz\)](http://Altynsarin Academy (uba.edu.kz)) сайтында қол жетімді).

#### **1.4. Қашықтан оқытууды үйымдастырудың ерекшеліктері**

Қашықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бүйрығымен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы З қараашадағы № 547 бүйрығымен толықтырулар енгізілген) бекітілген Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін үйымдастыру тәртібін айқындайды.

Қашықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы оқу процесін үйымдастыру білім алушыларға білім беру бағдарламаларын академиялық күнтізбелікке сәйкес менгеру үшін жүзеге асырылады.

«Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды атtestаттаудың

ұлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес білім алушылардың жетістігін бағалау өткізіледі.

Ауа райының қолайсыз метеожағдайларына байланысты қашықтан оқыту «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында білім беру үйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында сабактарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қантардағы № 42 бұйрығына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органының бұйрығы негізінде үйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) үйымдары қызметінің ұлгілік қағидалары» 8-бөліміне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда жергілікті атқарушы органдар мен білім беру үйымдары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтан оқытуды енгізеді.



### Назар аударыңыз!

- ✓ Ақпараттық жүйені таңдау өте маңызды мәселе, себебі материалды игеру сапасы платформадағы білім мазмұнына байланысты.

Оқыту аудиториялық, қашықтан оқытуды және білім алушылардың өзіндік жұмысын дәстүрлі оқу-әдістемелік материалдармен үйлестіруі керек. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Оқу процесі әртүрлі режимдерде өтуі керек: онлайн режимінде, оқу іс-шаралары мен мұғаліммен қарым-қатынас АҚТ-ны қолдана отырып нақты уақытта жүзеге асырылады; асинхронды форматта, бұл балаға өзіне ынғайлы кез келген уақытта оқу материалын игеруге мүмкіндік береді.



### Назар аударыңыз!

- ✓ Оқу материалдарының сапасына сынни тұргыдан қарau ұсынылады.
- ✓ Мәтіннің көлемі аз болуы керек. Егер тақырып білім алушыны қызықтырған болса, қосымша материалдың болуы туралы ескертулер жасай отырып, мәтінде ең маңызды нәрсені қалдыру керек.
- ✓ Мәтінді бөліктерге бөлу керек.
- ✓ Ақпараттық графикасы бар мәтіндерді қолданған және, өйткені визуализация материалды жақсы түсінуге және оны есте сақтауға мүмкіндік береді.
- ✓ Тапсырмалар мен оқу блоктары көлемі мен күрделілігі бойынша тенденстірілуі тиіс

Қашықтан оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін білім алушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнату қажет. Ата-аналарға қашықтан оқытуудың ерекшеліктерін түсіндіріп, нұсқаулық/жоспар әзірлеу ұсынылады, онда мұғалім, ата-аналар, сабак барысында оқушы орындаитын іс-әрекеттер нақты жазылуы керек

### ***1.5. Білім алушыларды үйде оқытууды ұйымдастырудың ерекшеліктері***

Денсаулық жағдайына байланысты ұзак уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында көрсетілді.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 1-11 сыныптарға арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарлары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365).

### ***1.6. Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері***

Жазғы мектеп орта білім беру ұйымдарының базасында ата-аналардың /занды өкілдердің/ өтініші бойынша барлық тілек білдірген білім алушылар үшін, тегін ұйымдастырылады және Жазғы мектепте оқыту 1-8, 10-сыныптардың білім алушылары үшін ұйымдастырылады.

Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары барлық орта білім беру ұйымдарында жазғы мектеп ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады. Білім беру ұйымдарының басшылары өз кезегінде Жазғы мектептің сабак кестесі мен жұмыс жоспарын бекітеді және жалпы жауапкершілікте болады.

Орта білім беру ұйымы ауысымдар бойынша білім алушылардың санын, оқу пәндері мен жеке консультацияларды дербес айқындаиды. Қажет болған жағдайда білім алушылар үшін кесте бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылады.

Сабактардың кестесі педагогтердің оқу жылды ішінде анықтаған оқу жетістіктерін талдау және білім алушылардың пәндік білім деңгейлерін диагностикалау нәтижелері негізінде құрылған топтарды/сыныптарды ескере отырып жасалады.

Педагогтер диагностика нәтижелері негізінде менгеруге күрделі деген тақырыптарды, бөлімдерді, бөлімшелерді, оқыту мақсаттарын зерделеп, тақырыптық жоспарлар әзірлейді.

Жұмыстың тәсілдері мен әдістерін, оқыту технологияларын педагогтер білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дербес айқындайды. Білім алушылардың мектеп кітапханасына, қолда бар цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділігі қамтамасыз етіледі



### Назар аударыңыз!

- ✓ Жазғы мектепте оқушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізілмейді.
- ✓ Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді.
- ✓ Жазғы мектепте білім алушылар үшін еркін киім киоғе рұқсат етіледі.

Сабакқа дайындық кезінде педагог оқу материалдары мен ресурстарын мұқият таңдап, білім алушылардың оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды әзірлеуі керек. Жазғы мектептің оқу процесінде үлгерімі нашар білім алушыларға ерекше назар аудару керек. Қажет болған жағдайда жеке, сараланған тапсырмаларды әзірлеу, жеке консультациялар жүргізу қажет.

Білім алушылардың танымдық ынтасын арттыру мақсатында қосымша ойын-сауық материалдарын, тест тапсырмаларын, шығармашылық сипаттағы дидактикалық материалдарды, аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар), презентацияларды, сараланған оқу тапсырмаларын пайдалану үсінілады.

Топтардағы толымдылық 25 адамнан артық болмауы тиіс. Сабактың ұзақтығы - 40 минут, бір күнде 3-4 сабак өткізіледі.

Әр күнге жұмыс жоспарын құру кезінде жазғы лагерьдің сауықтыру іс-шараларымен үйлестіре отырып, жазғы сабактардың кестесін құру үсінілады.

Жазғы мектепте сабактарды үйимдастыру кезінде барлық қажетті санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қамтамасыз ету қажет (медицина қызметкерлерінің сабак алдында білім беру процесіне қатысушылардың температурасын күн сайын өлшеуі; дәліздерде, рекреацияларда, холлдарда және басқа да үй-жайларда ауысымдар арасында ылғалды жинау жүргізу; бетперде кио және басқалар).

Жазғы мектепте тамақтану қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты үйимдастырылады. Асханалардың жұмысы санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарын сақтай отырып, кесте бойынша үйимдастырылады.

Жазғы мектептің қызметін тиімді үйимдастыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының (басшы, басшының орынбасары, педагогтер, психологтар, медицина қызметкерлері және т.б.) жауапкершілік алатын тұстарын нақты бөлу қажет.

Мектеп психологтары білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді; білім алушылар мен олардың ата-аналары/занды өкілдері үшін консультациялар өткізеді.

## **1.7. Білім беру ресурстары: қайта басып шыгарылған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, цифрлық ресурстар мен ақпараттық жүйелер**

2022-2023 оқу жылында қолданылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 291 бұйрығымен бекітілген.

## **1.8. Білім беру ұйымдарын, басшыларын, педагогтерді аттестаттауды ұйымдастыру**

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 432 бірлескен бұйрығымен өзгеріс енгізілген) сәйкес жүзеге асады.

Конкурстық негізде жұмысқа қабылдау үшін күнтізбелік жылға конкурстық комиссия құрылады. Конкурсқа ҚР БФМ-нің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығымен енгізілген) Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтынан тіркеуден өткен және конкурсқа қажетті барлық құжаттарды ұсынған педагогтер қатыса алады.

Конкурс 16 сағаттық нормативтік оқу жүктемесімен педагогтің бос лауазымына өткізіледі.

Ұлттық біліктілік тестісінен кемінде 50 балл жинаған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық мамандықтары бойынша білім алушылары мен түлектеріне «педагог» біліктілік санаты беріледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының «педагог» біліктілік санаты бар түлектері конкурсы нәтижелері бойынша жұмысқа қабылданады.

«Педагог мәртебесі туралы» және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңдарын іске асыру аясында педагогтің жүктемесі 16 сағатқа дейін төмендетілді. Бір пән бойынша бос лауазымның 16 сағатын педагогтер арасында бөліп беруге рұқсат етілмейді. Қажет болған жағдайда оқу жылышының басында бос лауазымға (16 сағат) қосымша педагог қабылданады.

Мұғалімдердің оқу жүктемесін тарифтеу оқу процесін жоспарлаудың негізгі параметрі болып табылады.

Тарификациялау – мектеп педагогтерінің білім деңгейіне, біліктілігіне, орындалатын жұмыс көлеміне, сондай-ақ жұмыстың нәтижелілігі мен сапасына қарай оқу жүктемесін белгілеуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Педагогті тарифтеу бойынша келесі жұмыс тәртібі ұсынылады:

✓ МЖМБС, мектептің жұмыс оқу жоспарына және сынып-комплектінің санына сәйкес әрбір пән бойынша оқу сағаттарын есептеу (директор және директордың орынбасары жүзеге асырады);

✓ Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай айқындалады;

✓ Жұмыс оқу жоспары бойынша әрбір паралель сыныптардың сағат санын есептеу жүргізіледі. Сонымен бірге белгілі бір пәндер бойынша сыныптарды топтарға бөліп оқыту ескеріледі. Топтарға бөлу сыныптағы білім алушылардың санына қарай жүргізіледі;

✓ Әрбір мұғалімнің оқу жүктемесінің көлемі жұмыс оқу жоспарында белгіленген оқу қызметінің түрлері (вариативтік компоненттер) бойынша белгіленеді;

✓ Сағаттардың санын есептегеннен кейін педагогтердің жүктемелері мен бақылау табелі анықталады;

✓ Әрбір мұғалімнің оқу жүктемесі оның сыныптарда пәндерді оқыту сабактастығын, оқыту сапасы мен кадрлармен қамтамасыз етілуін ескере отырып, алдын ала жеке әңгімелесу арқылы (директордың орынбасары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары) айқындалады;

✓ Жиынтық тарифтеу тізімі келесі міндетті мәліметтерді қамтиды: мұғалімнің аты-жөні; лауазымы; білім деңгейі; жүктеме көлемі – апталық жалпы сағат саны; қосымша жұмыс түрлері үшін төленетін қосымша ақылар; тұрақты жеке үстемемақылар (магистрлік, тәлімгерлік үшін және т.б.).

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Халық біrlігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында берілген тапсырмасын орындау мақсатында **үш жылда кемінде бір рет** педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысты «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Зандарына өзгерістер енгізілді.

Қазіргі таңда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 және 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. Бұйрық жобасына педагогтердің біліктілігін арттыру курсарын өткізу үйымдарына қойылатын жаңа талаптар, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және келісу және тағы да басқа нормалар енгізілетін болады.

Мемлекет басшысы берген тапсырмасына сәйкес Мұғалімдер тапшылығы байқалған өнірлерге үздік педагогтерді тартудың тиісті қолдау шараларының пакеті бар арнаулы бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама педагогтерге республикалық бюджеттің нысаналы трансфертері есебінен лауазымдық жалақыдан 150% мөлшерінде ынталандырушы қосымша ақы беруді көздейді.

Талдау қорытындысы бойынша педагогтардың тапшылығы Атырау, Маңғыстау, Алматы және Түркістан облыстарында сақталып отыр. Математика, физика, химия, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі пән мұғалімдеріне қажеттілік байқалады.

Ұлттық статистика және халықаралық салыстырмалы зерттеулер деректері бірқатар жылдар ішінде нысаналы өңірлердегі білім алушылардың білім сапасының орташа елдік көрсеткіштерден артта қалғанын көрсетеді. Мұны PISA 2018 халықаралық зерттеуінің нәтижелері және Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері растайды. Білім сапасын арттыру үшін арнайы бағдарлама әзірленді.

Педагогтерді іріктеу конкурссың негізде жүзеге асырылады.

Іріктелген педагогтер үшін 4 апталық біліктілікті арттыру курсары және онлайн-және оффлайн форматтардағы семинарлар, вебинарлар мен шеберлік сыныптары, сегіз Зияткерлік мектептің зертханалары базасында Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің тағылымдаштырылатын болады.

#### *Педагогтерді аттестаттау*

Педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттау «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) сәйкес жүргізілді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 8 қантардағы № 410-VI ҚР Заңымен білім беру үйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында білім беру үйымдарын мемлекеттік аттестаттау институты енгізілді.

Білім беру үйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Озін-өзі бағалау: талдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы, жоспарлау құралдарын, білім беру қызметін жақсартудың түзету механизмдерін қамтиды.

Білім беру үйымдары білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды ҚР БФМ 2016 жылғы 2 ақпандадағы № 124 бұйрығымен бекітілген (ҚР БФМ 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарын пайдалана отырып жүргізеді.

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қантардағы №12 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілді:

Конкурсқа қатысу үшін қатысушы ақпараттық Министрлік жүйелері электрондық форматта мынадай құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, Конкурсқа қатысуға өтінім береді:

1) оқыту тіліндегі портфолио;

2) бір бейнесабак ұзақтығы 7 (жеті) минут (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін), бейнесабак ұзақтығы 15 (он бес) минут (орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін) сабак жоспарын ұсына отырып, сондай-ақ озық педагогикалық тәжірибелі трансляциялау (ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейінгі бейнеролик) бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес;

3) Министрліктен анықталатын тақырыпқа 500 (бес жұз) сөзден аспайтын эссе жазуға тиіс.

Бағалау тетіктері:

1) Комиссия мүшелері үш адамнан топтарға бөлінеді;

2) конкурсқа қатысушылар кездессоқ іріктеу әдісімен ұсынған құжаттар (материалдар) комиссияның қалыптастырылған топтары арасында бөлінеді;

3) топ мүшелері конкурсқа қатысушылардың өз тобына бөлінген әр портфолиосын бағалайды;

4) бағалауды комиссияның барлық мүшелері жеке және бір-біріне тәуелсіз үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді;

5) комиссия тобының әрбір мүшесінің балдары осы топтың басқа мүшелері қойған балдармен жинақталады және қойылған балдардың орташа арифметикалық мәні шығарылады;

6) конкурсқа қатысушылар алынған баллдардың орташа арифметикалық мәні негізінде сараланады;

7) Комиссия отырысында орташа арифметикалық балға сәйкес сараланған конкурсқа қатысушылардың қорытынды балдары есептеледі, осының негізінде комиссия шешім қабылдайды;

8) конкурсқа қатысушыларда баллдар тең болған кезде шешім Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады;

9) комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

Ұсынылған құжаттарда (материалдарда) плағиат анықталған кезде

Комиссия педагогті конкурстың одан әрі кезеңінен шеттету туралы хабардар етеді. Хабарлама педагогтің жұмыс орны бойынша білім беру ұйымына еркін нысанда жіберіледі.

Конкурс жыл сайын үш кезеңде өткізіледі:

I кезең-аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгей ағымдағы жылдың қыркүйегінде өткізіледі;

II кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және Астана) деңгей – ағымдағы жылдың қазан айында;

III кезең – республикалық деңгей-ағымдағы жылдың қараша айында.

Байқаудың III кезеңі екі турда өткізіледі:

бірінші тур: Республикалық комиссия мүшелерінің конкурсқа қатысуышылардың материалдарын қарауы;

екінші тур: Министрлік айқындайтын білім беру ұйымдарында конкурсқа қатысуши күндізгі форматта өткізетін сабакты (сабакты) Республикалық комиссия мүшелерінің бағалауы.

Квотага сәйкес Республикалық комиссия шешімінің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған 64 конкурсқа қатысуши Байқаудың III кезеңінің женімпаздары болады: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері 10 адамға дейін, Орта, арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері 34 адамға дейін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтері 20 адамға дейін.

Алғаш рет конкурсқа қатысуышылардың өтініштерін қарау бойынша апелляциялық комиссия құрылды.

### ***1.9. Білім беру ұйымдары басшыларын ротациялауды ұйымдастыру***

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары арасындағы лауазымдық ауысулар.

Білім беру жүйесінде мектептер, колледждер мен балабақшалардың бірінші басшыларын ротациялау институты пайда болды.

Ұйымның өзгеруі өзгерістерді енгізуге және басшылықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ротацияға бір білім беру ұйымында 4 немесе 7 жылдан астам жұмыс істеген басшылар түседі.

Комиссияның шешімі комиссияның бірінші басшының портфолиосын қарауын ескере отырып, осы білім беру ұйымында лауазымға тағайындалған күннен бастап 4 (төрт) жыл атқарып отырған лауазымдағы бірінші басшы үшін қабылданады. Комиссия ротация туралы шешім қабылдайды немесе бірінші басшы еңбек шарты шеңберінде жұмысын жалғастырады.

Бұл ретте бірінші басшының бір білім беру ұйымында атқаратын лауазымында болуының рұқсат етілген ең ұзақ мерзімі 7 (жеті) жылдан аспайды. Атқаратын лауазымында жеті және одан да көп жыл болған бірінші басшылар ротациялауға жатады.

Ротация жүргізу шарттары:

- ротацияны облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары жүргізеді;
- ротация бір елді мекен шегінде жүргізіледі;
- ротация бір типтегі ұйымдардың басшылары арасында жүргізіледі;
- ротация кезінде Бірінші басшылардың біліктілік санаты, яғни ол үшін алынатын қосымша ақы оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

## *1.10. Орта білім беру ұйымдарын жан басына қаржыландыру*

Мемлекеттік мектептерді жан басына қаржыландыру төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттармен негізделеді:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бүйрүғы.

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бүйрүғы (өзгерістер ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 41 бүйрүғымен енгізілген).

3. «Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 503 бүйрүғы.

4. «Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған орта білім беру ұйымдарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанына қайта ұйымдастыру үшін өлшемшарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 502 бүйрүғы.

5. «Жеке меншік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқу үшін ата-ананың ақы төлеу шекті мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 29 бүйрүғы.

6. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне, сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бүйрүғы.

Мемлекеттік мектептерді жан басына қаржыландыру жүзеге асыру туралы әдістемелік ұсынымдармен ҚР БФМ «Қаржы орталығы» ресми сайтынан таныса аласыздар: <https://pnf.kz/>

## **1.11 Пилоттық жобаларды енгізу**

I. «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы

Мақсаты: шағын жинақты мектеп білім алушыларының білім сапасын арттыру.

Жобаның міндеттері:

- ауыл мектептері оқушыларының сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тірек мектепте білім беру ресурстарын шоғырландыру;
- тірек мектепте сессиялық және сессияралық жұмыстарды үйымдастыру бойынша шарапалар кешенін іске асыру;
- білім алушылардың бейіналды және бейіндік білім беру жүйесін дамыту, ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде қашықтан білім беру технологияларын пайдалану.

Жоба аясында шалғайдағы елдімекендерде орналасқан магниттік шағын жинақты мектептердің оқушылары мен педагогтері үшін әдістемелік сүйемелдеу, менторлық, колаборация, әлеуметтендіру және басқа да жұмыстар жоспарлануда.

«Тірек мектеп – магниттік мектептер» кешені» жобасы 2022-2023 оқу жылында эксперимент ретінде 5 өнірде: Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Атырау облыстарында енгізіледі.

II. «Виртуалды мектептер арқылы сапалы білімге қол жеткізу» пилоттық жобасы

Пилоттық жобаның мақсаты: ауылдық жерлерде орналасқан шағын жинақты мектептердің білім алушыларын сапалы біліммен қамтамасыз ету және педагог кадрлар тапшылығының орнын толықтыру.

Қашықтан оқыту «Ағылшын тілі» (5-11-сынып), «Математика» (5-6-сынып), «Алгебра» және «Геометрия» (7-11-сыныптар), «Алгебра және анализ бастамалары» пәндері бойынша үйымдастырылады.

Виртуалды педагогтердің өнірлік орталықтары 5 қалада: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе қалаларында орналастырылады.

Өнірлік орталықтар қашықтан оқыту педагогтерінің жұмысы үшін қажетті материалдық-техникалық құралдармен жарақтандырылады.

2022-2023 оқу жылында пилоттық жоба 6 өнірде енгізіледі. Бұл өнірлерде 3 өнірлік қашықтан оқыту орталығы ашылады.

## **2. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **2.1 Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүзеге асыру**

Осы бөлімде орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен

сенім, балалардың құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.



## Назар аударының!

✓ Білім күні салтанатты жиын өткізіледі. Өткізу форматын білім беру үйымы дербес айқындаиды.

✓ 1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм**» тақырыбында сынып сағаты, ашиқ сабак өткізіледі.

✓ Сынып сағаты аясында мұғалімдерге білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбеккорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау үйымдастыруға, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашуға кеңес беріледі.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған **1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу **Тұжырымдамасы**.

Қыркүйектің бірінші күні білім беру үйымдарында білім күніне арналған салтанатты жиын өтеді.

Оңірлік білім басқармалары жаңа 2022-2023 оқу жылын жариялайтын іс-шараның жоғары идеялық-құндылықтық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында қажетті іс-қимылдарды үйлестіреді.

Білім беру үйымдары оған бүкіл мектеп қоғамдастырының қатысуын қамтамасыз етеді.

*Салтанатты жиын және алғашқы сынып сағаты бұл мектепте жаңа оқу жылының ашылуына арналған әрі білім берудің адам өміріндегі маңызы мен рөлін айқындастын іс-шаралар болып табылады.*

Салтанатты жиынды өткізу түрін, қатысушылар құрамын білім беру үйымдары дербес айқындаиды.

Мемлекеттік туды алыш шығу және гимнди орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүргізіледі<sup>1</sup>.

Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылдарында басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- қатысушыларды өткен оқу жылдарын жетістіктерінен хабардар ету;
- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуга деген ұмтылышын қалыптастыру;
- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Салтанатты жынға келесі өкілдердің қатысуы ұсынылады:

- аудан/қала/облыс әкімдері;
- бөлімдердің/білім басқармаларының басшылары;
- қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- 1-сынып оқушысының ата-ана/занды өкілі.

Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының/занды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңыздылышына назар аударамыз.

**2022 жылғы 1 қыркүйекте** республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерінде «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық**» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізіледі.

Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылады.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыш және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті қонақтың қатысуы ұсынылады.

---

<sup>1</sup>[https://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/constitutional\\_laws/o-gosudarstvennyh-simvolah-respubliki-kazakhstan-1](https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitutional_laws/o-gosudarstvennyh-simvolah-respubliki-kazakhstan-1)

Бірыңғай сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Міндеттері:

- білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беру;
- білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талқылау;
- отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылдарын жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Ұсынылады:

- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылдарын күтулерін талқылау;

- заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды колдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен олардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «**Білімге ұмтылу, енбексүйгіштік және отаншылдық**» республикалық онлайн-акциясын өткізу ұсынылады.

*Бейнероликті орналастыру күні:* 2022 жылғы 1 қыркүйек.

*Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты:* 17.00-21.00.

*Хэштег:* Bilim\_quni

*Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:*

- барлығы үшін «Менің мектебім-ең керемет мектеп!», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;

- Бірінші сынып оқушыларына арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім»;

- 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;

- 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;

- 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;

- Ата-аналар, 1 сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып-өмірдің жаңа кезеңі»;

- Сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

\* *Білім күніне арналған салтанаттың іс-шаралардың және бірыңғай сынып сағаттарының материалдары білім беру үйымдары және білім басқармаларының сайттарында орналастырылады.*

Тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастыру оқу бағдарламаларының мазмұны, оқу-тәрбие және оқудан тыс қызметті үйымдастыру тәсілдері, тәрбие ортасының мүмкіндіктері арқылы, сондай-ақ барлық мұдделі тарараптардың: отбасының, білім беру үйимшының, қоғамның кеңінен қатысуы арқылы іске асырылады.



**Назар аударыңыз!**

✓ 2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын үйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік әмбебаптың 30 жылдығын мерекелеуге және дайындауга ерекше назар аудару қажет.

Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде жатқан және күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесінде байқалатын құндылыққа бағдарланған

тәсіл арқылы іске асырылады. Сонымен бірге құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асыруда педагог тәрбие мақсатын білім беру процесіне енгізуді қарастырады; рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының элементтерін білім берудің барлық деңгейлеріндегі барлық оқу пәндері бойынша сабактардың мазмұнына міндетті тәрбиелік компонент ретінде кіріктіреді деп болжайды.

Қолайлы білім беру ортасы педагогтердің, білім алушылардың, ата-аналардың, мектеп әкімшілігі мен қызметкерлердің өзара қарым-қатынасының сапасымен айқындалады.

Мектеп қауымдастығында бір-біріне **құрметпен қарау** маңызды:

- ✓ педагогті «мұғалім» немесе аты-жөні бойынша атауы;
- ✓ педагогтің білім алушыны аты-жөнімен атауы;
- ✓ мұғалімдер бір-бірін аты-жөні бойынша атауы.

Қазақтың мақалында: «Сәлем-сөздің анысы», - делінген. «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!», «Сау болыңыз!», «Сау бол!» сөздерін қолдана отырып, білім алушылар мен педагогтер арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру маңызды.

Физикалық және психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әр мектепте зорлық-зомбылықтың, буллингтің/кибербуллингтің алдын-алу және әрекет ету бойынша мынадай шаралар ұсынылады:

- ✓ барлық білім алушыларға, олардың ата-аналарына және мектеп қызметкерлеріне, соның ішінде әкімшілікке, мұғалімдерге және қызметкерлерге бағытталған жалпы мектептік тәсіл. Жүйелі алдын-алу жеке тұлғалардың немесе топтардың мінез-құлқына ғана назар аудармайды, бүкіл мектептің мәдениетін өзгертуді талап етеді.
- ✓ білім алушылар арасында оң қарым-қатынасты дамыту;
- ✓ педагог тарапынан білім алушыға қолдау білдіретін қарым қатынас;
- ✓ білім алушылардың ата-аналары үшін үлгілі ата-ана болуды насиҳаттау.



### Назар аударының!

Буллинг/кибербуллингтің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар материалдары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (<https://uba.edu.kz/qaz>).

Сонымен бірге, білім беру ұйымдарында медиация қызметін енгізу мәселесі өзекті болып отыр, өйткені медитация сындарлы диалог және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу тәсілі және дауларды шешудің жалғыз баламалы тәсілі болып табылады. Білім алушылар қатысатын медиация білім беру ұйымындағы тұлғааралық қақтығыстарды басқарудың тиімді әдісі бола алады. Мектеп медиациясы қызметінің жемісті жолға қойылған жұмысы мектепті қауіпсіз кеңістікке айналдырып қана қоймай, өскелен ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру бойынша маңызды тәрбиелік және профилактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.



## Назар аударының!

Мектеп медиациясын үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар ІІ.Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (<https://uba.edu.kz/qaz>).

Мектептің **жайлы кеңістігін** жобалау білім алушылардың оқу процесіне қатысуына, академиялық жетістіктеріне, сабакта қатысуына, мінез-құлық үлгілеріне, сондай-ақ балалардың әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді, өйткені олар өмірінің көп бөлігін мектеп қабырғасында өткізеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кабинеттері үшін кеңістіктер, сабактан тыс уақытта мұғалімдердің жұмысы үшін бұрыштар үйымдастыру арқылы мұғалімдердің әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Жараптандыру кезінде кабинеттер атрибутка сәйкес келмейтін артық ресімдеумен безендірілмеуі тиіс.

Жеке кабинетке есім беру кезінде білім беру үйымдары белгілі бір ережелерді ұстанады, соған сәйкес:

- ✓ кабинетте заманауи жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны толық жабдықтаған мектеп түлегі / меценат / қоғам қайраткері немесе кабинет ашуға ниет білдірген кез келген адам кабинетке ат қоюға құқылы;
- ✓ кабинеттің салтанатты ашылуы өткізіледі және қабырғаға тақтайша бекітіледі.



## Назар аударының!

✓ *Ұзілістер мектеп өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл сабактар арасындағы қысқа үзіліс, бұл білімалушылар мен мұғалімдерге басқа пәннің алдында демалып, күш алуға мүмкіндік береді. Ұзілістер білімалушылардың әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін еркін ойын дрекетіне ықпал етуі керек.*

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жалпы білім беру үйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабактар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлken үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабактан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлken үзілістің орнына екінші және төртінші сабактан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

Ұзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.

Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

Мектеп алды сыныптардағы сабактардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабактан аспайды. Сабактар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс.

1-сыныпта оқушылар демалып, келесі сабакқа дайындалуы үшін мазмұнды демалыс пен физикалық минуттар үшін үзілістерді ұзарту ұсынылады.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2022-2023 оку жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («*Kitap oқу – сән*») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы жалғасады. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастырының қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша ресурстар (интернет-викториналар, сервистік ұсынымдар, кітапханалар туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Әрбір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылады. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштарын құру ұсынылады.

Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобиЛЬДІ құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады.

### **Сабактан тыс қызметті ұйымдастыру**

Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Сабактан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылуы мүмкін:

- 1) «Отбасы-орта мектеп»,
- 2) «Оқуға құштар мектеп»,
- 3) «Еңбек – елдің мұраты»,
- 4) «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
- 5) «Қоғамға қызмет»,
- 6) «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»,

Осы жобаларды іске асыру білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді. Жобаларды білім беру үйымы білім алушылардың отбасыларымен, басқа да әлеуметтендіру нысандарымен – білім беру үйымының әлеуметтік серіктестерімен тұрақты өзара іс-қимылда және тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.



**Назар аударыңыз!**

✓ Білім алушыларды тәрбиелеуге құндылықтық-багытталған тәсілді іске асыру бағдарламасының материалдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған. (<https://uba.edu.kz/qaz>)

Казіргі уақытта «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті үйымдастырудың табысты нысандары болып табылады.



### Назар аударының!

✓ Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болуы керек.

✓ Дебаттың мақсаты-зияткерлік рөлдік ойын, білім беру технологиясы, ол бар білімді қолдана білуді қалыптастырады, функционалдық сауаттылықты дамытады және болашақта өзін-өзі сәтті жүзеге асырудың кепілі болады.

✓ 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру үйымдары пікірсайыс клубтары мен мектептің өзін-өзі басқару клубтарын ашуы, оның ішінде мектептің аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерінде пікірсайыс қозғалысының мектеп лигасын іске қосуы қажет.

✓ Білім беру үйымдарында «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы <https://www.ziyatker.org/schoolparliament> сайтында орналастырылған.

Сыныптан тыс іс-шараларды үйымдастырудың құрамдас бөлігі жалпы мектептік іс-шаралар болып табылады. Жалпы мектептік іс-шаралардың идеялық-құндылық мазмұны білім алушылардың қажеттіліктеріне, мектептің ерекшеліктеріне, сондай-ақ мемлекеттік саясат қағидаттарына бағдарланады. Жалпы мектептік іс-шараларды өткізу кезінде **мемлекеттік рәміздерге** құрметпен қарауды насиҳаттау маңызды.

Жалпы мектептік іс-шараларға мыналар кіреді:

- ұлттық және мемлекеттік мерекелерге байланысты іс-шаралар;
- еліміздегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар;
- оқу жылының басталуына, аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар;
- олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері;
- оқушылар мен педагогтардың бастамасы бойынша үйымдастырылған флешмоб акциясы;
- мектептегі әлеуметтік және қайырымдылық жобаларға арналған іс-шаралар;
- отбасылармен және мектеп серіктестерімен бірлесіп өткізілетін іс-шаралар;
- білім алушылар мен педагогтердің қатысуымен көшпелі іс-шаралар.

Жалпы мектептік салтанатты іс-шараларды өткізуге қойылатын талаптар:

- іс-шараларды өткізу кезінде шарларды, көгершіндерді аспанға ұшырмая;

- барлық жалпы мектептік іс-шаралар түрлі компанияларды тартпай мектеп тарапынан тегін өткізіледі;

- патриоттық тәрбиеге, мемлекеттік рәміздерге деген құрметке ерекше көңіл бөлінеді.



## Назар аударының!

✓ *Ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267 Заңымен реттеледі.*

Сабактан тыс іс-шараларды үйымдастырудың бір түрі-мектеп театrlары. Мектептегі театр үйірмелері білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және эстетикалық талғамға ықпал етеді. Әр түрлі спектакльдерді дайындауға және қоюға қатыса отырып, білім алушылар әдеби шығармаларды тереңірек зерттеуге, костюмдер жасауда шығармашылық танытуға, сондай-ақ эмпатия, ынтымақтастық, эмоционалды интеллект сияқты әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға мүмкіндік беріледі. Сондықтан білім беру үйымдарына жетекшілік ету үшін мұдделі білім алушыларды, тілдік пәндердің педагогтерін, жергілікті театр әртістерін қатыстыра отырып, мектеп театр үйірмелерін құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы мектеп тәрбие процесінде сабактан тыс қызметті үйымдастырудың инновациялық әдістерін, формаларын, модельдерін іздеуді жүзеге асырады, олар:

- қайырымдылық әлеуметтік жобалар;
- елдің мәдени көрікті жерлеріне экскурсиялар;
- Ted форматындағы кездесулер;
- кәсіби бағдар беру мақсатында шақырылған қонақтармен кездесулер;
- стартап-жобаларды қорғау;
- мектеп подкастын жүргізу;
- мектеп газетін үйымдастыру;
- мектеп серіктестерімен желілік байланыс.

Мысалы, білім алушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасына, «Мектепке жол», «Biz birgемиз» акцияларын жүзеге асыруға кеңінен тартуға болады.



## Назар аударының!

✓ *Орта білім беру үйымдарында волонтерлік қозғалысты үйымдастыру туралы толығырақ ақпарат «Білім беру саласындағы волонтерлік пен қайырымдылық және*

олардың қазіргі жағдайдағы білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі» әдістемелік ұсынымдарында қамтылған (<https://uba.edu.kz/qaz>).

**Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі.** Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Ата - аналарға арналған дәрістерді, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтерді онлайн және оффлайн форматта өткізу, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін», «Аға мектебі» және с.с. құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

Тәрбие жұмысында орта білім беру ұйымдарында мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын ұйымдастырудың жаңа форматы анықталды.

Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысының жаңа форматын іске асыру шенберінде ата-аналар қоғамдастырымен жұмыс бағытының мынадай деңгейлері айқындалды:

- жеке (педконсилиум, әңгімелесу, консультация, бала туралы ата-аналарды толық хабардар ету);
- топтық (ата-аналар комитетімен өзара әрекеттесу; топтық кеңестер; ата-аналармен практикалық сабактар; тренингтер; әкелермен кездесулер);
- ұжымдық (ашық есік күндері; «дөңгелек устедер»; тәрбие тәжірибесімен алмасу бойынша конференциялар; ата-аналар лекторий; ата-аналар апталығы).

Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудығы басты міндеттердің бірі-ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі, мектеп пен сыныптың білім беру процесіне қатысу қажеттілігі туралы дұрыс түсінігін қалыптастыру.

Мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыру бойынша жұмыстың жаңа мазмұны мыналарды көздейді:

- ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толық тарту;
- ата-аналарды тәрбиелеу әдістерімен, балалардың физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныстыру;
- ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысы (үйірмелер, секциялар, клубтар, тренингтер, сапарлар);
- балаларды тәрбиелеу деңгейін бірлесіп бағалау;
- ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысуы.

Ата-аналар үшін балаларға мамандық таңдауда дұрыс бағытты көрсету, еңбекке деген құрметке баулу өте маңызды. Мұғалімдер ата-аналармен баланың мамандық таңдау мәселесі бойынша түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізуі керек. «Баланы жұмысқа ал», «Он күн ата-ана жұмысында» («НЗМ» ААҚ тәжірибесі) сияқты жобалар білім алушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал етеді, әлеуметтік белсенделілігі мен азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен **«Мектептегі бір күн»** жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім

беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі

«Отбасы – мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, Қазақстан Республикасының білім беру үйімдарында білім алушылардың ата-аналарымен өнімді өзара іс-қимыл және отбасылық тәрбие бойынша педагогтердің әдістемелік тәжірибесін жетілдіруге бағытталған.

Отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы педагогтер мен ата-аналардың жеке әңгімелесулері, электрондық журнал, телефон арқылы сөйлесу, хат алмасу, жеке консультациялар, ашық сабактар, Ашық есік күндері, сыныптан тыс іс-шаралар (ата-аналармен бірлескен мерекелер, экскурсиялар, сапарлар, саяхаттар), балалар жұмыстарының көрмелерін ресімдеу (суреттер, апликациялар) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыру үшін сыныптан тыс қосымша іс-шараларды негізінен мемлекеттік тілде өткізу үсынылады.

Ата-аналармен жұмыс келесі бағыттарда жүргізіледі:

- Оқушылардың оқу жетістіктерін талдау.
- Ата-аналарды сыныптағы эмоционалды климаттың жағдайымен таныстыру. Мұнда әңгіме тақырыбы білім алушылардың қарым-қатынасы, сыртқы келбеті және басқа да мәселелер болуы мүмкін.
- Психологиялық-педагогикалық ағарту.
- Үйімдастыру мәселелерін талқылау (экскурсиялар, сынып кештері және т.б.).

Педагогикалық консилиумдарды мектептер кесте бойынша сыныптар мен пәндер бөлінісінде жүргізеді, онда ата-аналарды балалардың оқу жетістіктері және оларды оқудан тыс қызметке тарту туралы хабардар етеді.



**Назар аударыңыз!**

✓ Отбасылық күндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік үсынымдарды iba.edu.kz/qaz сайтынан жүктеуге болады..

Сонымен қатар, отбасыларды: жас отбасы клубтары, болашақ ата-аналарға арналған дәрісханалар, ата-аналар мен балаларға арналған клубтарды дамыту отбасылық оқу жобасына тартуға болады. Отбасылық оқырмандар клубының мақсаты – білім алушылар мен олардың ата-аналарының бірлесіп оқуға және шығармашылықта деген қызығушылығын ояту. Клубтың міндеттері оқуға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; кітапқа қызықтырудың стандарттан тыс түрлерін енгізу; оқу процесінде отбасының рөлін арттыру болып табылады.

Қолайлы білім беру ортасын құруда сынның жетекшісі ерекше рөл атқарады. Сынып жетекшісі үнемі сынның сағаттарын және оқушылармен жеке кездесулер өткізеді. Сынып сағаттары білім мазмұнының маңызды бөлігі болуы

тиіс. Сынып сағаттарының жоспарларын жасау кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне назар аудару керек. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формалары:

- 1) нақты тақырыптағы әңгіме,
- 2) пікірталас, диспут, дебаттар,
- 3) рөлдік ойындар,
- 4) тақырыптық дәріс,
- 5) сынып жиналысы,
- 6) байланыс сағаты,
- 7) ойын-саяхат,
- 8) тренингтер,
- 9) конференциялар,
- 10) шеберлік сыныптар,
- 11) театрлық қойылымдар

Сынып сағаттары кезінде сынып жетекшісі білім алушылармен бірге сыныптың жалпы нормалары мен ережелерін әзірлеуге бастамашылық жасай алады. Қазіргі зерттеулерге сәйкес, бұл мінез-құлықтың жалпы нормаларын бірлесіп талқылау және үйлестіру, олардың жауапты сақталуына әкеледі.



### **Назар аударының!**

✓ Сынып сағаттарын өткізуінде инновациялық тәсілдері туралы материалдар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған. Алтынсарин <https://uba.edu.kz/qaz>.

**Тәрбие саласындағы мұғалімнің үздіксіз дамуы** мектептегі әдістемелік бірлестіктер аясында құндылықтарды қалыптастыру мәселелерін бірлесіп талқылауды, рефлексияны және зерттеуді қамтиды. Педагог үшін білім беру мақсаттарына қол жеткізуде шығармашылық жобалық қызметті, командалық жұмысты, құрдастар арасында өзара оқытуды (peer learning) көтермелей үшін «төңкерілген сынып», сторителлинг, театр педагогикасы сияқты оқытудың тиімді технологияларын үздіксіз жетілдіру және іздеу маңызды. Сонымен қатар, педагогтерге оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың бойында өсуге, өзіне деген сенімділікке, мақсатқа жетуде табандылыққа және осыған сай өзін-өзі бағалауға психологиялық қозқарасты дамыта білу маңызды.

### **Мектептің тәрбие жүйесін басқару.**

Мектептің тәрбие жүйесі білім беру процесіне қатысушылармен жасалады. Әрбір мектеп жергілікті қоғамдастықтағы рөлін ескере отырып, өзінің миссиясы мен даму стратегиясын айқындайды, сонымен қатар, тәрбие жұмысының жоспарын әзірлейді. Жоспар білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін, мектеп орналасқан аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін көрсетуі тиіс жүйені құрайтын іс-шаралар төңірегінде құрылады.

Директордың тәрбие жұмысына жетекшілік ететін орынбасары педагогтармен, ата-аналармен, білім алушылармен, мектеп серікtestерімен тиімді ынтымақтастық құрады; білім алушылардың оқудан тыс қызметін және кәсіптік бағдарлануын ұйымдастыруды үйлестіреді. Сонымен қатар, ол сынып

жетекшілерінің қызметін үйлестіреді, мониторинг жүргізеді, әдістемелік қолдау көрсетеді және сапалы кері байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ сынның жетекшілеріне апта, ай және жылға арналған тәрбие жұмысының жоспарын өзірлеуге көмектеседі.



## Назар аударының!

✓ Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын басқару туралы толық ақпарат келесі сілтемедегі әдістемелік ұсынымдарда берілген: <https://uba.edu.kz/qaz>

### 2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері

Беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет – бұл білім беру ұйымының алқалық органы, оның қызметі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық салауаттылығын сақтауға және нығайтуға, білім беру қызметіне қатысушылар арасында қолайлы психологиялық ахуал жасауға, білім алушыларды оқытуда, олардың оқу-танымдық процесін дамыту мен тәрбиелеуде әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметтің құррудың мақсаты – білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру, кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін білім беру ортасына қолайлы жағдай жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру.

*Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:*

- оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

- оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыру;

- білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындау;

- әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлыштың нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын өзірлеу және енгізу;

- жаңа әлеуметтік тәжірибелі саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамыту.

- білім беру процесіне қатысушылардың жеке құқықтарына нұқсан келтірмей өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім

қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қымыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыру;

- білім беру үйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, топтық өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ету;

- білім беру үйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, ішкі істер мұдделі органдарымен өзара ынтымақтастық орнату.

*Орта білім беру үйымындағы психологиялық қызметтің қызметінің принциптері:*

- 1) кәсіби этиканы сақтау;
- 2) баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсету;
- 3) білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және жас ерекшеліктерін есепке алу;
- 4) психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялау;
- 5) баланың құқықтары мен мұдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етуге міндетті;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың, педагогтердің денсаулығына, ар-намысына және қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болдырмау;

7) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру процесінде қолдаудың ғылымилығы, кешендейтілігі, бірізділігі, кезеңдейтілігі мен үздіксіздігін сақтау.

Психологиялық қызметтің жұмысы білім берудің барлық деңгейінде үйимдастырылады:

1) Бастауыш білім беру деңгейінде – оқушыны танымдық және оқу уәждемесін, дербестікті және өзін-өзі реттеуді дамытуда, әрбір білім алушының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда қолдау;

2) Негізгі орта білім беру деңгейінде – оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылықты-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру;

3) Жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке бірегейлікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, тұрақты дүниетанымның қалыптасуына көмектесу.

Білім беру үйымының психологиялық қызметінің құрамына орта білім беру үйымы басшысының орынбасары, педагог-психолог (штат кестесіне сәйкес), әлеуметтік педагог енеді. Психологиялық қызметтің құрамы білім беру

ұйымы басшысының бүйрекшілігімен рәсімделеді және бекітіледі. Сынып жетекшілері, тәрбиешілер, кураторлар, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де занды өкілдермен өзара ынтымақтастық жасайды.

*Педагог-психологтың білім беру қызметінің бағыттары:* диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік.

1) Диагностикалық бағыт – жеке және топтық жұмысты, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуудың бүкіл кезеңі бойы психологиялық-педагогикалық зерделеуді, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіби түрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі олқылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді;

2) Консультациялық бағыт – білім беру процесіне қатысушыларға: туындаған қындықтардың табигатын немесе себептерін түсінуінде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін өзектілендіру; жаңа әлеуметтік тәжірибелі саналы және белсенді түрде беруге; жаңа көзқарастар қалыптастыруға және өз шешімдерін қабылдауға; түрлі әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудағы қындықтармен байланысты психологиялық проблемалар нысанында жеке және топтық қызметте көмек көрсетуді көздейді;

3) Дамытушылық (түзету) бағыт – білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен икемдерге уәждемені қалыптастыру, оларды қабылдау мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметті қарастырады. Диагностика процесінде анықталған оқу қындықтарымен және мінез-құлық проблемаларымен жұмысты ұйымдастыруды қамтиды; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтермен кешенді өзара іс-қимылды негізінде оқу материалын менгерудегі қындықтарды жеңуде, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық және физикалық жай-күйін түзетуді жүргізу бойынша жеке жұмысты көздейді;

4) Психологиялық-педагогикалық ағарту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына; педагогтердің, ата-аналардың және өзге де занды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін және оларды білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда кездесетін қындықтардың алдын-алу үшін пайдалануды қалыптастыруды жүйелі қолдауды көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, педагогтер, ата-аналар мен өзге де занды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар);

5) Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт – ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жүргізуді: білім беру және дамытушы ортаның жай-күйін бақылау, мониторинг жүргізу, психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету және оны қолдау бойынша түсініктемелерді

әзірлеу, білімалушылар мен тәрбиеленушілердің қолдау мен пәнаралық бақылауды дамыту; білім беру ұйымдарында, семинарларда, конференцияларда психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау көрсету бойынша отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелі зерделеу; білімалушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау технологияларын менгеру бойынша семинарлар, тренингтер ұйымдастыру және өткізу.



### Назар аударының!

✓ Әр сынып үшін сынып сабактары аптасына бір рет сабак кестесіне енгізіледі. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 12 қанчадағы № 18 бұйрығы, 9, 10-т.

✓ Мектептегі психологиялық қызмет жұмыссына әдістемелік қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдамалар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналасқан (<https://uba.edu.kz/qaz>).

## 2.3. Білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Білім туралы» Зандаresының негізінде баланың құқықтары мен мұдделерін қорғау мектепте мынадай бағыттар бойынша қалыптастырылады:

- балалардың құқықтары мен занды мұдделері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- ата-аналар, оқушылар, мектеп мұғалімдері үшін кеңестер, тренингтер, диагностикалық жұмыстар;
- сапалы білім беру және балаларды дұрыс тәрбиелеу үшін әлеуметтік жағдайлар жасау;
- әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу;
- балалардың бос уақытын ұйымдастыру
- тиісті ведомстволармен (жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, Балалардың құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау, қорғаныштық және қамқоршылық комитеті, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия) тығыз байланысты қолдау.

Әлеуметтік педагог баланың жан-жақты психологиялық дамуы үшін жағдай жасау, тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оң көзқарас қалыптастыру, баланың жеке басының дамуының бұзылу себептерін анықтау, профилактикалық іс-шаралар өткізу, насихаттау жұмысы арқылы педагогтар мен балалардың жоғары психологиялық, құқықтық біліктілігін қамтамасыз ету арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетеді.

## 2.4 Білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзін-өзі басқару қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Қазір әр білім беру үйымдарында балама шешімдері бар проблемалар бар. Оқушылардың өзін-өзі басқару пікірін ескере отырып, осы мәселелердің көпшілігін шешуге болады. Мектепте оқушылардың өзін – өзі басқару жүйесін құрудың ең оңай жолы-оқушылардың «белсенділігін» күтпей-ақ, мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларының өкілдерімен кеңесусіз шеше алмайтын мәселелердің шенберін анықтау.

Мектептегі өзін-өзі басқарудың инновациялық жүйесінде адам мен қоршаған әлем арасындағы қатынастардың көп деңгейлі жүйесі ретінде салауатты өмір салты бағдарламасы болуы керек, дамудың әмбебап заңдылықтары мен алгоритміне сәйкес кезең-кезеңмен қалыптасуына, адамның тікелей және кері себептік қатынастар кешенін құруға ықпал етуі керек.

Өзін – өзі басқарудың инновациялық жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі-шығармашылықтың жеке және ұжымдық формалары арқылы адамның жауапкершілік, тұрақтылық, ізгі ниет және қатысу секілді негізгі қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал ету.

#### *Мектептегі өзін-өзі басқару деңгейлері*

Мектептегі өзін-өзі басқару құрылымы төрт деңгейлі:

1-денгей. Сыныптардағы өзін-өзі басқару: сынып жиналысы, сынып активі, жұмыс секторлары.

2-денгей. Мектептің өзін-өзі басқаруы: мектеп активі.

3-денгей.

1. Жалпы мектептік оқушылардың өзін-өзі басқаруы: жоғары сынып оқушыларының Кеңесі.

2. Жалпы мектептік өзін-өзі басқару: мектеп кеңесі: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер.

4-денгей. Жалпы мектептік конференция.

## **2.5 Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру**

### *Отбасы мен мектептің өзара байланысы*

Отбасы мен мектептің педагогикалық өзара әрекеттесуінің мақсаты – баланың жайлы, қуанышты, бақытты өміріне, оның жеке басының дамуына жағдай жасау.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің мәні ең алдымен:

- отбасындағы тәрбие жағдайларын зерттеу;
- ата-аналармен жеке және топтық жұмыс жүргізу;

тақырыптық ата-аналар жиналыстары;

- ата-аналарды оқудан тыс қызықты, мазмұнды іс-шараларды үйымдастыруға тарту;
- баланың құқықтары мен мұдделерін қорғау.

Отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы білім алушының электрондық күнделігі, телефон арқылы сөйлесу, хат алмасу, әңгімелесу, жеке консультациялар, сынып ата-аналар жиналысы, ашық сабактар, ашық есік күндері, сыныптан тыс іс-шаралар (ата-аналармен бірлескен мерекелер, экскурсиялар, сапарлар, саяхаттар), балалар жұмыстарының көрмелерін ресімдеу (суреттер, апликациялар) және т. б. арқылы жүзеге асырылады.

Ата-аналар жиналысын өткізу бойынша ұсыныстар:

- Ата-аналар жиналысында балалардың оқудағы қателіктері мен сәтсіздіктерін емес, ата-аналарды сындарлы және ағарту жұмыстарын жүргізу керек.
- Жиналыстың тақырыбы балалардың жас ерекшеліктеріне бағытталуы тиіс.
- Жиналыс теориялық және практикалық сипатта болуы керек: жағдайларды талдау, тренингтер, пікірталастар және т. б.
- Жиналыс оқушының жеке тұлғасын талқылаумен немесе айыптаумен айналыспауы тиіс.

*Қамқоршылық кеңес және оның қызметін ұйымдастыру*

Қамқоршылық кеңестің мақсаттары:

білім беру ұйымдарына жәрдемдесу, бекітілген жарғылық функцияларды орындау;

білім беру ұйымының білім алушылары мен педагогтары үшін қажетті жағдайлар жасау;

білім беру ұйымдарына қаржылық қолдау көрсету, материалдық-техникалық базаны нығайту;

білім беру ұйымын одан әрі дамытуға жәрдемдесу.

Қамқоршылық кеңестің қызметі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен» реттеледі.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мұдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.



**Назар аударыңыз!**

✓ «Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі: қызмет ету ерекшеліктері» тақырыбында әзірленген әдістемелік ұсынымдамалар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналасқан (<https://uba.edu.kz/qaz>).

### 3 БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНКЛЮЗИВТІК СИПАТЫ

#### **3.1 Инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету**

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені дамыған халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылған. Біздің еліміз де аталмыш ұстанымды қолдайды. Мұны әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің білім беру саласын дамытудағы басты міндет болып есептелеңдігі айғақтай түседі.

Еліміздің президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп атап өтті. Сонымен қатар мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс» деп белгілеп өтті.

Инклюзивті білім берудің басты аспектілерінің бірі болып есептелетін инклюзивті саясаттың соңғы жылдары елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқандығын байқауымызға болады. Бірқатар құжаттар ратификацияланды, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуде, барлық мұдделі тараптардың қатысуымен әртүрлі деңгейлерде талқылаулар іске асуга.

Мектеп әкімшілігі мен педагогтерге еліміздің мектептерінде білім беру процесінің қолжетімділігі мен инклюзивті қағидаттарын іске асыру үшін басты мәнге ие нормативтік құқықтық құжаттарға шолуды ұсынамыз.

### ***3.2 Инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша ұсынымдар***

Барлық білім беру үйімдарында инклюзивті практиканы инклюзивті саясат пен инклюзивті мәдениет негізінде дамыту қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды инклюзивті педагогиканың негізгі принциптерін терең түсінбей жалпы білім беру процесіне қосу мүмкін емес.

#### **Инклюзивті білім берудің сегіз принципін еске түсірсек:**

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктерімен өлшенбейді.
- 2 . Әрбір адам сезінуге, ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа түсуге құқылы.
4. Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж.
5. Шынайы қарым-қатынас негізінде ғана сапалы білім алуға болады.
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Кез келген адамның жетістіктері қолынан келетін істерімен өлшенуі тиіс.
8. Әртүрлілік адамды тек дамыта түседі.

\*Берілген принциптер 1959 жылдың 20 қарашасында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында жарияланған Бала құқықтарының декларациясы принциптеріне негізделген.

Инклюзивті білім беруге сәйкес барлық балалар ақыл-ой немесе физикалық дамуына; мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни ерекшеліктеріне қарамастан құрдастарымен тен дәрежеде жалпы білім беретін мектепте білім алуға құқылы.

Инклюзивті білім беру принциптеріне сәйкес білім беру үйімдары барлық білім алушылардың білім алудағы әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс.

Педагогтер балалардың ақыл-ой қабілеттері түрліше болатындығын, берілген білімді түрліше қабылдайтындығын ескеруі керек. Мысалы, бір білім

алушы жаңа материалды жылдам игерсе, келесі білім алушы үшін көбірек уақыт қажет болуы мүмкін. Сәйкесінше берілген білімді бекіту үшін бірнеше рет қайталау немесе жаңа ақпаратты айтып не көрсетіп түсіндіру қажет болуы мүмкін.

Білім алушылардың бағдарламалық материалдарды менгеру деңгейінде оқытудың деңгей бойынша сараланған тәсілдерін пайдалануға байланысты. Білім беру процесінде саралау тәсілдерін пайдаланғанда әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен қабілеттері ескеріліп, оқыту деңгей бойынша шағын топтар жүйесі негізінде іске асады. Яғни педагогтер білім алушыларға жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу бағдарламаларын бейімдеу негізінде сараланған тапсырмалар, вариативті әдістер қолдану арқылы көмек көрсетеді.

Оқытуды саралау оқу процесін білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастыруға, барлық білім алушылардың білім мазмұнын менгеруіне мүмкіндік береді. Білім мазмұны түрліше берілгенімен, барлығына бірдей ортақ инвариантты бөлік сақталуы тиіс. Саралау жағдайында оқыту процесі білім алушылардың танымдық қажеттіліктерін, олардың жеке ерекшеліктерін ескереді.

Осылайша сараланған оқу процесінің мақсаты – әрбір білім алушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып сапалы білім алудына, қабілеттері мен мүмкіндіктерін максималды турде дамытуға жағдай жасау.

Оқыту процесіндегі жеке сараланған тәсілді пайдаланудың негізгі міндеті – білім алушының біліміндегі олқылықтардың алдын алу. Мұндайда басты назар білім алушылардың ұжымдық жұмысын ұйымдастыруға аударылады. Педагог жеке білім алушыларда пайда болуы мүмкін қындықтарды болжай білуі тиіс. Мұндай жағдайларда педагог білім алушыға оқулықтағы материалмен алдын ала танысу, мәтінмен жұмыс істеуде қиналатын оқушылар үшін көрнекіліктер, иллюстрация, сызбалар қолдану, ұқсас жаттығуды қайта орындауға ұсыну арқылы бекіту жұмысына көп көңіл бөледі немесе білім алушыны ойландыратын сұрақтарды қоя алады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы жеке тәсіл әрбір пәннің ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Педагог сиыншыла кез келген білім алушы сұрақ қоя алатында ахуалды қалыптастыруы керек. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыстың әдістерін менгеру білім алушылардың психикалық ерекшеліктерін зерделеуге байланысты. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін білу онымен жұмыс істеудің оңтайлы жолын табуға көмектеседі. Мұндайда білім алушының келесі ерекшеліктерін ескеру маңызды:

- баланың физикалық және психикалық дамудына әсер ететін ерекшеліктер;
- сөйлеу, зият, эмоциялық-ерік аясы;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктері;
- балалардың қызығушылықтарын, қабілеттерін, мүмкіндіктерін анықтап, дамытуға жағдай жасау;
- психикалық процестері (қабылдау, назар аудару, есте сақтау, ойлау);
- темперамент типі.

Жеке тәсіл аталған ерекшеліктерді ескеріп қана қоймай, әрбір білім алушымен жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Кейбір білім алушылар үшін жеке жұмыс істеу – дамудың негізгі шарттарының бірі екендігін естен шығармау керек.

Осылайша, инклузивті білім беру жағдайында қазіргі педагог қызметінің негізгі ерекшелігі – кәсіби қызметінің көп бағыттылығы және әртүрлілігі. Сабакта мұғалім шешетін міндеттердің ішінде ең бастысы – білімді меңгеруіне қолайлы жағдай жасау негізінде білім алушыны кез келген оқу әрекетіне қосу.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдана отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 бүйрығында *ерекше білім берудің қажеттіліктерінде алушылардың келесі топтары анықталған:*

1) мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасындағы қарым-қатынастар) бар балалар;

2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы; жергілікті қоғамға бейімделуде қыындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар);

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) бар балалар.

Төменде ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балаларды оқыту стратегиясын құруда мұғалімдерге арналған ресурстар мен сілтемелер берілген.

<b>Ерекше білім беру қажеттіліктері</b>	<b>Мұғалім стратегиясы</b>
<b>Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасындағы қарым-қатынастар) бар балалар</b>	
<p><i>Мінез-құлықтың айқын виктимділігі бар балалар. Бұл топтагы балалардың бірнеше топқа бөлуге болады:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- соматикалық аурулармен ауыратын немесе әлсіз, жиі әрі ұзақ ауыратын балалар;</li> <li>- гипоактивті немесе қымылды баяу балалар;</li> <li>- депрессивті балалар;</li> </ul> <p><i>Эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балалар</i> (негізінен жасөспірім балалар).</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- гиперактивті балалар, сонымен қатар назар жетіспеушілігі синдромы бар балалар;</li> <li>- агрессивті балалар;</li> <li>- девиантты мінез-құлыққа ие балалар;</li> </ul>	<p>Бұл категорияға жататын балалармен жұмыстың әрбір нақты тәжірибесі жеке сипатқа ие. Мұғалімнің барлық стратегиялары білім беру процесін бейімдеуге көмектесетін отбасымен, психологпен және өзге мамандармен серіктестікте анықталуы тиіс.</p>

<p><i>Ата-аналардың қамқорлығының қалған балалар</i></p> <p>Мектепте білім беру процесінде жетім балалардың қындықтарының болуы және сәйкесінше одан кейін қоғамда сәтсіз әлеуметтенуінің себептері келесідей болуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- депривация;</li> <li>- дисфункциялы отбасыдағы, асоциалдағы ортадағы өмірлік тәжірибе;</li> <li>- жетім балаларға арналған мекемелердегі әлеуметтендіру нәтижелерінің тәмендігі.</li> </ul>	<p>Ата-аналардың қамқорлығының қалған балалардың қындықтарын келесі жолдар негізінде еңсеруге болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- асырап алған отбасыда бейімделіп бастағанда оқу үлгеріміне қойылатын талаптарды жеңілдету;</li> <li>- оқытуудың стандартты емес формаларын пайдалану: әртүрлі жастағы топтарда оқыту, жасы үлкен балалардың жасы кіші балаларды оқытуы;</li> <li>- баланың қызығушылықтарын ескеру, мұндайда бір қызметтегі табысты тәжірибе қызметтің өзге формаларына ауыстырыла алады.</li> </ul>
<p><b>Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар және т.б. отбасылар) бар балалар</b></p>	
<p>Қандас баланың білім беру қажеттіліктері сипаттамалардың бес ерекше түрімен байланысты: тіл, бастапқы білімдер, эмоциялық жағдай, әлеуметтік дағдылар, мәдени нормалар және қағидаттар. Бұл білім беру қажеттіліктері бірінші кезекте тіл мәселелерімен байланысты. Бұл өз алдына мемлекеттік тілді оқытууды ерекше үйімдастыруды жобалайды.</p> <p><b>Өмірлік қын жағдайға тап болған бала (көшіп қонушы, босқын) әлеуметтенуді қажет етеді.</b></p>	<p>Кез келген сабакта тілдік мәселелерді ескеру керек және білім алушыға білімді менгеруге көмектесетін әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Әдетте балаларға тапсырманы орындау түрі (ауызша немесе жазбаша жауап) және орындау уақыты бойынша таңдау құқығы берілуі тиіс. Баланың жұмысты берілген уақыттан асырып орындауға, графикалық сызбаларды, қысқа нұсқаулықтарды, алгоритмдерді пайдалануға мүмкіндігі болуы тиіс.</p>
<p><b>Даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) бар балалар</b></p>	
<p><b>Естімейтін балалар</b></p> <p>Естімейтін балалар құлағының түбінде қатты сөйлеген дыбысты естуі мүмкін, бірақ арнайы үйретпесе, адамның сөйлеген сезіне қарап, сөздер мен тіркестерді түсінбейді.</p> <p>Есту аппаратын немесе кохлеарлық импланттарды пайдаланғанымен, балалар айналасындағылардың сезін қабылдауда және түсінуде қиналады.</p> <p>Мұндай балалардың ауызша сөйлеу қабілеті өздігінен дамымайды. Сол себепті олар ұзақ мерзімді жүйелі түзете-дамытушы жұмысты қажет етеді.</p> <p>Есту қабілеті зақымдалған балалар сөзді есту-көру, есту, көру тәсілдері арқылы түсінеді.</p>	<p>Есту қабілеті зақымдалған баланы білім беру үйімнегі оқыту процесіне табысты қосу үшін оның есту қабілетінің қаншалықты зақымдалғанын анықтау, дәрі-дәрмекпен қолдау, баланың аудиограммасына сәйкес есту аппараты моделін нақты талғау маңызды.</p> <p>Ойын ауызша және жазбаша білдірумен қатар баланың танымдық даму процесі қатар жүреді. Баланың педагогтің сөйлеп тұрғанын көріп тұруы маңызды. Сыныпта көп қозғалмаған да жөн. Бұл балаға мұғалімнің айтқанына қарап сезін түсінуге көмектеседі. Жүппен жұмысты дамыту қажет (жанындағы көршісінің кітаптың парагын аударып, тапсырманы, нұсқаулықты түсіндіріп көмектесуі және т.б.).</p>
<p><b>Нашар еститін балалар</b></p> <p>Бұл балалардың ерекшелігі қатты дыбыстарды естігенде өздерін қолайсыз</p>	<p>Педагог мұндай баламен қарым-қатынасқа түскен кезде ойын ауызша жеткізуі керек, ым-ишаратты пайдалануы керек.</p>

<p>сезінеді. Және баланың есту қабілеті нашар болған сайын қатты дыбыстарға қатысты қолайсыздық өрши түседі.</p> <p>Нашар еститін балалардың вибрациялық сезімталдығы өте жақсы дамыған, сол себепті ырғакты суретті оңай ажыратады, музыкалық аспаптарда ойнай біледі және билей алады.</p>	<p>Сұрақты нақты әрі қысқа құрауы керек. Бұл балаларға сұрақтың мазмұнын түсінуге, оған қатысты ойлануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жауап беруге асықтырмау керек. оларға ойлануға уақыт беру керек.</p> <p>Оқыту процесінде көрнекі материалды көбірек пайдаланған жөн.</p> <p>Айтылым мен сөйлесімге берілетін тапсырмалар көлемі мен мазмұны білім алушының психикалық-сөйлеу қабілеттерінің дамуына байланысты өзгеруі мүмкін.</p>
<p><b>Kөзі көрмейтін балалар</b></p> <p>Көзі көрмейтін баланың қоршаған органды қабылдауы да шектеледі. Бұл, әрине, баланың даму қарқынына да өз әсерін тигізеді: көрнекі-бейнелі ойлау білу, кеңістіктік ойлау, кеңістікте бағдарлану, ірі және ұсақ моториканың дамуы нашарлай түседі. Бұл оқуда, жазуда, сөйлеуде қындықтардың пайда болуына себеп болады.</p> <p>Көру қабілетінің зақымдалуы қосалқы функциялардың ауытқуына алып келеді (көру өрісінің, көз жітілігінің тарылуы және т.б.). Бұл психикалық процестердің (сезу, қабылдау, елестеу және т.б.) дамуына кері әсерін тигізеді.</p>	<p>Мектепте көзі көрмейтін балаларға білім беру зақымдалған және жеткілікті түрде дамымаған функцияларды қалпына келтіруге және түзетуге бағытталған тапсырмаларды пайдалану есебінде іске асуы тиіс.</p> <p>Білім алушыны пәндік-кеңістіктік және оқу ортасында бағдарлаудың әдіс-тәсілдерін менгеруге үйрету қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс орнында отыру, оқулықпен, дәптермен, құралмен жұмыс істеу (қажетті парақты, жолды, әріпті таба білу);</li> <li>- оқу құралдарын партада дұрыс орналастыра білу; қарым-қатынасқа түсү үшін ауызша формаларды пайдалану;</li> <li>- білім алушыларға мектеп құралдарын іздеуде педагогтен, сыныптастарынан көмек сұрай білуін үйрету.</li> </ul>
<p><b>Kөзі нашар көретін балалар</b></p> <p>Бұл балаларға көру қабілеті нашар балалар жатады. Олардың көбін амблиопия және қылилығы бар балалар құрайды.</p> <p>Көру қабілеті зақымдалған балалардың қарқыны баяу келеді, көру қабілеті тез шаршайды, сол себепті көзге көп жүк түсірмей, демалдырып түру қажет болады.</p> <p>Бұл топтың білім алушыларына жалпы және көру жұмыс қабілетінің төмендігі, пәндік-практикалық іс-әрекеттерді қалыптастырудың баяулығы, өлшеу дағыларын менгеруде қындықтардың туындауы тән.</p>	<p>Баланың көру қабілеті жөнінде офтальмолог дәрігердің қорытындысымен танысқан маңызды. Егер білім алушы үнемі көзілдірік тағып журуі керек болса, оның бұл талаптарды орындаудың қатаң қадағалау қажет. Баламен қарым-қатынасқа түскен кезде жарыққа қарсы түру керек. Тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру керек.</p> <p>Көрнекі және үлестірмелі материалдың үлкен болғаны жөн және түсі, контуры және мүсіні бойынша танылуы маңызды.</p> <p>Сабак барысында әр баланы атымен атаған маңызды, себебі көру қабілеті зақымдалған бала қай білім алушының жауап беріп жатқандығын түсінуі тиіс.</p>
<p><b>Tірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар</b> өте көп және олардың зақымдары әртүрлі келеді. Олардың бәріне тән ортақ сипат – қозгалыс функцияларының қалыптасуының тежелуі, дамымай қалуы, зақымдалуы немесе мүлдем тоқтауы. Балаларда тірек-қимыл аппаратының зақымдалуы түа біткен немесе жүре пайда</p>	<p>Ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кедергісіз кеңістікті қамтамасыз ету;</li> <li>- демалу және сабак өткізу үшін қажетті орындарды ұйымдастыру қажет;</li> <li>- қозгалыс патологиясына байланысты санитариялық-тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық шарттарды сақтау қажет.</li> </ul> <p>Мектепте арнайы жабдықталған медициналық</p>

<p>болған ауруларға не зақымдарға байланысты туындауы мүмкін.</p> <p>Қымыл-қозғалысының зақымдалуы неврологиялық сипатқа ие балаларға психологиялық-педагогикалық және логопедиялық қолдау, сонымен қатар әлеуметтік көмек қажет.</p> <p>Қымыл-қозғалысының зақымдалуы ортопедиялық сипатқа ие балалар психологиялық қолдауды және жеке қозғалыс режимін сақтауды қажет етеді.</p>	<p>қабинеттің және емдік дene шынықтырумен айналысуға арналған жабдықталған залдың болғаны жөн.</p> <p>Баланың сөзі мұлдем түсініксіз болса, бейвербал коммуникация технологиялары пайдаланылады (карточкалар, пәндер).</p> <p>Баланың практикалық іс-әрекеттері менгеруіне қарай барлық іс-әрекетті толыққанды қолдаудан жеке әрекет етуге ойысу керек. Сондай-ақ көмектің түрін бейвербал амалдан (әрекет, зат, ым-ишара) сөйлеуге (кемшіліктер бар тұстарға нұсқау, іс-әрекеттерді бағалау, ынталандыру) ауыстыру қажет.</p> <p>Баламен сөйлесу кезінде онымен бір деңгейде, жаңында отырып сөйлесу қажет.</p>
<p><i>Сөйлеу қабілеті ауыр зақымдалған балалар</i></p> <p>Сөйлеу қабілеті ауыр зақымдалған балаларға сөзді қабылдау және түсіну үшін, сөйлемдегі сөздерді анық әрі ретімен айту үшін, айтылған ойды есте сақтау үшін ұзағырақ уақыт қажет.</p> <p>Сөйлеу қабілеті зақымдалған балаларға сөзді қабылдап түсіну үшін, мәтіндегі сюжеттік желілердің кезектілігін есте сақтау үшін көмек керек.</p> <p>Жұмыс өнімділігінің төмендеуі және тез шаршау оқытудың баяу қарқынын қажет етеді.</p> <p>Сөйлеу қабілеті ауыр зақымдалған балалар тапсырмаларды орындауға бірден кіріспейді.</p> <p>Оларға импульсивті және ретсіз қозғалыстарды орындаған женілірек.</p>	<p>Әрбір нақты білім алушының сөйлеу қабілетінің дамымау себептерін түсіну үшін логопедпен кеңесу ұсынылады.</p> <p>Балалаларға тапсырмаларды бере отыра бір баланың әлеуетті мүмкіндіктері әртүрлі тапсырмалар типін орындау кезінде ерекшеленетін түсіну қажет.</p> <p>Сұрақтарды қысқа да нұсқа коя білу керек. Себебі балалар сұрақтың мазмұнын түсіну үшін тереңірек үнілуі тиіс. Ойлануға уақыт беріп, жауаппен асықтырмау қажет.</p> <p>Білім беру міндеттеріне сәйкес әртүрлі көрнекі материалдарды пайдалана білу керек.</p> <p>Баламен көбірек сөйлесу қажет, барлық іс-әрекетті ауызша айтып отыру қажет. Бір сөзді бірнеше рет қайталаудан қашпау керек. Сөздерді нақты, сабырмен, жылы әуезben айту керек.</p>
<p><i>Психикалық дамуы тежелген балалар</i></p> <p>Бұл білімнің жалпы корының жеткіліксіздігімен, ойлау қабілетінің жетілмелегендігімен, ойын қызығушылықтарының басым болуымен, интеллектуалды қызметтөн тез шаршаумен ерекшеленеді.</p> <p>Балаларға білім беру үйімінде қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтау қынын.</p> <p>Психикалық дамуы тежелген балалар ерекше назарды талап етеді, себебі олар өз қызметін үйімдастыруда қындықтарға тап болады.</p> <p>Қындықтар жүйке жүйесіне әсерін тигізеді: балалар тез шаршайды, жұмысқа өнімділіктері төмендейді, кейде бастаған істі аяғына дейін бітірмейді.</p>	<p>Балалардың жас ерекшеліктерін, жақын және алыс даму аймағын ескерген жөн.</p> <p>Сұрақтарды қысқа да нұсқа коя білу керек. Себебі балалар сұрақтың мазмұнын түсіну үшін тереңірек үнілуі тиіс. Ойлануға уақыт беріп, жауаппен асықтырмау қажет.</p> <p>Баланың оқудағы нәтижелерін өзге балалардың нәтижелерімен салыстырмау қажет. Қандай да бір баланың жеке дамуын үнемі ынталандыру қажет. Және мұндайда соңғы нәтиже емес, баланың танымдық процесін, қызметтің, даму динамикасын бағалаған маңызды.</p>

<p><i>Зердесі зақымдалған балалар</i></p> <p>Зердесі женіл формада зақымдалғанда физикалық жағдайда қандай да бір өзгерістер байқалмауы мүмкін. Зақымның анық көрінуі, әсіресе, хромосомаларға байланысты тұа біткен ауруларда (мысалы, Даун ауруы, зат алмасудың бұзылуына байланысты олигофренияның түкім қуалайтын формалары) байқалады. Зердесі зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – әлеуметтік бейімделуі және кәсіби еңбекке дайын болуы.</p>	<p>Зердесі зақымдалған білім алушыны қарапайым сыныпқа қосу үшін мектептің педагогикалық кеңесі мұндай білім алушы үшін жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасын әзірлейді, олар зердесі зақымдалған (женіл немесе ауыр) білім алушылар үшін Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде құрылады.</p> <p>Оқу тапсырмаларының көлемі мен күрделілігін білім алушының жұмысқа қабілеттігі мен зияты мүмкіндіктерін ескере келе мөлшерлеу керек; оқу материалын түсіну үшін қажет жағдай жасайтын пәндей-практикалық қызметті пайдалану қажет.</p> <p>Зердесі орташа зақымдалған білім алушы үшін қызметтің негізгі түрлері келесідей болуы керек: жанды және жансыз табиғатты және әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау; пәндей-практикалық қызмет; ойын іс-әрекеттері және ойын қызметі; білім алушылардың шығармашылық-еңбек қызметі, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет; білім алушылармен және жақын аймақтағы ересек адамдармен қарым-қатынас.</p>
<p><i>Эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балалар</i></p> <p>Баланың ақыл-ойы зақымдалған болуы мүмкін немесе жоғары интеллектуалды не дарынды болуы мүмкін, десе де қарапайым тұрмыстық және әлеуметтік дағдылары болмауы мүмкін. Бір бала бір жағдайда ебедейсіздік танытса, екінші жағдайда керісінше ептілігімен көрінуі мүмкін.</p> <p><i>Эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балалардың танымдық белсенділігінде ерекшеліктер болуы мүмкін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоршаған әлемді менгеруде қызығушылықтың және белсенділіктің болмауы;</li> <li>- заттар мен материалдарды оларды пайдалану мүмкіндіктеріне қарай сараламайды, олардың неге арналғанын ескермей пайдаланады;</li> <li>- акпаратты ұзак өндейді;</li> <li>- назарды бірлесіп бір жерге аудара алмайды.</li> </ul> <p><i>Әлеуметтік өзара байланыс аясындағы ерекшеліктері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жақын адамдарымен байланыстың бұзылуы;</li> </ul>	<p>Білім алушымен жұмыс істейтін барлық педагогтер мен мамандар білім беру процесінде ортақ тәсілді ұстануы тиіс. Мұндайда қойылған орындалуы тиіс міндеттерден шегінбеуге тырысу қажет.</p> <p>Педагог-ассистентті аутизмі бар баланы жіңі қолдауы, әсіресе баланың бейімделуі кезінде қолдауы білім беру ортасына сәтті қосудың қажетті шарты болып табылады.</p> <p>Баланың танымдық қызметтерге қажеттілігіне назар аудару қажет, мәжбүрлеп оқытуға болмайды. Жағымды ахуалда білім беру керек. Барлық балаларға өз іс-әрекеттерінің тізімін ауызша дыбыстау қажет. Аутизмі бар бала үшін алгоритмді білу маңызды.</p> <p>Аутизмі бар баланың ерекше сипаттамаларын еңсерудің келесі жолдары ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- акпаратты сызбалар, көрнекі суреттер арқылы беру; зорығуна жол бермеу; оқу кеңістігін тәртіппен ұйымдастыру; бала қолданатын заттардың сыртына атын жазып қою; баланы атымен атау; өз-өзіне қызмет көрсету және тұрмыстық бағдарлау дағдыларын үйрету.</li> </ul> <p>Бала жана жерлерден қорықпайтын жағдайда білім беру ұйымының кеңістігімен біртіндеп таныстыру маңызды, сыныптың қай жерде екендігін, сабактардың қай жерде өтетіндігін,</p>

- ересек адамның айтқанына мұлдем күлмей жауап беру;
- балалармен байланысқа түспеу: басқа балаларды елемеу, байқамау, достастуға не қарым-қатынасқа түсуге тырыспау;
- қоғамда өзін-өзі ұстau нормалары мен ережелерін түсінбеу.

*Минез-құлық ерекшеліктері:*

- стереотипті (қайталатын) қозғалыстарды жасай береді: саусақпен түрте береді, қолын сілкілей береді, тербеле береді және т.б.;
- кейбір дыбыстық тітіркендіргіштерге шектен тыс сезімтал келеді, ал кейбірін мұлдем елемейді;
- қандай да бір заттарға шектен тыс назар аударады;
- көп нәрседен қоркуы мүмкін: қандай да бір тұрмыстық шуылдардан, газеттің сыбдырынан, масаның ызынынан қоркуы мүмкін. Денеге жана санға аса сезімтал болуы мүмкін, бірақ шынайы қауіптен қорықпауы мүмкін және т.б.

балалардың тамақты қай жерде ішетіндігін және т.б. көрсеткен маңызды; Баланың сыныптағы жеке орындарын белгілеуде (кішкене шкаф, парта) көрнекі маркерлерді пайдалануға болады: белгілі бір суретті салуға болады немесе бала оқи алатын болса – оның есімін жазуға болады.

Педагогтер сыныптың білім алушылары мен олардың ата-аналарына аутизмі бар баланың өзін құрдастарымен салыстырғанда неге ерекше ұстайтындығын түсіндіруі тиіс. Қоршаған адамдардың әртүрлілігіне құрметпен қарауды дағдыландыру қажет.

\**Инклюзивті білім беру ортасында педагог стратегиялары жөнінде толыққанды ақпаратпен <http://engime.org/ob-osobennostyah-organizacii-obrazovatelenogo-processa-v-obshe-v4.html?page=189> сайтынан және ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен әзірленген әдістемелік ұсынымдардан таныса аласыз: <https://uba.edu.kz/>.*

*Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық гылыми-практикалық орталығы" РММ <https://special-edu.kz/>*

Оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әмбебап дизайн қағидаттарын сақтау маңызды. Себебі бұл педагогке қабілеттеріне, жасына, жынысына, мәдени немесе тілдік ерекшеліктеріне қарамастан барлық білім алушылар үшін оқу процесін ұйымдастыруға көмектеседі. Әмбебап дизайн әртүрлі қажеттіліктері бар балаларды оқыту және қамту үшін қажетті стратегиялар, материалдар, бағалар және құралдарды әзірлеу жоспарын қамтиды.

Осылайша, мектептің білім беру ортасы барлық білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс, бұл ретте инклюзивті білім беруді іске асырударғы қажетті элемент білім беру сапасы болып табылады және білім алу құқығы әрбір баланың ерте жастан ересек өмірге дейінгі білім беру процесінде табысқа жетуін қамтамасыз ету ретінде қарастырылады.

\**Оқытууды саралау және дараландыру мәселелері бойынша толыққанды ұсынымдармен ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен әзірленген әдістемелік ұсынымдардан таныса аласыз: <https://uba.edu.kz/>. және "Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық гылыми-практикалық орталығы" РММ сайтында <https://special-edu.kz/>*

Бағалау жүйесі инклюзия жағдайында білім беру процесінің сапасын анықтауға, оқытудың стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдер қабылдауға, білім берудің мазмұнын да, күтілетін нәтижелерді бағалау нысандарын да жетілдіруге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерін өлшеу мен проблемаларын диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады. Білім беру жетістіктерін бағалау кезінде оқу барысында алынған нәтижелер мен жоспарланған мақсаттардың арақатынасы маңызды екенін ескеру қажет.

Инклюзивті ортадағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде білім алушылардың психикасына барынша ұқыпты қарau керек, баланың көңіліне тиуі мүмкін жағдайлардан аулақ болу керек, ерекше білім беруді қажет ететін балалар дамуының психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

\*Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бағалау бойынша толыққанды ақпаратпен <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005191> сілтемесі бойынша, сондай-ақ ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен әзірленген әдістемелік ұсынымдардан таныса аласыз: <https://uba.edu.kz/>.

### **3.3 Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру**

Инклюзивті практиканы дамыту процесінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау білім беру процесінің міндетті компоненті болып табылады. Оның өзектілігі пандемия уақытында қашықтан білім беру кезінде өрши түсті.

Еліміздің мектептерінің маңызды міндеті – ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере келе білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру. «Қолдау» деп білім беру процесінің барлық қатысушыларының (әкімшілік, мұғалімдер, мамандар, ата-аналар және білім алушылар) өзара байланыста және сабактастықта жұмыс істеуін түсінуіміз керек. Баланы қолдау оның білім беру ұйымына қабылданған сәтінен бастап оқу аяқтағанға дейін жалғасуы керек, ал кейбір жағдайларда қолдау одан кейін де қажет болуы мүмкін.

Инклюзивті білім беру дамуында қыындықтары бар балалардың ғана емес, барлық балалардың ерекше қажеттіліктерін ескереді. Осылайша психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі әртүрлі пән мұғалімдері, сынып жетекші және мамандардан (арнайы педагог, логопед, педагог-психолог, әлеуметтік педагог)

тұрады. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрамына педагог-ассистент кіруі мүмкін. Сәйкесінше оқытуда жеке тәсілді қамтамасыз ету, нақты баланың ерекшеліктерін ескеру ұжымдық жұмысты, педагогтер мен мамандардың тығыз өзара байланысын қажет етеді. Аталған қызмет педагогтер және ата-аналарды жеке білім беру бағытын іске асыруға тарту, балалардың одан әрі ілгерілеуі мен олардың табысты әлеуметтенуі туралы күтілетін нәтижелерді зерделеу мақсатында ұйымдастырылады.

Қазіргі уақытта елімізде нормативтік құқықтық актілермен ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету қажеттілігі бекітілген.

Педагогтердің назарын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрімен 2022 жылдың қантар айында бекітілген бұйрықтарына аударамыз:

1) «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 4 бұйрығы;

2) «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолданап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 бұйрығы.

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрықта оқу қындықтарының себептеріне байланысты арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі анықталды. Оқу қындықтарының себептеріне байланысты балалар топтарының сипаттамалары және білім беру қажеттіліктерінің түрлери берілген.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолданап отыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрықта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау тәртібі, мазмұны, шарттары бекітілді. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру кезеңдерінің сипаттамасы, осы процеске қатысушылардың құрамы, олардың функциялары берілген. Қағидаларда психологиялық-педагогикалық қолдау процесін бақылауды нормативтік құқықтық актілер, білім беру процесіне қатысушылардың лауазымдық міндеттері негізінде білім беру ұйымының әкімшілігі жүзеге асыратыны көрсетілген.

Сонымен қатар ҚР «Білім туралы» заңының 45-бабының 3-тармағының 4-1 тармақшасының толықтырылғанын атап өту қажет. Оған сәйкес «Білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнаулы жағдайлар жасамағаны үшін жауаптылықта болады...».

Қазақстанның педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы – психофизикалық дамуы бұзушылықтары ғана емес, оқытуда қандай да бір қындықтары бар кез келген білім алушы екендіктерін түсінүлдері қажет.

Ол үшін әрбір мектепте психологиялық-педагогикалық қолдаудың тұрақты қызмет істеуі тиіс, оның міндетіне мамандардың балалармен дамытушылық жұмысы ғана емес, педагогтер, мамандар және ата-аналардың тұрақты серіктестігі жатады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға кәсіптік бағдар беру олардың денсаулығын, психофизиологиялық мүмкіндіктерін, психикалық ерекшеліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын ескерумен кәсіби оқытуға қабілеттерін анықтау, кәсіптік өзін-өзі анықтауда көмектесу мақсатында жүргізілуі керек.

Осыған байланысты, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби бағдарлау осы процеске әртүрлі мамандар мен ата-аналарды тарта отырып, кешенді түрде жүзеге асырылуы керек, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының мүмкіндіктеріне мамандық таңдайтын тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемелік құралдарды бейімдеу, кәсіптік бағдар берудің бүкіл кезеңінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың кәсіби жоспарларын олардың мүмкіндіктеріне сәйкес түзету қажет.

Инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар өзін-өзі бағалауды және өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттырады, олар саналы түрде дайындық бағытын таңдай алады, бұл болашақта оларды қызықтыратын кәсіп бойынша жұмысқа орналасуға көмектеседі.

*\*Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіптік бағдар беру бойынша толыққанды ақпаратпен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен әзірленген әдістемелік ұсынымдардан таныса аласыз: <https://uba.edu.kz/>.*

#### **4. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының мектепалды даярлық сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі Әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Зандары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытууды дамыту моделі негізінде әзірленді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытууды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оку жылына арналған негізгі міндеттер көрсетілген, олар келесі бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамытушы қауіпсіз білім беру, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балаларды оларға қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту және дамыту (шаршатпау) ;

- баланы білім беру қатынастарының толыққанды қатысушысы (субъектісі) деп тану;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қоғамның он көзқарас философиясын қалыптастыру;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (қауіпті немесе қауіпсіз іс-әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларды реттеу; баланың жалпы танымдық дамуы);

- халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары мен жағдайын ескеріп, балалар үшін сапалы мектепке дейінгі білім алу үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

### *Тәрбиелу және оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері*

#### Мектепалды даярлық сынныптары

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сынныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» КР Заңы 30-бап).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сыннып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабактастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке эмоционалды-он қөзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сынныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрүғымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып

тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі үйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дene шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дene шынықтыру);

- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музика.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген үйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Үйымдастырылған іс-әрекет - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі үйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезд-құлық

қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дene белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, үйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері аптасына екі сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуда арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындағы сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Мемлекеттік тілді менгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты

кітаптарды таңдау, ол үшін сыныпта балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын үйымдастыру ұсынылады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беру маңызды.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық сыныбында Сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын менгертуді қарастырады.

Мектепалды даярлық сыныптарында математика негіздері үйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі. Мектеп алды даярлық балалары үшін күн сайын танымдық, зерттеу әрекетін үйымдастыруға болады. Мұнда математикалық ұғымдарды (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) бекіту үшін сәйкес сұраптар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Коршаған ортамен танысу үйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі. Мұнда объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын, еңбек және басқа да әрекеттер арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұраптарға жауап беруі, өз бетінше сұраптардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Коршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі, ал шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, үйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар журуі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысуына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сынныптарында аптасына екі рет білім беру үйымының сабак кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сынныптарында оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын менгеру кезеңі).

*Мектепке дейінгі даярлық сынныптары үшін каникул кундері мектептердің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгіленеді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы).*

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспар – әрбір айға білім беру үйымының кестесіне сәйкес Үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша тәрбиешімен, денешынықтыру нұсқаушысымен, қазақ тілі мұғалімі және музыка жетекшісімен құрылады. Перспективалық жоспарда үйымдастырылған іс-әрекеттердің такырыбы мен Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері айқындалады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес топтардың толықтырылуы:

- 1) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) - 25 баладан артық емес.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сынныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сафатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардың мектепалды сынныбында болатын мерзімге) құрастырады;
- ✓ үйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- ✓ таңертенгі қабылдау, таңертенгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (оыйн, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс үйымдастырады;

- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ✓ ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- ✓ білім беру үйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыштар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. үйымдастырады және өткізеді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезенде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі үйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Қысқа мерзімді курстарды үйымдастырудың негізгі мақсаты – бастауыш мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Курстардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізінде әзірленген ([www.irrd.kz](http://www.irrd.kz)) және балалар әрекетінің түрлерін кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабактар жүйесін ұсынады. Әрекетті үйымдастырудың негізгі түрі – ойын-сабактар. Барлық сабактар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабак т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

### *Заттық-кеңістіктік дамытуши ортаны үйымдастыруға қойылатын талаптар*

Заттық-кеңістіктік дамытуши орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті үйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жараптарды пайдалану.

Дамытуши орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен үйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға үмтүлады.

Дамытуши орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытуши орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклузивті білім беруді ұйымдастыруды — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;

• балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында) заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұйымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдаудың қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді тандауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БФМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылады.

### *Мектепалды даярлық сыныбының педагогіне қойылатын талаптар*

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыру жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт дамыту Моделінде белгіленген.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытууды дамытуудың жаңа моделіндегі педагогтер өз ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болуға тиіс. Ол үшін білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті

жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай – ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тындай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сынни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды.

Педагог сабактар мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады.

Педагогтер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді (№130 ҚР БFM бүйріғына сейкес 1,2,3 қосымшалары). Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкери қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс.

Педагогтер мен басқа да қызметкерлер жұмысының негізгі қағидалары:

- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастыруши ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Педагогтің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;
- көшбасшылық дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешуге қабілеттілігі;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бүйріғымен бекітілген, 2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 бүйріғымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша респубикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне енген «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» және «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» респубикалық конкурстарына қатыса отырып, кәсіби педагогикалық қызметтегі

өз жетістіктерін, балалармен өз жұмысының, ата-аналармен бірлескен жұмысының нәтижелерін көрсете алады.

Сонымен қатар, жыл бойы балаларға арналған келесі байқаулар өткізіледі:

1. «Шымырлық пен шеберлік күні» Наурыз мерекесіне орай балалардың түрлі әрекет түріне негізделген шығармашылық байқау.

2. «Әжем, анам және мен» аналар мерекесіне арналған отбасылық және ұлттық құндыштықтарды дәріптеу байқауы.

3. «Мен зерттеушімін» республикалық мектеп жасына дейінгі балалар байқауы.

4. «Өнерлі бала» республикалық балалар шығармашылығы байқауы (би, ән айту, мәнерлеп оқу және басқа).

5. «Ана тілім - айбыным» Қазақстан халқының Тілдері күніне орай шығармашылық байқау.

6. «Ән шырқайық беріміз» Республика күніне арналған патриоттық әндер байқауы.

7. «Қызыққа толы сэттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі бейнебаян, фото-сюжеттер байқауы.

8. «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы.

9. «Әкем – асқар тауым» әкелердің тәрбие мектебін дәріптеу байқауы.

Осы байқаулардың ережелері Институттың [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) сайтында орналастырылған.

*Мектепке дейінгі білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz). порталы қамтамасыз етеді.

Сайтта:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер (НҚА айдары);

- әдістемелік ұсынымдар, құралдар және т.б. (әдістемелік әзірлемелер айдары);

- Институттың жылдық жұмыс жоспары;

- республикалық конкурстарды өткізу туралы ережелер, сондай-ақ өткізілген іс-шаралардың қорытынды ақпараттары және т.б. орналастырылған.

Сонымен қатар Орталықтың сайтында «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық журналы (әдістемелік материалдар айдары) орналастырылған, онда мектепке дейінгі ұйымдардың, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарының педагогтері тегін өз мақалаларын жариялай алады. Осы айдарда мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар мен ережелермен танысуға болады. Сонымен қатар өткізілген вебинарлардың, практикалық семинарлардың материалдары, бейнеказбалары педагогтер үшін сайтын «Жаңалықтар» айдарында орналастырылған.

Бұл портал қолжетімді, материал тегін жүктеледі.

Сонымен қатар, сайтта Jivosait айдары жұмыс істейді, онда Институт мамандары педагогикалық және ата-аналар қауымдастырының сұрақтарына

жауап береді.

Мектепке дейінгі білім беру бойынша өзекті ақпараттар орналастыру үшін әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram, Telegram, WhatsApp) білім басқармалары мамандарының, мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен педагогтерінің чаты құрылған.

## **5. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 1-4 СЫНЫПТАР**

2022-2023 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі – Стандарт) бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін менгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Бастауыш білім беруді ұйымдастыру Стандартта айқындалған мақсат пен ондағы күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс.

2022-2023 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дуниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат.

2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру үйымдарының ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрүғына сәйкес білім беру үйымдарында педагогикалық кеңестің шешімімен осы Оқу жоспарларының бірін таңдау арқылы оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады.

2022-2023 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

### **«Әліппе» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)**

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесіне негізделген «Әліппе» пәніндегі мақсаты – әріп таныту, оқуға, жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін үйретіп, ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Әліппе» оқу пәніндегі міндеттер жүзеге асырылуы тиіс:

- 1) оқу әрекетіне бейімдеу;
- 2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;
- 3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;
- 4) оқу (буындан оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазудағыларын қалыптастыру;
- 5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;
- 6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

### **«Әліппе» оқу пәніндегі мазмұны**

«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

«Әліппе» пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

Әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдеріндегі міндеттер «Әліппе» окулығы арқылы жүзеге асырылады. Оқулық бойынша дыбыстық мәніне қарай топталған әріпптер ретімен оқытылады:

1-тоқсан: әліппеге дейін – 12 сағат;

(әліппе кезеңі) а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2-тоқсан: б, й, қ, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, ғ, и, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ң, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

ң – 3 сағат, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ң, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріпптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

«Әліппе» пәніндегі базалық мазмұны сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым мен айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған.

Әліппе кезеңінде қазақ әліпбииңің дыбыс пен әріпптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру жұмыстары жүргізіледі.

Тындау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумактары 3-тен аспауы керек.

I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезенде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктантты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың менгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі үйымдастыру ұсынылады.

Тындалым мен айтылымның ерекшілігі: тындалым материалының көлемі: 30 сек – 1 мин.

Оқылым ерекшелігі: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінде басында 4-6 сөйлемнен, сонында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

Жазылым ерекшелігі: 1 сыныптан бастап жазу жұмысына дайындық жаттығуларына аса мән берілуі тиіс. Жазу жұмысына дайындық:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс тұсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парактағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сзықтары мен тік көлбеу сзықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің сонына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

Әліппе кезеңінде жазба жұмыстарын (көркем жазу минуты) күнделікті жүйелі үйымдастыру ұсынылады. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың менгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындаиды.

«Әліппе» пәнін оқыту Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс.

### **«Ана тілі» оқу пәні (әліппеден кейінгі кезең)**

«Ана тілі» оқу пәнінің мақсаты – әліппеден кейінгі кезенде білім алушылардың тындалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын менгеру процесінде функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру.

Әліппеден кейінгі кезеңнің мақсатына жету үшін мынадай міндеттер орындалады:

- 1) тындалым, айтылым әрекеттері арқылы сөз өнеріне баулу;
- 2) ауызша тіл мен жазба тілін дұрыс дамыту;
- 3) мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

- 4) ауыз әдебиет үлгілері мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу;
- 5) тілдік білімнің (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) негіздерін менгерту;
- 6) бастапқы жазу нормаларын сақтап, сауатты жазуға дағдыландыру;
- 7) көркем жазу дағдыларын дамыту;
- 8) мәтінмен жұмыста дереккөздерді пайдалана білуге машиқтандыру.

«Ана тілі» пәнін оқыту А.Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдарына: оңайдан қынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу негізделеді.

«Ана тілі» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы II жартыжылдықта 114 сағатты құрайды.

Оқу пәнінің мазмұны:

негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен;

балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) құралады.

Оқылым материалының көлемі: көркем шығарма көлемі – 45-65 сөз, ғылыми-танымдық мәтін көлемі – 20-30 сөзден тұрады.

Оқу дағдысының толыққанды қалыптасуы білім алушының оқу жылдамдығы кезіндегі оқу тәсіліне, оқығанын түсінуіне және оқу мәнерлігіне тікелей байланысты болады.

II жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутина 25-30 сөз; шылау, одагай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Ана тілі сабағында да жазба жұмыстарына, көркем жазу дағдысын жетілдіруге ерекше көніл бөлініп: әр сабакта әріп элементтерінің дұрыс жазылуын; әріптерді бір-бірімен байланыстыра жазуын; жазу каллиграфиясының дұрыс қалыптасуын қадағалау әр мұғалімнің міндеті болып табылады.

*Жазба жұмыстарының көлемі:* сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, мазмұндама – 15-25 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 10-20 сөзден көп емес, шығармашылық мәтін – 3-4 сөйлем (мұғалімнің көмегімен).

Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың менгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын құнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады. Ұсынылған критерийлер мен дескрипторларға сәйкес мұғалім оқушылардың деңгейін анықтай алады.

### «Қазақ тілі» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

Бастаудың білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді менгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен құнделікті өмірде қолдану.

Оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 144 сағатты;

- 2) 3-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 144 сағатты;
- 3) 4-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 144 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі – білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарына басымдық беру.

Пән бойынша 2-4-сыныптардағы жазба жұмыстарының көлемі 5.1-кестеде көрсетілген.

5.1-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жазба жұмыстарының турлери	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	5-7 сөз	9-12 сөз	12-15 сөз
Диктант	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Көшіру	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Мазмұндама	40-60 сөз	60-80 сөз	80-100 сөз
Шығарма	25-35 сөз	35-55 сөз	55-70 сөз

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда мынадай педагогикалық тәсілдемелер мен технологияларды қолдануға болады:

оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдемесі – әрекеттік тәсілдеме (сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша дамыту);

дамыта оқыту технологиясы (білім алушылар оқу әрекетінің жүйесін игереді, өзінің іс-әрекетін жоспарлауды және оны басқаруды үйренеді);

зерттеушілік тәсілдеме (білім алушылар «нені білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

сарапап оқыту технологиясы (білім алушыларды қабілетіне, мүмкіндігіне, ерекшелігіне қарай оқыту міндетін қою);

жүйелі-әрекеттік тәсілдеме (білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысадан тұрады).

Тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық құбылыстары мен фактілері өзара байланыста оқытылады және олар білім алушылардың сөйлеу практикасында қолдануға бағытталады.

Оқу мақсаты бір тоқсан ішінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша үйлестіріледі. Сөйлеу әрекетінің түрлері (тындалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша оқу мақсаттарын біріктіре алады. Бір сабакта әртүрлі негізгі дағылардың 2-3 оқу мақсатын біріктіруге болады. Білім

алушылардың оқу мақсатын менгеру деңгейіне қарай мұғалім сағат санын өзі бөле алады.

Мұғалім жазбаша жұмыстарды өткізуде дескрипторлары бар критерийлер құрастырады. Жазбаша жұмыстардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Олар тапсырманы орындаудың қай кезеңінде білім алушы қындыққа және оларды түзетуге тап болды дегенді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға конструктивті кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Төменде критерийлермен жұмыс жасаудың үлгілері ұсыным сипатында берілген (5.2-кесте).

### 5.2-кесте. Жазба жұмыстарының түрлері, критерийлері мен дескрипторлары

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1.	Диктант (грамматикалық тапсырмаларымен)	мәтінді бұрмалаусыз жазады: әріптерді қосу және ауыстыру, тастап кету; әріптер мен дыбыстар арақатынасын белгілей біледі; грамматикалық тапсырмаларды орындаиды; оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қояды; жазу кезінде сөздерді дұрыс жазады; сөздерді жазу барысында орфографиялық нормаларды сақтай біледі.
2.	Сөздік диктант	сөздерді қатесіз жазады; ережеге бағынбайтын сөздерді дұрыс жаза алады.
3.	Ескерту диктантты – есту диктанттының түрі. Мақсаты – мәтін, сөз жазғанға дейін орфограммаларды түсіндіру арқылы қателерді ескерту. Тақырыпты өтудің бастапқы кезеңдерінде қолданылады. Жазу алдында орфографиялық талдау жүргізіледі – білім алушылар сөздің қалай жазылғанын және неге солай жазылғанын түсіндіреді.	тексерілетін емлеге сай ережені біледі; сөздерді жазу кезінде емле ережелерін қолданады; өтілген материал аясында тыныс белгілерін дұрыс қоя алады; ережеге бағынбайтын сөздерді дұрыс жаза алады.
4.	Еркін диктант мәтінді жазу барысында білім алушылар жекелеген сөздерді ауыстыра алады, сөйлемнің құрылымын өзгерте алады. Мәтін әуелі тұтас оқылады, сонан соң бөліктері бойынша (3-4 сөйлем); әрбір бөлігі қайталап оқығаннан кейін жазылады. Білім алушылар мәтіннің әр бөлігін есте сақтау арқылы жазады. Бұл жұмыс түрі білім алушыларды мазмұндама жазуға дағдыландырады.	сөздерді мағынасы жағынан тандай біледі/алмастыра алады; мәтіннің бөлігі бойынша есте сақтай отырып, жаза біледі; сөздерді жазу кезінде орфографиялық ережелерді қолданады; оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қоя біледі.
5.	Көру диктантты Бұл диктант түрі білім алушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру	есте сақтау арқылы мәтін жаза біледі; емлені жазу кезінде ережелерді қолдана біледі; оқылған материал бойынша тыныс белгілерін қояды; жазылған мәтін үлгісі бойынша тексереді.

	диктантты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы киын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбактар, мақалдар, жаттауга берілген өлеңдерді алуға болады.	
6.	Суретті диктант (дыбыссыз диктант) – мұғалімі үнсіз пәндік суретті көрсетеді, білім алушылар заттың атауын жазады.	суреттегі бейнені сөздермен сәйкестендіре біледі; бейнеленген суретті сөздермен жаза біледі; емлені жазу барысында ережелерді қолдана біледі.
7.	Іріктеу диктантты – есту немесе көру диктанттының түрі. Бұкіл мәтінді жазу емес, тек қана оқылған ережелер орфограммасы бар сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазғызу. Қосымша тапсырма қоса жүргіү мүмкін.	Оқылған орфограммалары бар сөздерді таңдай біледі; сөзді жазу кезінде орфографиялық ережені қолдана біледі.
8.	Шығармашылық диктант — үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, білім алушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нұктенің орнына тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктері болады.	белгілі бір сөзді немесе грамматикалық нысанды таңдай біледі; сөздерді жазу кезінде орфографиялық ережені қолдана алады.
9.	Дұрыс құралмаған сөйлемдерден байланысқан мәтін құрау	Дұрыс құралмаған сөйлемдерден мәтін құрай алады; мәтін құрылымын сақтайды; қуралған мәтінді қатесіз көшіре алады.
10.	Кысқартулармен көшіру	сөйлемнің жеңілдетілген түрін жаза алады; сөзді жазу кезінде емле ережелерін қолданады.
11.	Сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді көшіру	сөздерді қосу арқылы сөйлемдерді жаза алады; сөйлемдерді жазу кезінде емле ережелерін қолданады.
12.	Мазмұндама	мазмұндау кезінде ойды өзгертуей сақтай біледі; орфографиялық нормаларды сақтайды.
13.	Шығарма	жоспар құра алады; ой бірізділігін сақтай біледі; - орфографиялық нормаларды сақтай біледі.

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бастауыш білім беру деңгейі бойынша оқытылатын «Қазақ тілі» оқу пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша бағалау саны 5.3-кестеде көрсетілген.

### 5.3-кесте - Қазақ тілі пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны				ТЖБ
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	
2-сынып	2*	2*	2*	2*	1
3-сынып	2*	2*	2*	2*	1
4-сынып	2*	2*	2*	2*	1

\*Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тындалым және айтылым; оқылым және жазылым).



### Назар аударыныз!

Қазақ тілі пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) әр бөлімді қайталау мақсатында берілген сағат есебінен өткізу қарастырылады. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастырудың сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріліп (мысалы, тындалым және жазылым; оқылым және жазылым), жазылым дағдысын дамытуға бағытталған жазба жұмысының бір түрін қарастыру ұсынылады.

БЖБ, ТЖБ ұйымдастырудың білім алушылардың «Жазылым» дағдысын дамытуға бағытталған жазба жұмыстарын (сөздік диктанты, диктант, мазмұндама, шығарма, бақылау диктанты) тақырыпқа сай грамматикалық тапсырмаларымен бірге беруді қарастыру;

Әр БЖБ бойынша жалпы балл саны 10 балл, ал ТЖБ бойынша: 12-18 балл беру ұсынылады.

### «Әдебиеттік оқу» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 2 - 4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

#### «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің мазмұны

Оқу процесінде мынадай оқу түрлері іске асырылады:

- дұрыс оқу (дыбыстармен әріптерді сәйкестендіру, буындар құрауы);
- түсініп оқу (оқылған сөздің мағынасын түсіну және олардың мағынасын түсіндіру);
- шапшаң (тұтас сөздерді дұрыс және түсініп оқу);
- мәнерлеп (дұрыс, түсініп және шапшаң оқуға және ақпараттың мазмұнына өзінің көзқарасын білдіру).

Білім алушылардың оқу дағыларының қалыптасуын ескере отырып, мұғалім төмендегі міндеттерді басшылыққа алады:

- екінші сыныпта сөз бен сөз тіркестерін тұтас оқу біліктерінің қалыптасуын;

- оқу қарқыны бойынша оқыған мәтіннің мазмұны түсінуін, оқу кезінде кідіріс жасай білуін, тиісті тыныс белгілерін қоюын, интонациясын, кейіпкерлерінің ерекшеліктеріне тән қасиеттерді білуін тексереді;
- үшінші сыныпта өлеңдер және шығармалар мәтінін оқу мәнерлілігін тексеру;
- дауыстап және іштей оқуда оқылған мәтіннің мәнін түсінуіне назар аудару;
- оқу техникасын қалыптастыру;
- төртінші сыныпта қалыптасатын оқу дағдылары: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, тұртіп алыш, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің мазмұны

Оқу жүктемесінің көлемі:

2-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында – 108 сағатты;

3-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында – 108 сағатты;

4-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында – 108 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және құрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

#### 5.4-кесте. «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқу жылдамдығының нормасы

Сынып	I жартыжылдық		II жартыжылдық	
	Міндепті деңгей	Мүмкіндік деңгейі	Міндепті деңгей	Мүмкіндік деңгейі
2 класс	40-50 сөз	50-60 сөз	50-60 сөз	60-70 сөз
3 класс	60-70 сөз	70-80 сөз	70-80 сөз	80-90 сөз
4 класс	80-90 сөз	90-100 сөз	90-105 сөз	100-120 сөз

Ескерту: шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Оқу қарқыны (жылдамдығы) оқу тәсіліне, түсінуіне және мәнерлілігіне тікелей байланысты екенін және сол арқылы оқу дағдысының толыққанды қалыптасатынын есте ұстаяу қажет.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты қажет болған жағдайда, мұғалім таңдауы бойынша басқа да әдеби шығармаларды окуды тізбеке қосуға болады. Ол шығармалар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша мұғалім әр түрлі қосымша жұмыстарды жүргізуге болады. Ал тапсырма критерийлері мен дескрипторлары алдын ала дайындалады. Мұғалім шығармашылық жұмыстардың түрлері мен оларды ұйымдастыру мерзімін өзі анықтайды.

#### 5.5-кесте. Пән бойынша жұмыс түрлері, критерийлері мен дескрипторлары

№	Оқудың түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
---	----------------	---------------------------

1.	Алгоритм бойынша әңгіме құрау	алгоритм бойынша әңгіме құрай алады; әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; әңгімені аяқтай алады; қуралған әңгімені жазады
2.	Кейіпкердің атынан хат	сөйлемдерді нақты әрі анық құрайды; дәйектілікті сақтайды; кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады
3.	Кейіпкерге хат Мұғалім шығарманы өз қалауы бойынша таңдайды. Ал білім алушылар хат жазатын кейіпкерін өз бетінше таңдайды.	өз хатына ат қоя алады; тірек сөздерді пайдалана отырып, ұсынылған тақырып бойынша хат жазады; өз ойын қисынды және жүйелі түрде жеткізеді; сөйлемнің ойын дәл жеткізеді; кейіпкердің іс-әрекетін сипаттайды; кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады
4.	Санамақ құрастыру Санамақ – баланың есептеу, ойлау қабілетін дамытуға арналған тілдік құралы.	Санамақтарды мақал-мәтелдерден, жұмбақтардан, т.б. ажырата алады; санамақ құрастырудың принципін түсінеді; өзінің құрастырған санамағына таныстырылым жасайды
5.	Диалог	диалог түрінде сейлесе алады; диалогтің басында, ортасында және сонында айтылатын сөйлемдерді дұрыс қолданады; ойын түсінікті және дұрыс жеткізе алады; сөздік қорын көрсете алады
6.	Кітап жасау Шығармашылық жобаның бұл түрін (жеке немесе топтық) әртүрлі техникада орындауға болады. Бұл өзі суреттерін салып, қолымен жазылған кітап болуы мүмкін. Кітапты апликациямен әрлеуге болады. Кітап әртүрлі мазмұнда бола алады: «Бұл қандай ан?»; «Ақ» сөзімен тұрақты сөз тіркестері, иллюстрацияланған (суретті) сөздік.	Шығармашылық жобаның тақырыбын анықтайды; Кітаптың мазмұнын ойластырады (ресурстарды таңдайды); суреттермен әрлейді; суреттер мазмұнына сәйкес келеді
7.	Берілген рифма бойынша өлең (буриме) шығару және басқа да өлең түріндегі шығармаларды ойлап табу; сондай-ақ бірінші жолдың екінші жолын ойлап табу және т.б.	Екі немесе бірнеше сөздің қосымшаларынан, соңғы буындарынан үйқасым таба алады; берілген рифмаға сәйкес сөздерді таңдай алады; берілген тақырыпқа сәйкес өлеңді жалғастыра алады
8.	Ертегілер елінде Әртүрлі ертегілерден сюжеттерді және кейіпкерлерді таңдайды, оларды біріктіріп, ертегі	- әртүрлі ертегілердің кейіпкерлерін бір сюжетке біріктіре алады; ойластырған ертегісі түсінікті; оқиғалардың дәйектілігін сақтайды

	ойластырады. Білім алушылар кейіпкерлерін алмастыра отырып, өздерінің сүйікті ертегілерін таңдай алады.	
9.	Аяқталмаған әңгіме	ұсынылған бастамасы бойынша әңгімені жалғастырады; әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; әңгімені аяқтай алады
10.	Оқылған шығармаға диафильм салу	мәтінді мұқият тыңдалап, сұрақтарға жауап береді; мәтінді аяқталған мазмұндық бөліктерге бөле алады; әр бөліктің негізгі ойын анықтай алады; әр бөлікке ат қояды; дәйекті жоспар құрады; диафильм салады

#### «Әдебиеттік оқу» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бастауыш білім беру деңгейі бойынша оқытылатын «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық бағалау саны 5.6 - кестеде көрсетілген.

#### 5.6-кесте. «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны				ТЖБ
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	
2-сынып	2*	2*	2*	2*	1
3-сынып	2*	2*	2*	2*	1
4-сынып	2*	2*	2*	2*	1

**Ескерту:** \*Бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және жазылым; айтылым және жазылым; оқылым және жазылым)



#### Назар аударыңыз!

Әдебиеттік оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалауга (БЖБ) 2 – 4 -сыныптарда мазмұндама, 4-сыныпқа шыгарма жазу жұмысы ұсынылады. Себебі, мазмұндама, шыгарма жұмыстары арқылы білім алушы сұраққа жауап береді, талдайды, жоспар құрады және ең тиімдісі өзі ойланып жазып шыгады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды мұғалім қалауымен әр бөлім бойынша тақырыптар мазмұнын ашатын сұрақтар қамтылған тест немесе жазба жұмыстары түрінде беру ұсынылады.

Әр БЖБ бойынша жалпы балл саны 10 балл, ал ТЖБ бойынша: 12-18 балл беру ұсынылады.

## **Учебный предмет «Русский язык» (с нерусским языком обучения)**

Цель обучения предмета «Русский язык» – формирование навыков аудирования (слушания), говорения, чтения и письма в соответствии с правилами речевого этикета и нормами употребления языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения.

Изучение предмета «Русский язык» способствует:

развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи;  
развитию связной речи (монолог, диалог, беседа);  
развитию осознанного, правильного, беглого, выразительного чтения;  
развитию творческого воображения;  
формированию общечеловеческих ценностей.

По окончании 4-го класса обучающиеся должны владеть языком на уровне A2 (начинающий уровень) согласно системе уровней Общеевропейской рамки владения языками (CEFR).

Объем учебной нагрузки по предмету «Русский язык» составляет:

- 2) во 2-м классе – 2 часа в неделю, 72 часов в учебном году;
- 3) в 3-м классе – 2 часа в неделю, 72 часов в учебном году;
- 4) в 4-м классе – 2 часа в неделю, 72 часов в учебном году.

Дополнительные часы в связи с продлением учебного года рекомендуется использовать на повторение, закрепление пройденного материала и изучение сложных тем.

Положительным в обучении второму языку является введение единого речетематического режима, позволяющего расширить словарный запас, отрабатывать коммуникативные навыки в рамках интегрированной речевой тематики.

Важным условием успешного овладения языком должен стать эмоциональный настрой, эмоциональный климат в школьном коллективе. При организации учебно-методической работы нужно учитывать разный уровень владения русским языком у обучающихся, формировать положительное мотивационное отношение к русскому языку через развитие познавательного интереса.

Формированию познавательного интереса способствуют:

- занимательные эмоциональные, творческие задания с новой информацией, требующие сочетания разных видов памяти;
- контроль речевой деятельности учащихся, знание ими своих результатов, своих успехов;
- новизна методов и приемов, преемственность, проблемность в обучении;
- использование технических средств обучения, ресурсов интернета;
- создание речевых ситуаций, вызывающих желание высказаться;
- привитие потребностей в коммуникации, лучшем усвоении языка.

Ниже приведены примеры заданий по видам речевой деятельности, которые рекомендуется проводить на уроках русского языка.

По предмету «Русский язык» (Я2) осуществляется деление класса на две группы.

В рамках инклюзивного образования деление класса на группы осуществляется при уменьшении наполняемости класса общего количества обучающихся на три в расчете на каждого ребенка с особыми образовательными потребностями.

Таблица 5.7. Лексический уровень владения русским языком (Я2)

Русский язык как неродной Я2	Уровни владения русским языком	Объем уч. нагрузки за год	Кол-во слов за один урок	Лексический уровень владения Я2									
				за неодногод	за уч. год	Количество активных (новых, ключевых) слов				Допустимые нормы			
						по четвертям				Лексика на входе	Лексика на выходе		
				1	2	3	4		низкий	средний	высокий		
2 класс	A1-2	56 ч.	2	4	112	26	26	34	26	108	220	280	
3 класс	A1-3	56 ч.	2	4	112	26	26	34	26	220	332	420	
4 класс	A1-4	56 ч.	2	4	112	26	26	34	26	332	444	730	
Примечания:		*+12 ч.(в каждом классе на COP)					* в учебниках даны как ключевые слова (они включены в каждый урок по теме программы)				* Наращивание создается в виде спирали из общего числа активного (не считая пассивного) словарного запаса учащегося, который в норме составляет диапазон от низкого к высокому		

Таблица 5.8. Требования к уровням языковых компетенций. Русский язык (Я2)

Виды речевой деятельности	Требования к ним
2 класс	
Слушание	понимает устную речь и лексическое значение слов в простых фразах; понимает значение простых предложений, составленных из знакомых слов, имеющих отношение к повседневной жизни; отвечает на вопросы и подбирает соответствующую иллюстрацию/картину к прослушанному материалу;
	определяет героев рассказов, сказок; определяет сюжетную последовательность событий; понимает и описывает происходящие события в аудиовизуальном материале при помощи учителя

Говорение	использует в речи слова и словосочетания для составления вопросительных предложений по материалу; создает высказывание на основе сюжетных картинок; участвует в речевой ситуации на определенную тему; понимает, о чем говорит собеседник; соблюдает речевые нормы; пересказывает тексты, используя знакомые слова при поддержке учителя, соблюдая последовательность событий; высказывает простое оценочное мнение
Чтение	читает выразительно текст; понимает значение простых фраз в тексте, содержащих знакомые слова; определяет жанры различных текстов (стихотворение, сказка, загадка, рассказ); составляет простые вопросы по тексту и отвечает на них; находит информацию в словарях и справочниках при поддержке учителя
Письмо	пишет связные предложения по иллюстрации/рисунку, используя слова-описания с помощью учителя; на основе прослушанного/прочитанного/увиденного записывает словосочетания; использует знаки препинания в конце простых предложений (с помощью учителя); соблюдает каллиграфические нормы
3 класс	
Слушание	понимает устную речь и аудиовизуальный материал; задает уточняющие вопросы для выяснения смысла конкретных высказываний; понимает лексическое значение слов в предложении и в тексте; отвечает на простые вопросы по содержанию прослушанного и подбирает иллюстрации по развитию сюжета; заполняет таблицу и определяет причинно-следственную связь в прослушанном тексте, в аудиовизуальном материале (идея, события, герои) при поддержке учителя
Говорение	создает высказывание на основе темы, предложенной учителем; участвует в речевой ситуации на определенную тему; использует в речи тематическую лексику в различных контекстах; понимает, о чем говорит собеседник; дополняет высказывания собеседника; пересказывает истории/рассказы, используя план/свои заметки при поддержке учителя; описывает сюжет из видео- и аудиоматериалов; высказывает оценочные суждения о прослушанном/прочитанном материале
Чтение	читает выразительно текст или его часть, используя различные виды чтения; понимает ключевые моменты в коротком тексте, содержащем знакомые слова и фразы; определяет жанры текстов (стихотворение, сказка, загадка, рассказ, пословицы); различает текст-повествование и текст-описание; задает уточняющие вопросы по содержанию текста и о поступках героев произведения;

	находит и извлекает информацию в словарях и справочниках при помощи учителя
Письмо	пишет связные предложения по данной теме и создает постер; на основе прослушанного/ прочитанного/увиденного делает короткие записи с помощью учителя; использует знаки препинания в конце простых предложений; соблюдает каллиграфические нормы
<b>4 класс</b>	
Слушание	понимает устную речь, аудиовизуальный материал; определяет значение незнакомых слов и словосочетаний по контексту; отвечает на вопросы и определяет ключевые моменты в прослушанном материале; определяет основную мысль прослушанного материала; определяет основные моменты в аудиовизуальном материале
Говорение	использует необходимые слова для поддержания разговора; создает высказывание по данному началу текста; участвует в речевой ситуации; понимает, о чем говорит собеседник, уточняет, выясняет, перефразирует его высказывания; пересказывает подробно истории/рассказы; высказывает оценочные суждения, выражая свою точку зрения
Чтение	читает текст или его часть, используя разные виды чтения; понимает ключевые моменты в коротком тексте, содержащем незнакомые слова; определяет жанры разных текстов; различает текст-рассуждение; формулирует оценочные вопросы по содержанию текста и о поступках героев произведения; находит и извлекает информацию из разных источников: словарей, справочников, энциклопедий, интернет-ресурсов, инфографики
Письмо	представляет истории в виде иллюстраций; на основе прослушанного/прочитанного/ увиденного пишет короткий текст с помощью учителя; ставит самостоятельно необходимые знаки препинания в предложениях при составлении коротких текстов; совершенствует каллиграфические навыки

### **«Математика» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)**

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру.

Бастауыш білім беру деңгейінде математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәнінің келесі міндеттері іске асырылады:

1) логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;

2) оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;

3) сынни тұрғыдан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

4) өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

5) тұлғалық қасиеттер: білуге құштарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік және тәуелсіздікті дамыту;

6) түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездің, жүйелеудің, қолданудың және суреттеудің когнитивтік дағдыларын дамыту;

7) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, топпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерді көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;

8) ақпаратты іздестіру және таңдау, өз уақытын басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

«Математика» пәнін оқытудың биылғы ерекшеліктері

«Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 140 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат.

3) 3-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат;

4) 4-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

«Математика» пәні бойынша мұғалім алдын ала дайындалған критерийлер мен дескрипторлар бойынша әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізіп, оқу тапсырмаларын береді (5.9-кесте).

5.9-кесте. Пән бойынша жұмыс түрлері, критерийлері мен дескрипторлары

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1	Берілген мәліметтері жетіспейтін есептерді шешу Білім алушылар сандары, шарты мен сұрағы бар есептерді шыгару жолдарын жақсы түсіну үшін оларға жетіспейтін мәліметтері бар есептерді ұсынуға болады	мәліметтері толық емес есептерді ажыратып біледі; есепті жетіспейтін мәліметпен толықтыра алады; жазбаны нақты мәліметтермен толықтыра алады

2	Артық мәліметтер берілген есептерді шешу Білім алушылар сандары, шарты мен сұрағы бар есептердің шығару жолдарын жақсы түсіну үшін оларға артық мәліметтері бар есептерді үсынуға болады.	артық мәліметтері бар есептерді ажыратса алады; есептің шартын өзгерте және дәлелдей алады; бақылай, салыстыра және қорытынды шығара алады
3	Графикалық модельдеу Графикалық модель – сюжеттік есептің сыйбасы, ол білім алушыларға есеп шартында берілген абстрактілі қатынастарды нақты кеңістіктік формада түсінуіне көмектеседі	есеп мәтінін сыйбамен келтіре алады; есеп мәтінін және оған сай келетін сыйбаны сәйкестендіре алады; есептің берілгендерімен модельді толтыра алады; сыйба бойынша есеп құрастыра алады
4	Зандылықтарды табу және өзінің зандылықтарын жасауға арналған шығармашылық тапсырмалар. Математикалық зандылық – бұл белгілі бір ереже. Осы ереже бойынша элементтердің сандық, пішіндік немесе басқа да қатарында белгілі бір сәйкес тәртіппен элементтердің немесе олардың қасиеттерінің қайталануы немесе өзгеруі болып табылады.	зандылықтың белгілі бір ереже, іздеу екенін біледі; элементтері/заттар белгілі бір ереже бойынша орналасқанын түсінеді; топтастыра және қорытынды жасай алады.

«Математика» пәнін оқытуда мұғалім тәмендегі жұмыс түрлерін үйімдастырады:

- 1) оқушыларға негізгі ақпараттық технологияларды пайдалануды үйрету;
- 2) ақпаратты іздестіру және оны таңдауға байланысты өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамыту;
- 3) математиканың түрлі бөлімдерін оқу кезінде презентациялар құру үшін керекті компьютерлік бағдарламаны қолдану, математикалық тапсырмаларды орындау барысында фото/видео әзірлеу (геометриялық фигуralарды жасау);
- 4) өздігінен жоспар мен графиктер құру.

«Математика» пәнін оқытуда оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту көзделеді.

Математиканы оқыту үдерісінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін жұмыс түрлері:

тапсырмаларды орындау үшін нұсқаулықтарды, алгоритмдерді құру;  
математикалық есептерді ауызша және жазбаша шешу тәсілдерін сипаттау және түсіндіру;

тапсырманы орындау барысына талдау жасау (ауызша және жазбаша).

Аталған жұмыс түрлерін білім алушының қабылдауына қарай әр түрлі әдістерді қолдануға болады. Мысалы:

оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу және оларды қолдау;

жеке және саралай оқыту тәсілін қолдану;

проблемаларды және оларды шешу стратегияларын құрастыру;

білім алушылардың жетістіктерін бағалау;

оқушыларды зерттеу іс-әрекеттеріне баули отырып, белсенді оқуға ынталандыру;

оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.

Мұғалімдерге математиканы оқытуда төмендегідей әдістер ұсынылады:

оқушылардың ойын әрекетін, шығармашылық және жобалық жұмыстарын үйымдастыру;

түсіндіру, идеяларды таныстыру, диалогтарға қатысу, мәтінмен жұмыс, алгоритмдер, нұсқаулықтар құру, математикалық тапсырмаларды орындау әдістерін сипаттау және түсіндіру барысында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;

мұқият таңдап алынған тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

оқушылардың өзіндік іс-әрекетін үйымдастыру: жеке және топтық жұмыс.

түрлі дерек көздерінен ақпарат іздеуді талап ететін есептерді шығаруға көмектесу, АКТ ның мүмкіндіктерін пайдалану;

математиканың практикада қолданылуын пайдалана отырып оқушылардың іс-әрекетін үйымдастыру;

оқушыларды өз жұмысын талдауға және түзетуге ынталандыру (рефлексия).

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың жұмыс барысында сандық ресурстарды қолдану құзыреттілігін арттырып, бос уақытында технологияларды сенімділікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды.

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бастауыш білім беру деңгейі бойынша оқытылатын «Математика» оқу пәнінен өткізілетін бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау саны 5.10-кестеде көрсетілген.

### 5.10-кесте. Математика пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сыныптар	Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны				ТЖБ
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	
2-сынып	2	3	3	3	1
3-сынып	3	3	3	3	1
4-сынып	3	3	3	3	1



**Назар аударыңыз!**

Математика пәнінің ерекшелігіне байланысты әр БЖБ бойынша жалпы 8-10 балл, ал ТЖБ бойынша жалпы 12-18 балл беру ұсынылады.

### «Жаратылыстану» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде)

Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің мақсаты – білім алушының жаратылыстану ғылымы негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру және зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365 бүйрығымен бекітілген қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін Бастауыш білім берудің 1-қосымшасы және қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін Бастауыш білім берудің 11-қосымшасы (қысқартылған оқу жүктемесі бар) бойынша үлгілік оқу жоспарларына сәйкес бастауыш сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінетін оқу жүктемесінің көлемі 5.11 - кестеде көрсетілген.

### 5.11 – кесте. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		1-қосымша		11-қосымша	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1	Жаратылыстану	1	35	1	35
2	Жаратылыстану	1	36	1	36
3	Жаратылыстану	2	72	1	36
4	Жаратылыстану	2	72	1	36

Үлгілік оқу бағдарламасы пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Бұл оқу бағдарламаларында, ұзақ мерзімді жоспарда да тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей, сол тоқсанда игерілуі тиіс.

«Жаратылыстану» пәнін оқытудың ерекшеліктері:

- пән мазмұнындағы деректер мен білімдер жүйесі оқушылардың қоршаған әлем туралы, атап айтқанда, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы алғашқы білімін қалыптастырады.

- пән оқушының ғылыми-зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өндөу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

- бастауыш сыныпта оқушылар пәнді менгеру барысында дәстүрлі емес ойлау формаларына үйренеді, ақиқатпен байланысты іс-әрекеттердің жауабын табуға, сұрақтар қоюға дағдыланады, ғылыми-зерттеу тәсілдерін түсініп, ойлауға және бақылауға дағдыланады.

- білім алушыны зерттеу жұмыстары мен тәжірибелер жасау арқылы тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайтын, баланың ойлау қабілетін дамытуып, ғылыммен айналысұына ықыласын туғызады.

Жаратылыстану пәнін оқытуда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін менгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасының басты ерекшелігі - зерттеушілік білік пен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің оқу мақсаттарымен кіріктіріле жүзеге асырылады.

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бастауыш білім беру деңгейі бойынша оқытылатын «Жаратылыстану» оқу пәнінен өткізілетін білім бойынша жиынтық бағалау саны 5.12-кестеде көрсетілген.

**5.12-кесте. «Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалау саны**

Сыныптар	Білімдер бойынша жиынтық бағалау саны				ТЖБ Әр тоқсанда
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	
2-сынып	1	1	1	1	
3-сынып	1	1	1	1	1
4-сынып	1	1	1	1	1



### **Назар аударыңыз!**

Жаратылыстану пәнінің ерекшелігіне байланысты әр БЖБ бойынша 8-10 балл, ал ТЖБ бойынша 12-18 балл беру ұсынылады.

БЖБ-ны әр білім бойынша тақырыптар мазмұнын ашатын тест сұрақтары түрінде беруге болады.

**«Дүниетану» оқу пәні** (оқыту қазақ тілінде)

«Дүниетану» пәнін оқытудың мақсаты - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

«Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Бұл пәннің ерекшелігі – біз өмір сүретін әлем туралы мағлұмат алу болып табылады.

**«Дүниетану» пәнін оқытудың ерекшеліктері**

Бастауыш сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің мазмұны адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаган табиғи орта сияқты оқыту нысандарына тоғыстырылған.

**«Дүниетану» пәнін оқыту:**

- 1) білім алушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыруға;
- 2) білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін түсінуге;
- 3) білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуына;
- 4) білім алушылардың танымдық әрекетін дамытуға;
- 5) білім алушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиеуге;
- 6) білім алушылардың өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастарын қалыптастыруға бағытталады.

5.13-кесте. «Дүниетану» оқу пәнін оқытудағы жұмыс түрлері, критерийлері мен дескрипторлары.

№	Жұмыс түрлері	Критерийлер/Дескрипторлар
1	Отбасы туралы Білім алушылардың отбасы туралы білімін тереңдетіледі, отбасы құндылықтарын ажыратады.	Отбасы туралы түсінік береді; Отбасы туралы құндылықтарды біледі.
2	Мәдениеттілік Білім алушы мәдениет, мәдениеттілік туралы адамгершілік қасиеттерді ажыратады. Ұлттық мәдениеттің құндылыққа жататынын, әдептілік негізі болатынын үғындыру.	- мәдениет пен мәдниеттілік ұғымын ажыратады; - ішкі мәдениет пен сыртқы мәдениетті сипаттайады; - ұлттық және өзге елдің мәдениеті туралы түсінігі қалыптасқан.
3	Денсаулық, жеке бас гигиенасы, тамактану режимі туралы. Денсаулықтың маңыздылығы, оны сақтаудың жолдары туралы білімін тереңдету.	- жеке бас гигиенасын сақтайады; - тамактану режимін сақтайады; - денсаулықты сақтау шараларын біледі, қолданады.
4	Өмір қауіпсіздігін сақтау туралы білімін тереңдету Табиға апаттар туралы түсініктерін қалыптастыру	- жолда жұру ережесін біледі; - алғашқы көмек көрсету туралы біледі; - өрт, су, газ қауіпсіздігін сақтау ережелерін біледі; - табиғи қауіп-қатер туралы түсінігі қалыптасқан.

«Дүниетану» пәні бойынша оқушылардың білімі мен біліктілігі қалыптастыруши бағалау шеңберінде сұрақ-жауап нәтижелері, бақылау жұмыстарының, тест тапсырмалары, практикалық жұмыстар мен диктанттар нәтижелері бойынша кері байланыс беру және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қажетті форматтағы сабакты құру мақсатында, сонымен қатар, рәсімдер саны нақты анықталынған жиынтық бағалау шеңберінде бағаланады және сыйып журналына балл қою қарастырылады.

5.14-кесте. «Дүниетану» пәні бойынша жиынтық бағалаудың саны

Сыныптар	Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны			
	1- тоқсан	2- тоқсан	тоқсан	4- тоқсан
2-сынып	1	1	1	1
3-сынып	1	1	1	1
4-сынып	1	1	1	1

### «Еңбекке баулу» оқу пәні

«Еңбекке баулу» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1 – сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады.

«Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

«Еңбекке баулу» пәнінің міндеттері:

- қол еңбегі арқылы окушының байқампаздық, ұқыптылық, ептілік, жинақылық, жасампаздық, еңбексүйгіштік, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерін тәрбиелеуді;
- қолөнер туындылары мен олардың маңызы туралы ұлттық-дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыруды;
- еңбек етуге психологиялық дайындығын, қызығушылығын, құлышынысын дамытуды;
- еңбекті, еңбек адамын, кәсіп иесін құрметтеу, еңбектің адамзатқа пайдасы туралы түсінігін қалыптастыруды,
- бастапқы еңбек дағдыларды игеруін;
- еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеуді, еңбек қауіпсіздігін сақтау дағдысын қалыптастыруды;
- көркемдік-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруды;
- түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді;
- мұсіндеу, құрастыру, құрау, жапсыру, ою, тігу, илеу жоспарлау, модельдеу біліктілігін дамытуды;
- қолөнер туындылары жайлы ақпарат жинақтау, талдау және шығармашылықпен қолдануды;
- өз қолымен жасалған туындылар арқылы өз мүмкіндігіне деген сенімін арттыруды;
- отбасында, мектепте, мектептен тыс ортада қоғамдық пайдалы еңбекпен шүғылдану дағдысын қалыптастыруды көздейді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру оңайдан қыынға, жеңілден құрделіге қарай, жүйелілік, сабактастық, бірізділік және көрнекілік ұстанымдарына негізделеді.

«Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастыру білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;

**Ескерту: 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.**

## **«Бейнелеу өнері» оқу пәні**

«Бейнелеу өнері» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1- сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушының қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларды көркем өнерге баулу.

«Бейнелеу өнері» пәнінің міндеттері:

- көркем өнер туындылары арқылы оқушының ұлтжандылық, рухани-адамгершілік, көркемдік-эстетикалық, сезімталдық, талғам, байқампаздық, мейірімділік, әдептілік қасиеттерін тәрбиелеуді;

- қазақтың ұлттық, кәсіби музыка, бейнелеу өнері, этностардың мәдениеті туралы түсініктерін қалыптастыруды;

- өнер (бейнелеу, қолданбалы-сәндік, сәулет, дизайн) түрлері туралы бастапқы білім беруді;

- өнер түрлеріне қызығушылығын дамытуды, өнер арқылы ұлттық әдеб-ғұрып пен салт-дәстүрлерді құрметтеу сезімін қалыптастыруды;

- оқушының көркемдік-бейнелеу іскерліктерін, шығармашылық әлеуеті мен қиялын дамытуды;

- өнер туындылары жайында ақпарат іздестіру, қабылдау, түсіну, талдау, өздігінен пайдалану дағдыларын қалыптастыруды;

- өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ойын бейнелеп және дәлелдеп бере алу дағдыларын қалыптастыруды;

- эстетикалық талғамын, сезімталдығын дамытуды көздейді.

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;

«Бейнелеу өнері» пәнін ұйымдастыру онайдан қыынға, женілден күрделіге қарай, жүйелілік, сабактастық, бірізділік және көрнекілік үстанымдарына негізделеді.

*Ескерту: 1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.*

## **«Көркем еңбек» оқу пәні**

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән.

«Көркем еңбек» кіріктірілген оқу пәні әртүрлі шығармашылық әрекеттің түрлері барысында көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу пәні түрлі шығармашылық іс-әрекеттегі кеңістіктік-бейнелілік ойлауын, шығармашылық ойлауын, рухани-адамгершілік мәдениетін, елесін, қиялын және аңғарымпаздығын, жеке тұлғаның қалыптасуын және өз ойын білдіруін дамытуға бағытталған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;

2) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты;

3) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлаудың, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялдың, қиялды мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді.

Оқу мақсаттары білім алушыларда белгілі бір дағды қалыптастыру үшін әрекет түрін, орындау техникасын, шығармашылық жұмысты жасаудың материалын мұғалімнің өзі таңдайтындағы етіп тұжырымдалған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқыту процесінде білім алушылардың АҚТ құралдарын қолдану дағдыларын дамыту қажет. Ең алдымен, бұл көркем жұмыстарды жасау кезінде цифрлық компьютерлік технологияларды пайдалану, слайдтық презентацияларды жасау дағдыларын дамыту, шығармашылық жұмысты жасау үшін басқа білім алушылармен ынтымақтастық, қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасу және т.б.

«Көркем еңбек» сабактарында мұғалімнің өзі анықтайтын әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекеттер қарастырылады. Бұл ретте көркемдік-шығармашылық әрекеттің негізгі үш түрі:

- құрылымдау;
- бейнелеу;
- сәндеу әрекеттері міндетті турде іске асырылуы қажет.

Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтаулары қажет.

*Ескерту: 2-4-сыныптарда «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек.*

### **Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары**

2022 - 2023 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен академия сайтында орналасқан курстарды таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады.

2022-2023 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен бастауыш білім беру деңгейінің оқу пәндері бойынша жүргізілетін элективті курс тақырыптары ұсынылады:

«Қазақ тілі» пәні бойынша: «Тіл дамыту», «Сауатты жазайық», «Көркем жазу»;

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша: «Парасаттылық және әдеп», «Балалар әдебиеті», «Оқу сауаттылығы», «Мәнерлеп оқу», «Отбасылық оқу сагаты»;

«Математика» пәні бойынша: «Математика және логика», «Математика күнделікті өмірде», «Математика және экология», «Математикалық жобалар»;

«Жаратылыстану» пәні бойынша: «Жас зерттеуші», «Жаратылыстану жұмбақтары»;

«Дүниетану» пәні бойынша: «Экономикаға кіріспе», «Жасыл ел», «Мен және экология» курстары.

Бұл курс тақырыптарын мұғалім өз сыйныбындағы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, білім деңгейлерін ескеріп, таңдал алуды тиіс. Соған сәйкес мұғалім өзі таңдал алған курстың оқу бағдарламасын жасайды және ол мектептің әдістемелік бірлестік отырысында талқыланып, нәтижесінде педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілуі тиіс.

Курс мазмұны білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) дамытуға бағдарланған заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

«Парасаттылық және әдеп» курсы білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

«Математика күнделікті өмірде» курсы білім алушылардың бойында теориялық білімдерін күнделікті өмірмен нақты, практикалық әрекеттер, ойындар, саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде пайдалана білу жағдаяттарына төсөлдіреді, үнемділік, еңбекқорлық, адамзат еңбегін құрметтеу сияқты адами қасиеттерге баулиды.

«Математика және экология» курсы білім алушыларды математика мен экологияны байланыстыра отырып, табигатқа, адамзат баласына жанашырлықпен қарауға, үнемшілдікке, жауапкершілікке дағдыландырады.

«Математикалық жобалар» курсы білім алушылардың өзіндік алғашқы математикалық жобалар жасау біліктілігін, іскерлігін және зерттеу дағдысын қалыптастырады. Бастауыш сыйнып оқушылары зерттеу жұмыстарын жүргізе білуге төсөледі.

«Отбасылық оқу сағаты» курсы білім алушылардың отбасымен бірге окуға арналған шығармалар тізімі таңдалып алынады. Сол шығармаларды оқушы үйде ата-анасымен бірлесе оқиды. Апта сайын бір отбасы өздері оқыған шығарма мазмұны жайлы әртүрлі формада (презентация, бейнежазба және тсс) баласының сыйныптастарымен таныстырады, қойылған сұрақтарға жауап береді. Сыйнып ұжымында сол шығарманы талқылап, түйінді ой шығарылады. Курс өзара коммуникативтік қарым-қатынасының артуына ықпал етеді. Ата-ана мен бала, мұғалім арасындағы байланысты күштейтеді. Оқушының танымдық ойлау қабілетін дамытады.

«Оқу сауаттылығы» курсы оқу және жазу арқылы оқушылардың сыйн тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуды негізге ала отырып, шығармаларды түсініп оқуға, оқылған шығарманы жан-жақты талдап, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мазмұнын ашуға, автор іріктеңен сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге баулиды.

«Мәнерлеп оқу» курсы дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екпінін қойып, кейіпкердің көңіл күйін сезініп оқу. Мәнерлеп оқу арқылы оқушы шығарманың мазмұнын түсініп, ондағы көңіл

күйді сезінеді, қиялына ерік береді. Оқушы сөйлеудегі ритм мен ұнді, дауыстың бірде жоғарылап, бірде тәмендеуін қолдана отырып сахналау өнеріне талпынады.

«Жаратылыстану жұмбақтары» курсы бастауыш сыныпта оқыту үдерісін жаратылыстану саласы бойынша білім мен біліктерді саналы түрде менгеруі үшін оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін менгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік- мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді менгеруге бағыттайды.

«Жас зерттеуші» курсы білім алушылардың қоршаған ортаны зерттеуге деген қызығушылықтарын ояту, өз өмірлерінде кездесетін жағдаяттардан шығуға арналған пайдалы ой - тұжырым дағыларын қалыптастыруға бағыттау және мұғалімнің басшылығымен тәжірибелер үйымдастыра отырып, әр бала өзінің нені зерттегісі келетінін, қалай зерттейтінін, нәтижесінде неге қол жеткізгенін айта алатын тұғаның дамуына бағыт беру; білім алушылардың қоршаған орта туралы анағұрлым көп мағлұмат алып, өздері құбылыстың пайда болуының себептері туралы болжамдарын, оларды тексеру амалдарын (қарапайым тәжірибелер) жасауларын көздейді.

«Экономикаға кіріспе» курсы бастауыш сынып оқушыларына қарапайым экономикалық ұғымдарды өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру, өздерін қоршаған табиғи орта және адамдар дүниесі ретінде, олардың қажеттілігімен және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілдерімен таныстырады.

### *Oқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

Әдістемелік бірлестік отырыстарында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

1. «Педагогтің кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің алғышарттары»;
2. «Оқушылардың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы білім беру сапасын арттыру»;
3. «Бастауыш сынып оқушыларының тілід дамытудың тиімді жолдары»;
4. «Білім беру үдерісін нәтижелі қорытындылау – білім сапасының кепілі»;
5. «Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді үйымдастыруға болады?»;
6. «Бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі»;
7. «Lesson Study жүргізу жолдары және күтілетін нәтижелер»;
8. «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту»;
9. «ҚМЖ-дың тәрбиелік мақсатын іске асыру жолдары»;
10. «Бастауыш сыныпта оқытудың белсенді әдістері»;
11. «Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлаудың дамыту»;
12. «Қашықтан оқытуда білім беру платформаларын тиімді пайдалану»;
13. «Математикалық сауаттылықты дамыту»;
14. «ZERDELI» есептері туралы не білеміз?
15. «Математика сабағында стандартты емес есептерді шешу»;

16. «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру»;
17. «Диалогтік оқыту – мотивация тудыру негізі»;
18. «Бейне сабакты қалай құруға болады?»
19. «Мұғалім мен оқушыға көмектесетін ақысыз білім беру онлайн-ресурстары»;
20. «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу, жоба жазу жұмыстарын практикалық түрғыда ұйымдастыру ерекшеліктері».

### ***Бастауыш сыныпта оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру***

Бастауыш сынып пәндерін оқытудағы басты мақсат – білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу негізінде білім беру.

Қазіргі сабактың құрылымы бірінші кезекте тәрбиелік мақсатты жүзеге асыру арқылы пәндік білім бере отырып, тәрбиенің негізін қалайтын адамгершілік, табигатты қорғау, жалпы адамзат баласына, қоршаған ортаға деген мейірімділік сияқты құндылықтарды бала бойына дарытуды көздейді.

Білім алушының ұлттық санасын оятуға, ана тіліне, өз еліне, туған жеріне деген құрметін қалыптастыруға, салт-дәстүрлерін білуге және қолдануға ықпал ететін тәрбиелік мәні бар тақырыптар («Мен атамның көмекшісімін», «Мен анамның көмекшісімін», «Қазақ халқының құнарлы ас мәзірі», «Салауатты өмір мәні – ата –баба мұрасы», «Ата ақылы», «Еңбек және өнер», «Ұлттық ойындар», «Денсаулық- табылmas байлық», «Маған ұнайтын ойындар», «Менің отбасым», «Отбасы құндылықтары», «Менің ата-анам», «Менің сүйікті кітаптарым», «Қазақстанның көрікті жерлері», «Менің туған өлкем», «Қазақстан Республикасының мерекелері» және т.б.) негізінде оқыту ұлттық құндылықтарымыздың мәнін түсінуге, өзінің іс-әрекетіне талдау жасауына, өзіндік қорытынды тұжырым жасай білуіне жағдай жасайды.

Бастауыш сынып пәндерін оқытуда жұптық, топтық, өзіндік жұмыстарға негізделген және түрлі модельде даярланған логикалық, шығармашылық, жағдаяттық тапсырмалар, ойын түрінде берілген материалдар, рөльдік ойындар білім алушы бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негіз болуы тиіс.

Бастауыш сынып білім алушыларының бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту қебінесе мұғалім мен отбасының үйлескен, келісілген жұмыстарына байланысты ұйымдастырылады. Өйткені ата-аналар мұғалімнің қандай адамгершілік нормаларына тәрбиелейтінін, бала тәртібіне қандай талаптар қоятынын, олардың әрекеттері адамгершілік өлшемшарттар бойынша қалай бағаланатынын, сынып ұжымындағы қоғамдық пікірдің қандай екендігін білуі тиіс. Ата-аналар мен педагогтердің тәрбиелік әсерінің бірлігі тәрбиенің мақсаты мен нақты міндеттерін түсінуінен, оларды әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асыру білігінен көрінеді.

Оқу процесін ұйымдастыруда ата-аналарды тартудың түрлі тәсілдері арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы, бірлескен үй тапсырмалары (балалар мен олардың ата-аналары үшін), тақырыптың мақсат-міндеттері ашатын әдебиеттер ұсыну, таныстыру сабактары мен тренингтер, әнгімелер өткізу және

тағы басқа әдістерді қеңінен қолдану қажет. Мұндай жұмыстар балаларды мектепте де, үйде де үздіксіз тәрбиелеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

***Оқу пәні бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесі***

Ескерту: Тізбе жаңа редакцияда – «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021жылғы 25 тамыздағы №428 бұйрығымен бекітілген бастауыш сыныптар бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін мына сілтеме бойынша көрсетілген сайтта қарауға болады.<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024126>

## **6. «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН СЫНЫПТАР ҮШІН), 5-11 СЫНЫПТАР**

### ***«Қазақ тілі» пәнін оқытуудың ерекшеліктері, 5-11 сыныптар***

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнінен академиялық білім берудің мақсаты – қазақ тілінің әлеуметтік-қоғамдық қызметі (ана тілі-ұлт тілі-мемлекеттік тіл) туралы біртұтас білім бере отырып, тілдің танымдық, құрылымдық, тарихи мәнін, тілді қолданудың нормативті жүйесін игеріп, сөйлеу мәдениеті тәсілдерін менгерген, ұлттық рухты бойына сіңірген дара тұлға тәрбиелеу.

Қазақ тілін оқытуудың басты міндеттері бастауыш, орта, жоғары сыныптарда қазақ тілінің ана тілі ретіндегі қызметіне, орта сыныптарда қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі қызметіне, жоғары сыныптарда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметіне басымдық бере оқыту.

Қазақ тілінің ана тілі ретіндегі негізгі қызметі – ұлттық сана-сезімді қалыптастыру. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы қойылған базалық құндылықтар: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы арқылы игеріледі. Сондықтан бастауыш сыныпта қазақ тілінің ана тілі ретінде танылуына негіз болатын лингвистикалық білім мазмұны қамтылуы тиіс.

Қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі қызметі – ғасырлар бойы тәжірибеден жинақталған ұлттық дүниетанымды, ұлттық ақыл-ой жетістіктерін зерттеу, саралау, дамыту. Ұлттық тіл Білім стандартында көрсетілген ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайларда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін

көрсетуге, сондай-ақ оқу және қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметі жоғары сынып оқушыларына арналған білім мазмұнын қамтуы тиіс. Қоғамның барлық саласында қазақ тілін қолданудың заңдылықтарын, іскерлік, дипломатиялық қарым-қатынас мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игерген оқушы жалпыға міндетті білім стандартында көрсетілген «Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеуді және сақтауды», яғни қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қолдануды өз міндеттіне алады, қазақ тілінің мемлекеттік статусын көтеруге өзіндік үлес қосады, мемлекеттік тілді қолдануға ынталы болады.

Қазақ тілінің қоғамдық-элеуметтік қызметін бастауыш, орта жоғары сыныптарда оқытқанда тілдің құрылымдық, функционалдық, тарихи жүйесі өзара тұтастықта бірлікті кіріктіріліп оқытылады. Нәтижесінде оқушылар тілдің таңбалық жүйесі, әдеби тілдік нормасы, тарихы және тіл арқылы ұлтты, адамды тану туралы кешенді білім алады. Бұлар оқушының тіл тазалығын, тіл анықтығын тіл дәлдігін (А.Байтұрсынов) игеріп, сөйлеу мәдениетін, сөз шеберлігін жетілдіруіне айтарлықтай үлес қосады.

*1. Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 348 бүйрүгімен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Қазақ тілі» (10-11 сыныптар) міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

*2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі КР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрүгімен бекітілген Улгілік оқу жоспарлары арқылы (өзгерістер мен толықтырулар КР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365 бүйрүгі енгізілген) жүзеге асырылады. Олар:

- Улгілік оқу жоспарлары;
- төмендетілген оқу жүктемесімен Улгілік оқу жоспарлары.

Улгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты 5-11-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген жаңартылған мазмұндағы оқу жүктемесінің және төмендетілген оқу жүктемесінің көлемі 6.1-кестеде көрсетілген.

**6.1-кесте – 5-11-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі**

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Улгілік оқу жоспары		Улгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақ тілі	3	108	3	108
6	Қазақ тілі	3	108	3	108
7	Қазақ тілі	3	108	2	72

8	Қазақ тілі	2	72	2	72
72	Қазақ тілі	2	72	2	72
қоғамдық-гуманитарлық бағыт					
10	Қазақ тілі	2	72	2	72
11	Қазақ тілі	2	72	2	72
жаратылыстану-математика бағыты					
10	Қазақ тілі	1	36	1	36
11	Қазақ тілі	1	36	1	36

Оқу жылының ұзаруына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесі 7- сыныпта үлгілік оқу бағдарламасында 3 сағат болса, төмендетілген бағдарламада 2 сағат көлемінде беріледі, яғни 1 сағатқа қысқарады. Оқу көлемі төмендетілген сыныптар вариативті компоненттен сағат алуға мүмкіндік беріледі.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу процесін үйімдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу қажет.

«Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны қазақ тілі арқылы оқушыларға қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдетін дағыландыруды және қазақ әдебиеті үлгілерін терең менгертуді мақсат етеді және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

*Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі» пәнін оқыту:*

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылған. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, үлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы білім алушыға қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызыметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құратудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын менгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін менгертуді көздейді.

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

- өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тындалым/айтылым, оқылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;
- тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машиқтар мен дағдыларды қалыптастырады;
- тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу;
- мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Ақпаратты талдау, жалпылау, жіктеу, сондай-ақ әртүрлі жанрда және стильдерде мәтіндер жазу, жеке, іскерлік хат жазысу, түйіндеме, мақала, аннотация, тезис құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру тілді оқуды ынталандыруға септігін тигізеді.

Сабак жоспарын құрастыру барысында окушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

*«Қазақ тілі» пәнінің оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері*

Оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспары негізінде 7-сыныпқа «Қазақ тілі» оқу пәнінен әзірленген негізгі Үлгілік оқу бағдарламасында берілген бөлім тақырыптары толығымен сақталған. Айырмашылығы: ұзақ мерзімді жоспардағы жыл бойына бірнеше рет қайталанып келетін оқыту мақсаттары қысқартылған. Яғни, 7-сыныпта оқу мақсаттары жеңілдетіп берілген. Кейбір оқу мақсаттарына түсініктеме ретінде ұсынымдар беріліп, оқу мақсаттарына өзгерістер енгізілген.

*«Қазақ тілі» пәнінен оқу процесін ұйымдастырудагы әдістемелік ерекшеліктер:*

- оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тындалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады, сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталады;
- қысқа мерзімді жоспар құрылу барысында сөйлесім әрекетінің бір-екі түрі басшылыққа алынады, бір сабакта бірнеше сөйлесім әрекетін басшылыққа алу сабакты мақсатына жеткізбейді;
- мұғалім бір сабак барысында бірнеше оқу мақсаттарының ішінен тақырыпқа қатыстыларын таңдап алуға құқылы;

- үлгілік оқу бағдарламасы білім алушының жас ерекшелігіне сай функционалдық сауаттылығын арттыруға, сынни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға бағытталған. Мысалы: оқылым әрекеті бойынша «Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану» оқу мақсатын жүзеге асыру үшін 5-сынып оқушылары аузызекі сөйлеу және жазба стильтегі мәтіндердің айырмашылықтарын таныса, одан жоғары сыныптарда әртүрлі стильтегі мәтіндердің тілдік құралдарын анықтайды. Оқу мақсаттарын жүйелі түрде жүзеге асырудың нәтижесінде оқушылардың мәтінді талдау дағдысы қалыптасады;

- грамматика өмірмен байланыстырыла мәтін талдау барысында оқытылады;

- грамматикалық бірліктердің мәтін құруға қатысада қандай функционалдық қызмет атқаратындығын білім алушы өзі жұмыс жасау барысында анықтап, меңгереді.

Қазақстанның білім жүйесіне 2009 жылдан бастап үш жылда бір рет өткізіліп отыратын PISA халықаралық зерттеуі кірді. PISA-ның негізгі бағыттарының бірі – оқу сауаттылығын анықтау. Онда оқу техникасы мен мәтін мазмұны ғана емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірде, практикада қолдана білу қабілеттері бағаланады.

Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы білім мазмұны бойынша оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас субъект-субъектілік қарым-қатынасқа құрылады. Мұғалім кеңесші, бағыт беруші, бағыттаушылық қызмет атқарса, оқушы ізденуші, зерттеуші қызметін атқарады. Сол арқылы алған білімі тиянақты болады. Себебі, білім алушы өз қолымен, ізденуімен жасаған жұмысын ұмытпайды, өмірде қолдануға да, басқаға үйретуге де бейім болады. Бұл білім алушыны сынни тұрғыдан ойланып, әрекет етуіне, функционалдық сауаттылығының қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

*Оқу процесінде білім алушының ынтысын, қызығушылығын арттыруға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:*

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері тәмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс)

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасай білу мәдениетін қалыптастырады. Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан білім алушы алдына нақты мақсат қоятын, анық та дұрыс сөйлей біletін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, өзгені қызығушылықпен тыңдай алатын жеке тұлға болып қалыптасады.

Жоғарыда көрсетілген жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттілікті менгертудің алғышарты болып табылады. Себебі, бұл жұмыс түрлерін мұғалім әр сабакта қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыстар білім алушының сөйлеу тілін дұрыс меңгеруіне,

қатысым және жазылым қарым-қатынасын қалыптастыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады. Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан білім алушы өз қатарларымен, өзге де жастағы адамдармен қарым-қатынаста белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетін болады.

Диалогтік әдісті қолдану білім алушылардың сұрақтарды, өтінішті, тандануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыланырады. Топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды. Сыныпта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырып, өз дәлелін қорғауға, мәселеге сынни түрғыдан қарauғa (1. Пікірталастық әңгіме; 2. Топтық әңгіме; 3. Зерттеушілік әңгіме.) үйренеді. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ-жауап, рөлдік, тапсырманы орындау, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

### *Оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар*

Білім мазмұны бойынша оқу дағдыларына қойылатын талаптар біршама өзгерген (6.2-кесте).

**6.2-кесте. Оқу дағдыларына қойылатын талаптар**

Сынып	Тыңдалым		Оқылым	Жазылым	Айтылым	
	тыңдалым	мәтіндегі			диалог	монолог
	ұзақтығы	сөз саны				
5						
	3-5 минут	200-300 сөз	300-400 сөз	150-200 сөз	6-8 сөйлем	8-10 сөйлем
6	3-7 минут	300-500 сөз	300-500 сөз	200-250 сөз	8-10 сөйлем	10-12 сөйлем
7	5-9 минут	300-700 сөз	500-700 сөз	250-300 сөз	10-12 сөйлем	12-14 сөйлем
8	5-11 минут	500-900 сөз	500-800 сөз	300-350 сөз	12-14 сөйлем	14-16 сөйлем
9	5-13 минут	500-1000 сөз	500-900 сөз	350-400 сөз	12-14 сөйлем	14-16 сөйлем

4. *Оқу пәннің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сай бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрекпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Бұйректың 2-тaraуына тиісті тармақтарына енгізілген толықтыруларға сәйкес:

9. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

11. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортак тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып-зerdelegен жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

21-тармаққа сәйкес тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабактың барысында жүргізіледі.

Төмендегі кестеде оқу пәнінен бөлім/ортак тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны көрсетілген (6.3 -кесте).

### 6.3 -кесте. «Қазақ тілі » пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат							
		Үлгілік оқу жоспары				Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)			
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
6	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
7	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
8	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
9	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
10(ҚГБ)	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
10(ЖМБ)	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
11 (ҚГБ)	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2
11(ЖМБ)	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2

Қалыптастыруышы және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды. Білім алушылардың жиынтық жұмыстары мектепте сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

«Қазақ тілі» пәні (жаратылыстану-математикалық бағыт) бойынша жиынтық бағалау саны «Орта, техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

11-тармағына сәйкес «*Қазақ тілі* пәнінен (жаратылыстану-математикалық бағыт аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі ретten артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартышылдыққа қойылады.

*Ескертпе:* Тілдік пәндерде бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тындалым және айтылым; оқылым және жазылым).

13-тармағына сәйкес Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді.

*9-сынып білім алушыларына қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша ұсынымдар:*

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығының 39-тармағында былай көрсетіледі: «9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) қазак/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)».

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау білім мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС-тан күтілетін нәтижелермен анықталады.

*11-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтиханын өткізу туралы*

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығының 41-1-тармағына сәйкес: «11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) қазак/орыс тілі бойынша және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан» деп көрсетіледі.

5. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары

Элективті курстар мазмұнына білім алушыларға «Қазақ тілі» пәнінен берілетін білім мазмұны функционалды сауаттылыққа негізделе отырып, коммуникативтік тілдік қарым-қатынасқа кез келген уақытта, кез келген жағдайда еркін, ойын ашық та түсінікті, нақты жеткізе алатындей дәрежеде оқыту жатады. Яғни оқушы алған білімін өмірде қолдана алатындей дәрежеде болуы керек. Сонымен қатар, ұлтының салт-дәстүрін, ділін, дінін, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді бала бойына сініруге бағытталған тақырыптар алынып, сол бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Қазақ тілі» пәні бойынша жүргізілетін элективті курсқа төмендегідей тақырыптар ұсынылады:

1. **«Тіл мәдениеті» курсы.** Негіздемесі: Тіл мәдениеті–сөзді орынды қолдану. Сөйлеу қарым-қатынаспен қатар, адамның ішкі өмірінің рухани байлығын жарыққа шығаратын құрал. Онда пәнаралық байланысты, әдебиеттен өтілетін көркем шығармаларды да пайдалануға болады.

2. **Алаш зиялдыларының ой-тұжырымдары» курсы.** Негіздемесі: Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялдылардың ана тілімізге арналған енбектері, тіл жолындағы алуан қурестері – бүгінгі өзі де, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Жас ұрпаққа Алаш зиялдыларының осы жолдағы үлесін түсіндіру қажет.

3. **«Сатылай кешенді оқыту технологиясы» арқылы тілдік бірліктерді менгерту курсы.** Негіздемесі: Қазақ тілінде ойын жеткізе алатын, өз ана тілінде дітін орындана алатын, қазақтың тарихы мен мәдениетін менгерген жан-жақты білімді, мәдени ұлттық тұлға қалыптастыру.

5. **«Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері».** Негіздемесі: оқушы өз ойын, танымы мен парасатын, көзқарасын жинақы түрде жеткізе алатын дәрежеге жетеді, сынни ойлауы дамиды, өз ойын еркін жеткізуге, дәлелдер мен аргументтер арқылы өз пікірін ашық айтуда дағдыланады, өзіндік көзқарасы, позициясы айқындалып өмірде жеке тұлға ретінде қалыптасады, шығармашылығы дамиды.

6. **«Ахметтану» курсы.** Негіздемесі: Тілді үйретуге қатысты Байтұрсынұлының ұсынған тиімді қағидалары басшылыққа алынуы керек. Тілді үйрету үшін мұғалім бірнеше әдісті менгеріп қана қоймай табан астында өзі қажет әдісті тауып пайдалану керек.

6. *Oқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын тақырыптар*

«Қазақ тілі» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар:

Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Қазақ тілі» пәні мұғалімдерінің кесіби біліктілігін жетілдіру (тәжірибесі аз жас мамандар үшін, педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін, өзара тәжірибе алмасу мақсатында, шығармашылық жұмыстар жүргізу үшін, білім алушының білім сапасына мониторинг жүргізу үшін, қыын оқушыға себептерін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу үшін және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

1. «Қазақ тілін» оқытуда қолданылатын цифрлық контенттер.
2. ҚМЖ құруға дейінгі мұғалімнің дайындығы.
3. Оқушымен кері байланыс орнатудың жолдары.
4. Қалыптастыруши бағалауды жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер.
5. ҚМЖ құруда оқытудың мақсаттарын қоя білу жолдары
6. Оқушының жазу сауаттылығын қалыптастыру жолдары
7. Қазақ тілі сабактарында АКТ-ны қолдану
8. Диагностикалық зерттеу жұмысын жүргізу жолдары.
9. Оқу үшін емес, оқыту үшін бағалау.
10. Критериалды бағалаудың ерекшеліктері мен киындықтары.
11. «Қазақ тілі» пәнінен білім беру арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас орнату жолдары
12. «Қазақ тілі» пәнін оқытуда қолданылатын білім беру технологиялары, олардың ерекшелігі
13. «Қазақ тілі» пәні сабактарында алаш ойшылдарының педагогикалық зерттеулерге қатысты ой-тұжырымдарын қолдану жолдары.
14. Алаш зиялыштары ой-тұжырымдарының жаңартылған бағдарлама мазмұнымен сабактастыры.
15. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру
16. Жазба жұмыстарын жүргізу әдістемесі
17. Оқу мен тәрбиені қатар алып журу жолдары
18. Оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнату
19. Ата-анамен жұмыс түрлері (жас педагогтар үшін).

### *7. Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру*

Ұлы ұстаз Эбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – деді. ІІ. Алтынсарин «өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләzzатын көре білу – кісіліктің басты белгісі», – деген. Абай Құнанбаев талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады. М. Жұмабаев «Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләzzат алыш, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алыш шын адам болғандығы», – деп жазды.

Қазақстан Республикасының білім жүйесінде халықта білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасы ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындалатын, онымен тең қарым-қатынас жасап, Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін, нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу.

Ақыл-ой тәрбиесі–оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін менгерту.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: гуманизм, адалдық, батылдық, төзімділікті қалыптастыру; адамға сүйіспеншілік, құрмет, қайырымдылық сезімін дамыту; оқушыларды өз міндетіне, өзгенің мұддесіне байыпты қарауға үйрету; өз Отанын сүюге, ұлттар достығын құрметтеуге тәрбиелеу.

Еңбек тәрбиесінің негізгі міндеттері: оқушыларды іскерлікке, еңбек дағдысына үйрету; оқушыларды халық шаруашылығының басты салаларымен, еңбек түрлерімен таныстырып, мамандық тандауға тәрбиелеу; озық еңбек дәстүріне тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие міндеттері: бейнелеу өнері (кескіндеме, графика, мұсін) көркемөнер шығармашылығы (көркем өдебиет, музика, театр, кино) арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық құралдарды пайдалануға дағыландыру; әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша балаға берілетін тәрбие мәтін арқылы жүзеге асады. Сабак барысында алынатын мәтіннің мазмұны ұлттық құндылықтарға негізделуі қажет. Әрбір жасаған жұмысының мазмұнынан адам бойына қажетті жақсы қасиеттердің ұшқыны сезіліп тұрса, ол бала бойына жақсы қасиеттерді дарытады.

## **«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың ерекшеліктері, 5-11-сыныптар**

*1. Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Қазақ әдебиеті» (10-11 сыныптар) міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

*2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2012 жылғы қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген Улгілік оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады:

- 1) негізгі орта және жалпы орта білім берудің Улгілік оқу жоспарлары;
- 2) төмендетілген оқу жүктемесімен Улгілік оқу жоспарлары.

Улгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады (6.4-кесте).

**6.4-кесте. 5-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі**

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары (негізгі)		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақ әдебиеті	2	72	2	72
6	Қазақ әдебиеті	2	72	2	72
7	Қазақ әдебиеті	2	72	2	72
8	Қазақ әдебиеті	3	108	2	72
9	Қазақ әдебиеті	3	108	2	72
<b>жаратаудыстану-математика бағыты</b>					
10	Қазақ әдебиеті	2	72	2	72
11	Қазақ әдебиеті	2	72	2	72
<b>қоғамдық-гуманитарлық бағыт</b>					
10	Қазақ әдебиеті	3	108	2	72
11	Қазақ әдебиеті	3	108	2	72

Оқу жылышың ұзаруына байланысты пайда болған қосымша сафаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдаған алады.

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарын таңдаған жағдайда инвариантты компоненттегі таңдау пәндерінің комбинациясы (7-9-сыныптар) берілген. Пәндер комбинациясында 2 пәннің атауы көрсетілген, үшінші пән – таңдау бойынша пән (әрқайсысы 2 сағаттан), яғни 8-9 және 10-11-сыныптарда (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) 2 сағат көлемінде оқытылатын «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша вариативті компоненттен тағы 2 сағат алуға мүмкіндік берілген.

Комбинация бойынша «Қазақ әдебиеті» пәні таңдаған жағдайда пән мұғалімдері пәнді терендептіп оқыту үшін ҰМЖ, авторлық бағдарламалар әзірлей алады. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында ([www.nao.kz](http://www.nao.kz)) ұсынымдама ретінде әзірленген ҰМЖ үлгісі орналастырылған.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылышында «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

*«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың ерекшеліктері*

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы

мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламалары оқушылардың бойында адамгершілік, рухани құндылықтармен қатар функционалдық сауаттылығын арттыруды, көркем-әдеби шығарманы талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Әлемдік және кеңестік әдебиет классиктерінің шығармаларын зерделеу, салыстырмалы талдау жүргізу, қазақ, орыс және әлем әдебиетінің тақырыптарын салыстыру қабілеттерін қалыптастыру мақсатында әлем әдебиетінің туындыларын оқыту қарастырылған.

«Қазақ әдебиеті» пәні әдебиетті өнердің басқа салаларымен (кескін, театр, кино, музика) салыстыра қарастырып, өз ойын еркін, дәлелді, сараптай, салыстыра отырып жеткізе біletін тұлғаның қалыптасуына үлес қосады. Сонымен қатар әдебиетті «Қазақ тілі», «Тарих», «Орыс әдебиеті», «География» пәндері, мәдени, қоғамдық және тәрбиелік шаралармен байланыстыра отырып жүзеге асыру көзделеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру.

«*Түсіну және жауап беру*» бөлімі аясындағы бөлімшелер білім алушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді: көркем шығарманың мазмұны мен пішінін анықтау және талдау; әдеби шығарманың тұжырымдамасын айқындай білу; көркем шығармадағы образды ашу және сипаттау; шығарма үзінділерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

«*Анализ және интерпретация*» бойынша әдеби шығарманың композициясын, композициялық амал-тәсілдерді талдау; шығармадағы автор бейнесін анықтау, оның рөлін талдау; көркем шығарманың тілін, көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау; көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жазу.

«*Бағалау және салыстыру*» бойынша шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; әдеби шығармаларды заманауи түрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; шығарманың құндылығын талдап, әдеби эссе жазу; әдеби шығармаларды талдап, салыстыра отырып, сынни шолу және сынни мақала жазу дағдыларын дамыту.

Бөлімдер сынныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабактастықты көрсетеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сынни түрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Бұл пән әдеби шығармаларды оқытып қана қоймай, танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға да негізделген. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемі

анықталған. Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды таңдау кезінде қазіргі замандағы баланың жас ерекшелігімен қатар танымдық ерекшеліктері де ескерілген.

Көркем шығармаларды толық оқу міндеттеледі. Сол арқылы оқушыға автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі. Көркем шығарманы саналы түрде түсініп, талдап, зерттең, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделеді. Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетімен оқыған шығармасын сынныпта менгерген дағдылары бойынша барлық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады. Сыныпта және өз бетімен оқылатын көркем әдеби шығармалардың табиғи сабақтастыры мен байланыстыры мен түсініп отырады. Яғни оқушыда көркем шығарманы окуда осындай әдеби дағды қалыптастыра білсек, ол кез келген басқа ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармаларын өздігінен оқып, талдай алатын болады.

Қазақ әдебиеті туындылары жасөспірімдердің рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкестендіріле, қазақша ойлау және сөйлеу, жазу, тыңдағанын түсіну, монолог, диалог, пікірталас жасау дағдыларын қалыптастырып, талдап, тану негізіне сәйкес құрылған.

Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылыш, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы оқушы әдеби талдау, сынни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. Оку мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзак мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады.

Тоқсан ішінде көркем шығармаларды оқытуға бөлінетін сағат сандарын шығарманың көлеміне, оқу мақсаттарының жеңіл, күрделілігіне қарай мұғалім өзі анықтайды.

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген.*

Өлкетану – бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті және көркеменері. Өлкетану өзінің туған жерінді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуінді, тарихқа, өнерге, әдебиетке қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін қөтеруге үйретеді.

«Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушылардың ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нақандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді. Оқу бағдарламасы бойынша тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мүғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын кіркітіріп оқыту ұсынылады.

6-сыныпта «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада», «Өлкені сипаттау өнері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды, туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білуге, олардың шығармашылығы туралы деректер жинауға және мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдауға үйрету ұсынылады.

7-сыныпта «Туған өлке публицистика беттерінде», «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы» тақырыптарын оқытуда өнірде шығатын газет-журналдарды білуге, туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының терендігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдауға, энциклопедия ұғымын түсінуге, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білуге, электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысуға баулу ұсынылады.

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері:*

Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша 8-9-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» оқу пәніне 2 сағат бөлінген (6.1-кесте) және осы сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәні оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасымен оқытылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспары бойынша әзірленген оқу бағдарламасында 8-9-сыныптарға «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен әзірленген негізгі Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылатын бөлімдер мен оның аясында оқытылатын шығармалар тізімі толығымен сақталған. Айырмашылығы: ұзақ мерзімді жоспардағы жыл бойы бірнеше рет қайталанып келетін оқыту мақсаттарының қысқартылуында.

*«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу процесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктер*

➤ Әдебиетті оқытуда:

- білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау;
- олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету;
- дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау, алған білімін өмірде қолдану дағыларын қалыптастыру;
- жанрларды меңгерту;

- көркем шығармаларды толық оқуға міндеттеу;
- кітап оқуға қызығушылығын арттыру;
- қосымша әдебиеттер оқуға ынталандыру.

Қазақстан 2009 жылдан бастап үш жылда бір рет өткізіліп тұратын PISA халықаралық зерттеуіне қатысады. PISA зерттеуінің негізгі бағыттарының бірі – оқу сауаттылығы. Ол тек оқу техникасы мен мәтіннің мазмұнын түсінуді ғана емес, оқу барысында менгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуін бағалайды.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бір сабакта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алып, сабак жоспарлауға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек. Пән мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгениң іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстануы тиіс.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады.

*Оқу процесінде білім алушының ынтасын, қызығушылығын арттыруға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:*

- әдеби шығармаларды талдауда болжам жасау, жанрын, фабуласын, сюжетін, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені, идеясын анықтау, дәлелдер келтіре алу, кейіпкерлерді сипаттау, өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру және өз ойын, пікірін жеткізе білу қабілеттерін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;

- іс-әрекеттердің белсененді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;

- оқушылардың сабакта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындау және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;

- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

- сабакта білім алушының біліміндегі олқылықтарды уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану.

Пәнаралық байланыс – оқытудың ерекше категориясы болғандықтан, оқушылардың әдебиеттен жүйелі білім алын арттыру үшін оқу әдістерін белсендендеріру қажет. Әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс оқушылардың эстетикалық талғамын және сурет, музика, кино өнерлеріне ұмтылысын қалыптастырады. Шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешім көрінісін, топонимикалық, ономастикалық атаулардың маңыздылығын түсіне отырып, оқылған шығарманы бейнелеу және музика өнерімен ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты кеңінен қолдану оқушының дүниетанымын қалыптастырады.

Оқушыларды оқытуудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады.

Мұғалімнің сабаққа әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- сараланған тапсырмаларды ұсыну;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі.

Эссе, шығарма жазу, презентация жасау және т.б. бойынша тапсырма беру барысында оқушыларды тапсырманың критерийлерімен таныстыру ұсынылады.

Оқытуудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастырыла отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды менгеруге ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт менгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларды, алған білімін өмірде қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай менгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді катысуы керек.

### *Оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар*

Оқу жылдамдығы – оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оқытуудың екінші негізгі кезеңінде де оқушылардың оқу жылдамдығын қалыптастыру жалғасады, алайда 5-9-сыныптарда түсініп оқуға емес шапшаң оқу мен мәнерлеп оқуға басты назар аударылады.

5-сыныпта бастауыш сыныптағыдай оқу жылдамдығын тексеруді бақылап отыру қажет. Бақылау мақсаты тез, жылдам оқу емес түсініп оқу болатынын ескерген жөн.

5-9-сыныптардағы оқу жылдамдығына қойылатын талаптар:

- мәнерлеп оқу;
- логикалық екпінді ең маңызды сөздерге қойып оқу;
- оқу барысында сөз бұзылмай, автордың айтатын ойын дұрыс жеткізу.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен кітап оқу дағдыларын қалыптастырудың нормалары (оқу жылдамдығы) берілген (2.5-кесте).

**6.5-кесте. «Қазақ әдебиеті» пәнінен кітап оқу дағдыларын қалыптастырудың нормалары (оқу жылдамдығы)**

Сыныптар	Міндетті деңгей	Мүмкіндік деңгейі
----------	-----------------	-------------------

5-сынып	110 – 120 сөз	120 – 150 сөз
6-сынып	120 – 130 сөз	140 – 160 сөз
7-сынып	135 – 140 сөз	150 – 180 сөз
8-сынып	145 – 150 сөз	170 – 220 сөз
9-сынып	160 – 180 сөз	200 – 250 сөз
10-сынып	190 – 200 сөз	240 – 300 сөз
11-сынып	220 – 250 сөз	300 – 350 сөз

#### **4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны**

**Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу бойынша ұсынымдар**

«ҚР ЕМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрекімен бекітілген «Орта білім беру үйімдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2022 жылғы № 193 бүйрекіның 4-тармағына сәйкес «Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабакта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсынистары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады. 2-11 (12) сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады.

9-тармағына сәйкес БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

12-тармағына сәйкес БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортак тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып педагог өзі дайындейды.

Ағымдағы жылғы білім алушылардың жиынтық жұмыстары мектепте сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

Үлгілік оқу бағдарламаларына (негізгі және төмендетілген оқу жүктемесі бойынша) сәйкес 5-11-сыныптарда оқытылатын «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін білім бойынша жиынтық бағалаудың саны көрсетілген (6.3-кесте).

**6.3-кесте. 5-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнінен өткізілетін білім бойынша жиынтық бағалау саны**

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша (негізгі)			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2
10-сынып	2	2	2	2
11-сынып	2	2	2	2
Сынып	Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2
10-сынып	2	2	2	2
11-сынып	2	2	2	2

Вариативтік компонент есебінен таңдалған 8-9-сыныптар мен 10-11-сыныптарда (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) оқытылатын «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады (ҚР БФМ 12.05.2022 жылғы №193 бұйрығы 17, 18-тармақтар).

Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50/50 пайыздық арақатынаста қойылады (28-тармақ).

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сарапанған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді (15-тармақ).

Төменде ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес балдарды бағага ауыстыру шәкілі берілген (6.4-кесте).

#### 6.4-кесте. Балдарды бағага ауыстыру шәкілі

2-11 (12) сыныптардағы балдардың пайыздық мазмұны (%)	Баға
0 - 39	қанағаттанарлықсыз - "2"
40 - 64	қанағаттанарлық - "3"
65 - 84	жақсы - "4"
85 - 100	өте жақсы - "5"

9-сынып білім алушыларына арналған қорытынды аттестаттау туралы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18

наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығының 39-4)-тармағына сәйкес 9-сынып білім алушылары *таңдау пәні ретінде «Қазақ әдебиеті» пәнінен* жазбаша емтихан тапсырады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС-тан күтілетін нәтижелермен анықталады.

Емтихан жұмысы барлығы 30 балмен бағаланатын екі бөлімнен тұрады: А бөлімі бірнеше таңдауы бар, ал В бөлімі толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтиды.

А бөлімінде білім алушылар 4 бір және бірнеше таңдауы бар, сондай-ақ сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Әр дұрыс жауап 1 балмен бағаланады.

В бөлімінде білім алушылар толық жауапты қажет ететін 4 тапсырма орындайды. 5, 6, 7-тапсырмаларды орындау үшін білім алушыға көлемі 200-250 сөзден тұратын көркем шығарма үзіндісі беріледі. Тапсырмалар 3-9 балмен бағаланады.

9 (10) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оку жылындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шәкіл бойынша) 30%-70% пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағаны дөнгелектеу жағын бүтіндікке қарай жүргізіледі.

Келесі кестеде ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығының 4-қосымшасына сәйкес 9 (10) және 11 (12) сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына аудиоформалдануыштыру шәкілі көрсетілген (6.5-кесте).

**6.5-кесте - 9 (10) және 11 (12) сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына аудиоформалдануыштыру шәкілі**

Баға	Максимальды балл 30 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 40 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 50 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 60 болған пәндер үшін балдар
"2"	0-11	0-15	0-19	0-23
"3"	12-19	16-25	20-32	24-38
"4"	20-25	26-33	33-42	39-50
"5"	26-30	34-40	43-50	51-60

*11-сынып білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтиханының өткізу туралы*

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығының 41-тармағына сәйкес таңдау пәні ретінде «Қазақ әдебиеті» пәнінен тест тапсырады.

Мектеп бітірушілер қорытынды аттестаттау үшін таңдау пәндері тізбесінен әдебиетті таңдаған жағдайда баға тек осы пән бойынша қойылады.

*5. Ұлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курсардың тақырыптары*

Ұлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жүргізілетін элективтік курсың төмендегідей тақырыптары ұсынылады:

1. «Абайтану» курсы. Негіздемесі: ұлы Абай шығармашылығын толық игерту арқылы поэзия құдіретін таныту, әлем әдебиетімен салыстыра отырып, қазіргі өмірмен байланыстыруға үйретеді.

2. «Ыбырайтану» курсы. Негіздемесі: Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарға баулуға, адамгершілік-рухани тәрбие беруге жетелейді.

3. «Шешендік сөз өнері». Негіздемесі: шешендік сөздің табиғатын танытып, айтылған ойды саралай білуге үйретеді, ұлттық құндылығымыз – шешендік сөздердің мағынасын түйсінуге, шешен сөйлеуге, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеуге баулиды.

4. «Ұлы дала даналығы». Негіздемесі: ғасырлар бойы өзіндік ерекшелігімен сақталып, өркениетке жеткізген ұлттымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық тәлімінің қыр-сырын жас үрпақтың санаына сіңіру арқылы туған еліне құрмет, сүйіспеншілік сезімдерін арттырады.

5. «Әлем әдебиеті». Негіздемесі: әлем әдебиетінің озық ұлгілерімен танысады, әдебиет дамуындағы жаңа бағыттар мен ағымдар негізінде жазылған шығармаларды талдап, шығармашылық ізденістеріне қолдана біletін жас буынды қалыптастырады.

6. **Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті.** Негіздемесі: оқушыларды көркем әдебиеттің озық ұлгілерімен таныстырып, сол арқылы өз бетінше ойлай алатын, тұжырымдал қорытынды жасайтын, өзіндік пікірі қалыптасқан, дүниетанымы биік, шығармашылықпен жұмыс жасайтын дара тұлға қалыптасады. Шығармашылық жұмыстар арқылы сөздік қоры байыйды, сөз байлығының ішінен ұтымды тілдік құралдарды таңдап алып, оларды айтылмақ ойға және мәтіннің мазмұны мен мақсатына сай тіркестіре алуға, алған білім мен білік дағдыларын құнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді.

7. **Әдебиет сабағында құрделі мақсаттарды оқушыға менгертудің әдістемесі**

**8. «Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері».** Негіздемесі: оқушы өз ойын, танымы мен парасатын, көзқарасын жинақы түрде жеткізе алатын дәрежеге жетеді, сынни ойлауы дамиды, өз ойын еркін жеткізуге, дәлелдер мен аргументтер арқылы өз пікірін ашық айтуда дағыланады, өзіндік көзқарасы, позициясы айқындалып өмірде жеке тұлға ретінде қалыптасады, шығармашылығы дамиды.

9. «Көркем мәтін оку». Негізdemесі: көркем шығарманы құштарлықпен оқу талабына сай оқушыларды әдеби шығарма оқуға баулу, көркем шығармаға талдау жасау жолдарын менгерту.

10. «Габит Мұсірепов шығармаларын сатылай кешенді талдау» (8-сынып). Негізdemесі: аса көрнекті қазақ жазушыларының бірі Г. Мұсіреповтің әңгімелерін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы талдай отырып, шындық, әділет үшін күресте өзінің ұлылығын айқын сезінетін, айбатты күрескер, өршіл, өжет ананың типтік образдарын талдай алу. Шығармалардың мазмұндық желісін тақырыбына сай талдау жасау арқылы оқушының ойлау қабілетін арттыру, эстетикалық сезімін ояту, әдеби талдаулар арқылы оқушының тілін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өздігінен іздену және езіндік ой-тұжырым жасауға, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту, ізденімпаздық ой-өрісін дамыту, сөздік қорларын бағалау.

6. *Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

1. Оқу бағдарламасы негізінде сабакты жоспарлау мен критериалды бағалау;
2. Тиімді сабак. Жоспарлау. Бақылау.
3. Рефлексия – білім сапасының негізі;
4. Оқу мақсаттары бойынша теориялық семинар;
5. Қалыптастыруши бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;
6. Оқу мақсаттарынан сабак мақсаттарына шығу жолдары;
7. Қазақ әдебиеті сабагында қолданылатын жаңа контенттер;
8. Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары;
9. Пәнішілік және пәнаралық байланыс;
10. АКТ-ны пайдаланудың тиімді жолдары;
11. Сабакта саралап оқытуды жүзеге асыру;
13. «Эссе жазу стратегиясы»;
14. Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі;
15. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістәсілдері.



### **Назар аударының!**

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқушыларды кітап оқуга баулу, сөйлеу тілін дамыту мақсатында тоқсандық және жазғы демалыс кездерінде оқытын оқу бағдарламасына қосынша көркем шығармалардың тізімі ұсынылады (nao.kz).

Көркем шығармалардың тізімі оқушылардың жас ерекшелігі мен келесі сыйныпта оқылатын және оқулықта үзіндісі ғана берілетін шығармалар ескеріліп жасалды. Жаңа оқу жылының басында жазда оқыған шығармалары бойынша

«Оқушы күнделігі», «Мен оқыған кітап» және т.б. тақырыптарда көрме өткізуге болады. Көрмеге әр оқушы өзі оқыған туынды бойынша шығармашылық жұмысын ұсынады. Жұмыс фотоколлаж, эссе, жарнама, сурет т.с.с. түрде жасалуы мүмкін. Оқушылардың жұмысын арнайы сарапшылар талдап, қорытындысын шығарады.

«Оқырман күнделігі» тақырыбындағы іс-шарада оқушы оқыған шығарманың мазмұнын сұрақ қою; тірек сөздерді жазу; оқиғаның түйінін жазу; оқиғаны суретке түсіру түрінде дәптерге түсіреді.

### *7. Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру*

Пән мазмұны адамзаттық өркениетке бет түзеген егемен елдің мұддесіне сай асқақ руханият пен мәдени-эстетикалық мұраны игеру мен дамыту бағдарында терең танып білу және қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында белсенді, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін жан-жақты дамыған, өзіндік көзқарасы қалыптасқан дара тұлға қалыптастыру мақсатына жұмылдырылады.

Қазақ әдебиеті пәннің оқушыларды тәрбиелеу мен дамытудағы рөлі аса ауқымды. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Рухани жаңғыру» идеясы негіздерінің құндылықтарын «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады.

#### *«Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын:*

«Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық» принципі бойынша пән мазмұнындағы ел тәуелсіздігі жолындағы күрестер тарихы арқылы тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғауға;

«Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры» принципі (Қазақстан халқы Ассамблеясы тақырыбы аясында) бойынша халқымыздың бірлігі пен этносаралық татулығын сақтауға; Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге;

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы» принципі бойынша ел мен жерді қорғау үшін болған тарихымыздағы соғыстарды зерделеу арқылы ата-баба аманатына адап болып, ұлан-тайыр жерімізді қорғауға;

«Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі» принципі бойынша. ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды, ұлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануға;

«Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі» принципі бойынша тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану, мәдениетімізді зерделеп, өзге жүртқа насиҳаттай білуге;

«Білім мен еңбек – бакуатты өмірдің кілті» принципі бойынша табыстың кілті ретінде үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуге;

«Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі» принципі бойынша білім алушыларды барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға тәрбиелеуді пән мазмұнында қамтылған тақырыптарды менгертуде жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болады.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пифылдың, әртүрлі типтегі кемсітүшіліктің алдын алууды қарастырады.

Оқыту процесіндегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін «Оқуға құштар мектеп», «Тарих тағылымы», «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласын іске асыруды жалғастыру ұсынылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы білім алушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насиҳаттауға бағытталған. Жоба аясында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру мақсатында мектеп жанындағы кітапханалар қажетті көркем әдебиеттермен толық қамтамасыз етіледі. Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болып отыр.

Білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында «Кітап әуесқойы», «Өзің оқып, өзгеге ұсын», «Оқы және өзгеге сыйла» және т.б. акциялар өткізу ұсынылады.



### Назар аударының!

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыйнаптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында атальып өтілемтін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

1. Қаз дауысты Қазыбек бидің тұганына – 355 жыл;
2. Дулат Бабатайұлының тұганына – 220 жыл;
3. Ахмет Байтұрсынұлының тұганына – 150 жыл;
4. Мұхтар Әуезовтің тұганына – 125 жыл;
5. Габиден Мұстафиннің тұганына – 120 жыл;
6. Мәнишук Мәметованың тұганына – 110 жыл;
7. Зейін Шашкиннің тұганына – 110 жыл;
8. Жұмағани Саинның тұганына – 110 жыл,
9. Әзілхан Нұришайықовтың тұганына – 100 жыл;
10. Сырбай Мәуленовтің тұганына – 100 жыл;
11. Сафуан Шаймерденовтің тұганына – 100 жыл;

12. Зейнолла Қабдоловтың туганына – 95 жыл;
13. Шерхан Мұртазаның туганына – 90 жыл;
14. Төлен Әбдіковтің туганына – 80 жыл;
15. Дүкенбай Досжановтың туганына – 80 жыл;
16. Дулат Исабековтің туганына – 80 жыл
17. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – **30 жыл.**

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыйыптағы және сыйыптан тыс жұмыстар күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға бағытталуы қажет. Шығармашылық жұмыстар әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау білігін қалыптастыруды нысана тұтып, оқытуудың қай түрі болмасын оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз. Міндettі оқытылатын әдеби білім мазмұнмен ғана шектелмей, сонымен бірге қосымша әдеби шығармаларды өздігінен оқуға дағдыландыру оқушылардың нәтижелі білім алуының барлық мүмкіндіктерін көрсетпек.

*Мектепте сыйыптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:*

- мекемелерде, табигат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабактар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабактар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабактарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. үйымдастыру.

Сыйыптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін қеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

## 7. «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛМЕЙТИН СЫНЫПТАР ҮШІН), 1-11 СЫНЫПТАР

### «Қазақ тілі» пәнін оқытудың ерекшеліктері, 1-4 сыйыптар

*1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Қазақ тілі» (1-4-сыйыптар) міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

*2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлайтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру,

тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – еліміздегі халықтар бірлігінің негізгі факторы, ұлтаралық қарым-қатынастың ұйытқысы. Бұгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінен көп тілді менгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етуде.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары негізінде (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген) жүзеге асырылады:

- негізгі үлгілік оқу жоспарлары;
- төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары.

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады (7.1-7.2-кесте).

7.1-кесте – 1-4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1	Қазақ тілі	2	70	2	70
2	Қазақ тілі	3	108	2	72
3	Қазақ тілі	3	108	3	108
4	Қазақ тілі	4	144	3	108

7.2-кесте – 1-4-сыныпта оқыту өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1	Қазақ тілі	2	70	2	70
2	Қазақ тілі	2	72	2	72
3	Қазақ тілі	3	108	2	72
4	Қазақ тілі	3	108	2	72

3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

2022-2023 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу қажет.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытууды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсүін жетілдіруді және дүниетанымдық дағыларын кеңейтуді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде емес) бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Тілдерді менгерудің жалпыеуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) ескере отырып құрастырылды; білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым A1, A2 (бастапқы) деңгейінде менгереді.

Мұғалім сабак барысында оқушылардың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруға баса назар аударады. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарда сабак сайын сөздік диктант пен көшіріп жазуды өткізуге болады. Бұл жазба жұмыстары оқушылардың сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Төменде жазба жұмыстары келтірілген (7.3-кесте).

### 7.3-кесте. Жазба жұмыстарының нормалары

Жазба жұмыстарының	Сыныптар			
турлері	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	3-5 сөз	5-7 сөз	7-9 сөз	9-10 сөз
Диктант	-	15-20 сөз	20-30 сөз	30-40 сөз
Көшіріп жазу	9-12 сөз	12-16 сөз	16-20 сөз	20-25 сөз

4. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптары

«ҚР БГМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйріғымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу дің үлгілік қағидаларына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2022 жылғы № 193 бүйріғының 4-тармағына сәйкес «Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабакта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе құнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады. 2-11 (12) сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады.

9-тармағына сәйкес БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес болуы керек.

12-тармағына сәйкес БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып педагог өзі дайындаиды.

Ағымдағы жылғы білім алушылардың жиынтық жұмыстары мектепте сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

#### 7.4-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
2-сынып	2*	2*	2*	2*
3-сынып	2*	2*	2*	2*
4-сынып	2*	2*	2*	2*

\* Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу әрекетінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

Максимальный балл за СОР должен составлять не менее 7 и не более 20 баллов в 5-11(12) классах.

Учителю важно знать, что при проверке суммативных работ обучающихся за раздел/четверть и выставлении итоговых баллов нельзя учитывать помарки, в том числе помарки при оформлении условий учебных заданий.

Рекомендуется устанавливать баллы за СОЧ самостоятельно учителем в зависимости от сложности темы, раздела.

*5 Темы элективных курсов по учебному предмету, проводимых за счет вариативного компонента Типовых учебных планов.*

Можно рекомендовать следующие темы элективных курсов:

- Комплексный анализ текста.
- Культура общения.
- Секреты публичного выступления.
- Особенности делового письма.
- Условия успешной коммуникации.
- Духовно-нравственные ценности в русской и зарубежной литературе.
- Секреты языка художественного текста.
- Литература как искусство слова».
- Классика и современность.
- Основы поэтики: теория и практика анализа художественного текст.

*6 Темы для обсуждения на методических объединениях учителей по учебному предмету*

Восполнение пробелов в знаниях обучающихся.

Совершенствование индивидуальной работы со слабоуспевающими.

Формативное оценивание.

Адаптация учебных программ для обучающихся с особыми образовательными потребностями.

Реализация проектов «Читающая школа», «Дебаты», «День самоуправления», «Школьный театр».

Формирование функциональной грамотности.

Формы и приемы работы с текстом.

Развитие речи учащихся при изучении грамматических тем.

## *7 Повышение образовательного потенциала содержания дисциплины и учебного процесса.*

Основное внимание следует обратить повышению качества знаний обучающихся и формированию читательских умений.

В классах с нерусским языком обучения при восполнении знаний следует интегрировать содержание сложных тем программы предыдущего учебного года (языковой и литературоведческий материал) и программы этого учебного года, так как необходимо проведение практической работы по использованию изученного материала и выполнение учебных заданий, направленных на формирование функциональной грамотности.

Восполнение пробелов знаний можно обеспечить через практическую работу по направлениям: языковой материал; типы текста; стиль текста; литературоведческий материал.

К основным читательским действиям относятся найти и извлечь (информацию); интегрировать и интерпретировать (сообщения текста); осмыслить и оценить; использовать информацию из текста.

Основные читательские умения:

- понимать фактологическую информацию (сюжет, последовательность событий и т.п.);
- понимать смысловую структуру текста (определять тему, главную мысль);
- понимать значение неизвестного слова или выражения на основе контекста;
- устанавливать скрытые связи между событиями или утверждениями (причинно-следственные отношения, сходство – различие и др.);
- соотносить визуальное изображение с вербальным текстом;
- формулировать выводы на основе обобщения отдельных частей текста;
- понимать концептуальную информацию (авторскую позицию и т.п.).

Формированию данных умений помогут различные стратегии чтения (определенные приемы работы с текстом, группы действий и операций, применяемых для полноценного освоения содержания текста на каждом этапе чтения): «Чтение про себя с вопросами»; «Чтение про себя с остановками»; «Чтение про себя с пометками»; «Дневник двойных записей»; «Фишбон – рыбья кость» (елочка); «Мышление под прямым углом»; «Дерево предсказаний».

## **10. ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ («АҒЫЛШЫН ТІЛІ», «НЕМІС ТІЛІ», «ФРАНЦУЗ ТІЛІ») ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 2-11 СЫНЫПТАР**

*1 Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Шет тілі» («Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3

тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Білім беру үйымдарында шетел тілін таңдау құқығы берілген. Олар: «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі». Тілді таңдауды жалпы білім беретін білім алушылардың қажеттіліктерін және ата-аналардың пікірін ескере отырып жүзеге асырады. Оқу жоспарлары мен журналдарда оқытылатын шетел тілі көрсетіледі. Шетел тілді деңгейлеп менгеруге бағдарланған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығының 33-тармағына сәйкес білім беру үйымдарында сыныпты екі топқа бөлу 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады.

### *2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру үйымдарындағы оқу процесі «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады (өзгерістері және толықтырулар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен енгізілген).

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде «Шетел тілі» пәнін оқытуға бөлінетін оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты әртүрлі болады (10.1-кесте).

10.1-кесте. 2-11-сыныптарға арналған «Шетел тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
<i>оқытылуы қазақ, орыс тілдерінде</i>					
2-4	Шетел тілі	2	72	2	72
5-9	Шетел тілі	3	108	3	108
ҚГБ 10-11	Шетел тілі	3	108	3	108
ЖМБ 10-11	Шетел тілі	3	108	2	72
<i>оқытылуы үйгыр, өзбек, тәжік тілдерінде</i>					
2	Шетел тілі	2	72	1,5	54
3-4	Шетел тілі	2	72	2	72
5-9	Шетел тілі	2	72	2	72
ҚГБ 10-11	Шетел тілі	3	108	2	72
ЖМБ 10-11	Шетел тілі	3	108	2	72

Оқу жылдары ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

### *3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Негізгі үлгілік оқу бағдарламада 2-11 сыныптарға арналған «Шетел тілі» пәні бойынша сөйлеу қызметінің барлық: тындалым, айтылым, оқылым, жазылым және тілді пайдалану сынды дағдылар қамтылып, оларды дамытууды көздейді. Бағдарламаның лексикалық және грамматикалық құрылымы қарапайымнан күрделіге дейінгі принципті қамтиды.

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу бағдарламалары пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Бұл оқу бағдарламаларында да, ұзақ мерзімді жоспарда да тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей, сол тоқсанда игерілуі тиіс.

2-11-сыныптарына арналған «Шетел тілі» оқу пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БФМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында <https://uba.edu.kz/> орналастырылған.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің деңгейлердің 2-11-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнінен Үлгілік оқу жоспары ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған. Ұзақ мерзімді жоспарда бөлімдер мен тақырыптарды менгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілмеген. Бөлімшелерге арналған сағат санын бөлуді ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагог өзі немесе педагогтер ұжымы бірлесіп әзірлейді. Әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспар мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітіледі.

«Шетел тілі» пәннің оқу бағдарламары білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпы европалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді (10.2.кесте)

**10.2-кесте - «Шетел тілі» пәннің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тілдік деңгейлері**

<b>Сынып</b>	<b>Пән бойынша тілдік деңгей</b>
<b>«Ағылшын тілі»</b>	
2 сынып	A1 low (төмен)
3 сынып	A1 mid (орташа)
4 сынып	A1 high (жоғары)
5 сынып	low-mid A2 (ортадан төмен)
6 сынып	mid-high A2 (ортадан жоғары)
7 сынып	low B1 (ортадан төмен)
8 сынып	mid B1(төмен)
9 сынып	high B1(жоғары)
10 сынып	B2 low –mid (ортадан төмен)
11 сынып	B2 (жоғары)
<b>«Неміс тілі», «Француз тілі»</b>	

2-4 сынып	A1
5-9 сынып	A2
10-11 сынып	B1 (орташа - B1.2)

*Бастауыш білім беру деңгейіндегі «Шетел тілі» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың ойын және танымдық іс-әрекет арқылы тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң көзқарасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, сөйлеу материалы ретінде мәтінмен жұмыс істей білу қабілетін дамытуға, нақты жағдайларда мәтіннен сөздер мен сөз тіркестерін пайдалануға бағытталған.*

2-4 сыныптарда «Шетел тілі» пәнін оқу білім алушылардың тілдің A1 деңгейін:

- білім алушылардың шығармашылық ойлауын талдау, бағалау және дамытуға ықпал ететін әртүрлі тапсырмалар;
- әр түрлі қызықты және ынталандыратын мазмұндағы ауызша және жазбаша дереккөздер арқылы менгеруге бағытталған.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Шетел тілі» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес олардың тілдік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді; қазіргі әлемде шетел тілдерін оқытудың маңыздылығын түсіну; рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту; көптілді және көп мәдениетті әлемнің тұтас бейнесін, ұлттық құндылықты түсіну; өз елінің және әлем мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды құрметтеуге тәрбиелеу ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет-ресурстармен өз бетінше жұмыс істей білу; шығармашылық және сынни ойлауды дамыту және пайдалану.

Негізгі орта білім деңгейі аяқталғаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша B1 тілдік деңгейіне, «Неміс тілі» және «Француз тілі» оқу пәндері бойынша A2+ тілдік деңгейіне жетуі тиіс.

5-9-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнін оқыту:

- білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды саналы менгеруді қамтамасыз етуге;
- әртүрлі тапсырмалар арқылы тілдің A2-B1 деңгейін менгеруге;
- оқу бағдарламалары оқу процесінің оқу пәнінің әдістемелік әлеуетін кеңейтуге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған.

*Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Шетел тілі» оқу пәнінің мазмұны мемлекеттік тіл мен Отаның қастерлей және сүйе отырып, көптілді, көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға; әртүрлі түпнұсқалық мәтіндердің мазмұны арқылы сөздік қорын байытып, коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіруге; түрлі тілдік коммуникативтік құзыреттілікті менгеруге шығармашылық көзқарас пен зерттеу жұмысы дағдыларын дамытуға бағытталған.*

10-11 сыныптарда «Шетел тілі» пәнін оқыту білім алушылардың «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша B2 тілдік деңгейіне, «Неміс тілі», «Француз тілі» оқу пәндері бойынша B1 тілдік деңгейіне қол жеткізуғе бағытталған.

B1 және B2 сияқты жоғары деңгейде шетел тілін оқыту кезінде оқытылатын тілдің сөйлеу нормаларын, шетел тіліндегі ақпарат қөздерімен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге; білім алушыларды өз бетінше білім алуға дайындауға, сондай-ақ шет тіліндегі қарым-қатынастың жеке тәжірибесін алуға; мәдениетаралық коммуникация процесінде талап етілетін жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Білім мазмұны бойынша білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес «Шетел тілі» оқу пәні бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Шетел тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастыру коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбаттар, рөлдік ойындар, пікірталастар, пікірталастар, конференциялар, байқаулар, драматургиялар және т.б.) жан-жақты пайдалануды көздейді. Сондай-ақ, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және сабактан тыс қызметтің кең мүмкіндіктерін белсенді пайдаланған жөн, бұл шетел тілін үйренуге ынталандыруды арттыру, білім алушылардың танымдық қызметтің жандандыру, олардың тілдік өзара іс-қимыл белсенділігін арттыру, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасауға ықпал ететін болады.

*Шетел тіліндегі сабактан тыс жұмыс тәрбиелік және дамытушылық мәнге ие.* Бұл жұмыс шетел тілі бойынша білімді тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың мәдени дүниетанымын кеңейтуге, олардың шығармашылық белсенділігін, эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етеді және басқа елдің тілі мен мәдениетін окуға деген ынтасын арттырады. Сондай-ақ, оқытудың практикалық, тәрбиелік, білім беру және дамытушылық мақсаттарын неғұрлым толық жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.

Шетел тілін оқытуда сабактан тыс жұмыстардың төмендегідей түрлері ұсынылады: тақырыптық ойын кештері; елтану үйірмелері; шетел тілдері апталығы; видеоклубтар, тілдік батыру орталықтары; шетел тіліндегі театр қойылымдары және т.б.



### Назар аударыныз!

9-11 сынып білім алушыларына қазақтың [акыны](#), әдебиеттанушы галым, [туркітанушы](#), публицист, [педагог](#), аудармаши, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының тұганына – 150 жыл толуына орай эссе жазу ұсынылады.

4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жисынтық бағалаудың саны

Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ҚР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына «Орта білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуіндің үлгілік қағидалары» сәйкес жүргізіледі.

БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өзі дайындайды.

«Шетел тілі» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тындалым (тындалым), айтылым, оқылым, жазылым) бойынша жүргізіледі. Жиынтық бағалауда бөлім / ортақ тақырып үшін сөйлеу әрекетінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тындалым және айтылым; оқылым және жазылым).

Тындалым (тындалым) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта бойы сабакта жүргізіледі. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі жасайды.

БЖБ үшін максималды балл 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

Төменде бөлім / ортақ тақырып үшін жиынтық бағалау рәсімдерінің саны берілген (10.4-кесте).

#### 10.4-кесте. «Шетел тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жиынтық бағалау тәртібінің саны бөлім/ортақ тақырып үшін			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
2-сынып	2	2	2	2
3-сынып	2	2	2	2
4-сынып	2	2	2	2
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2
10-сынып	2	2	2	2
11-сынып	2	2	2	2

Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 7-11-сыныптардың оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

*«Шетел тілі» пәні бойынша қорытынды аттестаттау*

Қорытынды аттестаттау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бүйрүғымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне

ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына, сонымен қатар қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулыққа сәйкес өткізіледі

*5. Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары*

Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Шетел тілі» пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстың төмендегідей тақырыптары ұсынылады:

«Дыбыстар сөйлейді» курсы. 2-4 сыныптар фонетикасы.

Курста шетел тіліндегі білім алушылар әріптер мен дыбыстардың қалай оқылуы, айтылуы және жазылуы жайлы өз білімін жетілдіреді, оқуда қолданады.

«Білім алушылардың жазбаша тілін жазылым дағдысы арқылы дамыту» курсы білім алушылардың ойлау қабілетін, шығармашылық қабілеттерін жазылым арқылы дамытуға ықпал етеді.

«Ынталану оқу» курсы оку процесіне қызығушылыкты дамытуға, білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуға, әлем әдебиеттермен жұмыс істей білуге бағытталған.

«Шетел тілі біздің айналамызда» курсы білім алушыларға оқытылатын шетел тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, күнделікті өмір жағдайында сөйлеу дағдыларын жаттықтыруға мүмкіндік береді. Ол күнделікті қолданылатын сөйлемдер арқылы шетел тілінің лексикасын дамытуға ықпал етеді.

«Елтану сабагы» курсы елтану сипатындағы білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, Қазақстан және басқа елдер, олардың географиясы, сол елде тұратын халықтар, көрікті жерлер, салт-дәстүрлер туралы білімдерін тереңдетуге ықпал етеді.

«Әлемге саяхат» курсы білім алушыларды белгілі бір елдердің, сондай-ақ ірі аумақтар мен құрлықтардың табигаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті, әлеуметтік құрылымы, т.б. туралы мәліметтерді жинақтау, қызығушылығын арттыру, қазақ халқының салт-дәстүрімен салыстыруға үйретеді.

10-11 сыныптарға арналған «Жеке жоба бойынша нұсқаулық» курсы білім алушылардың ойлауын дамытуға, шет тілінде дұрыс сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруға; шет тілінде іскерлік қызметпен байланысты лексиканы зерделеуге, одан әрі сауатты пайдалануға ықпал ететін сөздік қорын байытуға бағытталған.

10-11 сыныптарға арналған «Іскерлік шет тілі» курсы іскерлік шетел тілін оқытуға, кәсіптік терминдерді, іскерлік этиканы, хаттарды, білім алушылар кәсіптік қызмет процесінде қажеттілігіне қарай қолдана алатын іскерлік сөйлеу ерекшеліктерін зерделеуге бағытталған.

«Көркем мәтін және аударма» курсы білім алушыларда көркем мәтінді бір тілден екінші тілге және көрініше аудару негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Эссе және оның түрлері» курсы сини ойлауды дамытуға, ойлар тізбегін реттеуге, өз пікірін білдіруге және негіздеуге бағытталған.

«Ақпараттық шетел тілі» курсы ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, білім алушылардың шет тіліндегі білімін терендетуге және жүйелеуге, оларды дербес шығармашылық ойлауға тартуға, ақпаратты өндіру кезінде талдау және синтездеу әдістерін қолдануға бағытталған.

6. *Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

Оқу жылы бойы «Шетел тілі» оқу пәні педагогтернің әдістемелік бірлестігінің отырыстарында олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша келесі мәселелерді қарастыру ұсынылады:

1. Шетел тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін жүзеге асыру.

2. Шетел тілін оқытудағы инновациялар және сабактан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Шетел тілі сабактарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

4. Шетел тілі сабактарында білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәсілдері.

5. Шетел тілі сабактарында жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

6. Интернеттегі білім беру платформаларын негізгі шетел тілі оқулығына қосымша тапсырмалардың тиімді көзі ретінде қарастыру.

7. Білім алушылардың шетел тілі бойынша қорытынды аттестаттауға сапалы дайындығын қамтамасыз ету.

8. Шетел тілі мұғалімінің тәжірибесінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен жұмысын ұйымдастыру.

9. Үлгерімі тәмен білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру.

7. *Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру*

«Шетел тілі» пәнін оқытуда білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі тетігі – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар екенін есте ұстау аbzal. Сол үшін «Шетел тілі» пәні бойынша «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – «Мәңгі ел» тұжырымдамалық идеологиясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Оқыту білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және «толық адам» кемелді адамның қасиеттерін өмірге енгізуге ұмтылуға, этносаралық және мәдениетаралық коммуникация жағдайында толеранттылық пен қарым-қатынас жасай білуді дамытуға бағытталуы тиіс.

Оқыту процесіндегі «Шетел тілі» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін әр деңгейге сәкес менгеріп жатқан тілінде коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбаттар, рөлдік ойындар, пікірталастар, пікірталастар, конференциялар, байқаулар, драматургиялар және т.б.) жан- жақты пайдалануды көздейді. Тақырыптардың мазмұны отансұйғыштік, адамгершілік, ізгілік, адалдық, еңбеккорлық, досшыл болуға бағытталуы ұсынылады.

Жоғары сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне және жеке мұдделеріне жауап беретін шетел тілі сабактарында түпнұсқалық материалдарды пайдалану. Кәсіптік бағдар беру элементтерімен, таңдалған

мамандықтың ерекшеліктерімен және болашақ мамандықты игерудегі шет тілінің рөлімен танысады, ғылыми - техникалық және мәдени прогреске қол жеткізуді, таңдаған маман саласындағы жалпы білім көкжиегін кеңейтуді қамтамасыз етуге бағытталады.

## **11. «МАТЕМАТИКА», «АЛГЕБРА», «АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ», «ГЕОМЕТРИЯ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 5-11 СЫНЫПТАР**

### *1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес 5-6 сыныптарда «Математика» пәні, 7-9 сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия», 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндері оқытылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен енгізілген) бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқу пәндері бойынша сабактар өткізу кезінде 10-11 сыныптарда оқытудың екі бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан, қалалық, ауылдық білім беру үйымдарында, шағын жинақты мектептерде рұқсат етіледі.

### *2. Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндеріне бөлінген оқу жүктемелері «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген. Осы бұйрыққа сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесінде Үлгілік оқу жоспарының екі түрі: Үлгілік оқу жоспарлары және төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қолданылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру үйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдалап алады. Сондықтан, Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Геометрия» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі.

Үлгілік оқу жоспарларының түрлері бойынша 5-6 сыныптардағы «Математика» пәніне, 7-9 сыныптардағы «Алгебра» және «Геометрия», 10-11 сыныптардағы «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндеріне бөлінген апталық оқу жүктемелері 11.1-кестеде көрсетілген.

11.1-кесте – Апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Математика	5	180	5	180
6	Математика	5	180	5	180
7	Алгебра	3	108	3	108
7	Геометрия	2	72	1	36
8	Алгебра	3	108	3	108
8	Геометрия	2	72	1	36
9	Алгебра	3	108	3	108
9	Геометрия	2	72	1	36
10 (ЖМБ)	Алгебра және анализ бастамалары	4	144	4	144
10 (КГБ)	Алгебра және анализ бастамалары	3	108	3	108
10 (ЖМБ)	Геометрия	2	72	2	72
10 (КГБ)	Геометрия	1	36	1	36
11 (ЖМБ)	Алгебра және анализ бастамалары	4	144	4	144
11 (КГБ)	Алгебра және анализ бастамалары	3	108	3	108
11 (ЖМБ)	Геометрия	2	72	2	72
11 (КГБ)	Геометрия	1	36	1	36

Оқу жылшының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және курделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.



**Назар аударыңыз!**

Егер білім беру үйімі төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдаған жағдайда 7-11 сыныптарда **вариативтік компонент есебінен** білім алушылардың қажеттілігіне қарай таңдау пәндері ретінде инварианттық компоненттің кез-келген пәндерін қосымша оқытуға болады.

7–9-сыныптарда **вариативтік компонент есебінен таңдау** пәндері оқытудың мақсаты – білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету, бұл пәндерге 3 сағат бөлінген. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8

қарашадағы № 500 бұйрығында инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациялары берілген. Комбинациялардың ішінде «Алгебра», «Физика» және «Алгебра», «География» оқу пәндерінен тұратын комбинациялар бар. Сонымен қатар, білім алушылардың қажеттілігіне қарай үшінші таңдау пәні ретінде «Геометрия» пәні қосымша оқытылуы мүмкін.

10–11-сыныптарда вариативтік компонент есебінен тағдалатын инварианттық пәндерді оқытуға барлығы 4 сағат бөлінген. Осыған орай, осы сыныптарда білім алушылардың қажеттілігіне қарай «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» оқу пәндері оқытылуы мүмкін.



### **Назар аударыңыз!**

Төмendetілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша 7–11-сыныптарда вариативтік компонент есебінен білім алушылардың қажеттілігіне қарай инварианттық компоненттен таңдаңдалған пәндер тізімі міндетті түрде білім беру үйімінің педагогикалық кеңесінде бекітілуі тиіс.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Математика» (5-6 сыныптар), «Алгебра» (7-9 сыныптар), «Геометрия» (7-11 сыныптар), «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11 сыныптар) пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастыруда Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://uba.edu.kz/> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек. Қолданыстағы оқу бағдарламалары түрлеріне қарай сыныптар бойынша 11.2-кестесінде берілген.

11.2-кесте – Қолданыстағы оқу бағдарламалары бекітілген бұйрықтар

Үлгілік оқу бағдарламаларының түрлері	Сынып	Атауы
Үлгілік оқу бағдарламасы	5-9	Математика (5-6 сыныптар), Алгебра (7-9 сыныптар), Геометрия (7-9 сыныптар)
	10-11	Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия (10-11 сыныптар, ЖМБ, ҚГБ)
Үлгілік оқу бағдарламасы (оқу жүктемесі төмendetілген)	7-9	Геометрия 7-9 сыныптар,

Төмendetілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу бағдарламалары да пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Бұл оқу бағдарламаларында да, Ұзақ мерзімді жоспарда да

тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей сол тоқсанда игерілуі тиіс.

«Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында білім алушыларға анықтамалықтарды қолдану, оку, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу; математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру; игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графiktік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау; математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

Білім алушылардың оку-ақпараттық құзыреттілігін дамыту мақсатында жобалық жұмыс арқылы ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуге ерекше назар аударылуы тиіс. Жобамен жұмыс істейтін оқушылар жеке немесе топта жұмысты жоспарлау, мақсат қою, қажетті ақпаратты іздеу, гипотезаны ұсыну және дәлелдеу, эксперимент жүргізу, атқарылған жұмыс туралы нәтижелерді ұсыну, талдау және бағалау жұмыстарын орындау, сондай-ақ өз жобасын шебер қорғау керек.

Пәнге деген қызыгуышылтықты арттыру мақсаттарының бірі білім алушылардың жобалық іс-әрекеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оку сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оку пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

Пәндерді оқыту процесінде білім сапасын жетілдіру мақсатында жеке тұлғаға бағытталған проблемалық оқыту, саралап оқыту тәсілдерін, сонымен қатар іс-әрекет түрлері мен тапсырмаларды ұқыпты іріктеу арқылы дамыта оқыту тәсілдерін қолдану ұсынылады.

*5-6-сыныптар, «Математика» оқу пәні, 7-9-сыныптар, «Алгебра» оқу пәні.*

Оқу бағдарламасы бойынша 5-9-сыныптарда «Математикалық моделдеу және анализ» бөліміне баса назар аударылған. Әр бөлімді игерген кезде мәтінді есептерді шығару ұсынылады. Функционалды сауаттылықты дамытуға арналған, практикаға бағытталған тапсырмаларды орындауға көңіл бөлінген.

*7-9-сыныптар, «Геометрия» оқу пәні.*

Үлгілік оқу бағдарламасы (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша 7-9-сыныптарда «Геометрия» оқу пәнінен әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылатын бөлімдер толығымен қалдырылған, айырмашылық бөлімше бойынша оқыту мақсаттарына өзгерістер енгізілген. Оқыту мақсаттарына

қойылатын басты талап сәйкес теореманы, қасиетті білу және қолдану. Апталық оқу жүктемесінің азайтылуына байланысты теоремалар мен формулаларды қорытып шығару мақсаты білім алушылардан талап етілмейді.

Сонымен қатар, кейбір бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, кейбір оқыту мақсаттарының реті өзгертілді.

7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшеттіледі.

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартышылдыққа қойылады.

#### *10-11-сыныптар, «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні*

11.1-кестеден көріп отырғандай, «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша апталық оқу жүктеме жаратылыстану-математика бағытында 4 сағатты, қоғамдық-гуманитарлық бағытта 3 сағатты құрайды.

10-11-сыныптарда «Геометрия» оқу пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшеттіледі.

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес білім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (өзгерістер ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген) негізінде жүргізіледі.

Осы бұйрықтың 11 тармағына сәйкес «Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартышылдыққа қойылады». Яғни, Үлгілік оқу жоспарларында бөлінген апталық оқу жүктемесіне қарай жүргізілетін БЖБ және ТЖБ «Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндері бойынша 11.3-кестесінде көрсетілген.

#### 11.3-кесте – Апталық оқу жүктемесіне қарай БЖБ және ТЖБ туралы

Пәннің атауы	Сыныптар	Үлгілік оқу жоспары	Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)
Математика	5-6		БЖБ, ТЖБ
Алгебра	7-9		БЖБ, ТЖБ
Геометрия	7-9	БЖБ, ТЖБ	БЖБ, жартышылдық
Алгебра және анализ бастамалары	10-11 (ЖМБ)		БЖБ, ТЖБ
	10-11 (ҚГБ)		БЖБ, ТЖБ
Геометрия	10-11 (ЖМБ)		БЖБ, ТЖБ



## Назар аударыныз!

1. Төмендөтілген оқу жүктемесі бойынша 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі I сағатты құрайды. Сондықтан, осы сыныптарда «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

2. Көгамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі I сағатты құрайды. Сондықтан, осы сыныптарда «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

3. Вариативтік компонент есебінен таңдалған 7-11-сыныптардағы оқу пәндері бойынша (инварианттық компоненттегі таңдау пәндері) жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

«Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндерінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізу барысында «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (өзгерістер ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген) келесі пункттеріне міндетті түрде назар аудару қажет:

✓ 9. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді; БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек;

✓ 12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортак тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып-зerdelegен жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

БЖБ сандарын анықтау барысында 5-11-сыныптарда әрбір тоқсан бойынша қарастырылатын бөлімдер саны ескерілді.

«Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндерін бойынша БЖБ-ның ұсыныс түрінде берілген саны 11.4-кестеде көрсетілген.

### 11.4-кесте – Пәндер бойынша БЖБ саны

		Үлгілік оқу жоспары			
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	Математика	3	2	3	2
6-сынып	Математика	2	2	3	3
Төмендөтілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары					

		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	Математика	3	2	3	2
6-сынып	Математика	2	2	3	3
<i>Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	Алгебра	2	2	2	1
8-сынып	Алгебра	1	2	3	1
9-сынып	Алгебра	2	2	2	2
<i>Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	Алгебра	2	2	2	1
8-сынып	Алгебра	1	2	3	1
9-сынып	Алгебра	2	2	2	2
<i>Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	Геометрия	1	1	1	1
8-сынып	Геометрия	1	1	1	1
9-сынып	Геометрия	1	1	1	1
<i>Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	Геометрия	1	1	1	1
8-сынып	Геометрия	1	1	1	1
9-сынып	Геометрия	1	1	1	1
<i>Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	2
10-сынып ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	2	1
10-сынып ЖМБ	Геометрия	1	1	2	1
10-сынып ҚГБ	Геометрия	1	1	2	1
<i>Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	2
10-сынып ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	2	1
10- сынып ЖМБ	Геометрия	1	1	2	1
10- сынып ҚГБ	Геометрия	1	1	2	1
<i>Үлгілік оқу жоспары</i>					
		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

11-сынып ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	3	1
11-сынып ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	1	2	2	1
11-сынып ЖМБ	Геометрия	1	1	1	1
11-сынып ҚГБ	Геометрия	1	1	1	1
<i>Төмөндөтілген оқу жүктемесімен Улгілік оқу жоспары</i>		1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
11-сынып ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	3	1
11-сынып ҚГБ	Алгебра және анализ бастамалары	1	2	2	1
11- сынып ЖМБ	Геометрия	1	1	1	1
11- сынып ҚГБ	Геометрия	1	1	1	1

*Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары*

Элективті курстар оқу пәнін терендегуге бағытталған. Пәннің Улгілік оқу бағдарламасына кіретін негізгі курстың жеке бөлімдерін терендептіп оқытады.

Сонымен қатар білім беру процесін жаңдандыруға және жекелендіруге арналған. Әдетте, бұл курстар стандартты бағдарламадан алуға болмайтын терен білім береді.

Элективті курстардың функциялары мен міндеттері өте кең:

- ✓ бейінді оқу пәндерінің бірін, оның бөлімін менгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- ✓ пәнаралық негізде оқу пәндерін игеруге қызмет етеді;
- ✓ базалық оқу пәндерінің біреуін (немесе бірнешеуін) менгерудің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- ✓ іс жүзінде маңызды мәселелерді шешу үшін іс-әрекеттің дағдылары мен әдістерін қалыптастыруға қызмет етеді;
- ✓ кәсіптік бағдар беру жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етеді;
- ✓ танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыруға, өмірлік маңызды мәселелерді шешуге ықпал етеді;
- ✓ білім алушыларындаң еңбек нарығында табысты ілгерілеуі үшін білім беру нәтижелерін алуға ықпал етеді.

*Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын тақырыптар*

Әдістемелік бірлестік үлгілік оқу бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ететін мектептің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ол оқытудың заманауи деңгейін қамтамасыз ету және жас үрпақты оқыту сапасын арттыру, жалпы білім беру мекемесіндегі оқу процесін жетілдіру мақсатында өзара көмек көрсетуді үйімдастыру үшін құрылады.

Оқу жылы ішінде мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінің кемінде 4 отырысы, яғни тоқсанына бір рет өткізу ұсынылады. Әдістемелік бірлестікте қарастырылатын мәселелер мұғалімдердің қажеттілігіне қарай анықталады.

Математика пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастыруға ұсынылатын тақырыптар:

- ✓ Сабакты талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы;
- ✓ Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін білім беру процесін үйімдастыру;
- ✓ Математиканы оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі;
- ✓ Пәндік және метапәндік нәтижелерді диагностикалау жүйесі;
- ✓ Факультативтік сабактар мен элективті курстарды үйімдастыру.

## 12. «ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» 1-4 СЫНЫП, «ИНФОРМАТИКА» ПӘНДЕРИН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 1-11 СЫНЫПТАР

*1 Жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгерістер мен толықтыруулар*

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығына сәйкес білім беру үйімдарында «Цифрлық сауаттылық» (1-сыныптан басқа), «Информатика» пәндерін оқыту кезінде сыныпты еki топқа бөлу сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған кезде жүзеге асырылады.

1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда сынып бөлінбейді.

*2 Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтыруулар*

2012 жылғы 8 қарашадағы № 500, соңғы өзгерістер мен толықтыруулар 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бүйрығымен енгізілген, Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1-сыныпта, аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 19 сағатты;

2-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

3-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

4-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

«Информатика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

5-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағат;  
6-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағат.  
7-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағат;  
8-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағат.  
9-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағат.

10-11-сыныптарда «Информатика» оқу пәнін оқытуға бөлінген апталық жүктеме:

- қоғамдық-гуманитарлық бағытта 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағат;
- жаратылыстану-математикалық бағытта 2 сағаттан, оқу жылында 72 сағат.

1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

### *3 Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Цифрлық сауаттылық», «Информатика» оқу пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Ұзақ мерзімді жоспарда бөлімшелер мен тақырыптар тоқсандарға бөлініп көрсетілген. Тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге бөлінетін сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелер арасында сағат санын бөлу практик-педагогтердің еркінде, бірақ материал көрсетілген тоқсанда толық оқытылуы тиіс.

### *4 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар сонында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады. Білім алушы оқыту мақсаттары бойынша практикалық тапсырмаларды орындаған жағдайда «есептелді» қойылады.

Пәннің оқу бағдарламасы бойынша 6, 7, 8, 9-сыныптарда 3-тоқсанда бір ғана «Phyton программау тілінде программау» бөлімі оқытылады. Білім алушылардың бөлім бойынша оқу мақсаттарын игеру деңгейлерін нақты анықтау үшін аталған бөлім бойынша екі жиынтық бағалау өткізу ұсынылады.

Аталған ұсынысты ескере отырып оқу жылының тоқсандары бойынша жиынтық бағалау саны 12.1-кестеде берілген.

#### **12.1-кесте. «Информатика» пәні бойынша жиынтық бағалау саны»**

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны
-------	------------------------------------

	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
5 сынып	1	1	2	1
6 сынып	1	1	1	1
7 сынып	2	1	1	1
8 сынып	2	1	1	1
9 сынып	2	1	1	1
10 сынып ҚГБ	2	1	1	1
11 сынып ҚГБ	1	1	2	1
10 сынып ЖМБ	2	1	1	1
11 сынып ЖМБ	1	2	2	1

ҚР БФМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың ұлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) төмендегі тармақ енгізілген:

11. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі ретten артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылда қойылады.

Осы тармаққа сәйкес:

- 5-9 сыныптағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді;
- 10-11 сыныптағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді;
- Жаратылыштану-математикалық бағыттағы «Информатика» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі.

*5 Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары*

Білім алушыларды робототехника, программалау, 3D-модельдеу қызықтырады. Осы қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін неғұрлым қурделі дағдылар мен құзыреттіліктер қажет. Озық технологияларды менгеру, топта жұмыс істеуді үйрену және «Информатика» пәнінен алған дағдыларын дамыту, жобалық жұмыстарды жүргізу үшін үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонент есебінен:

- 4, 5-11 - сыныптары үшін «Робототехника»;
- 8, 9 – сыныптары үшін «3D-модельдеу»;
- 6, 8-11 сыныптары үшін «Python тілінде программалау» элективті курстарын жүргізу ұсынылады.

## *6 Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде «Информатика» пәні бойынша қарастыру үшін ұсынылатын өзекті мәселелер мен тақырыптар:

- Информатика пәні бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу;
- «Информатика» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру;
- Информатиканы оқыту әдістері мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру;
- Информатика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану.

## **13. «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 5-6 СЫНЫПТАР**

### *1 Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес іске асырылады.

### *2 Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәні бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес «Жаратылыстану» міндетті пән болып табылады. (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен енгізілді)

Үлгілік оқу жоспарлары бойынша «Жаратылыстану» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарларына сәйкес үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқу жүктемесі 5-6-сыныптарда аптасына 1 сағатқа төмендетілді.

Үлгілік оқу жоспарлары (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша «Жаратылыстану» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

*3 Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ЫІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

*4 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

5-6-сыныптарда 1, 3, 4-тоқсанда екі жиынтық бағалау, 2-тоқсанда бір жиынтық бағалау жоспарланған. Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 13.1 кестеде көрсетілген.

13.1-кесте. «Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім/ортак тақырып бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	1	2	2
6-сынып	2	1	2	2

*5 Тәжірибелік зерттеу дәғдиларын қалыптастыратын оқу мақсаттарын жүзеге асыру*

Сабак барысында білім алушылардың байқау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, бақылауды, эксперименттер жүргізуі, нәтижелерді ауызша және жазбаша сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Ол білім алушының үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсінуі үшін, алынған білім мен дағдыларды қунделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

Мысалы, «Жаратылыстану» пәнін оқыту барысында білім алушылардың тәжірибелік зерттеу дағдыларын мына тараулар және бөлімшелер бойынша дамытуға назар аудару керек:

5-сыныпта:

- «5.1. Ғылым әлемі», «5.1.3. Зерттеуді жоспарлау», «5.1.4. Деректерді жинау және жазу», «5.1.5. Деректерді талдау», «5.1.6. Қорытынды және талқылау» бөлімшелері;
- «5.2. Ғалам. Жер. Адам», «5.2.5. Жер бетін бейнелеу тәсілдері» бөлімшесі;

- «5.3. Заттар және материалдар», «5.3.1. Заттардың түзілуі және алынуы» бөлімшесі;

- «5.4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер», «5.4.2. Тірі табиғаттағы үдерістер» бөлімшесі;

- «5.5. Энергия және қозғалыс», «5.5.1. Энергия тұрларі мен көздері», «5.5.2. Қозғалыс» бөлімшелері.

6-сыныпта:

- «6.1 Ғылым әлемі», «6.1.5. Деректерді талдау» бөлімшесі;

- «6.2. Жер. Фалам. Адам», «6.2.5. Жер бетін бейнелеу тәсілдері» бөлімшесі;

- «6.4. Тірі және өлі табиғат-тағы үдерістер», «6.4.1. Өлі табиғаттағы үдерістер», «6.4.2. Тірі табиғаттағы үдерістер» бөлімшесі;

- «6.5. Энергия және қозғалыс», «6.5.1. Энергия тұрларі мен көздері», «6.5.2. Қозғалыс» бөлімшелері;

- «6.6. Экология және тұрақты даму», «6.6.2. Тірі ағзалардың сан алуандығы» бөлімшесі.

*6 Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары*

«Жаһандық құзыреттер» аясында 6-сыныптағы «Экологиялық мәдениет» курсының оқытуды «Жаратылыстану» пәнінің оқу мақсаттарымен кіріктіруге болады. Оқу бағдарламасы бойынша «Экология және тұрақты даму» тарауындағы «Экожүйелер», «Тірі ағзалардың саналуандылығы», «Табиғатты қорғау» бөлімшелерінің оқу мақсаттарын «Экологиялық мәдениет» вариативтік курсының мақсаттарымен кіріктіруге мүмкіндіктер бар.

*7 Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын тақырыптар*

«Жаратылыстану» оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастыруға мына тақырыптар ұсынылады:

1. Білім алушылардың тәжірибелік зерттеу дағдыларының қалыптасуы мен дамуы бойынша мониторинг;

2. «Жаратылыстану» пәні бойынша кіріктіріп оқытуудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру;

3. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;

4. Пәндік бақылау жұмыстарын ұйымдастыру;

5. «Жаратылыстану» пәнін оқыту сапасы;

6. «Жаратылыстану» пәні бойынша зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастыру;

7. Білім алушыларды «Жаратылыстану» пәні бойынша сайыстарға, конкурстарға дайындау және т.б.

*8 Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру*

«Жаратылыстану» пәнін оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру ерекшеліктері бастауыш сыныптағы «Адам - Табиғат - Қоғам» тарауларындағы алған білімдерінің негізінде қоршаған орта түсінігін, экологиялық мәдениетті

қалыптастыруға болады. Табиғаттағы құбылыстарды, үрдістерді жаратылыстану ғылымдар бағытында қарастыратын маңызды пәннің бірі.

«Жаратылыстану» пәнін оқытуда білім алушылардың жоғары сыныптарда оқытылатын «Химия», «Физика», «Биология» пәндері туралы түсінігі қалыптасады.

Білім алушының бойында жер, қоршаған орта, табиғат туралы, оның алуантүрлілігінің себептері, халқы мен шаруашылық әрекеті туралы білім мен «адам – табиғат – қоғам – мәдениет» жүйесіндегі өмірлік құндылықтар менгерілген жағдайда жаратылыстану ғылыми көзқарасы бар тұлға қалыптасады.

Пәннің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш басты бағытын көрсетуге болады: оқу материал мазмұнын іріктеу; сабак құрылымын жетілдіру; қарым-қатынасты үйімдастыру.

Жаратылыстану пәннің тақырыптары арқылы ұлттық құндылықтар аясында патриоттық тәрбие мәселелері қарастырылады.

Оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларға құндылықтар арқылы тәрбие беруді қалыптастырудағы өлкетану компонентті қосымша қамту негізінде жаратылыстану пәні география, биология пәндерімен тығыз байланысты.

Білім алушыларды болашақ мамандығын және әлеуметтік рөлін тандауға көмектеседі және олардың жалпы мәдениетін қалыптастырады.

## 14. «ФИЗИКА» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 7-11-СЫНЫПТАР

*1. Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 7-11-сыныптарда «Физика» міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

Қазақстан Республикасы Ағарту ісінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 24-тармағына сәйкес «Физика» пәні 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы терендетілген деңгейде, ал 27-тармаққа сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы стандартты деңгейде оқытылады.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11-сыныптарда «Физика» оқу пәні бойынша екі оқыту бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру үйімдарында,

шағын жинақталған мектептерде сабақ өткізу кезінде сыныпты топтарға бөлуге жол беріледі.

*2. Ұлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Ұлгілік оқу жоспарларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізіледі.

ҚР Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, ұлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар ұлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады. Сондықтан, Ұлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде «Физика» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болуы мүмкін.

Ұлгілік оқу жоспарының түрлеріне қарай негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Физика» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 14.1-кестеде көрсетілген.

#### 14.1-кесте. «Физика» пәні оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Жалпы жүктеме, сағат			
	Ұлгілік оқу жоспары		Ұлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
7	2	72	1	36
8	2	72	1	36
9	2	72	1	36
	Міндетті пәндер		Таңдау пәні	
10(КГБ)	2	36	2	72
10(ЖМБ)	2	72	3	108
11 (КГБ)	2	36	2	72
11(ЖМБ)	2	72	3	108

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Ұлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Физика» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Ұлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Үлгілік оқу бағдарламасы (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша 7-9-сыныптарда «Физика» пәнінен қарастырылатын бөлімдер толығымен қалдырылған, оқыту мақсаттары жүйеленді.

Үлгілік оқу бағдарламалары пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады.

Барлық оқу бағдарламаларында да, Ұзақ мерзімді жоспарда да тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей сол тоқсанда игерілуі тиіс.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптар үшін «Физика» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу бағдарламасында базалық білім мазмұны сақталған және оқыту мақсаттары жүйеленген.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында (*2 сағат*) оқыту мақсаттары қысқартылды.

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

ҚР БFM 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуіндің үлгілік қағидаларының» (өзгерістер ҚР БFM 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген) 12-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді еki кезеңде өткізуге болады.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес 7-9-сыныптарда оқытылатын «Физика» оқу пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 14.2-кестеде көрсетілген.

#### 14.2-кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	1
9-сынып	2	2	2	2

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Физика» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нақты саны 14.3-кестеде көрсетілген.

14.3-кесте. «Физика» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны (10-11 сынып)

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып, ЖМБ	3	3	3	2

10-сынып, ҚГБ	2	2	2	2
11-сынып, ЖМБ	2	2	2	1
11-сынып, ҚГБ	2	2	2	1

Улгілік оқу бағдарламаларына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес жаратылыстану-математикалық бағытта және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Физика» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақты саны 14.4-кестеде көрсетілген.

14.4-кесте. «Физика» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау саны (төмендетілген оқу жүктемесі)

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып, ЖМБ	3	3	3	2
10-сынып, ҚГБ	2	2	2	2
11-сынып, ЖМБ	2	3	3	2
11-сынып, ҚГБ	2	2	2	1

5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық жұмыстар

Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды (виртуалды жұмыс) пайдалану үсынылады.

7-9-сыныптарда өткізілетін зертханалық және практикалық жұмыстардың саны 14.5 -кестеде көрсетілген.

14.5-кесте. Зертханалық және практикалық жұмыстардың саны (7-9-сынып)

Сынып	Зертханалық жұмыс		Практикалық жұмыс
	Оқу бағдарламасы бойынша		
7	10		8
8	11		7
9	4		6

10-11-сыныптарда өткізілетін зертханалық және практикалық жұмыстардың саны 14.6-кестеде көрсетілген.

14.6-кесте. Зертханалық және практикалық жұмыстардың саны (10-11 сынып)

Сынып	Бағыт	Зертханалық жұмыс		Практикалық жұмыс
		Оқу бағдарламасы бойынша		
10	ҚГБ	2		0
10	ЖМБ	4		0
11	ҚГБ	5		0

11	ЖМБ	4	0
Төмендегілген оқу жүктемесімен оқу бағдарламасы бойынша			
10	ҚГБ	2	1
10	ЖМБ	6	14
11	ҚГБ	5	0
11	ЖМБ	5	4

Пән мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады. Зертханалық және практикалық жұмыстарды өзірлеу кезінде эксперименттік деректер мен қортындыны жасауға басты назар аудару қажет.

Пән мұғалімдеріне көмек үшін интерактивті жабдықты (цифрлық сенсорларды) және өлшеу элементтерін жүргізуге веб-сайттарды ұсынамыз:

1. <https://www.pasco.com/subjects/highschool-physics;>
2. <https://www.pasco.com/resources/distance-learning#hs-physics-panel;>
3. <https://www.phywe.com/ru/eksperimenty-i-nabory/laboratornye-raboty;>
4. [https://ljcreate.com/es/elearning/working-with-stem/.](https://ljcreate.com/es/elearning/working-with-stem/)

6. Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары

Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Физика» пәні бойынша жүргізілетін элективтік курс тақырыптары ұсынылады:

- «Медициналық физика»;
- «Ғарыш физикасы»;
- «Физика және экология»;
- «Биофизика»;
- «Биохимиялық физика»;
- «Нанотехнология»;
- «Физика және Қазақстан энергетикасы»;
- «Космонавтиканың элементтері»;
- Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері»;
- «Физикадан қыындығы жоғары есептерді шешу әдістері»;
- «Физикадан эксперименттік есептер шешу»;
- «Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер»;
- «Астрофизиканың практикалық негіздері»;
- «Ұлттық астрономия»;
- «Бейбіт атом»;
- «Қоршаған ортаның физикалық ластануы және олардың адамға әсері»:
  - «Физика және компьютер»;
- «Физикалық-техникалық модельдеу»;
- «Радиациядан қорғану»;
- «PHYSICS IN ENGLISH»;
- «Қазақ физиктерінің тарихы».

Оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру үшін зерттеу жұмыстарының үлгі тақырыптарын және оны әзірлеу жолдарын табуға болатын веб-сайттарды ұсынамыз. Оларды өз қалауыңыз бойынша негізге алуға, толықтыруға, кеңейтуге және өзгертуге болады, өзініздің қызықты идеяларыңыз берін хоббilerіңізге байланысты. Қызықты зерттеу тақырыбы білім алушыны пән бойынша білімін тереңдетуге және физика әлеміне енуге көмектеседі. Сайтқа сілтемелер:

1. <https://obuchonok.ru/node/1125;>
2. [https://uchitelya.com/fizika/142943-temy-proektov-po-fizike.html;](https://uchitelya.com/fizika/142943-temy-proektov-po-fizike.html)
3. [http://vostrikov.dolgorukovo48.ru/index.php/197-temy-issledovatelikh-rabotpo-fizike;](http://vostrikov.dolgorukovo48.ru/index.php/197-temy-issledovatelikh-rabotpo-fizike)
4. <https://school-science.ru/2/11;>
5. [https://poisk-ru.ru/s18642t17.html.](https://poisk-ru.ru/s18642t17.html)

Оқушыларды олимпиадаға қатысуға дайындау кезінде мұғалімге көмек үшін олимпиадатапсырмалары орналасқан сайты ұсынамыз:

1. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының сайты:

- <https://daryn.kz/kk/sample-page-2/>

- matol.kz

2. «Мектеп оқушыларының физикадан Бүкілресейлік олимпиадасы» тапсырмалары орналасқан сайты:

<https://olimpiada.ru/>

3. *Интерактивті плакаттар, анимациялар, бейнелер, зертханалық жұмыстарды*, мына сілтемелерден табуға болады::

- ✓ [http://interfizika.narod.ru/plakaty.html;](http://interfizika.narod.ru/plakaty.html)
- ✓ [http://seninvg07.narod.ru/004\\_fiz\\_plakat.htm;](http://seninvg07.narod.ru/004_fiz_plakat.htm)
- ✓ [https://www.youtube.com/user/getaclassrus?feature=em-subs\\_digest;](https://www.youtube.com/user/getaclassrus?feature=em-subs_digest)
- ✓ <https://www.youtube.com/user/EmpiricSchool?ob=5;>
- ✓ [http://ptgtany.blogspot.com/p/blog-page\\_2499.html;](http://ptgtany.blogspot.com/p/blog-page_2499.html)
- ✓ <https://www.youtube.com/user/GTVscience;>
- ✓ [https://rc.nsu.ru/distance/Physics/Archives/contents.html.](https://rc.nsu.ru/distance/Physics/Archives/contents.html)

7. Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Физика» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

- 1) Физика сабағында ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі;
- 2) Физика пәнін оқытуда интерактивті технологияны пайдалану .
- 3) Физика курсының электр тогы білімін мультимедиа технологиясы негізінде оқыту әдістемесі;
- 4) Қазіргі таңдағы физиканы оқытудың өзекті мәселелері;
- 5) Киберкеңістікте ақпаратпен қауіпсіз жұмыс жасаудың маңызы;
- 6) Қашықтан оқу жағдайында тиімді сабақ ұйымдастыру жолдары.

Педагогтерден оқу жыларының басында «Физика» пәні бойынша **оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмысына ерекше** назар аударуы сұралады.

Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша ұсынылатын жұмыс алгоритмі:

- өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары, оқу бағдарламасының тақырыптары және күрделі тақырыптар бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу;

- өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сүйене отырып, білім алушы менгере алмаған оқу мақсаттарын айқындау;

- қысқа мерзімді жоспарды жасау кезінде білім алушылардың игермен оқу мақсаттарын, өткен оқу жылының тақырыптарын жаңа оқу жылындағы бағдарламалық материалдың мазмұнына біркітіру ұсынылады;

- қосымша сабактар, зерханалық жұмыстар, «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Геометриялық оптика», «Кванттық физика элементтері» бөлімдері бойынша консультациялар өткізу.

Физика пәнінің мұғалімдеріне ғылыми тілді қалыптастыру мақсатында білім алушылардың сөздік қорын байту, үш тілде физикалық терминдермен таныстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу қарастырылады.

Халықаралық зерттеудің талаптары бойынша білім алушылардың

- физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін жасай білу;

- баяндау, сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша);

- есептердің шешімін сауатты ресімдеу;

- жүргізілген практикалық және зертханалық жұмыстардың кеңейтілген жазбаша есептерін, ауызша баяндамаларды дайындаудың білу;

- білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қысындылығы және дәлелдермен түйінделу т.б. дағдыларын қалыптастыру ұсынылады.

Ол үшін сабакты жоспарлау кезінде белгілі бір біліктілік, дағдыларды қалыптастырытын қолайлыш тақырыптарды тандау қажет.

#### 8. Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру

«Физика» пәнін мазмұнына «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын енгізу, яғни өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптастып келе жатқан асыл мұраларымызды дәріптеп, қунделікті сабак мазмұнымен байланыстырып оқушыларға жеткізіп отыру, үрпақтың таным дүниесін кеңейтіп, оларға ұлттық тәлім-тәрбие беруге көмектеседі.

Аңызға айналған ұлттық есептер мен өлшемдерді даланың өшпес құндылықтары ретінде қарастырудың маңызы зор. Сонымен қатар, «Физика» пәнінде тұрғылықты жердің аумағындағы қоршаған ортаны ластайтын физикалық негізгі факторларды, шу және жоғары жиілікті сәуле шығару көздерін, ұлттық астрономияны, экологиялық білім мәселелерін қарастыру маңызды.

Бұл қазақстандық патриотизм рухымен үйлесе дамыған тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған заманауи оқу-тәрбие процесінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді.

Аймақтық және жергілікті аспектілерде қолданбалы құндылығы бар оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру, физика саласындағы Қазақстанның ғылыми жетістіктерін зерттеу ұсынылады.

Сабакта жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыру ұсынылады. Технология, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен энергетиканың әртүрлі саласындағы жетістіктер ғылыми идея мен ғылыми прогресс дамуының жарқын мысалдары болып табылады. Мысалы оған төмендегідей мақсаттар берілген:

- Техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру.
- Әртүрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру.
- Жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау.
- Жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау.
- Қазақстанда және дүниежүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру.

## **15. «ХИМИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 7-11 - СЫНЫПТАР**

*1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11 сыныптарда «Химия» оқу пәні бойынша оқытудың екі бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақталған мектептерде сабак өткізу кезінде сынныпты топтарға бөлуге жол беріледі.

*2. Ұлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Ұлгілік оқу жоспарларымен жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, ұлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар ұлгілік оқу жоспарларын дербес таңдал алады. Сондықтан, Ұлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде «Химия» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болуы мүмкін.

Үлгілік оқу жоспарының түрлеріне қарай негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Химия» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 15.1-кестеде көрсетілген.

15.1-кесте. 7-11-сыныптарда «Химия» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
7	Химия	1	36	1	36
8	Химия	2	72	1	36
9	Химия	2	72	1	36
10-11 (ҚГБ)	Химия	1	36	2	72
10-11 (ЖМБ)	Химия	2	72	3	108

Оқу жылшының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және курделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 7-9-сыныптарда 2 сағат көлемінде оқытылатын «Химия» пәні бойынша вариативті компоненттен 2 сағат алуға мүмкіндік берілген:

- оқу пәндері: «Биология», «Химия» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән;
  - оқу пәндері: «Химия», «Физика» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән;
- алушылардың қажеттілігіне қарай «Қазақстан тарихы» оқу пәнін таңдай алады.



### Назар аударыңыз!

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша 7-11-сыныптарда вариативтік компонент есебінен білім алушылардың қажеттілігіне қарай инварианттық компоненттен таңдаңдалған пәндер тізімі міндетті түрде білім беру үйімшының педагогикалық кеңесінде бекітілуі тиіс.

3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

2022-2023 оқу жылшында «Химия» оқу пәні бойынша оқу процесін үйымдастыруда келесі оқу бағдарламалары қолданылады:

2022-2023 оку жылында «Химия» пәні бойынша оку процесін ұйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оку бағдарламаларын басшылықта алу керек.

Үлгілік оку бағдарламалары пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Барлық оку бағдарламаларында да, Ұзақ мерзімді жоспарда да тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей сол тоқсанда игерілуі тиіс.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген үлгілік оку жоспары (оку жүктемесін қысқарта отырып) бойынша оқыған жағдайда (ҚР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) 10-11-сыныптарда пәнді зерделеуге бөлінетін сағат саны: жаратылыстанию-математикалық даярлық бағыты бар сыныптарда аптасына 3 сағатты, қоғамдық-гуманитарлық бағытта 2 сағатты құрайды.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстанию-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптар үшін «Химия» пәнінен оку жүктемесі төмендетілген үлгілік оку бағдарламасында базалық білім мазмұны сақталған және оқыту мақсаттары жүйеленген.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Химия» пәннің оку жүктемесі Үлгілік оку жоспарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) міндетті пәндер ретінде жаратылыстанию-математикалық бағытта аптасына 2 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағытта аптасына 2 сағат оқытылады.

#### 4. Білім алушылардың оку жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны

ҚР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуіндің үлгі қағидалары» (өзгерістер ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген) 12-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

Әр тоқсанның ұзактығын, оку жүктемесінің көлемін ескере отырып, жаңа оку жылында 15.2-кестеде көрсетілгендей бөлімдер бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) келесі саны ұсынылады.

15.2-кесте 7-9 сыныптардағы бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Үлгілік оқу жоспарлары			
	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
7 сынып	2	2	2	2
8 сынып	3	3	3	3
9 сынып	3	3	2	3
Сынып	Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары			
	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
7 сынып	2	2	2	2
8 сынып	3	3	3	3
9 сынып	3	3	2	3

Бөлім үшін жиынтық бағалауды жүргізу кезінде қағаз түрінде де, компьютерлік форматта да бағалау жүргізу ұсынылады.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Химия» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нақты саны 15.3-кестеде көрсетілген.

### 15.3-кесте «Химия» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып, ЖМБ	3	2	3	2
10-сынып, ҚГБ	3	3	3	2
11-сынып, ЖМБ	2	3	3	3
11-сынып, ҚГБ	2	1	2	2

Үлгілік оқу бағдарламаларына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес жаратылыстану-математикалық бағытта және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын «Химия» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімінің нақты саны 15.4-кестеде көрсетілген.

### 15.4-кесте. «Химия» оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны (төмендетілген оқу жүктемесі)

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып, ЖМБ	3	3	3	3
10-сынып, ҚГБ	3	3	3	2
11-сынып, ЖМБ	2	3	3	3
11-сынып, ҚГБ	2	1	2	2

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді, оқу жылының сонында «есептелінді» («есептелінген жоқ») қойылады.

5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарының саны.

Оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағаттан 10-11 сыныптар үшін оқу бағдарламасын енгізуге байланысты 15.5-кестеде көрсетілгендей зертханалық және практикалық жұмыстардың саны ұсынылады:

15.5-кесте Зертханалық және практикалық жұмыстардың саны

Сынып	Бағыт	Зертханалық жұмыс саны	Практикалық жұмыс саны
10	ЖМБ	6	1
11	ЖМБ	7	2
10	ҚГБ	5	2
11	ҚГБ	6	2

Зертханалық жұмыстарды жүргізудің мақсаты зерделенген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу; маңызды теориялық ережелерді эксперимент бойынша дәлелдеу және бағалау, зерттеу жұмысының дағдыларын игеру арқылы практикалық міндеттерді шеше білу болып табылады.

Практикалық жұмыс химияға деген қызығушылықты арттырады.

Практикалық жұмыстардың мақсаты - оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, практикалық дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын жетілдіру.

6. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары

2022-2023 оқу жылында келесі тақырыптарға элективті курстар өткізу ұсынылады:

1. «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия»;
2. «Химиялық эксперименттік есептерді шешу»;
3. «Мектептегі агрохимия».
4. «Көмірсутек шикізаты. Кеше, бүгін, ертең».
5. «Клиникадағы химиялық зерттеу әдістері».
6. «Химия және материалтану».

Элективті курстар аясында оқушылардың жобалық жұмыстар болу мүмкін.

7. Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Химия» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

- 1) Химия сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі
- 2) Химияны оқытуда интерактивті технологияларды пайдалану.
- 3) Химия, физика және биология интеграциясының мәселелері.
- 4) Қазіргі кезеңдегі химияны оқытудың өзекті мәселелері.
- 5) Киберкеністіктегі ақпаратпен қауіпсіз жұмыс істеудің мәні.
- 6) Қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді сабақтарды ұйымдастыру тәсілдері.

Педагогтерден оқу жылшының басында «Химия» пәні бойынша **окушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру жұмысына ерекше** назар аударуы сұралады.

## **16. «БИОЛОГИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 7-11-СЫНЫПТАР**

*1. Жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (ҚР БФМ 2018 жылғы 31 қазандагы №604)*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11-сыныптарда «Биология» оқу пәні бойынша екі оқыту бағыты бойынша сабақтар өткізу кезінде білім алушылардың санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақталған мектептерде сабақ өткізу кезінде сынныпты топтарға болуғе жол беріледі.

*2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрүғына (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бүйрүғымен енгізілген) сәйкес жүргізіледі.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрүғымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдал алады.

Үлгілік оқу жоспарының түрлеріне қарай негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Биология» пәнінен үлгілік оқу жоспары бойынша оқу жүктемесінің көлемі 16.1-кестеде берілген.

**16.1-кесте. «Биология» пәнінен үлгілік оқу жоспары бойынша оқу жүктемесінің көлемі**

Сынып	Негізгі үлгілік оқу жоспары	Тәмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспары
-------	--------------------------------	---

	Аптасына (сағ.)	Оқу жылында (сағ.)	Аптасына (сағ.)	Оқу жылында (сағ.)
7-сынып	2	72	2	72
8-сынып	2	72	2	72
9-сынып	2	72	2	72
ЖМБ 10-сынып	2	72	3	108
ҚГБ 10-сынып	1	36	2	72
ЖМБ 11-сынып	2	72	3	108
ҚГБ 11-сынып	1	36	2	72

Оқу жылшының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және курделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (КР БФМ 26.01.2022 ж. №25 бұйрығы) 7-9-сыныптарда білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің (әрқайсысы 2 сағаттан) пән комбинациялары қарастырылған.

Вариативті компонент есебінен инвариантты компоненттен «Биология» пәнін тандау келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- оқу пәндері: «Биология», «Химия» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән;
- оқу пәндері: «Биология», «География» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, вариативтік компонент есебінен таңдалған 7-11-сыныптардағы оқу пәндері бойынша (*инварианттық компоненттегі таңдау пәндері*) жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылшының сонында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылшында «Биология» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.



**Назар аударыңыз!**

«Көбею» бөлімшесіне өзгерістер енгізілді:

1. «Контрацепция түрлері және олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы, сифилис, гонорея, гепатит В, С. Алдын алу шаралары» тақырыптары жаңа редакцияда: «Контрацепция түрлері. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған

*иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В, С. Алдын алу шаралары» деп берілген.*

*2. «Аталақ және аналық жыныс жасушаларының құрылышын зерттеу» оқу мақсаты алынып тасталды.*

*3. «Аталақ және аналық гаметалардың құрылышын зерттеу» зертханалық жұмысы алынып тасталды.*

Улгілік оқу бағдарламалары пәннің базалық білім мазмұнынан, оқыту мақсаттары жүйесінен, ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Барлық оқу бағдарламаларында да, ұзақ мерзімді жоспарда да тақырыптар мен бөлімшелерді менгеруге қажетті сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат сандарын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал кестеде көрсетілгендей сол тоқсанда игерілуі тиіс.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары (оқу жүктемесін қысқартта отырып) бойынша оқыған жағдайда (ҚР БФМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) 10-11-сыныптарда пәнді зерделеуге бөлінетін сағат саны: жаратылыстанию-математикалық даярлық бағыты бар сыныптарда аптасына 3 сағатты, қоғамдық-гуманитарлық бағытта 2 сағатты құрайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінің оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы барлық бөлімдер толығымен сақталған, айырмашылық бөлімшелер бойынша оқыту мақсаттары біріктіріліп, ықшамдалып берілді. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстанию-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптар үшін «Биология» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасында базалық білім мазмұны сақталған және оқыту мақсаттары жүйеленген.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Биология» пәнінің оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) міндетті пәндер ретінде жаратылыстанию-математикалық бағытта аптасына 2 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағытта аптасына 2 сағат оқытылады.

**4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сүйеніп, бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны**

«Биология» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды атtestаттауды өткізуудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі (өзгерістер ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген). Осы бұйрықтың 12-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді.

Әр тоқсанның ұзактығын, оқу жүктемесінің көлемін ескере отырып, жаңа оқу жылында бөлімдер бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) келесі саны ұсынылады.

16.2-кесте. «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша БЖБ саны

Сынып	БЖБ саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	3	3	3	3
8	3	2	3	3
9	3	3	3	3
ЖМБ 10	2	3	3	3
ҚГБ 10	2	2	2	2
ЖМБ 11	2	3	3	3
ҚГБ 11	2	2	2	2

16.3-кесте. Төмендегін оқу жүктемесі бойынша БЖБ саны

Сынып	БЖБ саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7	3	3	3	3
8	3	2	3	3
9	3	3	3	3
ЖМБ 10	2	3	3	3
ҚГБ 10	2	3	3	3
ЖМБ 11	3	3	3	2
ҚГБ 11	2	3	3	3

Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдыққа баға формативті бағалау және БЖБ нәтижесі бойынша қойылады.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді, оқу жылдарында «есептелінді» («есептелінген жоқ») қойылады.

5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстардың саны

Практикалық дағылар биологиялық білім беру мазмұнының маңызды бөлігі болып табылады.

Сабакта үлкейткіш құралдарды қолдану, аспаптармен және препараттық инемен жұмыс, уақытша микропрепараттар дайындау, оларды микроскоппен қарап, анықтау сияқты іс-әрекеттер де тәжірибелік дағыларға жатады.

«Биология» пәнін оқыту зияткерлік немесе ақыл-ой дағыларын дамытуды қамтиды. Мысалы, таным процесін жетілдіруге бағытталған атау, сипаттау, негіздеу, анықтау, салыстыру, жалпылау және т. б. сипаттамалар бар.

Зертханалық және практикалық жұмыстардың саны төмендегі кестеде берілген.

16.4-кесте. 7-11 – сыныптарға «Биология» пәні бойынша модельдеу және зертханалық жұмыстар саны

Сыныптар	Зертханалық жұмыстар	Моделдеу	Зертханалық жұмыстар	Моделдеу
<b>Жаңартылған мазмұн бойынша</b>				<b>Төмендетілген оқу жүктемесімен</b>
7	15	4	15	4
8	14	2	14	2
9	8	7	8	7
10 ЖМБ	3	4	4	4
10 ҚГБ	5	4	5	4
11 ЖМБ	4	1	7	2
11 ҚГБ	7	2	7	2

Білім алушылар тәжірибе жұмыстарын орындау кезінде алған деректердің негізінде жаңалықтар ашады, табигаттағы заңдылықтарды өз бетімен табады, деректерді өндедеу, нәтижелерді талқылау, жоспарлау мен өз зерттеу сұрағына жауап іздеу үшін өзінің зерттеу жұмысын жүргізу жұмыстарын үйренеді.

#### 6. Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстар

Улгілік оқу жоспарына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес, 10-11 – сыныптарға (қоғамдық-туманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы) вариативтік компонентке 8 сағат бөлінген, оның ішінде инварианттық компоненттен таңдау пәндеріне 4 сағат, элективті курстарға 3 сағат берілген (*1 сағат спортық ойындар*). Осыған байланысты «Биология» пәнінен де вариативтік компонент есебінен курс жүргізуге болады. Курс бағдарламасын пән мұғалімі өзі өзірлейді. Әрі қарай «Биология» пәнінен элективті курстарға ұсыныс ретінде бірқатар тақырыптар тізімі беріледі.

Қолданбалы курстарға немесе таңдау курсарына ұсынылатын тақырыптар:

- Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер;
- Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы ролі;
- Экологиялық этика;
- Биологиялық белсенді қоспалар және олардың денсаулыққа әсері;
- Үй іргесіндегі телім;
- Денсаулықты күту және нығайтудың негізгі аспектілері;
- Нанотехнология жетістіктері т.б.

#### 7. Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын бүгінгі күнде өзекті әдістемелік тақырыптар

«Биология» пәні бойынша әдістемелік бірлестікте қарастыру үшін ұсынылатын өзекті мәселелер мен тақырыптар:

- Биологияны оқытудың отандық әдістемелері;

- Республикалық және Халықаралық олимпиадаларға дайындау жұмыстарын үйімдастыру;
- «Биология» пәнін оқыту процесінде негізгі құндылықтар мен тәрбие аспектілерін қамту әдістері;
- Шығармашылықты талап ететін тапсырмалар арқылы жеке қабілеттерін дамыту.
- Халықаралық TIMSS, PISA зерттеулерінің тапсырмаларын зерделей отырып, білім сапасын көтеру мәселелері

#### *8. Пән мазмұнының және оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру*

«Биология» пәнінің мазмұны тірі табиғат туралы білім берумен қатар, бойында адамгершілік құндылықтарға негізделген тәрбие аспектілерін де қамтиды. Биологиялық білім беру білім алушыларды табиғатты сүюге, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

«Биология» пәнінің мазмұны қамтитын тәрбие элементтері:

адамгершілік тәрбие, экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі, гигиеналық тәрбие, патриоттық тәрбие.

Экологиялық тәрбиенің жаңа құндылықтар жүйесі:

- ✓ табиғаттың моральдық-этикалық бағалауының өзгеруі;
- ✓ экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- ✓ экологиялық білімді, экологиялық ойлауды қалыптастыру;
- ✓ табиғатты тұрақты құндылық ретінде түсіну;
- ✓ адамды табиғаттың органикалық бөлігі ретінде түсіну.

Экологиялық білім мен тәрбие беру «Биосфера, экожүйе, популяция», «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшелерінде қарастырылған. Экожүйеге жағымсыз әсер ететін адамзаттың іс-әркеттері, биологиялық әртүрлілікті сақтаудың маңызы, озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру арқылы білім алушының табиғатқа деген жанашырлық сезімін оятып, қоршаған ортаны қорғауға баулу басты міндеттердің бірі болып есептеледі.

Дене тәрбиесіне қатысты оқу мақсаттары «Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімінде берілген. Мысалы, «Коректенү» бөлімшесінде ас қорыту жолы ауруларының алдын алуға, «Заттардың тасымалдануы» бөлімшесінде дене жаттығуларының денсаулыққа әсері, аурулардың алдын алудаңдағы вакцинаның ролі қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың айырмашылығы туралы, тыныс алу мүшелері ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру арқылы зиянды әдептерден аулақ болуға тәрбиелейді.

«Қозғалыс» бөлімшесінде сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алуда спортпен айналысадының пайдасы зор екенін саналарына сініру қажет.

Патриоттық тәрбие «Биология» пәнінде «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшесінің Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері, Қазақстан аумағындағы экологиялық

проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру тақырыптарында көрініс табады.

«Микробиология және биотехнология» бөлімшесіндегі ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу тақырыптары арқылы құрт, ірімшік, айран секілді қазақтың ұлттық тағамдарын дәріптеп, ұлтқа деген сүйіспеншілікті арттыруға көніл бөлген дұрыс болады.

Гигиеналық тәрбие мәселесі де пән мазмұнында оқу мақсаттарымен берілген. Мысалы, бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу, жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы, сифилис, гонорея сияқты жыныстық жолмен берілетін аурулардың алудың үшін салауатты өмір салтын ұстануға баулумен қатар, білім алушылардың бойында адамгершілік құндылықтарын дарытуды мақсат ету керек.

## 17. «ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 7-11- СЫНЫПТАР

*1 Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрекшімен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11 сыныптарда «География» оқу пәні екі оқыту бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шагын жинақталған мектептерде сабак өткізу кезінде сыныпты топтарға бөлуге жол беріледі.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 40 және 41-тармақтарына сәйкес «География» жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқытуудың терендептілген деңгейіндегі оқу пәндеріне жатады.

*2 Ұлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрекшімен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, ұлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар ұлгілік оқу жоспарларын дербес тандап алады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрекшімен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің ұлгілік оқу жоспарларына сәйкес «География» міндетті пән болып табылады. (өзгерістерімен және толықтырулар ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бүйрекшімен енгізілді, 6, 87, 88-қосыншалар).

Оқу жоспарлары бойынша «География» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;

- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;
- 4) ЖМБ, 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;
- 5) ҚГБ, 10-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 6) ЖМБ, 11-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;
- 7) ҚГБ, 11-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен) бойынша «География» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 4) ЖМБ 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағатты;
- 5) ҚГБ 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты;
- 6) ЖМБ 11-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағатты;
- 7) ҚГБ 11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің (әрқайсысы 2 сағаттан) пән комбинациялары қарастырылған.

Вариативті компонент есебінен инвариантты компоненттен «География» пәнін таңдау келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- оқу пәндері: «Алгебра», «География» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән;
- оқу пәндері: «Биология», «География» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән;
- оқу пәндері: «География», «Шетел тілі» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән;
- оқу пәндері: «Қазақстан тарихы», «География» және инвариантты компоненттен таңдалатын бір пән.

*3 Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «География» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ҰІ. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

*4 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Оқу пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 17.1, 17.2-кестелерінде берілген.

### 17.1-кесте. «География» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	3	2	3	3
8-сынып	3	3	3	2
9-сынып	3	2	3	3
10-сынып, ЖМБ	3	1	2	2
10-сынып, ҚГБ	2	1	2	2
11-сынып, ЖМБ	3	1	2	2
11-сынып, ҚГБ	2	1	2	2

17.2-кесте. «География» оқу пәні бойынша ұсынылатын жиынтық бағалаулар саны (оқу жүктемесі төмендетілген)

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2
10-сынып, ЖМБ	3	1	2	2
10-сынып, ҚГБ	3	1	2	2
11-сынып, ЖМБ	3	1	2	2
11-сынып, ҚГБ	3	1	2	2

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларына сәйкес 7-11-сыныптарда вариативтік компонент есебінен таңдалған «География» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жок») деген белгі жазылады.

*5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарының саны*

Білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен, олардың ішінен қажетті материалдарды табу, талдау, түсіндіру, бағалау және қойылған мақсатқа жету үшін қолдану. Ақпарат көздеріне байланысты жұмыс түрлерін үйимдастыру маңызды болып табылады.

Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында танымдық белсенділікті жандандыру, оқу материалдарына танымдық қызығушылықты қалыптастыруға және дамытуға баса назар аудару қажет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны (АКТ) сабакта қолдану ұсынылады, бұл оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру арқылы оқу сапасына ықпал етеді. АКТ ақпаратты әр түрлі формада беруге мүмкіндік береді:

тест, графика, аудио, видео, анимация және т.б.; ауқымдық ақпаратты бөліктерге бөлу, нәтижесінде оқу материалы оқулық мәтініне қарағанда оңай менгеріледі.

Танымдық белсенділікті ынталандыратын, пәнге деген қызығушылықты дамытатын, білім сапасын арттыруға ықпал ететін оқытудың әртүрлі әдістеріне, құралдары мен формаларына ерекше назар аудару керек.

Осындай оқыту әдістері мен формаларының қатарына картамен жұмыс, шығармашылық жұмыс, тірек конспектілерді қолдану, нақты тақырыптар мен практикалық жұмыстардан тұратын Өлкетану материалдары негізінде оқу материалын саралау, оқулықтардың (оқулық басылымдарының) электрондық нысандарын, геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) құралдарын, жеке бөлімдерді терең зерттеу мақсатында бейнематериалдарды пайдалану ұсынылады.

*6 Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары*

Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың ұсынылатын тақырыптары:

1. Туризм географиясы.
2. Этногеография.
3. Рекреациялық география.
4. Топография және картография негіздері.
5. Экологиялық география.
6. «Киелі-қасиетті жерлер» географиясы (сакральная).
7. Гуманитарлық география.
8. Қоғамдық география.

*7 Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

«География» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын ұсынылатын әдістемелік тақырыптар:

- «Жас мұғалімдерге арналған тәлімгерлік»;
- «Дарынды білім алушылармен жұмыс»;
- «География» пәнін оқыту сапасы және функционалдық сауаттылық»;
- «География» пәні бойынша зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастыру»;
- «Білім алушыларды «География» пәні бойынша сайыстарға, конкурстарға дайындау» және т.б.

*8 Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру*

«География» пәнін оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру пәннің ерекшеліктеріне байланысты. «География» – табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән.

Оқу пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат – Қоғам – Мәдениет» жүйесіндегі жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, табиғи байлықтарды, туған өлкені тануға; Жер, қоршаған орта, табиғат, оның алуан түрлілігінің себептері, халқы және шаруашылық қызметі туралы білімді менгеруге бағытталған.

Оқу пәнінің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш негізгі бағытын атап өтетін болсақ: олар - оқу материалының мазмұнын таңдау; сабактың құрылымын жетілдіру; қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Білім беруді жаңғыртудың жетекші идеяларының бірі оның жалпы мәдени маңызын күшайту болып табылады, бұл оқу бағдарламасы мазмұнының тәрбиелік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Табиғи және ғылыми таным әдісін жүзеге асыру кезінде оқушылардың географиялық және экологиялық білімін қалыптастыру процесінде табиғатқа эмоционалды және құнды қатынасын, биосфераның дамуына жауапкершілік сезімін, планетаның экологиялық әл-ауқатын тәрбиелеуге ерекше назар аудару керек. Экологиялық проблемаларды жаһандық, аймақтық немесе жергілікті деңгейде қарау ұсынылады.

География сабактарында оқушылардың табиғи орта объектілеріне естетикалық қатынасы қалыптасады, практикалық экологиялық маңызы бар іс-әрекеттің тәжірибесі кеңейеді, оның ішінде оқушыларды сабактан тыс уақытта балалардың экологиялық орталықтарының жұмысына, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің экологиялық бағдарланған ойын бағдарламаларына қосу нәтижесінде.

Жалпы орта білім беру мазмұнында патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, Еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім беру сияқты базалық құндылықтар айқындалған. Оларды білім алушылардың бойына дарыту өлкетану компонентін оқыту мазмұнына қосумен тығыз байланысты болуы керек. Патриоттық тәрбие міндеттеріне жету үшін аймақтық өлкетануды зерттеуден басталады, сабак барысында пәнаралық байланысты сақтау қажет.

«География» оқу пәні білім алушыларға әлеуметтік рөл мен болашақ мамандықты тандауга көмектеседі, оқушы тұлғасының жалпы мәдениетін, оның сауаттылығын қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Пәнді оқу нәтижесінде оқушылардың бойында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның флорасы мен фаунасын, табиғатын сақтау бойынша практикалық міндеттерді өмірде табысты шешуге мүмкіндік беретін іскерліктер мен дағдылар, құзыреттер қалыптастырылатын болады.

## **18. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ», «ДУНИЕЖҰЗІ ТАРИХЫ», «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 5-11-СЫНЫПТАР**

### **«Қазақстан тарихы» оқу пәні**

*1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 5-11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» оқу пәні екі оқыту бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде сыныптарды топтарға бөлуге білім беру санына қарамастан қалалық, ауылдық

білім беру үйымдарында, шағын жинақталған мектептерде сабак өткізу кезінде жол беріледі.

*2. Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) үйымдары қызметінің үлгілік қафидаларына» сәйкес білім беру үйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты 5-11-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 18.1-кестеде берілген.

18.1-кесте – 5-11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақстан тарихы	2	72	2	72
6	Қазақстан тарихы	2	72	2	72
7	Қазақстан тарихы	2	72	2	72
8	Қазақстан тарихы	2	72	2	72
9	Қазақстан тарихы	2	72	2	72
10-11 (КГБ)	Қазақстан тарихы	2	72	2	72
10-11 (ЖМБ)	Қазақстан тарихы	2	72	1	36

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-11-сыныптарда вариативтік компонент есебінен таңдалатын инварианттық пәндерді оқытуға барлығы 4 сағат бөлінген. Осыған байланысты оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ЖМБ бойынша 10-11-сыныптарда білім алушылар қосымша оқу үшін қажеттілігіне қарай «Қазақстан тарихы» оқу пәнін таңдай алады.



**Назар аударыңыз!**

**Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары бойынша 10-11-сыныптарда вариативтік компонент есебінен білім алушылардың қажеттілігіне**

**қарай инварианттың компоненттен таңдаңдалған пәндер тізімі міндетті түрде білім беру үйымының педагогикалық кеңесінде бесітілді туіс.**

### **3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар**

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу процесін үйымдастыруда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://uba.edu.kz/> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылықта алу керек.

Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқыту:

– білім алушыларда тарихи сананы, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға;

– білім алушылардың ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктерін, қазақ халқының мәдени және тарихи мұрасының құндылығы мен ерекшелігін түсіну, қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

5-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» оқу пәніне бөлінген 2 сағат оқу жүктемесі сақталған (18.1-кесте) және осы сыныптарда «Қазақстан тарихы» Үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәні мазмұны Қазақстан тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

10-11-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктері мен мәнін білім алушыларға түсіндіруді кеңейтеді және тереңдетеді.

Пән мазмұны Қазақстан тарихындағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау үшін қажетті тарихи ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады. Осы оқу пәнінің мақсаты патриотизмді қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсетуге дағыландыру болып табылады.

#### **«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуудың ерекшеліктері**

5-9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасының білім мазмұны хронологиялық реттілікпен берілген (көне дәуірден бүгінгі күнге дейін) және әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы, мемлекеттің дамуы, экономикалық даму бөлімдерін қамтиды.

#### **Білім мазмұнын үйымдастырудагы ерекшеліктер:**

- тарихи пәндер арасындағы пәнаралық байланыс іске асырылған. Бұл оқу материалдарын қайталамауға және Қазақстан тарихын әлемдік тарихи процестер контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді;

- тарихи ойлау дағдыларын (тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, түсіну және түсіндіру) дамытуға бағытталған;

- білім алушыларда тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды зерделеуге ерекше көңіл бөлінген.

«Қазақстан тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Сондықтан сабакта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, зерттеу, жоба әдістері т.б.) қолдану ұсынылады. «Тарихи ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Осы қабілетке ие болу арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабакта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс. Сондықтан, «Қазақстан тарихы» пәнін тарихи түсініктер негізінде оқыту ұсынылады.

Оқыту келесі түсініктердің негізінде құрылуы тиіс:

- 1) өзгеріс және сабактастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады);
- 2) себеп-салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті);
- 3) дәйек (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, нағым-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);
- 4) ұқастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылышындағы ұқастықтар мен айырмашылықтар);
- 5) маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылудың тарихи маңызы неде);
- 6) интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Тарихи түсініктерге сүйене отырып, тарихи материалдарды талдауды жүзеге асыру ұсынылады. Нәтижесінде, білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу процестері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді игереді (материалдарды жинау мен реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сынни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру).

Белгілі бір тарихи концептілерге негізделген оқыту нақты оқу материалының негізінде оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша әр тақырыптан кейін зерттеу сұрақтары берілген.

5-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Қазақстан қоғамының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салалардың негізгі даму кезеңдері оқытылады.

Пәнді оқыту – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін анықтауды қажет етеді.

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 5, 6, 7-сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады.*

«Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушыларда ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыруға;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нақандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 5, 6, 7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспарға енгізілді. Оқу бағдарламасына сәйкес тоқсандары бөлімдер мен білім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мүгалимнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын әр сынып бойынша кіріктіріп оқыту ұсынылады.

*Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудагы әдістемелік ерекшеліктер*

Пән мазмұнын зерделеуде:

Әлемдік тарихи ұдерістер аясында түркі өркениеті құндылықтары негізінде білім алушылардың тарихи санасын және жасампаз дүниетанымын қалыптастыруға басымдық беру;

Түрік қағандығы, Ұлық Ұлыс – Жошы Ұлысы мемлекеттерін қазақ мемлекеттігінің бастауы ретінде көрсетіп, қазақ халқының тарихын тұтастықта және бірізділікте оқыту қажет.

Тарихты оқытуда келесілерге ерекше көңіл бөлу ұсынылады:

- тарихты оқыту процесі білім алушының ақпараттың белгілі бір көлемін (тарихи даталар, ұғымдар, тұлғалар, оқиғалар) механикалық есте сақтауға емес, алған білімі мен білігін оқу мен тәжірибелік міндеттерді өздігінен шешумен сипатталатын тұлғалық құзыреттілігін дамытуға;

- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін әлемдік және Отандық тарих контекстінде талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыруға;

- тарихи деректердің негізінде тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

➤ Тарихты оқытуда білім алушының оқыған тарихи фактілер мен оқиғаларды кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру мен тарихи картаны «оқып», оны білім көзі ретінде пайдалануына көңіл бөлу ұсынылады.

Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет етеді.

Мысалы 6-сыныпта «VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау» атты оқу мақсаты бойынша мұғалім білім алушыларға тарихи картаны пайдаланып түсіндіруге тапсырма бере алады, бұл білім алушылардың бойында уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізеді. Сондықтан білім алушының алған тарихи білімін кеңістікте бағдарлауға мүмкіндік беретін картографиялық дағдысын дамыту ұсынылады. Бұл тарихи оқиғаларды, олардың өзгерісі мен даму жағдайын картада белгілеуге берілетін тапсырмалардан көрінеді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар беру ұсынылады.

7-9-сыныптарда тарихи картаның мазмұнын талдауды қажет ететін тапсырмалар жасай отырып, картамен жұмысты қүшейту қажет.

9-сыныпта тарихты оқыту білім алушылардың қазіргі заман тарихының маңызды процестеріне, құбылыстарға, оқиғаларға және ұғымдарға баса назар аударуға, тарихи оқиғаларды, талдау, салыстыру, көрнекті тарихи тұлғалар қызметін бағалау, алған білімі негізінде өз ойын дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасау, баға беруге дағдыландыру ұсынылады.

*Жалты орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу процесін үйімдастырудагы әдістемелік ерекшеліктер*

10-сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы» бөлімдерін қамтиды.

11-сыныпта: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімдерін қамтиды.

Бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабактастықты көрсетеді.

Пәнді оқытуда – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін дұрыс анықтау ұсынылады.

*Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады: мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту; білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытууды ұйымдастыру; білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту; білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру; білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану; оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды көнінен қолдану; сабакта білім алушының біліміндегі олқылықтарды уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану. Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Мысалы, эссе және есеп жазу, салыстырмалы талдау жасау (SWOT, PEST, GAP талдаулары) және т.б.*

Мұғалімнің сабака әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың, оның мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- саралауды жүзеге асыру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беру;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы.

Баяндама, эссе жазу, презентация жасау және т.б. бойынша тапсырма беру барысында мұғалімге оқушыларды тапсырманың критерийлерімен таныстыру ұсынылады.

Картамен жұмысты тиімді деңгейде қүшету қажет. Ол үшін тарихи карталар мазмұнын талдау бойынша тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір білім алушы топтағы атқаратын негізгі міндеттерін анық түсіндіру қажет.

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрүғына сәйкес жүзеге асырылады (2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бүйрүқпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Бүйрүқтың тиісті тармақтарына енгізілген толықтыруларға сәйкес:

*9. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.*

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Белімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп белімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зerdelegен жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

Үлгілік оқу бағдарламаларына (негізгі және төмендетілген оқу жүктемесі бойынша) сәйкес 5-11-сыныптарда оқытылатын «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен өткізілетін белім бойынша жиынтық бағалау саны 18.2-кестеде көрсетілген.

### 18.2-кесте. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Белім бойынша жиынтық бағалау саны							
	Үлгілік оқу жоспары				Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары бойыниша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	1	2	2	3	1	2	2	3
6-сынып	1	1	3	2	1	1	3	2
7-сынып	2	2	3	1	2	2	3	1
8-сынып	1	1	2	2	1	1	2	2
9-сынып	2	2	2	2	2	2	2	2
10-сынып (КГБ, ЖМБ)	1	1	1	1	1	1	1	1
11-сынып (КГБ, ЖМБ)	1	1	1	1	1	1	1	1



**Назар аударыңыз!**

1. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (төмендетілген оқу жүктемесімен) 7-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәні бойынша апталық жүктеме 1 сағаттың құрайды, сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тоқсан бойыниша жиынтық бағалау(ТЖБ) жүргізілмейді, қорытынды бага жартышылдыққа қойылады.
2. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (төмендетілген оқу жүктемесімен) «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен вариативті компонент есебінен таңдалған 10-11-сыныптардағы жаратылыстар-математика бағытында оқытылатын «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, «Орта білім беру үйімдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуідің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздагы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 17, 18 тармақтар).

**9,11сынып білім алушыларына арналған қорытынды аттестаттау туралы**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйріғына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бүйріғының 39-4)-тармағына сәйкес 9-сынып білім алушылары *таңдау пәні ретінде «Қазақстан тарихы» пәнінен* жазбаша емтихан тапсырады.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС-тан күтілетін нәтижелермен анықталады.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйріғына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бүйріғының 41-тармағына сәйкес 11-сынып білім алушылары міндетті пән ретінде «Қазақстан тарихы» пәнінен ауызша емтихан тапсырады.

*5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зерттеу жұмыстары*

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша негізгі Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес 10-11 сыныптарда әр оқу тоқсанының соңында зерттеу жұмыстарының тақырыптары ұсынылады.

*10-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:*

1. Элемдік өркениет тарихындағы Ұлы Даңа.
2. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік үйымдасуы.
3. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы.
4. Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.

*11-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:*

1. Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері.
2. Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры.
3. Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі.
4. Білім мен ғылымға үлес қосқан мениң өлкемнің тұлғалары.

Зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шенберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

Негізгі Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес 10-11-сыныптарда әр оқу тоқсанының соңында «Зерттеу жұмысы» сабакын өткізу қарастырылған. Зерттеу жұмысын жүргізуудің мақсаты: теориялық материалды зерттеу тақырыптарының жеке аспектілері бойынша жүйелеу, терең талдау жасау және жалпылау.

Осы сабактар барысында оқушылар жеке, жұпта немесе топтарда тақырыптық бөлімнің тоқсанда зерттелген аспектілердің бірі бойынша кіші-зерттеу жүргізеді. Зерттеу тақырыбын оқушылар тоқсан бойы таңдай алады. Әр

тоқсан соңында оқушылар өз зерттеулерін аяқтап, әр түрлі формада сыйнып алдында таныстырыады. Бұл баяндамалар, презентациялар, рефераттар, шағын жобалар, мақалалар, эссе және т.б. болуы мүмкін. Зерттеу жұмысы бойынша формативті бағалау қарастырылған. Сонымен, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыйныптарында оқытын оқушылар өздерінің зерттеу, креативті және сыйни ойлау дағдыларын, қарым-қатынас, ынтымақтастық және азаматтық жауапкершілік дағдыларын жетілдіру үшін көп мүмкіндіктерге ие. Осы материалдарды әзірлеу кезінде әрбір тоқсанның соңында берілетін зерттеу жұмысы бұл жобалық жұмыс емес. Ол теориялық-практикалық зерттеу, онда оқушылар келесі зерттеу іскерліктері мен дағдыларын көрсетуі тиіс:

- зерттеу мәселеін (тақырыбын) анықтау және тұжырымдау;
- зерттеу жүргізу жоспарын (оның кезеңдері) құру;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, болжам жасау,
- зерттеу әдістерін таңдау және пайдалану;
- алынған ақпарат көздерін көрсете отырып, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық (сандық және сапалық) материалды (әдебиетке сілтеме, электрондық дерек көздері) таңдау және жүйелеу;
- ақпаратты бір түрден екінші түрге түрлендіру: сөздік – кестелік, кестелік-сызбалық немесе графикалық және т. б.;
- зерттеудің басында ұсынылған болжамды растайтын немесе жоққа шығаратын қорытынды жасау.
- жүргізілген зерттеу жұмыстарын жетілдіру жолдарын немесе алынған теориялық қорытындыларды практикалық қолдану мүмкіндігін анықтау.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар:  
<http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>;  
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

6. Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жүргізілетін элективтік курсдардың тақырыптары

Элективті курстар негізіне тарихи дәуірге, мемлекеттерге, тарихи тұлғаларға, тарихи туындылар мен ұлт тарихшыларына арналған, шаруашылық-экономикалық, саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік мәселелерге арналған тақырыптар алынады. Элективті курс тақырыптары: «Алтын адам жәдігерлері»; «Түркі ғұламалары»; «Ұлы даланың тарихындағы әскери дәстүр»; «Ұлы дала көшпендерінің мемлекеттілік идеясы мен дәстүрлі институттары, саяси нышандар мен билік атрибуттарының сабактастығы»; «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілік салты»; «Қазақ қолөнерінің мәдени-тарихи негіздері»; «Алаш идеясы және Алаш қозғалысы» курсы.

7. Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Қазақстан тарихы» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

- Оқу бағдарламасы негізінде сабакты жоспарлау мен критериалды бағалау;

- Рефлексия – мұғалімнің кәсіби дамуының негізі;
- Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;
- Білім алушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыратын белсенді әдістер;
- Сабақта сарапап оқытуды жүзеге асыру;
- Зерттеу жұмысын жүргізуде құндылыққа бағытталған тәсілдерді колдану;
- Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі.
- Жаңа ақпараттық құралдардың ерекшеліктері мен тиімділігі;
- Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары;
- Өзара әрекеттесу және оқыту үшін әлеуметтік желіні қолдану технологиясы;
- Инновацияларды және цифрандырудың озық практикаларын оқу процесіне енгізу;
- Киберкеністікте ақпаратпен қауіпсіз жұмыс жасаудың психологиялық- педагогикалық негіздері.
- Сабақты талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы ретінде
- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру
- Факультативтік сабақтар мен элективті курстарды ұйымдастыру.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесі.

2022-2023 оқу жылында қолданылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы ҚР БФМ-нің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 291 бүйрүғымен бекітілген.



### **Назар аударыңыз!**

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша келесі оқулықтар қолданылады:

- ✓ 5-сынып – 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің оқулықтары (еежелгі заман: шамамен 1 млн жыл бұрын – V гасыр);
- ✓ 6-сынып – 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің оқулықтары (ортагасырлар кезеңі: V - XVII гасырлар);
- ✓ 7-сынып – 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің оқулықтары (жаңа заман кезеңі: XVIII -XIX гасырлар);
- ✓ 8-сынып – 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің оқулықтары (қазіргі заман тарихы кезеңі: XX гасырдың бірінші жартысы);
- ✓ 9-сынып – 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің оқулықтары (қазіргі заман тарихы кезеңі: XX гасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін).

8. «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша сабактарды жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытуудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Рухани жанғыру идеясы негіздерінің құндылықтарын «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады.

*«Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын:*

«Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық» принципі бойынша пән мазмұнындағы ел тәуелсіздігі жолындағы құрестер тарихы, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы, «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы тақырыптары арқылы тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігіндегі қадірлеу, оны көздің қараышындағы қорғауға;

«Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры» принципі (Қазақстан халқы Ассамблеясы, Білім беру мен ғылым, Қазақстан Республикасы Конституациясы мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі тақырыбы аясында) бойынша халқымыздың бірлігі мен этносаралық татулығын сақтауға; Конституацияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге;

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы» принципі бойынша ел мен жерді қорғау үшін болған тарихымыздағы соғыстарды зерделеу арқылы ата-баба аманатына адап болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғауға;

«Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі» принципі бойынша. ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды, ұлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануға ;

«Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі» принципі бойынша тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану, мәдениетімізді зерделеп, өзге жүртқа насиҳаттай білуге;

«Білім мен еңбек – бакуатты өмірдің кілті» принципі бойынша табыстың кілті ретінде ұздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуге;

«Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі» принципі бойынша білім алушыларды барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға тәрбиелеуді «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнында қамтылған тақырыптарды менгертуде жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болады.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының

құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пифылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

Оқыту процесіндегі «Қазақстан тарихы» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру ұсынылады.



### Назар аударының!

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыйнаптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында атапын өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

1. Қаз дауысты Қазыбек бидің туганына – 355 жыл;
2. Кенесары Қасымұлының туганына – 220 жыл;
3. Ахмет Байтұрсынұлының туганына – 150 жыл;
4. Дінмұхамед Қонаевтың туганына – 110 жыл;
4. Мәнишук Мәметованың туганына – 100 жыл;
5. Талған Бигелдиновтің туганына – 100 жыл;
6. Шерхан Мұртазаның туганына – 90 жыл;
7. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл;
8. Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне – 30 жыл;
- 9 Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл

### «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні

1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні екі оқыту бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде сыйнаптарды топтарға бөлуге білім беру санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру үйымдарында, шағын жинақталған мектептерде сабак өткізу кезінде жол беріледі.

2. Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылады.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5-11 сыныптарға арналған оқу жүктемесінің көлемі 18.3-кестеде көрсетілген.

Кесте 18.3. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5-11 сыныптарға

## арналған оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5-9	Дүниежүзі тарихы	1	36	1	36
10-11 (ҚГБ)	Дүниежүзі тарихы	2	72	2	72
10-11 (ЖМБ)	Дүниежүзі тарихы	1	36	1	36

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және курделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-11-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағытында «Дүниежүзі тарихы» пәні таңдау пәні бойынша 2 сағат көлемде терендептілген деңгейде оқыту қарастырылған. Ал, жаратылыстану-математика бағытында 1 сағат көлемде стандартты деңгей қарастырылған.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://uba.edu.kz/> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

*«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің әдістемелік ерекшеліктері*

*Пәнді оқу барысында педагог:*

- әлем халықтарының материалдық және рухани мұрасын зерделеуге;
- білім алушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананың қалыптастыра отырып, патриотизмге тәрбиелеу;
- білім алушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ерекше назар аудару ұсынылады.

*Тарихты оқытуда келесілерге көніл бөлу ұсынылады:*

Пән бойынша оқу бағдарламаларының мақсаттарының бірі білім алушыларда тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Әлемнің тарихи дамуы барысында бізге жеткен жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға ықпал ететін материалдарды зерттеуге ерекше назар аудару ұсынылады. Білім алушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыруды, тарихи деректерден, басылымдар мен электронды құралдардағы ақпараттарды қолдана отырып, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру дағдыларын дамытуды қамтиды. Сондықтан сабакта білім алушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, зерттеу, жоба әдістері т.б.) қолдану ұсынылады. «Тарихи ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау

қабілетін білдіреді. Осы қабілетке ие болу арқылы білім алушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабакта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс. *Сондықтан, «Дүниежүзі тарихы» пәндерін тарихи түсініктер негізінде оқыту ұсынылады.*

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Бұйрықтың тиісті тармақтарына енгізілген толықтыруларға сәйкес:

9. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

11. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортак тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

Улгілік оқу бағдарламаларына (негізгі және төмендетілген оқу жүктемесі бойынша) сәйкес 5-11-сыныптарда оқытылатын «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 18.4-кестеде көрсетілген.

#### 18.4-кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) саны							
	Улгілік оқу жоспары				Төмендетілген оқу жүктемесімен Улгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5	2	2	2	2	2	2	2	2
6	2	2	2	2	2	2	2	2
7	2	2	2	2	2	2	2	2
8	2	2	2	2	2	2	2	2
9	2	2	2	2	2	2	2	2
10 (ОГН, ЕМН)	1	1	1	1	1	1	1	1



## Назар аударыңыз!

5-9 сыныптардагы «Дүниежүзі тарихы» пәннің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан осы сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) жүргізілмейді, қорытынды баға жартышылдыққа қойылады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттады 10-11 сыныптардагы «Дүниежүзі тарихы» пәннің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан осы сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) жүргізілмейді, қорытынды баға жартышылдыққа қойылады.

### 5. Оқу пәннің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зерттеу жұмыстары

Жалпы орта білім беру деңгейінде үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін 10-11-сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағытында (КГБ) оқытылатын «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша әр оқу тоқсанының сонында білім алушылардың зерттеу жұмысын өткізу қарастырылған.

**Зерттеу жұмысын өткізу мақсаты:** оқытылатын бөлім тақырыптарының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды жинақтау, терең талдау және жүйелуе.

Зерттеу жұмысы барысында білім алушылар жеке, жұпта немесе топтарда тақырыптық бөлімнің тоқсанда зерттелген аспектілердің бірі бойынша кіші-зерттеу жүргізеді. Зерттеу тақырыбын білім алушылар тоқсан бойы таңдай алады. Әр тоқсан сонында білім алушылар өз зерттеулерін аяқтап, әр түрлі формада сынып алдында таныстырады. Бұл баяндамалар, презентациялар, рефераттар, шағын жобалар, мақалалар, эссе және т.б. болуы мүмкін. **Зерттеу жұмысы қорытындысы бойынша формативті бағалау қарастырылған.** Сонымен, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарында оқытын білім алушылар өздерінің зерттеу, креативті және сынни ойлау дағдыларын, қарым-қатынас, ынтымақтастық және азаматтық жауапкершілік дағдыларын жетілдіру үшін көп мүмкіндіктерге ие. Осы материалдарды әзірлеу кезінде әрбір тоқсаның сонында зерттеу жұмысын беру қарастырылады.

**Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытуудың түрлі формалары ұсынылады:**

- мүқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытууды ұйымдастыру;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;

- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыйыптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану;

- оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды қеңінен қолдану;

- сабакта білім алушының біліміндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға мүмкіндік беретін көрі байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін қолдану.

Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Белгілі бір тарихи концептілерге негізделген оқыту нақты оқу материалының негізінде окушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс, зерттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Картамен жұмысты тиімді деңгейде қүшешту қажет. Ол үшін тарихи карталар мазмұнын талдау бойынша тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар берген дұрыс.

Барлық білім алушыларды оқу тапсырмаларын орындау процесіне тарту үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды жүргізу ұсынылады. Тапсырмаларды нақты орындау үшін әр оқушы өзінің функцияларын, сондай-ақ қызмет нәтижелерін бағалау критерийлерін түсіндіруі керек. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар: <http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>; <http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

## 6. Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен элективтік курс тақырыптары

Ұсынылатын элективті курстардың тақырыптары:

- «Әлемдік озық мәдениеттің жаунарлары» курсы
- «Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы» курсы
- «Евразия кеңістігіндегі көшпелілер өркениеті» курсы
- «Тарихи демография» курсы
- «Жаһандану үдерістері: теория және қазіргі заман» курсы
- «Дүниежүзі тарихында әлеуметтік-саяси қозғалыстар: коммунистік, социалистік, жаңа демократиялық қозғалыстар» курсы
- «FTP және оның әлеуметтік және рухани салаға ықпалы» курсы
- «Батыстық өркениет: мәселелер мен үдерістер» курсы

## 7. Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Дүниежүзі тарихы» пәні мұғалімдерінің кәсіби қызметін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

- Білім алушылардың тәрбиелік әлеуетін арттыруда тарих сабағының орны;
- Тарих сабактарын қашықтықтан оқыту: мәселелер мен тенденциялар;
- Оқушылардың тарих бойынша жобалық қызметін ұйымдастыру;
- Тарих бойынша білім алушылардың зерттеу жұмыстары;
- Тарих сабактарында негізгі жалпы білім берудің ЖМБС-ның метапәндік талаптарын іске асыру жолдары;
- Тарих бойынша оқу-әдістемелік жинақтарда негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының талаптарын іске асыру;
- Педагогтың тарих сабағына дайындалуы;
- Тарихты оқытуда техникалық құралдарды пайдалану тәсілдері;
- Мұражай педагогикасы арқылы оқушылардың түлғасын әлеуметтендіру;
- Тарихты зерделеу кезінде оқушылармен экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру;
- «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу кейстерін жобалау және пайдалану
- Тарихты зерделеу кезінде білім алушылардың АҚТ – құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі;
- 6-7-сыныптардағы тарих сабактарында мәтіндік құжаттарды оқу процесінде білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

*8. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесі.*

2022-2023 оқу жылында қолданылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бүйрүгіне өзгеріс енгізу туралы ҚР БФМ-нің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бүйрүгімен бекітілген.



**Назар аударыңыз!**

<p>2022-2023 оқу жылында «Дүниежүзі тарихы» бойынша келесі оқулықтар пайдаланылатын болады:</p>
---

- ✓ 5-сынып – 5-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (ежелгі заман: шамамен 2,5 млн жыл бұрын – V гасыр);
- ✓ 6-сынып – 6-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (ортагасырлар кезеңі: V - XVII гасырлар);
- ✓ 7-сынып – 7-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (жсаңа заман кезеңі: XVIII -XIX гасырлар);
- ✓ 8-сынып – 8-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (қазіргі заман тарихы кезеңі: XX гасырдың бірінші жартысы);
- ✓ 9-сынып – 9-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің оқулықтары (қазіргі заман тарихы кезеңі: XX гасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін)

## **«Құқық негіздері» оқу пәні**

*1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11-сыныптарда «Құқық негіздері» оқу пәні екі оқыту бағыты бойынша сабактар өткізу кезінде сыныптарды топтарға бөлуге білім беру санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру үйымдарында, шағын жинақталған мектептерде сабак өткізу кезінде жол беріледі.

*2. Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізіледі.

КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) үйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру үйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты 9-11-сыныпта «Құқық негіздері» оқу пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 18.5-кестеде берілген.

**18.5-кесте – 9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі**

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
9	Құқық негіздері	1	36	1	36
10-11 (КГБ)	Құқық негіздері	1	36	2	72

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://uba.edu.kz/> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сауаттылық пен мәдениеттің қалыптастыру. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде «Құқық негіздері» пәнін оқыту оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі құқықтық білімдері мен дағдыларын менгеруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Құқық негіздері» оқу пәнінің мақсаты - құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында занды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.

Пәнді оқыту оқушыларда азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға, міндеттемелерін орындауға қажетті білім мен дағдыларды, саяси-құқықтық сананы қалыптастырады.

9-сыныпта «Құқық негіздері» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: Құқық және мемлекет, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Әкімшілік құқық, Қылмыстық құқық бөлімдерін қамтиды.

Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған. Оның басты себебі – кез келген тақырып оқушыларды бірден ойландырады және оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

*«Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:*

- «Кейс стади», оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айтуда, дәлелдеуда, гипотеза ұсыну, зерттеуді одан әрі жоспарлауда қабілеттерін дамытатын ынталандырушы–проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;

- белгілі бір тақырып бойынша «миға шабуыл», «фишбоун», «автор орындығы», т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табуда, әр оқушының идеясын ұсыну, бүкіл сынныпен талқылауда, оны талдауда және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдауда);

- сабакта оқушылардың белсенділігін қажет ететін құқықтық проблемаларды талқылауда;

- оқушылардың пікірталас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылауына иғі ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар) пайдалану.

Оқушылардың құқықтық мәселелер мен жағдайаттарға талдау жүргізу үшін сабакта құқықтық-нормативтік актілермен, заң түсіндірмелерімен және ресми құқықтық деректермен жұмысты ұйымдастыру ұсынылады.

### *Жалпы орта білім беру деңгейі*

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

10-11-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді терендетеуді.

«Құқық негіздері» оқу пәні құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін білім алушылардың қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.

### *«Құқық негіздері» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:*

- әлеуметтік және құқықтық нормалар жүйесі: адам құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп туралы білімдерін терендешу және кеңейту;
- қазақстандық құқық пен халықаралық құқықтың базалық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерін дамыту;
- құқыққа деген оң қозқарасты қалыптастыру және заңдарды білу мен орындаудың әлеуметтік пайдалылығын түсіну;
- қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманизм мен әділеттілік негізінде тұлғаның құқықтық санасын қалыптастыру;
- оқу және тәжірибелік іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағыларын қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық нормаларға сәйкес іс-әрекеттерді тандау кезінде құқықтық білім мен дағыларды қолдана алу біліктерін дамыту;
- қоғамдағы құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды сын тұрғысынан талдау және бағалау дағыларын дамыту;
- қазіргі уақыттағы өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағыларын дамыту.

### *«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктер*

10-11-сыныптарда оқу пәнінің білім мазмұны бес бөлімді қамтиды: «Мемлекет және құқық», «Жария құқық», «Жеке құқық», «Іс жүргізу құқығының негіздері», «Халықаралық құқық».

Бұл бөлімдер өз ішінде білім, түсінік және дағыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім

мен оқушыға келесі қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабактастықты көрсетеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады:

- оку тапсырмаларын орындау барысында нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесін қолдану (<http://adilet.zan.kz/>; <http://online.zakon.kz/>);

- құқықтық нормалардың мазмұны мен мәнін түсіндіру және анықтау арқылы нормативтік құқықтық актілерді талдау;

- оқушылар проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айтуда, дәлелдеу, болжамды ұсыну, зерттеуді жоспарлау қабілеттерін дамытатын ынталандырушы-проблемалық құқықтық ситуациялық жағдаяттарды (кейс-стади) зерттеу.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет, соның ішінде ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту барысында АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері:

- құқықтық деректермен жұмыс жасау: оларды іздеу, сұрыптау және интерпретациялауға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

- белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;

- оқушылардың электронды оқулықтарды пайдалануы;

- компьютерлік презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жобаларды жасау;

- оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуы үшін (пікір-талас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылау) компьютерлік коммуникация құралдарын пайдалану (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар).

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес білім бойынша жиынтық бағалаудың саны*

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта білім беру үйімдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады:

Үлгілік оқу бағдарламаларына (негізгі және төмендетілген оқу жүктемесі бойынша) сәйкес «Құқық негіздері» оқу пәнінен өткізілетін білім бойынша жиынтық бағалау саны 18.6 -кестеде көрсетілген.

#### 18.6-кесте. «Құқық негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Білім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
9-сынып	1	1	1	1

10-11-сынып (КГБ)	1	1	1	2
10-11-сынып (ЖМБ)	1	1	1	2
Сынып	<i>Төмендегілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспары бойынша</i>			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
9	1	1	1	1
10-11 (КГБ)	1	1	1	2
10-11 (ЖМБ)	1	1	1	2

9-сыныпта және 10-11-сыныптарда 1 сағат көлемінде оқытылатын «Құқық негіздері» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

*5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зерттеу жұмыстары*

Зерттеу жұмысын жүргізудің мақсаты: теориялық материалды зерттеу тақырыптарының жеке аспектілері бойынша жүйелеу, терең талдау жасау және жалпылау.

*10-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:*

1. Мемлекет және құқық формаларының эволюциясы
2. Жария құқық салалары ерекшеліктерінің сипаттамасы.
3. Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі
4. Құқыққа қатысты процестер қадамдарының сипаттамасы.
5. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі қазіргі заманғы халықаралық ұйымдар.

*11-сынып бойынша зерттеу тақырыптары:*

1. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының құқық жүйесі және мемлекеттік органдар жүйесі.
2. Мемлекеттік билік пен басқару органдарының қызметін реттеудегі жария құқықтың рөлі
3. Жеке меншік құқықты қорғауды қамтамасыз етудегі жеке құқықтың рөлі.
4. Қазақстан Республикасында азаматтық құқықтарды қорғау әдістері
5. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде халықаралық құқық нормаларын іске асыру.

Сондықтан қоғамдық-гуманитарлық бағытта осы тақырыптар көлемінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

*Зерттеу жұмысы бойынша формативті бағалау қарастырылған.* Сонымен, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарында оқытын оқушылар өздерінің зерттеу, креативті және сынни ойлау дағдыларын, қарым-қатынас, ынтымақтастық және азаматтық жауапкершілік дағдыларын жетілдіру үшін көп мүмкіндіктерге ие. Осы материалдарды әзірлеу кезінде әрбір тоқсанның соңында берілетін зерттеу жұмысы бұл жобалық жұмыс емес. Ол теориялық-практикалық

зерттеу, онда оқушылар келесі зерттеу іскерліктері мен дағдыларын көрсетуі тиіс:

- зерттеу мәселесін (тақырыбын) анықтау және тұжырымдау;
- зерттеу жүргізу жоспарын (оның кезеңдері) құру;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, болжам жасау,
- зерттеу әдістерін таңдау және пайдалану;
- алынған ақпарат көздерін көрсете отырып, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық (сандық және сапалық) материалды (әдебиетке сілтеме, электрондық дерек көздері) таңдау және жүйелеу;
- ақпаратты бір түрден екінші түрге түрлендіру: сөздік – кестелік, кестелік-сызбалық немесе графикалық және т. б.;
- зерттеудің басында ұсынылған болжамды растайтын немесе жоққа шығаратын қорытынды жасау.
- жүргізілген зерттеу жұмыстарын жетілдіру жолдарын немесе алынған теориялық қорытындыларды практикалық қолдану мүмкіндігін анықтау.

6. *Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Құқық негіздері» пәні бойынша жүргізілетін элективтік курс тақырыптары*

«Құқық негіздері» пәні бойынша келесі элективтік курс тақырыптары ұсынылады: 9-11 сынып оқушыларына арналған «Қазақстан Республикасындағы негізгі қоғамдық процестерді құқықтық реттеу негіздері» курсы; «Қазіргі заманың негізгі құқықтық жүйелерін жіктеп» элективті курсы; «Экологиялық құқық-қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық механизмі» элективті курсы; «Құқықтық ақпараттандыру» элективті курсы; «Құқық негіздері бойынша Практикум» элективті курсы.

Көрсетілген элективті курстарды әзірлеу және оқу кезінде жобалық оқытуға (жобалық және жүйелік ойлауды дамыту үшін) сүйену, сондай-ақ практикалық тапсырмалардың үлкен санын көздеу қажет.

7. *«Құқық негіздері» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

1. 9-11 сыныптардағы «Құқық негіздері» пәні сабактарында жобалық және жүйелік ойлауды дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдері;

2. «Құқық негіздері» пәні сабактарында оқу сауаттылығын қалыптастыру тәсілдері;

3. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған білім алушылардың өзіндік жұмысының әдістері мен түрлері;

4. Қалыптастырушы бағалауға арналған практикалық және ситуациялық тапсырмалар базасын қалыптастыру;

5. «Құқық негіздері» пәні бойынша цифрлық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері;

6. Білім алушылардың диалог және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытудың әдістері мен тәсілдері;

7. Белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу-таннымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру;

8. «Құқық негіздері» пәні бойынша жаһандық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері;

9. «Құқық негіздері» пәні бойынша экологиялық сауаттылықты

қалыптастыру тәсілдері;

10. Білім алушылардың сыни ойлау деңгейін арттырудың тиімді әдістері мен тәсілдері.

8. «Құқық негіздері» пәні бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесі

2022-2023 оқу жылында қолданылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі «Орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі үйымдарға, орта білім беру үйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы №291 бүйрығымен бекітілген.

9. «Құқық негіздері» пәні мазмұнының және оқыту процесінің тәрбиелік алеуетін арттыру

«Құқық негіздері» бойынша сабактарын жоспарлау және үйымдастыру барысында білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-піфылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған жұмыстарды үйимдастыру ұсынылады.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. 2022-2023 оқу жылында білім беру үйымдастырунда мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- ✓ «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға қүштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Енбек – елдің мұраты»;

Жоба материалдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған <https://uba.edu.kz/>.

Тәрбие бағытының бірі – білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру үйымдастырунда заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

Білім алушылардың сана-сезімі мен құқықтық мәдениетінің қалыптасу критерийлері: негізгі зандарды білу, түсіну және міндепті түрде орындау, құқықты, зандылықты құрметтеу, алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше және функционалдық сауатты түрде пайдалана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық, құқыққа қарсы құбылыстардың, әрекеттердің кез келген түрін қабылдамау, академиялық адалдық.

Жоғары сыйнштарда білім алушыларды құқықтық-жауапкершілік нормаларымен таныстыру қажет. Білім алушылар бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Зандарын білулері тиіс. *Жасөспірімдердің денсаулығы мен қауіпсіз мінездүкүлкү мәселелерін зерттеуге назар аудару ұсынылады.*

## **19. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 1-11 сыйнштар**

*1. Жалпыга міндепті білім беру стандартында «Дене шынықтыру» оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырудар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына 2-қосымшаның 23-24-тармағына сәйкес 1-4-сыйнштарда «Дене шынықтыру» міндепті оқу пәні ретінде оқытылады.

«Дене шынықтыру» пәнінің мазмұны физикалық қасиеттерді, жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауға деген қызығушылықты дамытуға; саламатты өмір салты мәдениетін дарытуға; дене шынықтырудың адам өміріндегі рөлі туралы түсініктерді қалыптастыруға, спорт, қазақтың ұлттық спорт түрлері туралы ақпаратты өз бетімен таба білу және оны өзінің денсаулығын нығайту үшін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыруға; оқу, ойын және жарыс қызметі жағдайында құрбы-құрдастармен қарым-қатынас жасау мәдениетінің машиқтарын қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына 3-қосымшаның 36-37-тармағына сәйкес «Дене шынықтыру» 5-9-сыйнштарда міндепті оқу пәні ретінде оқытылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене бітімі қасиеттерін дамытуға және ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін жоғарылатуға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, қозғалыс тәжірибесін жалпылай дамыту мен түзетуге бағытталған физикалық жаттығулар арқылы байтуға; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге; базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдарымен амалдарын менгеруге; патриоттық сезімге, өз Отанын сүюге және рухани ерік-жігер қасиеттеріне тәрбиелеуге бағытталады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 7-тармақшасына; 38, 44-тармақтарына сәйкес 10-11-сыйнштарда «Дене шынықтыру» міндепті оқу пәні ретінде оқытылады.

Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың

міндettі оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес әзірленетін оқу бағдарламаларымен нақтыланады.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны: қымыл-қозғалыс белсенділігінің заңдылықтары, спорттық дайындық, дene тәрбиесімен шұғылданудың болашақ еңбек жолындағы маңызы, әскер қатарында қызмет етуге дайындау туралы білім көлемін көнектіруді; білім алушының жасына және жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес ағзаның қызмет ету қабілеттерін жоғарылатуды; спорттың негізгі түрлері бойынша техникалық және тактикалық әрекеттер мен тәсілдерді жетілдіруді; дene шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінің дербес және ұжымдық түрлерінің құзыреттілігін дамыту, белсенде демалыс және спорттық жарыстарды ұйымдастырудың шығармашылық дағдыларын дамытуды; жеке тұлғаның өзін шынайы бағалауын, адамгершілік сананы, өмірлік көзқарасты, ұжымшылдықты қалыптастыру, мақсаткерлік, батылдық, ұстамдылық, табандылықты дамытуды; спорт түрлері бойынша олимпиадалық резервті дамытуға және қалыптастыруға жағдай жасауды қамтамасыз етуі тиіс.

«Дене шынықтыру» оқу пәні білім алушыларға пән бойынша алған білім, біліктілік және дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға; қымыл-қозғалыс құзыреттілігі мен дene дамуларын жақсарту қажеттілігін бағалауға; адамгершілік қасиеттерін дамытуға және әділ ойын мен үздіксіз өздік дамуды сезінуге; жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; адамның денелік және энергетикалық жүйесіне дene жаттыгуларының әсер ету дәрежесін, өздік дene дамуы және қымыл-қозғалыс дайындығы деңгейі, ағзаның қызмет ету жағдайы мен жұмыс істеу қабілетін бағалауға; қындықтарды женуге мүмкіндік береді.

## 2. Улгілік оқу жоспарындағы «Дене шынықтыру» оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрекімен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдалады.

Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытулатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты 19.1, 2-кестелерде көрсетілген. Жалпы орта білім беру деңгейінде «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспары қоғамдық-гуманитарлық бағыт және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша 19.3-кестеде берілген.

«Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады.

19.1-кесте. 1-4-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Үлгілік оқу жоспары	Үлгілік оқу жоспары

				(төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>					
1	Дене шынықтыру	3	105	2	70
2	Дене шынықтыру	3	108	2	72
3	Дене шынықтыру	3	108	2	72
4	Дене шынықтыру	3	108	2	72
<b>Вариативтік компонент</b>					
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		-	-	4	144

19. 2-кесте. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары <i>(төмендетілген оқу жүктемесімен)</i>	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>					
5	Дене шынықтыру	3	108	2	72
6	Дене шынықтыру	3	108	2	72
7	Дене шынықтыру	3	108	2	72
8	Дене шынықтыру	3	108	2	72
9	Дене шынықтыру	3	108	2	72
<b>Вариативтік компонент</b>					
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		-	-	5	180

19.3-кесте. 10-11-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат				
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары <i>(төмендетілген оқу жүктемесімен)</i>		
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық	
<i>қоғамдық-гуманитарлық бағыт және жаратылыстану-математикалық бағыт</i>						
<b>Инварианттық компонент</b>						
10	Дене шынықтыру	3	108	2	72	
11	Дене шынықтыру	3	108	2	72	
<b>Вариативтік компонент</b>						
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		-	-	2	72	

Оқу жылшының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.



## Назар аударының!

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 1-11-сыныптарда вариативті компонент есебінен «Дене шынықтыру» пәніне 1 сағат болінген және осы сағат көлемінде міндетті турде спорттық ойындар жүргізілуі тиіс.

Вариативтік компоненттің дене шынықтыру мүғалімі спорттық ойындарды тереңдетіп оқыту мақсатында оқытуудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын қолдануға және енгізуге бағдарлайды. Вариативтік компоненттің нақты білім беру үйімі, материалдық базасы мен өңірдің орналасу ерекшеліктерін, білім алушының қызығушылықтарын және оқытуышылар үжымының мүмкіндіктерін ескере отырып дене шынықтыру мүғалімі әзірлейді.

3. «Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар  
«Дене шынықтыру» пәні, 1-4-сыныптар

2022-2023 оқу жылында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін үйімдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Дене шынықтыруды оқытуудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін менгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқытуудың міндеттері: дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамыту; өзінің дене және психикалық денсаулығын нығайту үшін ұмтылуға ынталандыру; білім алушылардың тәзімділікке, ширактыққа, құштілікке, ептілікке және икемділікке ықпал ететін қозғалыс дағдыларын дамыту; Отанға деген патриоттық сезімін, құрметтеуге, жауапкершілік пен өзара түсіністікке тәрбиелеу; білім алушылардың өз өмірлерінде салауатты өмір салтын ұстануға және үйренген дене-қимыл дағдыларын алдағы уақытта қолдануға ынталандыру; жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы түсініктерін қалыптастыру.

Дене шынықтыру мүғалімдері білім алушы ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (жетілуіне) сәйкес өздерінің педагогикалық тәсілдерін бақылауы және өзгертуі тиіс.

Оқу бағдарламасында қарастырылған шаңғы/коңкимен сырғанау/кросс жаттығулары аймақтардың климаттық жағдайларына сәйкес бір-бірін алмастырады.

Бұл бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі

нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

### «Дене шынықтыру» пәні, 5-9-сыныптар

2022-2023 оқу жылында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін үйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

«Дене шынықтыру» оқу бағдарламасы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дene және психикалық денсаулығын нығайтуға уәждемесін (мотивация) арттыруға, білім алушылардың арнайы спорттық (спортық-спецификалық) қымыл дағдыларын менгеруіне, дene қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасында дene шынықтыру мен спортты дамыту тарихы бойынша білімді қалыптастыру; негізгі дene дамуы қасиеттерін жетілдіру, арнайы спорттық біліктер мен дағдыларды дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту, атап айтқанда, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалану, оны тиісті нысанда нақты ұсыну қабілеті; ойлау және зерттеу дағдыларын дамыту; адамгершілік-жігер, моральдық-ерік қасиеттерін қалыптастыру қарастырылған.

Оқу бағдарламасы оқу жылы ішінде бағдарлама бөлімдерін оқытуудың бірізділігін анықтайтын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Сағаттарды бөлу, сондай-ақ тақырыптарды оқу реті мұғалімнің қалауы бойынша өзгеруі мүмкін.

Бұл бағдарламада мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дene шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұны қамтылған және бұл міндеттерді барлық оқу жылында біртіндеп шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

«Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытуудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.



### Назар аударыңыз!

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дene шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

«Дене шынықтыру» пәнінің бағдарламасы мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дene шынықтырудың

барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын көңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

#### *«Дене шынықтыру» оқу пәні, 10-11-сыныптар*

2022-2023 оқу жылында «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін үйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Ұлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламаларын келесі сайттан жүктеуге болады (қоғамдық-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математикалық бағыт).

Орта мектептегі дене шынықтырудың педагогикалық жүйесін үйымдастырудың негізгі түрлері:

- 1) дене шынықтыру сабактары;
- 2) оқу күндерінде үйымдастырылатын дене тәрбиесі және сауықтыру іс-шаралары;
- 3) спорттық жарыстар мен мерекелік шаралар;
- 4) спорттық үйірмелер;
- 5) дене жаттығуларымен өздігінен шұғылдану (үй тапсырмалары).

Дене шынықтыру сабактары білім алушылардың дене шынықтыру пәнінің мазмұнын игеру процесіндегі іс-әрекеттерін үйымдастырудың негізгі түрі болып табылады.

Бұл бағдарлама мектепте дененің шынығуы мен адамгершілікке тәрбиелеудің кешенді жүйесін құрайтын дене шынықтырудың барлық негізгі нысандарының мазмұнын қамтиды және бұл міндеттерді барлық оқу жылында рет-ретімен шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын көңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған.

#### *«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны. 10-сынып.*

«Оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша сағаттарды бөлу» тақырыптық жоспары 19.4-кестеде келтірілген.

19.4-кесте. Тақырыптық жоспар «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу»

Бағдарлама бөлімдері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары. Сағаттар саны				
		1	2	3	4	$\Sigma$
Базалық	1. Женіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	Футбол	8	-	-	7	15
	Баскетбол	-	8	7	-	15
	Волейбол	7	-	8	-	15

	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шанғы дайындығы*	-	-	10	-	10
	5. Жұзу**	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	17	25	20	84
<b>Вариативтік</b>	Вариативтік бөлім нақты спорттық ойындарды тереңдетіп оқытуда білім беру үйімдары футболды, волейболды, немесе баскетболды таңдауы арқылы жүзеге асырылады	4	5+4	5	4+2	24
<b>Оқу жылы бойынша сағаттар саны:</b>		<b>26</b>	<b>22+4</b>	<b>30</b>	<b>24+2</b>	<b>108</b>

**Ескерту:**

\*— Қарсылық аудандарда шаңғы дайындығы сабактарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүргіру сабактары мен басқа да аэробты жүктеме жаттыгуларын қолдану ұсынылады.

\*\*— Жұзу сабагын өткізу мүмкін болмаган жағдайда, бағдарламаның жұзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дәғдилдерін үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дene шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып

«Оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша сағаттарды бөлу» тақырыптық жоспары 19.5-кестеде келтірілген.

19. 5-кесте. Тақырыптық жоспар «Бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар санын тоқсандарға бөлу».

Бағдарлама бөлімдері	Бағдарлама бөлімдері	Оқу тоқсандары. Сағаттар саны				
		1	2	3	4	Σ
<b>Базалық</b>	1. Женіл атлетика	7	-	-	7	14
	2. Спорт ойындары	15	8	15	7	45
	<i>Футбол</i>	8	-	-	7	15
	<i>Баскетбол</i>	-	8	7	-	15
	<i>Волейбол</i>	7	-	8	-	15
	3. Гимнастика	-	9	-	-	9
	4. Шанғы дайындығы*	-	-	10	-	10
	5. Жұзу**	-	-	-	6	6
	Базалық компонент бойынша сағаттар саны:	22	17	25	20	84
<b>Вариативтік</b>	Вариативтік бөлім нақты спорттық ойындарды тереңдетіп оқытуда білім беру үйімдары футболды, волейболды, немесе баскетболды таңдауы арқылы жүзеге асырылады	4	5+4	5	4+2	24
<b>Оқу жылы бойынша сағаттар саны:</b>		<b>26</b>	<b>22+4</b>	<b>30</b>	<b>24+2</b>	<b>108</b>

**Ескерту:**

\* – Қарсыз аудандарда шаңғы дайындығы сабактарының орнына жалпы төзімділікті дамытуға сауықтыру жүргіру сабактары мен басқа да аэробты жүктеме жеткізулерін қолдану ұсынылады.

\*\*– Жузу сабагын өткізу мүмкін болмаган жағдайда, бағдарламаның жүзу бөлімін іске асыруға арналған уақытты спорттық дәғдиларын жетілдіру үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оның орнына дene шынықтырудың спорттық ойын түрлерін қолдану ұсынылады.

*4 Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сүйеніп, бөлім бойынша жиынтық бағалау*

«Дене шынықтыру» пәні бойынша 1-11 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығының 16-тармағына толықтырулармен).

«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (жаңартылған мазмұн бойынша және оқу жүктемесін қысқарту бойынша) сәйкес 2-11-сыныптарда формативті бағалау қорытындысы бойынша әр тоқсанның соңында және оқу жылының соңында «Дене шынықтыру» пәні бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады. Жиынтық бағалау жүргізілмейді.

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2-4-сыныптарда «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек, яғни білім алушы «есептелінді» деген сынақ алу үшін сабакта қатысып қана қоймай, дene дамуы бойынша білім мен біліктілік негіздерін игеруі керек.

Мұғалімнің әр сабактағы бақылау қызметі жүйелі болады, бұл білім алушыларға жаңа материалды оқу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындастынын түсінуге мүмкіндік береді, оқушының жеке білім траекториясын түзетуге мүмкіндік береді.

*5. Үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті есебінен «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстар*

Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес сабактан тыс іс-әрекеттер (спорт секциялары) өткізуге болады.

«Дене шынықтыру» пәні сабактарын үйимдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы өзірлеген әдістемелік ұсынымдар академия сайтына орналастырылған ([www.nao.kz](http://www.nao.kz)).

## **6. «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіндегі қарастырылатын әдістемелік тақырыптар**

Оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау түрлері. Мектептегі дене шынықтырудың педагогикалық жүйесін ұйымдастырудың негізгі түрі дене шынықтыру сабактары, оқу күндерінде ұйымдастырылатын дене тәрбиесі және сауықтыру іс-шаралары, спорттық жарыстар мен мерекелік шаралар, спорттық үйрмелерде шұғылдану, дене жаттығуларымен өздігімен шұғылдану (үй тапсырмалары). Сонымен қатар дене шынықтыру сабактары оқушылардың дене шынықтыру пәнінің мазмұнын игеру процесіндегі іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады.

## **7. «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесі**

«Дене шынықтыру» пәні сабактарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталық әзірлеген әдістемелік ұсынымдарды пайдалануға болады.

## **20. «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 10-11-СЫНЫПТАР**

### **1. Жалпыга міндетті білім беру стандартында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына сәйкес «Дене шынықтыру» білім беру саласының 10-11-сыныптарында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес әзірленетін оқу бағдарламаларымен нақтыланады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың бойында әскери іс, робототехника және IT-технология негіздері туралы көзқарасты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет ету және әскери іс негіздері, әскери ант және әскери жарғылар мазмұнына қойылатын талаптар бойынша білім туралы түсінікті қалыптастыруды; өмірлік маңызы бар дағдылары мен қасиеттерін дамытуға ықпал етуді; теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нық игерулері арқылы оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет

етуге дайындауды; бойында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінікті қалыптастыруды; жастардың бойында азаматтық көзқарас, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау қажеттілігіне деген сенімділікті, әскери қызметке деген жауапкершілікке саналы тұрғыдан дайын болуды қалыптастыруды; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, оның дәстүрлері, әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктері, жалпы әскери мамандыққа деген қызығушылықты дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқу пәні білім алушыларды әскери-патриоттық және адамгершілік тәрбиелеу, олардың сана-сезімі мен танымдық қызығушылықтарын, қарым-қатынас орната білу қабілеттерін, жігер сапаларын, әскери іс, робототехника, автомобиль жүргізу бойынша теориялық негіздерін, білік және дағдының, сандық фото және бейне жабдықтарды пайдаланудың алғышарттарын дамытудың жалпы жүйесінде маңызды орынға ие.

Оқу пәні қазақстан әскерінің даму тарихымен танысу және оның бүгінгі жай-күйін оқу арқылы әскери тұрғыдан жігерлі, батыл, денсаулығы мықты, білімді тұлғаны дамытуға бағытталған.

*2. Ұлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»*

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрекімен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Ұлгілік оқу жоспарларының түрлеріне қарай «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі 20.1-кестеде көрсетілген.

#### 20.1-кесте. Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат				
		Ұлгілік оқу жоспары		Ұлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)		
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық	
<i>қоғамдық-гуманитарлық бағыт және жаратылыстану-математикалық бағыт</i>						
<i>Инварианттық компонент</i>						
10	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	36	1	36	
11	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	36	1	36	
<i>Вариативті компонент</i>						
<i>сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 30 сағат қарастырылған</i>						

--	--	--	--

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

3. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

2022-2023 оқу жылында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабактарда іске асырылады: теориялық сабактарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі; практикалық сабактар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын итеруге бағытталады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытуыш-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

2022-2023 оқу жылында әрбір білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты оқытуудың оқу жылына есептелген күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрылады.

Барлық жалпы білім беру мектептерінде меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша құралдар және жиһаздармен жабдықтау нормасына сәйкес көрнекіліктер, көрнекі үгіт-насихат стандарттері және техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі жетілдіріліп отырады.

Қару макеттері және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі білім беру ұйымдарының есебінен іске асырылады.



**Назар аударыңыз!**

«Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытуыш-ұйымдастыруысы жүзеге

*асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабактар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.*

10-сыныпта өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын ішшаралармен таныстырады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шындау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Далалық-оқу жиынындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі (ұлдарға арналған). 10-сынып.

**Бөлімдер:**

1. «Тактикалық дайындық».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары».
4. «Саптық дайындық».
5. «Әскери топография».

Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру үйимдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрақ қою, жазба жұмыстың және практикалық жаттығулар бақылауын қолдану арқылы жүзеге асырады.

*«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны.*  
**11-сынып.**

**Бөлімдер:**

1. «Әскери қызметтің құқықтық негіздері».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Саптық дайындық».
4. «Технологиялық дайындық».
5. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері».

11-сыныпта технологиялық дайындыққа арналған бөлім жол қозғалысы ережесін және автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізуі зерделеу қарастырылады.



## Назар аударыңыз!

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытуышы-ұйымдастыруышы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабактар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сүйеніп, бөлім бойынша жиынтық бағалау

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша 10-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрүгімен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бүйрүгіның 16-тармағына толықтырулармен) сәйкес жүргізіледі.

Үлгілік оку бағдарламаларына (жаңартылған мазмұнның және төмендетілген оқу жүктемесі бойынша) сәйкес 10-11-сыныптарда оқытылатын «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

10-11 сыныптарды қорытындылау және «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қою кезінде педагог критериалды бағалау қағидаттарын басшылыққа алуы қажет.

Оқытуышы-ұйымдастыруышының әр сабактағы бақылау қызметі жүйелі болады, бұл білім алушыларға жаңа материалды оқу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындастырынын түсінуге мүмкіндік береді, оқушының жеке білім траекториясын түзетуге мүмкіндік береді.

5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес зертханалық, практикалық жұмыстар

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің мазмұнына енгізілген оқытудың негізгі нысандары теориялық, зертханалық-практикалық, практикалық және бақылау сабактары болып табылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабактарда іске асырылады:

1) теориялық сабактарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әнгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

2) практикалық сабактар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Практикалық сабак басталғанға дейін білім алушылар негізгі ережелерді орындау мен қауіпсіздік шараларын сактау бойынша міндettі нұсқаулықтан өтеді.

Практикалық жүргізу сабактары әрбір білім алушылармен жеке автотренажерлерде, автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған аландарда) және 3 жылда кемінде 1 рет жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық уәкілетті органда келісуден өткен үйрету бағыттарында өткізіледі. Білім алушылардың деңгейін анықтау және оның білімін бағалау үшін қорытынды сабактар өткізіледі.

Сабактың, сабактан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «2021 жылғы 12 қазанда бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру Ұлттық жобасы» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2022-2023 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабактарын өткізу дің басты талабы – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын менгеруге мүмкіндік береді

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша электективті курсардың немесе сыныптан тыс жұмыстардың тақырыптары ұсынылады:

Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндettі кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні сабактарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша оқытушы-ұйымдастырушыларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында ІІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік ұсынымдар академия сайтына орналастырылған (nao.kz).

Академия сайтында ([www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz)) 10-11 сыныптарда «АӘТД» пәні бойынша сынақты жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар орналастырылған. Тапсырмалар оқытушы-ұйымдастырушыларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында ұсынымдық сипатта берілген.

Академия сайтындағы әдістемелік ұсынымдар орта білім беру деңгейіндегі 10-11 сынып оқушылары үшін «АӘТД» пәні бойынша сынақты жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу кезінде оқытушы-ұйымдастырушыларға көмек ретінде жасалды. Сынақтарға арналған тапсырмалар оқытушы-ұйымдастырушыларға білім алушылардың 1 және 2 жартыжылдыққа жоспарланған оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жартыжылдыққа сынақ жүргізу үшін әдістемелік ұсынымдарда оқушылардың дайындық деңгейін бағалауға көмектесетін тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар ұсынымдық

сипатта болады. Әдістемелік ұсынымдарды дайындау кезінде ресми интернет-сайттарда ашық қолжетімді ресурстар пайдаланылды.

Әдістемелік ұсынымдарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» бағдарламасы бойынша білім алушылардың сабакты аяқтау кезеңінде бақылау-тексеру тест тапсырмаларын жүргізу кезінде білім алушылардың теориялық білімдерін тексеруге арналған әскери қызмет негіздерін игеру, білім беру ұйымдарындағы технологиялық дайындық бойынша тест тапсырмалары берілген. Ұсынылатын тест тапсырмаларын оқу барысында ағымдағы тексеріс кезінде де қолдануға болады.

Оқытушы-ұйымдастыруши алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын ұйымдастыруши, бастапқы шарттардың ерекшеліктері, оқу орнының материалдық базасының болуы мен жай-күйіне, оқытудағы дербес тәжірибесіне, жеке дайындық деңгейіне қарай бағдарламада айқындалған мақсаттар мен міндеттердің сапалы орындалуын қамтамасыз ететін сабактарды өткізуіндің басқа да әдістерін, нысандарын, тәсілдерін қолдана алады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шындау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып үлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.



## Назар аударыңыз!

*Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.*

6. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқытушы-ұйымдастырушыларының әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін ұйымдастырушы-оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру бойынша әдістемелік бірлестік отырыстарында ұсынылатын тақырыптар (әдістемелік бірлестік, Жас сарбаз клубтарының басшылары, педагогикалық шеберлікті арттыру мектебі, Жас Ұлан командасы (әскери-спорттық түрлері):

- 1) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі»;
- 2) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытудың өзекті мәселелері;
- 3) «Қашықтан оқу жағдайында тиімді сабак ұйымдастыру жолдары»;
- 4) «Ерлік сабактары»;
- 5) «Ұлан», «Алау», «Батыр», «Жас Ұлан – жаңа міндет»;
- 6) «Армия балалар көзімен» атты дәстүрлі патриоттық акциялар.

7) Спорт сайыстарын және эстафеталарды ұйымдастыра отырып, жастарды «Жас сарбаз» республикалық және «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиынына және әскерилендірілген кросстарға қатыстыруды тиімді жоспарлау.

8) Қашықтан оқыту жағдайында жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып жасөспірімдерімен далалық-оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар.

## 21. «МУЗЫКА» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛПТЕРІ, 1-6-СЫНЫПТАР

### 1. Жалтыга міндепті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» және оқу пәндері арқылы беріледі. 1 сыныпта «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу».

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына 2-қосымшаның 21-22-тармағына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрекшімен бекітілген негізгі орта білім берудің 3-қосымшасының 33-34-тармағына сәйкес 1-6-сыныптарда «Музыка» міндепті оқу пәні ретінде оқытылады.

### 2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бүйрекшімен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдалады.

### 3 Оқу пәнінің мазмұны бойынша Улгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

#### «Музыка» пәні, 1-4 сыныптар

2022-2023 оқу жылында «Музыка» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ІІ. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Улгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

1-сыныпта «Музыка» оқу пәнінің базалық оқытуда білім алушылардың жеке және жалпы музикалық қабілетіне және сабак барысында үйренетін әннің мәтінінде кездесетін құрделі сөздердің дұрыс дыбысталуын қадағалау, әуенімен қосылып орынданай білуі дағдысын қалыптастыру ұсынылады. Әсіресе, «қ, ғ, р, ұ, ү, ң, ө, ә, ш, с» дыбыстарын дұрыс айтқызу ана тілінде таза, анық сөйлеуге, әнді дұрыс орындауга бағытталады. Қызықты ырғақтық жаттыгулар жасату арқылы музиканың көңіл-күйін сезіндіру,nota сауаттылығының алғашқы сатысы до мажор гаммасын айтқызып, үйрету ұсынылады; жалпы музикалық терминдер тереңдетіліп оқытылу талап етілмейді.

2-сыныпта «Музыка» пәнін оқытуда тыңдайтын және орындастырын туындының мазмұны жайлы түсінік бере отырып, музиканың адам және табиғат

әлеміндегі орнын түсіндіру мақсатында түрлі мысалдармен білім алушының жан-жақты көзқарасын қалыптастыру ұсынылады. Дәстүрлі қазақ музикасының бастауы бесік жырының тәлім-тәрбиелік маңызын жете түсіндіру үшін әр заманың туындыларын жатқа айтуларына баса назар аудару, табиғатты қорғау, тұған жерге деген құрмет және басқа да бала жасына лайықты балалар әндерін үйрету ұсынылады. Сабак барысында музика тыңдау және ән үйрену бөліміне басымдық берілгені дұрыс. Тыңдауға арналған және үйренетін туындыны таза домбыра аспабының орындауында тыңдату ұлттық құндылықтарды насиҳаттаудың басты құралы ретінде ұсынылады.

3-сыныпта «Музика» оқу пәнінің оқытуда музикалық сауаттылық бойынша жалпы ұғымдармен таныстыруға болады. Музикалық жанрлар, формалар жайлы жалпы көзқарастары үшін тапсырмалар беріледі, нота сауаттылығы тереңдетіп оқыту талап етілмейді. Өн айту ережелерін сақтап, тынысты дұрыс алғып, мәтінінің мазмұнын дұрыс ұғынып, сөзді анық дыбыстап, мәнерлі орындаушылық дағдыларын қалыптастыра түсуге баса назар аудару керек. Ұлттық құндылығымыз-халық қүйлерін тыңдата отырып, күй барысында қайталанатын әуен буындарына лайықтап сөз құрауға үйрету арқылы ұлттық бояуды бала жадында сақтау әдісі ұсынылады.

4-сыныпта «Музика» оқу пәнін оқытуда музиканың халықтық, классикалық және эстрадалық түрғыдағы үлгілерін салыстыра отыра тыңдатып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдау, қазақ ұлттық музикасының тарихы жайлы теренірек мәлімет беру керек. Дауыс баптауға арналған қызықты жаттығулар жасатып, ән орындауга шабыт беру қажет.

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

2-4-сыныптарда «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген сынақ қойған кезде критериалды бағалау қағидасына сүйену керек.

«Музика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында **35** сағатты;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

### «Музика» оқу пәні, 5-6 - сыныптар

2022-2023 оқу жылында «Музика» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруды Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Ұлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

«Музика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

5-сыныптағы «Музыка» пәнінде қазақ халқының ұлттық құндылықтары (күй, айтыс, тұрмыс-салт әндері) таныстырумен ғана шектелмей, театрландырылған сабактар өткізу ұсынылады. Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін интерактивті тақталарды қолдану арқылы өткен тақырыптарды қорытындылау ұсынылады.

6-сыныптағы «Музыка» пәнінде білім алушының музикалық танымын, ой-өрісін кеңейту үшін музика тарихына, әдебиетіне ерекше назар аудару, ән орындаудан көрі, музика тыңдау, талдау, аспапта ойнау бөлімдеріне баса мән беру ұсынылады.

«Музыка» пәні аясы шеңберінде домбыра тартып үйрену сабағын енгізу ұсынылады, сабак барысында білім алушылар қазақ күй енерінің тарихымен, күйші-дәстүрлі әншілердің шығармашылығы жайлы мәліметтермен қатар, домбыра аспабының шығу тарихы мен құрылымымен тереңірек танысып, аспапты тартып үйренеді. Нәтижесінде білім алушы бірнеше күй мен әнді менгеріп шығады.

6-сыныптан кейін домбыра тартып үйренуді жалғастыруға ниетті білім алушылар жоғарғы сыныптарда вариативті компоненттер сағаттары есебінен оқуларына болады.

*4. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сүйеніп, бөлім бойынша жиынтық бағалаудың санын негіздеу және ұсыну*

«Музыка» пәні бойынша 1-6 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрүгімен бекітілген Орта білім беру үйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидатарына сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бүйрүгіның 16-тармағына өзгерістер мен толықтырулармен).

«Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.

Тоқсан/жарты жыл және оқу жылдарының соңында «есептелінді» («есептелінген жок») деген белгі жазылады».

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді. Оқу жетістіктерін бағалау кезінде критериалды бағалау қағидаттарын басшылыққа алу қажет.

Сабактың міндетті элементі мұғалімнің білім алушыны сүйемелдеуіне бағытталған, білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін кері байланыс негізінде ол өз іс-әрекетіне түзетулер енгізеді. Формативті бағалау кезінде мұғалім білім алушылардың санын және кері байланысты ұсыну жиілігін өз бетінше анықтайды.

ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Музыка» оқу пәні бойынша сынақ талаптары» әдістемелік ұсынымды қолдануға болады.

«Музыка» оқу пәні бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы өзірлеген «Оқу пәндері бойынша сынаққа қойылатын талаптар» әдістемелік ұсынымдарын педагог басшылыққа алуы қажет ([www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz)). Әдістемелік ұсынымдар жиынтық бағалау критерийлерін қамтиды, аталған пән бойынша сынақ өткізуге арналған тапсырмалардың ұлгілері ұсынылған

*5. Ұлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстар*

2022-2023 оқу жылында «Музыка» пәнінің шеңберінде ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мақсатында домбыра тартып үйретуді жүргізу ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 7 маусымындағы Жолдауында «Мектепте домбыра үйрену сабағын арнайы пән ретінде енгізу қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі, қазіргі жаппай жаһандану заманында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз қажет. Төл мәдениетімізге деген қамқорлық әрқашан мемлекетіміздің айрықша назарында болады» - деп ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің ұрпақ келешегі үшін маңызы зор екендігін айқындалды.

Оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар домбыра аспабын менгерудің бастапқы қадамдары мен оны ұсташа техникасымен танысады, басты назар домбыраны үйрену жаттығуларына арналған. Қазақ музыка тарихындағы халық композиторларының шығармашылығы жайлы, атадан ұрпаққа мұра болып жеткен күйшілік дәстүр мен жыраулар мектебі жайлы мағлұмат беріледі. Домбыра нота сауатынсыз үйретіletіn болғандықтан, үйрету әдісін, ұстаз өз шеберлігіне қарай таңдайды.

«Музыка» пәні шеңберінде домбыра тартуды үйретудің мақсаты- жас ұрпақ санасына ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу. Білім алушылар күй, жыр, дәстүрлі ән мәдениетінен хабардар болмай, ұлттық құндылықтар негізін сіңіре алмайды. Ал, оны қалыптастыруға апаратын бірден-бір жол-қасиетті домбырамен жақыннан танысу, оның күмбірлі үні арқылы атадан қалған асыл мұралармен танысу, тыңдау, домбыраны қолға алып, шерте білу. Жалпы білім алушыға аспапты шебер менгеру басты мақсат емес. Ең негізгісі – қазақтың жан серігі, шежірелі көнекөз тарихы, киесі – домбырадан ұрпақ ажырамауы керек.

Жас ұрпаққа халқымыздың рухани мұралары арқылы өткен тарихымызды таныту арқылы баланың санасына ұлттық өнердің, тіл мен ділдің қадір-қасиетін сезіндіру, туған елін, отансүйгіштікке баулу мәселеісі басты міндеттердің бірі. Сабакты мектеп әкімшілігінің бекітуімен әрбір ұстаз авторлық бағдарламаларымен өткізе алады. Сонымен бірге «Домбыра үйрену» сабағына арналған республика көлемінде таралған авторлық бағдарламаларды, әдістемелік оқыту құралдарын да пайдалану ұсынылады.

Атауы	Авторлары	Шыққан жылы
«Домбыра үйрену мектебі»	Л.Хамиди, Б. Физатов	1983 ж

«Домбыра үйрену мектебі»	А. Жайымов, С. Бұркітова, Б. Ысқақов «Домбыра үйрену мектебі»	1992 ж
«Мұрагер» домбыра тартып үйрену әдістемелік бағдарламасы	А. Райымбергенов, С. Райымбергенова, Ұ.Байбосынова, М. Ержанов	1985 ж
«Домбыра үйрену әдістемесі»	М. Ержанов	2018 ж
«Домбыра ойнау оңай ма?	Ж. Нәжімеденов	2013 ж
«Домбыра»	Ж. Жұзбаев	2020 ж

6. «Музыка» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптарды (білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және т.б.) негіздеу және ұсыну.

«Музыка» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар:

- Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Музыка» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

- «Музыка» пәнінде қазақ халқының ұлттық құндылықтары- күй мен жыр, тұрмыс-салт әндерін тереңінен таныстыру мақсатында театрландырылған сабактар өткізу;

- Қазақ музыка тарихының алтын қорындағы балалар әндерін жаңғыртып, Қазақстан композиторларының шығармашылығына арнап ашық сабактар өткізіп, үрпақтар сабактастырын жалғастыру. Қөрнекті тұлғалар А.Жұбанов, И.Нұсіпбаев, Б.Ғизатов, Л.Хамиди, Ө.Бәйділдәев т.б. композиторлар есімдерін дәріптеу;

- Біліктілік /вокалдық орындау, дәстүрлі орындау, аспапта ойнау, балалар әндері т.б/ шеберлік сабактарын өткізу;

- Өзара тәжірибе алмасу бағытында тақырыптық семинар-лекциялар ұйымдастыру.

## 22. «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

1. Жалпыға міндетті білім беру стандартында оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-қосымшасының 21-22-тармағына сәйкес 2–4-сыныптарда «Көркем еңбек» міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

«Технология және өнер» білім беру саласы пәндерінің мазмұны қоршаған ортаны біртұтас қабылдауды қалыптастыруға, оны визуалды өнер мен музыка құралдары арқылы тануға; бейнелеу өнерінің, қолөнер мен музыканың адам өміріндегі рөлі туралы алғашқы түсініктерді дамытуға, қазақтың ұлттық сәндік-

қолданбалы өнеріне, музикалық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, әлемдегі басқа халықтардың өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеуге; өнердің алуан түріне адам өмірінің көрінісі ретінде адамгершілік-эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуге, бастауыш мектеп білім алушыларының көркем және музикалық-шығармашылық дамуына бағытталған.

«Көркем еңбек» - «Бейнелеу өнері» мен «Еңбек баулу» пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. Ол әртүрлі шығармашылық іс-шаралар барысында көркемдік және технологиялық білімді, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген **Негізгі орта** білім берудің **мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының** 3-қосымшасының 33, 34, 35 тармағына сәйкес 5–9-сыныптарда «Көркем еңбек» міндетті оку пәні ретінде оқытылады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны қоршаған әлемнің бейнесін, өскелен үрпақтың ортақ мәдениетін тұтастай қабылдауды, білім алушылардың эстетикалық, рухани-адамгершілік және эмоционалдық саласын қоғамның ұлттық және әлемдік көркем құндылықтары негізінде дамытуға, адам өміріндегі өнер мен технологиялардың рөлі туралы негізгі түсініктерді дамытуға, қазақ халқының және әлемнің басқа да халықтарының салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне және әртүрлі өнер түрлерін түсінуге және құрметтеуғе; өнердің әртүрлі түрлерінде көркем, музикалық және жобалық әрекетті жүзеге асыру білімдерін, біліктерін және дағдыларын одан әрі дамытуға; негізгі технологиялық білім, білік, дағдыларды, соның ішінде компьютерлік цифрлық технологияларды қолдану арқылы; әртүрлі музикалық цифрлық технологияларды қоса алғанда, вокалды және инструменталды дағдыларды дамытуға; мәнерліліктің көркем және музикалық құралдары және заманауи технологиялар арқылы әлемді танудың әртүрлі әдістерін өз бетінше менгеруге бағытталады.

## *2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын ««Көркем еңбек»» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі **улгілік оқу жоспары** (төмендетілген оқу жүктемесімен).

**22.1-кесте. 2-4-сыныптарда «Көркем еңбек» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі**

Сынып	Оқу пәннің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Улгілік оқу жоспары		Улгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент					
2	Көркем еңбек	1	36	1	36
3	Көркем еңбек	1	36	1	36

22.2-кесте. 5-9-сыныптарда «Көркем еңбек» пәнін оқытуға белінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент					
5	Көркем еңбек	2	72	2	72
6	Көркем еңбек	2	72	2	72
7	Көркем еңбек	1	36	1	36
8	Көркем еңбек	1	36	1	36
9	Көркем еңбек	1	36	1	36

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарына және төмендетілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Көркем еңбек» пәні бойынша 5-6-сыныптарда 2 сағат, 7-9-сыныптарда 1 сағат көлемінде оқытылады.

*3 Оқу пәнінің мазмұны бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

### «Көркем еңбек» оқу пәні, 2-4 сыныптар

2022-2023 оқу жылында «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру.

3. «Көркем еңбек» оқу пәнінің міндеттері:

1) әртүрлі іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы пәндік білімдерді, дағдыларды және қабілеттерді дамыту;

2) ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;

3) білім алушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сынни ойлауын дамыту үшін терминологиялық аппарат қалыптастыру;

4) бақылау, эксперимент жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;

5) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;

6) білім алушылардың өзін-өзі бағалауды жоғарылату және жағымды көзқарас қалыптастыру;

7) коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, көркем еңбектің рөлін түсіндіру;

8) өз жұмысын жасау үшін, әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

9) ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңруіне, Отанына риясyz қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азamat болып қалыптасуына негіз болады.

### **«Көркем еңбек» пәні, 5-9-сыныптар**

«Технология және өнер» білім саласының мазмұнына «Көркем еңбек» пәні енгізілген.

2022-2023 оқу жылында «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу процесін үйымдастыруда ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өндеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машиқтарын иелену болып табылады. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өндеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машиқтарын иелену болып табылады.

4. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сүйеніп, бөлім бойынша жиынтық бағалау

«Көркем еңбек» пәні бойынша 5-9 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрүғымен бекітілген Орта білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және

қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығының 16-тармағына өзгерістер мен толықтырулармен).

«Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.

5-9 сыныптардағы «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (жаңартылған мазмұн бойынша және оқу жүктемесін қысқарту бойынша) сәйкес қалыптастырушы бағалау қорытындылары бойынша тоқсан/жарты жыл және оқу жылдарының соңында «Көркем еңбек» пәні бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы өзірлеген «Оқу пәндері бойынша сынаққа қойылатын талаптар» әдістемелік ұсынымдарын педагог басшылыққа алуды қажет ([www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz)). Әдістемелік ұсынымдар жиынтық бағалау критерийлерін қамтиды, аталған пән бойынша сынақ өткізуге арналған тапсырмалардың үлгілері ұсынылған.

*5. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстар*

«Көркем еңбек» пәні мазмұнының вариативті компоненті оқу процесінің әр түрлі формаларын қолдануға және оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын енгізуге бағытталған. Вариативті компонент аймақтық ерекшеліктерді, мектептің материалдық базасының орналасуын, мұғалімнің мүмкіндіктері мен оқушылардың мүдделерін ескеру қажеттілігіне байланысты болғандықтан, оқу материалын жергілікті білім беру органдары ұсынады және көркем еңбек мұғалімдері өзірлейді.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу әр түрлі іс-шараларды үйымдастыру арқылы жүзеге асырылады: қолөнер көрмесі, мектептің көгалдандыру және абаттандыру, шеберлер турнирі, игі істер апталығы, Көңілді Шеберлер қаласы, еріктілер актісі, қамқорлық көрсету аймағы, еңбек десанты және басқалар.

*6. «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

Әдістемелік бірлестік отырыстарында «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі) бойынша ұсынылатын тақырыптар:

- 1) Қолөнер – сырлы өнер»;
- 2) «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі»;
- 3) «Ұлы мұра – Ұлттық қолөнер».

*7. Оқу пәні бойынша оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесі*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес «Көркем еңбек» пәні бойынша көрсетілген бұйрықпен бекітілген орта білім беру үйымдарына арналған оқулықтардың, орта білім беру үйымдарына арналған

оку-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандары тізбесін қолданады. Тізбе жана редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 21.06.2022 № 29

## **23. «ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 10-11 СЫНЫПТАР**

*1. Жалпыга міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Графика және жобалау» пәні графикалық бейнелеу және геометриялық-графикалық модельдеу теориясы негіздерін оқытуға, білім алушылардың жобалау бойынша шығармашылықтарын дамытуға, олардың графикалық мәдениеттерін қалыптастыруға бағытталған.



**Назар аударыңыз!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыга міндетті стандартының 34-тармағына сәйкес сынның топтарға бөлуге 33-тармақта көрсетілген пәндерден басқа инвариантты компонент пәндері бойынша сабактар өткізу кезінде білім алушылардың санына қарамастан қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақталған мектептерде бөлуге жол беріледі (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сынның тардағы қазақ тіл мен әдебиет; оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сынның тардағы орыс тілі мен әдебиеті; шет тілі; информатика)

*2. Улгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

«Графика және жобалау» пәні жалпы білім беру деңгейінің оқу жүктемесі төмендетілген (КР БФМ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бүйрығы) үлгілік оқу жоспарлары бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы стандартты деңгейдің таңдау пәні болып табылады.

«Графика және жобалау» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 72 сағатты;

11-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

*3. Оқу пәнінің мазмұны бойынша Улгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

2022-2023 оқу жылында «Графика және жобалау» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу керек.

«Графика және жобалау» оқу пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың бейнелеу теориясының негіздерін, проекциялау және графикалық үлгілеу әдістерінің зандылықтарын білу, жобалау, шығармашылық қызметтің дамуына, графикалық мәдениет пен дәстүрлі және қазіргі заманғы графика құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Сабакты өзірлегенде оқушылар мақсаттарға бір сабакта емес, сабактар циклі арқылы қол жеткізетінін есте сақтау керек. Сонымен бірге жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру, әр сабакты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау, сабак беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабак берудің міндеттерін айқындау, оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған он динамиканы қамтамасыз ету, барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау міндетті.

Әр тоқсанда көрсетілген оқыту мақсаты сол тоқсанда өтіледі және ол келесі тоқсанға көшірілмейді.

Оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарға арналған «Графика және жобалау» пәнінен оқу жүктемесі төмендегілген үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандың бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мүғалімнің еркіне қалдырылады.

*4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаулар жайлы*

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 (өзгерістер мен толықтырулар 2019 жылдың 26 қарашасында №509 бұйрықпен енгізілген) бұйрығына сәйкес «Графика және жобалау» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.



**Назар аударының!**

Әр тоқсан/жартыжылдық және оқу жылдының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

*5. Оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарының саны*

«Графика және жобалау» оқу пәні бойынша оқу жылында өткізілетін тәжірибелік және графикалық жұмыстар саны 23.1-кестеде көрсетілген.

### 23.1-кесте. Тәжірибелік және графикалық жұмыс саны

Сыныбы	Тәжірибелік жұмыс саны	Графикалық жұмыс саны
10-сынып	1	2
11-сынып	-	2

6. Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курсардың тақырыптары

Білім алушылар шығармашылықпен айналысу арқылы үлкен жетістіктергі жетеді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сини тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту үшін элективті курсар жүргізу болады. Осы орайда, үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонент есебінен:

- 10 – сыныптар үшін «Компьютерлік графика»;
- 11 – сыныптар үшін «3D модельдеу» элективті курсарын жүргізу үсынылады.

7. Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар

Мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінде «оқушылардың «Графика және жобалау» пәнін менгеру деңгейі», «Графика және жобалау» пәнінің пәнаралық байланысын арттыру» сынды тақырыптарды қарастыруды ұсынамыз.

Бұл тақырыптар «графика және жобалау» пәнімен өзге пәндердің байланыстыра отыра, ортақ ғылыми жобалар жазуға мүмкіндік береді.



#### Назар аударыныз!

✓ «Графика және жобалау» пәнін «Бейнелеу өнері және сыйзу» мамандығы бойынша дипломы бар мұғалімдер жүргізе алады. Мамандық алғандағы оқыған пәндер тізімі «Графика және жобалау» оқу пәнін оқыту үшін арнайы диплом талап етілмейтіндігін күэландырады.

✓ Осы оқу пәнін оқыту үшін тиісті сертификатты ала отырып, біліктілікті арттыру курсарынан өту үсынылады.

### 24. «КӘСПІКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, 10-11 СЫНЫПТАР

2022-2023 оқу жылында «Кәспікерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу процесін үйымдастыруды ІІ. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Үлгілік оқу бағдарламаларын басшылықта алу керек.

Үлгілік оқу жоспары бойынша «Кәспікерлік және бизнес негіздері» пән жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы инварианттық компоненттің стандартты деңгейіндегі таңдау пәні болып табылады. «Кәспікерлік және бизнес негіздері» пәнін жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында оқыту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асыралады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен занбарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлаудың қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінің геймификациясы (онын техникасы) принциптеріне және кейстік жұмысқа негізделген.

Геймификацияны (онын техникасын) кеңінен қолдану материалды түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, соңдай-ақ келешекте шынайы жағдайларға лайықтауға болатын алғашқы пайдалы дағдыларды қалыптастыруға бейімделген.

Кейстік (ситуациялық) оқыту әдісі бір жағдайға стандартты емес тәсілдемелерді қолданып, креативтілік танытуға шынайы мүмкіндік береді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығы бойынша оқыту PBL (Project Based Learning) әдістемесі негізінде де құрылған. Сөзбе сөз бұл термин «жобалық оқыту» деп аударылады. PBL әдістемесі әр оқушының оқу үдерісіне белсенді катысуын білдіреді. Бұл ретте мұғалім барлық үдерісті үйлестіреді, бірақ сонымен катар оқушыларға шығармашылық пен дербес шешімдер қабылдау үшін еркіндік береді, оқушылар әртүрлі мәселелер бойынша сарапшылардың рөлін өз мойнына алып, өздерін сынап көреді.

Әдістеменің негізгі ұғымы – «жоба». Оқушылар пәнді оқытудың 11-сыныбының бірінші және екінші тоқсанында осындай «жобаны» дамытуы тиіс. Алдымен олар өз командастына мамандарды тартуға тырысатын стартаптың негізін қалаушысы рөлінде өзін елестету керек. Содан кейін олар басшылар, маркетологтар, зерттеушілер сияқты өз стартаптарымен жұмыс істейтін болады. Оларға өз клиентін зерттеуге, өз өнімінің прототипін жасауға, серіктестерді табуға және т.б. көптеген әрекеттер жасауына тұра келеді.

Оқушылар тапсырмаларды алып, оны орындау уақытын билетін болады. Басқа ешқандай шектеулер жоқ. Қандай өніммен айналысу керек, оны жылжыту үшін қандай әлеуметтік желіні таңдаса жақсы болады, олардың бизнесі үшін кім үздік серіктес болып табылады және т.б. осы секілді сұрақтарға алдын ала қайсысы «дұрыс» екенине нақты жауап берілмейтіндіктен, мұндай тәсілде «дұрыс» - «дұрыс емес» позициясынан соңғы нәтиже емес, командалық жұмыс, команда мүшелерінің жобаға тартылу дәрежесі, олардың көрсеткен күш-жігері мен ынтасты, олардың іс-әрекеттерінің жалпы бағыты мен қисындылығы бағаланады.

Нақты мәселеге шоғырлану оқушыларға қысқа уақыт ішінде зерттелетін мәселенің көптеген қыр-сырын білуге мүмкіндік береді, осылайша, осы әдістеме бойынша егер нақты нұсқаулықтар, жұмысты бағалау критерийлері, шектеулі уақытты беріп, бірақ оны жұмыс стилінде және тәсілде шектемесе кез келген адамды белгілі бір жұмысқа дайындауға болады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің ерекшеліктері:

- пәнді Қазақстанның кәсіпкерлігі тәжірибесі мен ерекшеліктерінің, даму тарихы мен қалыптасуының негіздеріне сүйене отырып, оқу пәнін құру;
- өмірлік саналы ұстанымдарды және өз әрекеті бойынша жасаған таңдауына жауапкершілікпен қарау ұстанымын қалыптастыру үшін коучингтік

тәсілдемелерді қолдану;

- Қазақстандық және әлемдік нарық жағдайларындағы кадрлық үрдістер тұрғысынан талап етілетін XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру.

*Оқыту міндеттері:*

- оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру;

- оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;

- оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

- оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндітерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;

- бизнес-идеяларды ойладап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;

- бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршенідігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

- зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні басқа бағыттарға басымдықтар бере отырып, оқыту процесіне арналған әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Академиялық білімнің орнына практикалық дағдыларды алуға үлкен назар аударылады, бұл оқушылармен өзара іс-әрекеттің белсененді түрлерінің басым екенін көрсетеді. Оқыту процесінің өзі Life-long learning (өмір бойы үздіксіз оқыту) тұжырымдамасына жауап беретін тұрақты және тиімді мінез-құлық үлгісін қалыптастыра алатын табиғи және үздіксіз құбылыс болып табылады.

10-11-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі әр бағыт бойынша аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты құрайды. Тоқсандағы бөлімдер бойынша және бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді мүғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады

Оқу жылының ұзартылуына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталау, өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Формативті бағалау пәнді оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және оқу үдерісінде оларға қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Тоқсан мен оқу жылының соңында «есептелді» («есептелген жоқ») қойылады.

10-11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша сынақ қою талаптары «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ қою талаптары әдістемелік ұсынымдарында келтірілген. Әдістемелік ұсыныстар [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz) сайтта қолжетімді.



## Назар аударыңыз!

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні әртүрлі мамандық дипломы бар мұғалімдер бере алатында жасалған, бірақ берілген пәнде оқыту үшін «Атамекен» КР ҮКП-ның ұйымдастырған арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, қатысты сертификаты бар болуы тиіс.

### 25. 5-11-СЫНЫПТАРДАҒЫ «ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР» КУРСЫ

2022-2023 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11-сыныптардағы «Жаңандық құзыреттер» курсы енгізілді.

Жаңандық құзыреттер жаңанданудың қарқынмен дамып келе жатқан жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаңандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

Курс - жергілікті және жаңандық проблемалардың өзара байланысы мен тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды, сыни ойлау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын түсіне алатын жаңандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпарат іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабактастық пен өзара байланысты қамтамасыз етеді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

«Жаңандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасы оқу жүктемесінің көлемі:

- 5-8-сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағатты
- 9-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты
- 10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаңандық құзыреттер» курсы

Курстың мақсаты: жаңандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

5-8-сыныптарда курс бес бөлімді (юнит) қамтиды: «Этика және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Өмір сүру қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» бөлімі (юнит) қосынша енгізілді.

Әр сынып үшін сағат саны мен күтілеттін нәтижелерді көрсететін әртүрлі бөлімдер ұсынылады. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9-сынып білім

алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген.

«Жаһандық құзыреттер» курсының мазмұны білім алушыларды қазіргі заманауи өмірге дайындауға, әлеуметтік және мінез-құлық дағдыларын, өз денсаулығы мен қауіпсіздігін басқару дағдысын қалыптастыруға, сонымен қатар жоғары деңгей дағдыларын дамытуға бағытталған; стандартқа сай емес шешімдер қабылдау, туындаған мәселелерді шешу және жұмысты жоспарлау қабілеті мен білім алушының мінез-құлық мәдениетіне, оның қогамдағы қарым-қатынасына, құқықтық және экологиялық мәдениетіне, үлкендерді құрметтеуге, табиғат, жан-жануарларға мейіріммен қарауға және басқаларға қатысты өзекті тақырыптарды қамтиды.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі: «Менің айналамдағы әлем», «Экологиялық саяхат», «Біз таза аулада тұрамыз», «Қауіпсіз демалыс», «Экологиялық қақтығыстар», «Болашақта жер қандай болуы керек?» және тағы басқа тақырыптарды қамтиды.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі: «Отбасының кірістері мен шығыстары неден тұрады?», «Отбасы бюджеті дегеніміз не?», «Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады?», «Отбасының міндетті және міндетті емес шығындары», «Жинақтарды қалай сактауға болады?», «Жоспарсыз сатып аулар», «Отбасы шығындары», «Ақша жинақтары қалай құрылады?», «Байланыстың заманауи әдістері», «Менің цифрлық ізім», «Телефон алайқтары: не істей керек?» тағы да басқа тақырыптарды қамтиды.

«Этика және әдел» бөлімінде «Адалдық пен әділеттілік - өмірдің ұстанымдары», «Барлығы сәлемдесуден басталады», «Мен өз әрекеттерім үшін жауап беремін», «Шешім қабылдаймыз», «Уақытты бағалауды үйренеміз», «Біз эмоциямымызды басқарамыз», «Қарым-қатынас мәдениеті», «Еңбек мәдениеті», «Отбасылық құндылықтар: әкем, анам және мен тату отбасымыз» тақырыптары білім алушылардың бойында адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттерін дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға бағытталған.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімінің мазмұны «Мен үшін Отан деген не?», «Біз - біртұтас халықпаз!», «Тұған халқы мен Отанға деген адалдық», «Отбасындағы өзара сыйластық», «Тұған жерге деген махаббат», «Әлеуметтік жауапкершілік», «Менің мектебімнің жетістіктері», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!», «Өз елін танымал еткен тұлғалар» тағы да басқа тақырыптарды қамтиды.

Қауіпсіз мінез-құлық, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру: «Менің қауіпсіздігім - менің қолымда», «Менің денсаулығым - маған байланысты», «Мен не жеймін? Азық-түлік қауіпсіздігі», «Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?», «Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға

қалай көмектесе аламын?» және тағы басқа тақырыптарды қамтиды.

«Жаһандық құзыреттер» курсын аяқтау нәтижесінде (5-9-сыныптар) білім алушыларда әлемдегі өз орнын анықтауға қажетті құндылық бағдарлар, коммуникативтік дағдылар, этикалық нормалар мен мінез-құлыш ұстанымдар қалыптасады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» бөлімін зерделеу 9-сыныпта келесі тақырыптар бойынша ұсынылады: «Зайырлы мемлекет және дін», «Діннің шығу тегі мен маңызы, оның әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі», «Діннің құрылымы мен қызметі», «Діннің шығу тегі мен тарихи формалары», «Ежелгі нағым жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер», «Буддизмнің діни ілімінің негіздері», «Христиандықтың діни сенімінің негіздері», «Ислам дінінің негіздері», «Қазақстан жеріндегі ислам», «Ислам мәдениеті», «Жалған діни ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік. Терроризм», «Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет», «Қазақстанның бейбітшілік пен дінарлық көлісім саласындағы саясаты».

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсы.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

*Бірінші бөлімде* білім алушылар жаһандық мәселелер, мәдениетаралық қатынастар, әлеуметтік қатынастардың әртүрлі модельдерінің маңыздылығы туралы білімдерін терендедеді, жобалық жұмыстың тақырыптары мен мақсаттарын, қажетті ақпарат көздерін іздеу, ақпаратты талдау және жинау әдістерін анықтайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді.

*Екінші «Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы бар кейір мәселелерді зерделеу»* бөлімінде білім алушыларға зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін тақырып тандауда еркіндік беріледі, халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасалады.

*Үшінші «Әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу»* бөліміне кіретін тақырыптар: «Дүниетанымды түсіну», «Басқа адамның көзқарасын қабылдау мүмкіндігі», «Өзге де мәдениеттерді ұстанатын адамдарға құрмет көрсету», «Толеранттылық: бір-бірімізді түсінуді үйрену», «Жобалық жұмыс. Зерттеу».

*Төртінші «Білім алушылардың мәдениеттері арасындағы ашиқ және өзара тиімді әрекеттерге қатысу»* бөлімі білім алушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің әртүрлілігіне деген түсінігін қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға, мәдениетаралық

коммуникация дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

*Бесінші «Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығы» бөлімі жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу қажеттілігіне арналған.*

*11-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы екі бөлімнен тұрады: «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Қаржылық сауаттылық».*

10-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» курсының мазмұны білім алушыларға пән саласына қатысты дағдыларын (hard skills), әлеуметтендіру дағдыларын (soft skills), өздігінен және үздіксіз білім алу дағдыларын (self skills) қалыптастырудың жүйелі процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, орта білім беру аясында 5-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттерді» оқыту арқылы білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын, әртүрлі процестер мен құбылыстарды аналитикалық бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, өзіндік және топтық жұмыс, педагог-тәлімгердің қолдауымен өз оқыту процесін басқару, маңызды проблемаларды жеке, өнірлік/ұлттық және жаһандық түрғыдан қарау, олардың өзара байланысын түсіну, қол жетімді ақпаратты сыни бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-қимыл, жеке өсу перспективаларын, өз елінің дамуы мен оның жетістіктеріне жеке қатысуын көру дағдыларын менгереді.

«Жаһандық құзыреттер» курсы (5-11-сыныптар) білім алушылардың зерттеу жобаларын, стартаптарын іске асыруда, ұжымда, қоғамда туындаитын ситуациялық жағдайларды шешуде олардың белсенділігін арттыруға, акцияларға, әлеуметтік жобаларға және волонтерлік бағдарламаларға бастамашы болуға ықпал ететін сыни ойлауын және функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын әртүрлі жұмыс нысандарын пайдалануды көздейді.

Білім тақырыптары оқытудың алуан түрлі тәсілдерін ұсынады: проблемалық және зерттеу, шығармашылық, саналы және гуманистік оқыту.

Білім алушылардың оку қызметі ұжымдық, шығармашылық және өзіндік жұмысы форматында ұйымдастырылуы мүмкін, оның барысында тиімді өзара әрекеті мен ынтымақтастық, коммуникация, коллаборация, сыни және шығармашылық ойлау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі басқару дағдылары құнделікті өмірінің ажырамас белігі ретінде қалыптасады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен әлеуметтік бағыттағы акцияларды жүзеге асырудағы бастамаларын қолдау маңызды.

Педагог білім алушылардың бастамаларына қолдау көрсете отырып, оку процесін мынадай форматта ұйымдастырады:

- жаһандық проблемалар, олардың себептері, салдары және бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу;
- дәлелдерді, аргументтер мен көзқарастарды қолдау үшін дәлелдемелерді пайдалану;
- мәселелерді анықтау және талдау, дәлелдер мен көзқарастарды тұжырымдау;
- шағымдарды, дәлелдер мен көзқарастарды қолдау үшін қолданылатын дәлелдер мен аргументтерді талдау және бағалау;

- зерттеулар, дәлелдер мен көзқарастарды қолдау үшін дереккөздерді немесе процестерді талдау және бағалау;
- аргументті, көзқарасты, іс-қимыл жоспарын немесе нәтижені қолдау үшін ойлау сыйығын жасау;
- жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық ұстанымдардағы маңызды мәселелерді қарастыру, осы көзқарастар (перспективалар) арасындағы байланысты түсіну;
- жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы аналитикалық бағалау түсінігін дамыту.

рефлексия аясында:

- әртүрлі көзқарастарды объективті түрде қарастыру;
- аргументтер мен дәлелдерді қолдана отырып, жеке көзқарасты негіздеу;
- топтық жұмыс және зерттеу нәтижелері жеке оқуға қалай әсер еткенін түсіну және түсіну.

коммуникация және коллaborация шеңберінде:

- тиісті дәлелдерді, аргументтер мен көзқарастарды нақты және құрылымды түрде тандау және ұсыну;
- ғылыми негіздемені қоса алғанда, зерттеу нәтижелерін ұсыну;
- командалық жобаның жалпы мақсаты мен нәтижесіне үлес қосу;
- жауапты азаматтық ұстанымды білдіру.

5-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» курсын оқу кезінде педагог түрлі нысандар мен технологияларды: топтық жұмыс, диаграммаларды, кестелерді талдау, жобалау жұмысы, волонтерлік қозғалыс пен акциялар, деректер жинау, әлеуметтанушылық зерттеулар, ғылыми және зерттеу жобалары, мақалалар, эсселер, шолулар, ескертпелер жазуды пайдалана отырып, сабактарды әзірлеуге шығармашылықпен қарауы тиіс. Тақырып бойынша қысқа әңгімелер, ғылыми-фантастикалық әңгімелер, бейнероликтер түсіру, тұжырымдамалық карталар, глоссарий, библиография, берілген тақырып бойынша нұсқаулықтар мен жадынамалар жасау және басқалар.

Курсты оқу барысында білім алушылардың жеке топтық әлеуметтік, құқықтық, экологиялық проблемаларды өзектендіре отырып, зерттеу, практикаға бағытталған, шығармашылық, волонтерлік жобаларды орындауы ұсынылады.

Педагогтерге әдістемелік қолдау ретінде курсың мақсаты, міндеттері, құрылымы, оқыту әдістемелері мен технологиялары, бағалау құралдары мен ресурстары сипатталған гайд әзірленді. Бұл материал «Жаһандық құзыреттер» курсының сабактарын өз бетінше шығармашылықпен дамыту үшін мұғалімге негіз және ұсыным бола алады.

Сабактың форматын, мектептен тыс өткізу мүмкіндіктерін, жаңа технологияларды пайдалануды тандау педагогке сабактың тақырыбын, білім алушылардың жас ерекшеліктерін, олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып ұсынылады.

Бөлім (юнит) тақырыптары бойынша әртүрлі ресурстарды пайдалану ұсынылады:

- [1. <https://www.amnesty.org/en/documents/act30/2621/2015/en/>](https://www.amnesty.org/en/documents/act30/2621/2015/en/)
- [2. \[https://schoolsonline.britishcouncil.org/classroom-resources/list/rivers- http://www.schrockguide.net/uploads/3/9/2/2/392267/critical-thinking-workbook\]\(http://www.schrockguide.net/uploads/3/9/2/2/392267/critical-thinking-workbook\)](http://www.schrockguide.net/uploads/3/9/2/2/392267/critical-thinking-workbook)
- [3. <https://www.teachingenglish.org.uk/article/global-citizenship-english-language-classroom>](https://www.teachingenglish.org.uk/article/global-citizenship-english-language-classroom)
- [4. <https://asiasociety.org/education/teaching-global-competence-rapidly-changing-world>](https://asiasociety.org/education/teaching-global-competence-rapidly-changing-world)
- [5. <http://www.innovationunit.org/wp-content/uploads/2017/04/Work-That-Matters-Teachers-Guide-to-Project-based-Learning.>](http://www.innovationunit.org/wp-content/uploads/2017/04/Work-That-Matters-Teachers-Guide-to-Project-based-Learning.)
- [6. <http://unesdoc.unesco.org/images/0019/001929/192971e>](http://unesdoc.unesco.org/images/0019/001929/192971e)

«Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша ресурстарға сілтемелер педагогтерге арналған гайдта көрсетілетін болады.

## **26. «АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ» ЖЕЛІСІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*1. Жалпыға міндепті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына сәйкес 5-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәні міндепті оқу пәні ретінде оқытылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының 34-тармағына сәйкес 10-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнінен сабактар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан сыныптарды топтарға бөлу қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде рұқсат етіледі.

*2. Улгілік оқу жоспары туралы*

«Абай мектептері» желісіндегі оқу процесі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2012 жылғы қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен бекітілген (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 қаңтарда № 26658 болып тіркелді) Улгілік оқу жоспарларымен жүзеге асырылады.

Улгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады (26.1-кесте).

**26.1-кесте.** 5-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Улгілік оқу жоспары (негізгі)	
		Апталық	Жылдық

5	Қазақ тілі	3	108
6	Қазақ тілі	3	108
7	Қазақ тілі	3	108
8	Қазақ тілі	4	144
9	Қазақ тілі	4	144
10	Қазақ тілі	4	144
11	Қазақ тілі	4	144

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі көрсетілген (26.2-кесте).

**26.2-кесте.** 5-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)	
		Апталық	Жылдық
5	Қазақ әдебиеті	5	180
6	Қазақ әдебиеті	5	180
7	Қазақ әдебиеті	5	180
8	Қазақ әдебиеті	5	180
9	Қазақ әдебиеті	5	180
10	Қазақ әдебиеті	6	216
11	Қазақ әдебиеті	6	216

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде «Абайтану» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі көрсетілген (2.3-кесте).

**26.3-кесте.** 5-11-сыныптарда «Абайтану» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұн)	
		Апталық	Жылдық
5	Абайтану	1	36
6	Абайтану»	1	36
7	Абайтану	1	36
8	Абайтану	2	72
9	Абайтану	2	72
10	Абайтану	2	72
11	Абайтану	2	72

Оқу жылының ұзаруына байланысты пайда болған қосымша сафаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылады.

### 3. Үлгілік оқу бағдарламалары туралы

2022-2023 оқу жылында «Абай мектептері» желісіне арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Абайтану» пәндері бойынша оқу процесін үйымдастыруды ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында <https://www.uba.edu.kz> орналастырылған Ұлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа алу қажет.

### **«Абай мектептері» желісіне арналған «Қазақ тілі» пәні**

Оқу мақсаттары қазақ тілін ғылыми пән ретінде оқытын білім алушыларға мәтінтану мен мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру арқылы өмірге қажет функционалды білім беруді көздейді. Мұның өзі орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға негізделеді. Лингвистикалық білім әр сыныпқа шиыршық әдісімен беріледі. Осы жолда үш мақсат негізге алынады: мәтінтану, мәтін тудыру және әдеби тіл нормалары.

Мәтінтану мақсаты оқылған және тыңдалған мәтінмен жұмыс істеу кезінде жүзеге асады. Мәтінтану мәтін мазмұнын түсіну, ондағы негізгі және қосымша ойды таба білу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білумен қоса оның стилі мен жанрын, мәтіннің типтерін және әр типке тиісті қолданылатын тілдік құралдарын ажыратады.

Мәтінтудыру мақсаты лексика-грамматикалық, орфография-орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға, сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану заңына бағынады. Мәтін тудыру мен мәтінтануды дұрыс қолдану барысында әдеби тіл нормаларын барынша толық менгеру үшін лингвистикалық білім әр сыныпқа шиыршық әдісімен беріледі.

Лингвистикалық білім мәтінтану мен мәтін тудырумен тығыз байланысты. Лингвистикалық білімді менгерген оқушы ғана барлық жағынан сауатты (орфографиялық, пунктуациялық, стильдік, т.б. қателері жок) мәтін тудыра алады және кез келген мәтінді логикалық жағынан да, стильдік, жанрлық түрғыдан да талдай алады.

«Абай мектептеріне» арналған жаңартылған оқу бағдарламасындағы грамматиканың берілуі: лексика-грамматикалық бөлім, грамматикалық материал, сөйлеу әрекетінің түрлері және оқыту мақсаттарынан тұрады. Мысалы: *лексика-грамматикалық бөлім*: 1. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер.

*Грамматикалық материал*: Ойтакы (диспут). Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері.

*Сөйлеу әрекетінің түрлері*: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларынан тұрады.

1) «Абай мектептерінде» грамматиканы оқытуда мәтінтануға үйрететін міндеттер:

Мазмұнын тану. ҰМЖ-да мәтіндегі негізгі ойды тап, сұрақ құрастыр деген сияқты мазмұнды түсінуге бағытталған жаттығулар құрастырудан тұрады (бағдарламада накты көрсетілген).

Стилі мен жанрын тануда әр стильге, әр жанрға тән тілдік қолданыстарды ажырату үшін мәтін ішіндегі тіл құралдарын түстеп таныту арқылы орта мектепке сай лингвистикалық білім беру (тілдік талдаулар).

2) Мәтін тудыру дағдысын қалыптастырудың айтылым бөлімінде: айтылым кезінде ерін үндестігі мен буын үндестігін сақтау, сөйлеу техникасын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін сақтау арқылы шешендік өнердің қырларын менгерту (5-11).

Жазылым бөлімінде: емле мен тыныс белгі нормаларын сақтай отырып, қарапайым диктант, мазмұнда маңа жазудан бастап түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді (эссе) жазу дағдыларын жетік менгеру. Мәтіндерді типтей білу (5-11-сыныптар) берілген.

10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны: мәтінтану, мәтін тудыру, әдеби тіл нормаларын сақтау, орфографиялық норма, орфоэпиялық норма, пунктуациялық нормаға негізделіп құрылған.

«Абай мектептеріне» арналған жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі бағдарлама лексикалық тақырыптарға негізделіп жасалған.

5-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасында ұлттық құндылықтарымызды насиҳаттайтын лексикалық тақырыптар грамматикалық тақырыптармен қатар көрініс табу арқылы оқушылардың әдеби тіл нормаларын толық менгеруіне мүмкіндік беру көзделді.

### **Абай мектептері желісіне арналған «Қазақ әдебиеті» пәні**

«Абай мектептері» желісінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты – сөз өнерін мәдени мұра, ұлттық құндылық ретінде түсініп, бағалай алатын, интелектуалдық эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Абай мектептері» желісінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы шыыршақ әдісімен қатар хронологиялық жүйені сақтай отырып, қарапайымнан құрделіге қарай оқыту принципіне негізделген.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: 1) оқу және түсіну; 2) талдау және жинақтау; 3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

«Оқу және түсіну» бөлімінде: көркем шығарманы пайымдал, мәнерлел, талдал оқиды, мәтіндеңі қолданысын түсінеді; шығарма үзінділерімен жұмыс жасайды; шығармадағы өзекті мәселе мен идеялық мазмұнын ашады және көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігін ажыратады; көркем шығарма желісі бойынша ауызша, жазбаша интерпретация жасайды.

«Талдау және жинақтау» бөлімінде: әдеби шығарманың композициялық құрылымын анықтайады; көркем шығарманың образдар жүйесі мен типтік кейіпкерлерді ажыратады; көркем шығарманың тілі мен стилін біледі; көркемдік тәсілдерді талдал, қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтарды айқындайды.

«Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)» бөлімінде: көркем шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешімді ажыратады; рухани және көркемдік құндылығын табады; әдеби шығармашылықпен айналысады; әдеби эссе мен әдеби сын жаза алады.

«Абай мектептері» желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында оқытылатын шығармалар ұлттық әдебиетіндегі тарихы Блум таксономиясының шиыршық әдісі бойынша жүйеленіп берілді. Осы мақсатта 5-11-сынып оқушыларының ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, қазіргі қазақ әдебиетінің туындыларын оқыту қарапайымнан күрделіге қарай оқушылардың жас ерекшелігіне сай ауыз әдебиетінің үлгілері, балалар әдебиеті өкілдерінің шығармалары, шағын жанрдағы мысал өлеңдер мен аңыз-әңгімелер төменгі сыныптарда жүйеленіп берілсе, жоғары сыныптарда детективтік жанrlар мен романдар, сал-серілер шығармалары оқытылады. Оқушылардың қазақ әдебиетінен алған білімдерін қорытындылау мақсатында 11-сыныптың соңғы тоқсанында қазақ әдебиетінің ғылыми қурсын оқыту көзделді. Әр сыныпта көркем шығармаларды толық оқу мүмкіндігі ескеріліп, сағат сандарының көлеміне байланысты көркем туындылар саны ықшамдалып берілді. I тоқсанда ауыз әдебиеті мен ежелгі дәуір мұралары, II тоқсанда XIX ғасыр әдебиеті, III тоқсанда XX ғасыр әдебиеті, IV тоқсанда XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті оқытылады. Барлық сыныптарда көркем шығармалар осы жүйе бойынша қамтылды.

Білім алушылар оқу мақсаттары жүйесі бойынша шығарма мәтініндегі жекелеген ұғымдардың концептілік, символдық қызметін түсініп, образдар мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын анықтай алатын болады. Сонымен қатар туынды желісі бойынша көркем шығарманы автор ізімен баяндап жазу, шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу, ойтолғау, хат, ертегі, өтірік өлең, әңгіме жазу, кейіпкер монологі мен диалогін жазу, әдеби эссе, блог, миниатюра, ғылыми жоба және рецензия мен әдеби сын жазумен айналыса алады. Көркем шығарманы өзге жанрда ауызаша, жазбаша интерпретациялап, киносценарий, инсценировка сияқты шығармашылық жұмыстар жасай алады.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің 10-11-сыныптардағы білім мазмұнына әдебиеттің тарихи кезеңдері, әдеби тектер мен жанрлардың даму сипаты, әдеби ағымдар мен бағыттар, әдебиеттің теориялық мәселелері, әдеби көркем шығармаларды тұтас талдау жүйесі, әдеби шығарма және болмыс, ұлттық мәдениет, әдебиеттегі ұлттық рух мәселесі, әдебиет және ғаламның шындық бейнесі, әдебиеттің өзге ғылымдармен байланысы, қазіргі әдебиеттегі заманауи мәселелер, әдеби оқырмандық мәдениет, сөз өнері және шығармашылық даму, көркем шығарманың стильдік ерекшеліктері, авторлық ұстаным және оқырман танымы қарастырылып, сөз өнерінен біртұтас ұғым қалыптастыру көзделді.

10-11-сыныптарда «Қазақ әдебиетінің» тарихи курсы оқытылады.

10-сыныптың 1-тоқсанында «XIX ғасыр әдебиеті», 2-тоқсанында «XX ғасыр басындағы әдебиет», 3-тоқсанында «1920-1940 жылдардағы әдебиет», 4-тоқсанында «1950-1960 жылдар әдебиеті»;

11-сыныптың 1-тоқсанында «1960-1980 жылдар әдебиеті», 2-тоқсанында «1990 жылдар әдебиеті», 3-тоқсанында «Тәуелсіздік жылдар әдебиеті», 4-тоқсанында «XXI ғасыр әдебиеті» оқытылады.

«Абай мектептері» желісінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында оқытылатын шығармалар тізімінде: XIX ғасыр әдебиеті, соның ішінде сал-серілер поэзиясы, әнші ақындар шығармашылығы; XX ғасыр басындағы қазақ

әдебиетінің, тәуелсіздік жылдардағы әдебиеттің өкілдері мен олардың туындылары және XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және әдеби жанрлар (сатира, фантастика, детектив) қамтылды.

### **«Абай мектептері» желісіне арналған «Абайтану» пәні**

«Абайтану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты – Абай шығармаларының тілдік ерекшелігі арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық қүшін, идеялық мазмұнын менгертіп, ұлттық мінез-құлышын, сапалық ерекшеліктерді, ұлттық кодты таныту, гуманистік-көркемдік, мәдени-тариҳи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзыретін дамыту; әдеби-эстетикалық талғамдары мен ізгілік және іскерлік құндылықтарын, коммуникативті құзыреттерін жетілдіру; Абайдың «Толық адам», ар ілімі, адамгершілік мұрат-мақсаты, пәлсапалық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді танытып, білімгерлердің өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру; әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, түрлі жағдайда онтайлы шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру. Абай шығармалары бағдарламада

5-11-сыныптар аралығында концептілік жүйеге негізделіп жасалынды.

Абайтану пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері: Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру; Абай шығармаларындағы ізгілік, имандылық, мораль қағидаттарын таразылау арқылы Абай ілімдерінің негізін терең таныту; Абайдың қарасөздері мен өлеңдеріндегі ой-толғамдарды интерпретациялау; өзіндік ой-пікірлерін жазба тіл мен сөйлеу тілінде еркін жеткізе алу, оқу материалдарын салыстыру, саралау, талдай алу; Абай шығармаларындағы заман адамының тұлғалық ерекшеліктерін саралау арқылы пәлсапалық толғаныстарын пайымдау, қажетті тұлғалық қасиеттерді, өз заманына лайық тұлға болу қарекеттерін сыни пайымдау; «Абайды ұлттымыздың мәдени капиталы» ретінде бағалау.

«Абайтану» пәнінің 5-11-сыныптар аралығындағы бағдарламасына білім алушының жас ерекшелігі мен танымдық деңгейін ескере отырып, Абайдың өлеңдері мен қарасөздері шиыршиқ әдісімен іріктілініп алынды.

Абайды зерттеуші М.Әузөзотін, А.Байтұрсынұлының, К.Ысқақұлының, А.Жұбановтың, К.Жанатайұлының, З.Ахметовтың, М.Мекемтасұлының еңбектері қосымша мәлімет ретінде ұсынылды.

10-11-сыныптарға арналған «Абайтану» пәнінің базалық білім мазмұнында:

Оқытылатын көркем шығармалар тізімінде Абайдың өлеңдері мен қарасөздері, ұлы ақын туралы зерттеу еңбектерімен қатар Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхamedханов, Р.Сыздықова және т.б. ғалымдардың еңбектері қосымша оқуға ұсынылған.

*Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жыныстық бағалаудың саны*

ҚР БФМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйріғымен бекітілген «Орта

білім беру үйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» (өзгерістер ҚР БФМ 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығымен енгізілген ) 12-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады.

Төменде «Қазақ тілі» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны көрсетілген (2.4-кесте).

**26.4-кесте.** 5-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	2	2	2	2
6-сынып	2	2	2	2
7-сынып	2	2	2	2
8-сынып	2	2	2	2
9-сынып	2	2	2	2
10-сынып	2	2	2	2
11-сынып	2	2	2	2

Төменде «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны көрсетілген (2.5-кесте).

**26.5-кесте.** 5-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	3	3	3	3
6-сынып	3	3	3	3
7-сынып	3	3	3	3
8-сынып	3	3	3	3
9-сынып	3	3	3	3
10-сынып	3	3	3	3
11-сынып	3	3	3	3

Төменде «Абайтану» оқу пәнінен әр тоқсан сайын өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны көрсетілген (2.6-кесте).

**26.6-кесте.** 5-11-сыныптарда «Абайтану» пәнінен өткізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары бойынша			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5-сынып	1	1	1	1
6-сынып	1	1	1	1
7-сынып	1	1	1	1
8-сынып	1	1	1	1
9-сынып	1	1	1	1
10-сынып	1	1	1	1

11-сынып	1	1	1	1
----------	---	---	---	---

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сарапанған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

*Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәндері бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптары*

Улгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен тәмендегі курстарды жүргізу ұсынылады (26.7-кесте).

### **26.7-кесте. Элективтік курстардың тақырыптары**

Элективті курстар	10 сынып	11 сынып	Сағат саны	барлығы
Журналистика негіздері	1	1	2	72
Академиялық жазылым	1	1	2	72
Когнитивтік лингвистика	1	1	2	72
Шетел тілі (турік)	1	1	2	72
Шешендік сөз өнері	1	1	2	72

«Журналистика негіздері» пәні бағдарламасы оқушыларға филологияға жақын журналистиканың қыр-сырын танытуға, жалпы сауаттарының, шығармашылық қабілеттерінің артуына, тілдерінің дамуына және ақпараттық анализ жасауға септігін тигізуге бағытталады.

*Мақсаты:* сөзді қоғамдық пікір қалыптастырудың құралы ретінде жүмсал, көпшілікке арналған мерзімді басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (газет, журнал, радио, теледидар) қандай тілдік қолданыстарды алуға болатыны туралы мағлұмат беру.

#### *Пәнді оқыту міндеттері:*

журналистиканы теориялық негізде таныстырып, бұқаралық ақпарат құралдары жайында базалық білім қалыптастыру;

журналистиканың тарихы және бүгінімен таныстыру арқылы, оқушылардың масс-медиаға деген қызығушылығын ояту;

жаңа ақпараттық технологияларды игеруге септігін тигізу;

журналист этикасы мен имиджін игеру арқылы, кез-келген салада медиа адамы ретінде өзін-өзі ұстаудың негіздерін үйрену.

Алған білімдерінің нәтижесі ретінде оқушылар жоғары оқу орындарында өтетін жарыстарға белсенді қатысып отыратын болады.

2. *Академиялық жазылым құзыреттілігін қалыптастыру* оқылыммен байланысты. Мәтін деңгейінде коммуникативті, дискурстық құзыреттілік қалыптасады. Мәтінмен жұмыс істеу қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, тілдік материалды зерттеуге, тілдік дағды мен білікті жетілдіруге кең мүмкіндіктер ашады.

*Пәннің мақсаты:* академиялық мәтін түрлерін, жүйелі, нақты, мазмұнды, сауатты құруга үйрету.

### *Пәннің міндеттері:*

- академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделін зерделеу;

- академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, лингвистикалық шаблондар жасау;

- академиялық жазылымды игеруді деңгейлеп оқыту;

- арнайы мәтіндерді құрастыру, редакциялау және рәсімдеуге үйрететін онтайлы технологиялар мен басылым таңдау, хат жазысу және жариялауға дейінгі үздіксіз процесті менгерту.

**3. Когнитивті лингвистика пәні.** Когнитивтік ғылымның негізгі пәні – «адам санасы мен оның технологиялық ойлауы». Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналған.

*Пәнді оқыту мақсаттары:* көркем ойға құрылатын, бейнелі, астарлы мағыналары басым, метафоралық, коннотанттық мәні жоғары қазақ тіл – қазақ халқының ойлау дәрежесімен, өмір сүру салтымен, ұлттық білімімен, ғұрыптық тұрмыс тіршілігімен тікелей қатысты зерттеліп, түпкі мәні, маңызы ашылмай жүрген тіл бірліктерінің уәжі анықталады.

*Пәнді оқытуудың міндеттері:* өз мамандығы саласындағы белсенді қолданылатын терминологияны білу және оны кәсіби ортада тиімді қатынас жасау үшін ұтымды қолдана алу; кәсіби-іскери қарым-қатынас кезіндегі «маманданған» сөздерді (үйфару, мақұлдау, сенім білдіру, келіспеу, негіздеу, дерек келтіру, бағалау, қорытынды) логикалық жүйемен құра білу; мәтіннен қажетті ақпаратты сұрыптаап, оны кәсіби мақсатта сипаттап, қорыта білу; мәтіннің түзілу тәртібіне қоңіл аудару, оның логикалық құрылымдық негізін құра білу; маманданған тақырыпқа сай өзіндік ой-пікір білдіре білу құзіретін қалыптастыра білу; болашақ маманның тілдік біліктілігін жетілдіріп, мемлекеттік тілді мамандық деңгейінде коммуникация құралы ретінде қолдану.

**4. «Мәтін талдау» бейіндік пәні** оқу курсы мәтінді оқып-талдаудан басталып, сөздерді мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктең сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген.

*Пәнді оқыту мақсаттары:* алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру.

*Пәнді оқыту міндеттері:* оқылым стратегияларының ішкі дағдыларын; окушылардың ақпарат пен идеяны синтездеу қабілетін; ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілетін; өзінің окуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарастыру; адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алудына ықпал ету.

5. «Шешендік өнер» пәнін оқу арқылы оқушы бойында тілдік құзыреттілік арқылы оқушы тілдік қарым-қатынастағы шешендік өнердің рөлін түсінеді; сейлеу мен ойлаудың арақатынасын таниды; сөз мағыналарының, грамматикалық заңдылықтардың шешендік өнермен сабақтастығын біледі; шешендік өнердің тарихындағы ғылыми ұстанымдар мен басты қағидаларды игереді; шешен сөзінің құрылымдық беліктегіндегі тәсілдерді менгереді; шешендік сөздің сапалық белгілерін сипаттайды.

**Пәнді оқытудың басты мақсаты** – адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалана алатын, ғылым негіздерін жүйелі менгерген, ғылыми ақпараттарды талдай, өндей, жинақтай және қолдана біletін, зерттеу және шығармашылық әдістерді игерген, жоғары деңгейдегі қарым-қатынастық қабілеттілігі дамыған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін тілдің ақпараттық-танымдық, қатысымдық, кумилятивтік қызметтерін мәтін арқылы менгерту, ғылым негіздері мен жаңа технологияларды мақсатқа сай қолдану әдістерін игерту, тілдік бірліктерді сейлеу әрекетінде нормаларға сай қолдануға төсөлдіру.

**Пәнді оқытудың міндеттері:** тілдің функционалдық қасиеттерін менгерту; тілдің танымдық қызметін әртүрлі жанрдағы мәтінде таныту; тілдің қатысымдық қызметін тілдік жағдаяттарда қолдануға баулу; тілдің кумилятивтік қызметін мәтін арқылы негіздеу; танымдық мәтіндер арқылы ғылым негіздерін менгерту; ақпараттарды талдай, өндей, жинақтай білуге төсөлдіру; зерттеу және шығармашылық әдістерді тиімді қолдана алу біліктілігін қалыптастыру; сейлеудің ауызша және жазбаша түрлерінде тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуге жеткізу.

*Оқу пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінде қарастырылатын әдістемелік тақырыптар*

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін (әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.) пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

1. Қашықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері;
2. Онлайн сабақтарды жоспарлау және бақылау.
3. Оқушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастыру жолдары;
4. Оқу мақсаттарымен жұмыс жасау тәсілдері;
5. Формативті бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі;
6. Тындалым дағдысын қалыптастыруда кездесетін қындықтар және оны шешу жолдары;
7. Білім беру мен білім алуда белсенді әдістерді қолданудың тиімділігі;
8. Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты топтардағы оқытудың психо-педагогикалық ерекшеліктері;
9. Қазақ әдебиеті сабағы арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау;
10. Тындалым материалдарын пайдаланудың тиімді жолдары;
11. Грамматикалық тақырыптарды лексикалық тақырыптармен сабақтастырударғы шеберлік;

12. Сабақта саралап оқытуды жүзеге асыру;
13. Эссе жазу дағдысын жетілдіру;
14. Білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың тиімділігі.
15. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс - тәсілдері;
- 16.Әр сыныпта қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі пәндері арасындағы тақырыптық сабактастықтың жүйеленуі;

17. Абайтану пәні бойынша Абай шығармаларының тілдік қабатын (лексикалық, образдық, танымдық мәнін) игерту.

### *27.7 Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік алеуетін арттыру*

Қазақ әдебиетін оқытуда ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелігі мен үздіксіздігі, сабактастығы, білім мазмұнының тарихиын қызыптастырудың тиімділігін көздің қарашығындағы оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру үсінілады.

Қазақ әдебиеті пәннің оқушыларды тәрбиелеу мен дамытудағы рөлі аса ауқымды. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Рухани жаңғыру» идеясы негіздерінің құндылықтарын «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру үсінілады.

#### *«Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын:*

«Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық» принципі бойынша пән мазмұнындағы ел тәуелсіздігі жолындағы күрестер тарихы арқылы тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындағы қорғауға;

«Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры» принципі (Қазақстан халқы Ассамблеясы тақырыбы аясында) бойынша халқымыздың бірлігі пен этносаралық татулығын сақтауға; Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге;

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы» принципі бойынша ел мен жерді қорғау үшін болған тарихымыздағы соғыстарды зерделеу арқылы ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғауға;

«Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі» принципі бойынша ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды, ұлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік үстануға;

«Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі» принципі бойынша тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану, мәдениетімізді зерделеп, өзге жүртқа насихаттай білуге;

«Білім мен еңбек – бакуатты өмірдің кілті» принципі бойынша табыстың кілті ретінде үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуге;

«Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі» принципі бойынша білім алушыларды барынша қанағатшыл, үнемшіл, үстамды болып, уақытты орынды пайдалануға тәрбиелеуді пән мазмұнында қамтылған тақырыптарды менгертуде жүзеге асыру үсінілады.

Бұл білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болады.

Оқыту процесіндегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін «*Оқыға құштар мектеп*», «*Тарих тағылымы*», «*Қазақ мәдениетінің антологиясы*» әлеуметтік жобалары, «*Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары*», «*Ұлы дала мұрагерлері*» жобасын, «*Тәуелсіздік бәрінен қымбат*» атты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласын іске асыруды жалғастыру ұсынылады.

Білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында «*Кітап әуесқойы*», «*Өзің оқып, өзгеге ұсын*», «*Оқы және өзгеге сыйла*» және т.б. акциялар өткізу ұсынылады. Шараны ұйымдастыру жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, өзі оқыған көркем шығармаларымен бөлісіп, оны насиҳаттауға, оқырмандарды кітап оқу өнеріне баулуға, дүниетанымын кеңейтуге, оқыған кітаптарының, көркем шығармалардың құдіретін сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты дұрыс пайдалануға баулуды үйретеді.

Білім алушылар арасында өлкетану білімін насиҳаттау және танымал ету келесі материалдарда:

- *Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде;*
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетану жұмыстарын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдарда;
- «Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі» (мәдени мекемелердегі өлкетану сабактары) (5-7-сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарда;
- «Тұган жер» бағдарламасы арқылы білім беру ұйымдарында білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген (<https://www.uba.edu.kz>).



## Назар аударыңыз!

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

1. Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл;
2. Дулат Бабатайұлының туғанына – 220 жыл;
3. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл;
4. Мұхтар Әуезовтің туғанына – 125 жыл;
4. Габиден Мұстафиннің туғанына – 120 жыл;
5. Ғабит Мұсіреповтің туғанына – 120 жыл;
6. Мәншүк Мәметованың туғанына – 110 жыл;
7. Зейін Шашкиннің туғанына – 110 жыл;
8. Жұмағани Саинның туғанына – 110 жыл,
9. Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – 100 жыл;

10. Сырбай Мәуленовтің туғанына – 100 жыл;
11. Сафуан Шаймерденовтің туғанына – 100 жыл;
12. Зейнолла Қабдоловтың туғанына – 95 жыл;
13. Шерхан Мұртазаның туғанына – 90 жыл;
14. Төлен Әбдіковтің туғанына – 80 жыл;
15. Дүкенбай Досжановтың туғанына – 80 жыл;
16. Дулат Исадековтің туғанына – 80 жыл
17. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстар күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға бағытталуы қажет. Шығармашылық жұмыстар әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау білігін қалыптастыруды нысана тұтып, оқытудың қай түрі болмасын оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз. Міндегі оқытылатын әдеби білім мазмұнмен ғана шектелмей, сонымен бірге қосымша әдеби шығармаларды өздігінен оқуға дағыландыру оқушылардың нәтижелі білім алуының барлық мүмкіндіктерін көрсетпек. Мұғалім оқушының ізденісіне жол ашуға тұртқі болатындей әдіс-тәсілдерді таңдал алуды қажет. Жүйелі жүргізілген сапалы оқыту барысында оқушылар шығармашылық бағытта ізденіске түсіп, берілген тақырыптарға ойтолғау, эссе, сынни мақала, т.б. жаза білуге үйренеді.

*Мектемпте сынныптан тыс жұмыстар тәмемдегі шаралар арқылы жузеге асады:*

- мекемелерде, табигат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабактар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабактар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабактарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. үйымдастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін терендестіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп толықтырады және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

## 27. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Дарынды балаларды анықтау, ғылымның, мәдениеттің, өндірістің дамуы үшін талантты жастардың білім алуын қамтамасыз ету әрқашан мемлекет пен қоғамның басты назарында болып, Қазақстанның маңызды кадрлық ресурсына үлес ретінде қарастырылған. Зияткерлік әлеуетті сақтау және көбейту міндегін шешудің негізгі факторларының бірі дарынды балалармен жұмыс жасаудың тиімді жүйесін қалыптастыру: дарынды балаларды анықтау, дамыту, әлеуметтік қолдау, қабілеттерін жүзеге асыру, олардың жан-жақты дамуы мен білім алуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Дарынды балаларды қолдау жүйесін құру – «Дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау мен қолдаудың

қазақстандық ұлттық жүйесінің тұжырымдамалық негіздері» тұжырымдамасының негізі болған ұлттық білім беру бастамасының негізгі бағыттарының бірі (ҚР БФМ 2018 жылғы 16 қазандығы № 574 бүйрығы).

Дарынды балалар – бұл ерекше балалар, сондықтан мектеп педагогтерінің алдына қойылатын міндеттер қатарына, оларды түсіну, өз тәжірибесі мен білімін беру үшін барлық күш-жігерді жұмсау. Педагог, бұл балалардың ересектер тарапынан өз шамаларынан аса жоғары үміттермен күресе білуге арналған қолдауды қажет ететіндігін түсінуі тиіс. Баланың зияткерлік әлеуетін дамыту көбіне баратын мектепке байланысты.

Дарынды балалармен жұмыста «қабілеттер бейімділігі», «қабілеттер», «бейімділік», «дарындылық», «талант», «дарынды бала» сияқты ұғымдар арасындағы негізгі сипаттамалық айырмашылықтарды ескеру қажет.

Қабілеттердің бейімділігі - дененің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері (мидың, сезім мен қозғалыс мүшелерінің құрылымдық ерекшеліктері, жүйке жүйесінің қасиеттері және т.б.), бұл қызметтің тиімді әдістерін оңай игерудің шарты. Бейімділіктер жалпылама болады, яғни олардың негізінде қандай қабілеттердің пайда болатынын болжау мүмкін емес.

Дарындылықтың даму деңгейі, сапалық ерекшелігі мен сипаты – бұл тұқым қуалаушылықтың (табиги бейімділіктің) және баланың іс-әрекетімен (ойын, білім беру, еңбек) әлеуметтік-мәдени ортаның қурделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, баланың өзіндік белсенділігі, сондай-ақ жеке дарындылықты қалыптастыру мен іске асырудың негізін құрайтын тұлғаның өзін-өзі дамытудың психологиялық механизмдері ерекше маңызды.

Мамандандырылған мектептерде оқу процесін ұйымдастыра отырып, ұжым дарынды балаларды оқытудың негізгі жалпы принциптерін ескеруі керек:

**1. Дамытушылық және тәрбиелік оқыту принципі.** Бұл принцип оқытудың мақсаттары, мазмұны мен әдістерін, білім мен дағыларды игеруге ғана емес, сонымен бірге танымдық дамуға, оқушылардың жеке қасиеттерін тәрбиелеуге де ықпал етуі керек дегенді білдіреді.

**2. Оқытуды даралау және саралау принципі.** Бұл оқу мақсаттары, мазмұны және процесі оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін толық ескеруі керек. Бұл қағиданы жүзеге асыру жеке айырмашылықтары жарқын және ерекше формада көрінетін дарынды балаларды оқытуда өте маңызды.

**3. Жас ерекшеліктерін ескеру принципі.** Бұл принцип білім беру мазмұны мен оқыту әдістерінің әр түрлі жас кезеңдеріндегі дарынды оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкестігін болжайды, өйткені олардың жоғары мүмкіндіктері оқу қындықтары деңгейінің көтерілуін оңай тудыруы мүмкін, ал бұл теріс салдарға әкелуі мүмкін.

Дарынды балаларды **оқытудың басым мақсаттары** ретінде:

**1. Дарынды баланың жеке басының рухани-адамгершілік негіздерін, жоғары рухани құндылықтарды дамыту** (дарындылықтың өзі маңызды емес, оны қолдана білу маңызды);

**2. Шығармашылық тұлғаны дамыту** үшін жағдай жасау;

**3. Дарынды баланың даралығын дамыту** (өзіндік ерекшелігін және оның мүмкіндіктерінің жеке ерекшелігін анықтау және ашу);

**4. Оқушылардың жеке қажеттіліктері мен бейімділіктеріне сәйкес білімнің әртүрлі салаларында тұтас дүниетанымды және құзыреттіліктің жоғары деңгейін дамытуды анықтайтын жоғары деңгейдегі жалпы білім беруді қамтамасыз ету.**

Оқыту әдістері дарынды оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тәсілдері ретінде білімді игерудің, сондай-ақ танымдық қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытудың маңызды факторы болып табылады. Интеллектуалды дарынды оқушыны оқытуға тәуелсіз, жеке және топтық жұмыс әдістерімен үйлесетін жетекші және негізгі шығармашылық әдістер: **проблемалық, іздеу, эвристикалық, зерттеу, жобалық** болып табылады. Бұл әдістер жоғары танымдық-мотивациялық әлеуетке ие және дарынды оқушылардың танымдық белсенділігі мен қызығушылық деңгейіне сәйкес келеді. Олар жеке тұлғаның көптеген маңызды қасиеттері мен шығармашылық ойлаудың дамыту үшін өте (танымдық ынталандыру, табандылық, тәуелсіздік, өзіне деген сенімділік, эмоционалды турақтылық және ынтымақтастық қабілеті және т.б.) тиімді.

Дарынды балаларды оқыту процесі ақпарат алудың әртүрлі көздері мен әдістерін еркін пайдалануды қарастыруы тиіс, соның ішінде компьютерлік желілер арқылы. Білім алушының ақпаратты толық менгеруі және кері байланыстың тез алу үшін оқытудың компьютерлендірілген құралдарын тиімді қолдану қажет. Ойдың көрнекілігін қамтамасыз ететін құралдар да пайдалы болуы мүмкін. Жалпы, дарындыларды оқытудағы оқу құралдарын қолданудың тиімділігі негізінен олардың көмегімен жүзеге асырылатын оқытудың мазмұны мен әдістерімен анықталады.

Мұғалімдер оқытуды дараландыру өзі үшін қызықты іс-әрекетті таңдайтын баланың өзі жүзеге асыратынын түсінулері керек. Осыған байланысты мұғалімнің ұстанымы да өзгереді: қазір ол білім беруші ретінде емес, сонымен қатар оқушының жеке басын қалыптастыруда көмекші ретінде әрекет етеді.

Дарынды балалармен жұмыстың маңызды сәті қабілетті балалардың отбасыларымен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады. Отбасында баланың жеке қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жүреді, сондықтан мұғалімдердің практикалық міндеті – қабілетті және дарынды балалары бар отбасыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Ата-аналармен жұмыс жасау шараларының ішінде дамыту, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар жиналыштары маңызды орын алады.

Ата-аналардың бұл мәселеге деген көзқарасын анықтау үшін саулнама, жеке кеңестер, ата-аналарға ғылыми және практикалық әдебиеттерді таңдау жұмыстарын өткізген жөн. Ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығын нығайту мақсатында олардың конкурстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға, балалармен және педагогтердің өзара жасалған жобалардың таныстырылымын өткізу көзделеді. Балалардың шығармашылық және

тәнімдық белсенділігін дамыту үшін ата-аналар балаларға әртүрлі деңгейдегі шығармашылық және тәнімдық конкурстарға қатысуға көмектеседі.

Білім берудің жаңартылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жағдайында білім беру ортасында әр баланы табысты оқыту және дамыту үшін психологиялық-педагогикалық қолдау мектептің білім беру процесін басқару жүйесінің қажетті элементіне айналады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары, алдымен педагог-психологтар білім алушылардың жетістіктерін бағалау және мониторингтеу жүйесін жақсы біліп, педагогтерге психологиялық-педагогикалық диагностиканың нақты әдістемелерін, оңтайлы тұлғааралық қатынастар жүйесін, мектептегі психологиялық ахуал мен ұйымдастырушылық мәдениетті бағалау және қалыптастыру құралдарын, білім беру ортасын жобалаудың заманауи технологияларын, оның ішінде сүйемелдеу, қолдау, өтеу, білім беру және тренинг бағдарламаларын, іскерлік және интерактивті ойындар жобаларын жасау тәсілдерін, оқытудың белсенді әдістерін үйретуге дайын болуы тиіс.

Мамандандырылған мектептердегі білім беру мазмұны мемлекеттік деңгейде ұсынылған жалпы білім берудің үлгілік негізгі білім беру бағдарламаларының негізінде дербес әзірленіп, қабылданып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларымен айқындалады.

Мектеп негізгі білім беру бағдарламаларын әзірлеумен және бекітумен қатар, алдағы оқу жылында білім беру процесінде қолдануға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының тізімін жасап, бекітуі керек. Мұндай тізімдер, сондай-ақ білім беру процесінде пайдалануға рұқсат етілген оқу құралдары «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 286 бұйрығы негізінде жасалуы тиіс.

Білім беру бағдарламасын қалыптастыру кезінде **міндетті және қосымша оқу** сабактарын ажырату керек.

*Міндетті сабактарға* инвариантты компоненттің оқу пәндері бойынша сабактар, сондай-ақ вариативті компоненттің сафаты есебінен білім алушылардың таңдауы бойынша сыныптарда іске асырылатын элективті курстар жатады.

Элективті курсарды әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қойылатын талаптарды сақтау қажеттілігіне назар аударамыз.

*Қосымша оқу* сабактары қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруды көздейді және мынадай форматта өткізілуі мүмкін:

- пәндейек секциялар, үйрмелер,
- қызығушылықтар бойынша бірлестіктер (шығармашылық, спорттық, әлеуметтендіру және т. б. бағыттар),
- білім беру жобалары.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады. Мамандандырылған білім беру ұйымы жекелеген пәндерді тереңдетіп зерделеуді көздейтіндіктен, қосымша ұпайларды қоса отырып, ТЖБ-да тексерілетін мақсаттар санын кеңейту мүмкіндігін көздеу қажет.

## **28. ШАҒЫН ЖӘНЕ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТАҮРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«Шағын жинақты мектеп» (бұдан әрі – ШЖМ) – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабактарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп».

Шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие процесі біріктірілген сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес жүргізіледі.

Шағын жинақты мектептегі білім беру процесі КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

ШЖМ-дағы 2-11-сыныптардың толымдығына 3 және одан артық білім алушыға дейін рұқсат беріледі.

Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі.

Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабактарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

ШЖМ-да бірінші сынып пен бітіруші сыныптардың білім алушыларын біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

*Шағын жинақты мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері*

*Шағын жинақты мектептердегі мектепалды даярлық сыныптарының оқу процесін ұйымдастыру*

ШЖМ-да мектепалды білім беру келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Стандарттың талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін өздері таңдайды.

Мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде үш жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс.

*Шағын жинақты мектептердің бастауыш сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру:*

Шағын жинақты мектептердің бірінші сыныптарында оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабактарының сатылы режимі қолданылады.

Кыркүекте үш сабақ отыз бес минуттан, қазаннан бастап қырық бес минуттан жоспарланады. Сабактарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

Бірінші сынып оқушылары үшін жыл бойы қосымша бір апталық каникул көзделеді.

Бірінші сыныпта қосарланған сабактарды өткізуге жол берілмейді.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді.

Мұғалімнің кері байланысы орындалған тапсырмалардың қорытындылары бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады.

*Шагын жинақты мектептердің 5-9-сыныптарына арналған пәндерді оқыту процесін үйымдастыру:*

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарламанына бағытталған.

ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі.

Тірек мектебі мен магниттік ШЖМ-ның оқу қызметі тірек мектебі (ресурстық орталық) мен магниттік мектептердің бірлескен педагогикалық кеңесінде бекітілген бірыңғай оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

ШЖМ-да оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

ШЖМ-да оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

ШЖМ-да білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың, тәрбиленушілердің оқу жүктемесі, сабак режимі мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру үйимдары бекітетін ережелермен айқындалады.

Білім беру үйимдарындағы сабак кестесі білім алушылар мен тәрбиленушілердің тاماқтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

Шағын жинақты мектепте сабакқа жоспардан тыс қатысуға жол берілмейді.

Сабакты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып есептеледі.

Мектеп педагогтеріне өзіндік дамуы мен тәжірибе алмасу мақсатында бір-бірінің сабактарына жүйелі түрде қатысуы ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы негізінде:

Мамандандырылған білім беру үйымы «Мың бала» ауыл мектептерінің ұлттық зияткерлік олимпиада женімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын оқушылардың жалпы санының он пайызы мөлшерінде квотаны бекітеді.

